Л 2009
20126 к



Д. КЕРІМБАЕВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛАҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

1 2009/20126к

Д. КЕРІМБАЕВ

636.1
К-32

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1953

АВТОРДАН

Қазақ Мемлекет Баспасы 1951 жылы бұл кітапті тұңғыш рет орыс тілінде басып шығарған болатын. Оның қазақшасы басқаға дайындалып жатқан кезінде бірқатар жолдастардан — ғалымдардан, мамандардан, оқушылардан кітаптің кейбір тарауларын толықтыру және жөндеу керек екендігі туралы бірсыпыра ұсыныстар түсті. Соған байланысты мұның бірнеше тараулары қайтадан жазылып, қалған тарауларына едәуір түзету енгізілді, ішіндегі мәліметтері жаңартылды, суреттері толықтырылды.

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ [illegible] КІТАПХАНАСЫ
№ 00217083

КІРІСПЕ СӨЗ

Ленин — Сталин партиясының басшылығымен, партия мен халқымыздың данышпан көсемі Сталин жолдастың бастауымен біздің елде бейбітшіліктің берік тірегі болып отырған дүние жүзінде бірінші социалистік қоғам құрылды.

Сталин жолдас БК(б)П-ның XIX съезінде сөйлеген сөзінде Совет Одағының және біздің коммунистік партияның тарихи ролін былай деп көрсетті: «Біздің партиямыз 1917 жылы өкіметті алғаннан кейін және партиямыз капиталистік, помещиктік езушілікті жоюға нақтылы шаралар қолданғаннан кейін, туысқан партиялардың өкілдері, біздің партиямыздың ерлігі мен табыстарына сүйеніп, оған: бүкіл дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының «Екпінді бригадасы» деген атақ берді. Бұл арқылы олар «Екпінді бригаданың» табыстары капитализмнің езушілігінде зар илеген халықтардың жайын жеңілдетеді деп үміт артты. Біздің партиямыз бұл үмітті ақтады деп, әсіресе дүниежүзілік екінші соғыс дәуірінде, Совет Одағы неміс пен жапондардың фашистік озбырлығын талқандап, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдық хаупінен құтқарған кезде ақтады деп ойлаймын».

И. В. Сталин жолдас «ССР Одағында социализмнің экономикалық проблемалары» деген өзінің классиктік жаңа шығармасында маркстік-лениндік саяси экономияны орасан алға бастырды, социализмнен коммунизмге өтуге дайындықтың мынадай негізгі үш алғышартын көрсетіп берді:

«1. Біріншіден, өндіргіш күштердің ертегілік «рационалды түрде ұйымдастырылуын» емес, бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуін, көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің өсуін баянды түрде қамтамасыз ету қажет. Көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді өсірудің қажет болатын себебі — мұның өзі өз кәсіпорындарын да, халық шаруашылығының барлық басқа тарауларындағы кәсіпорындарды да жабдықпен қамтамасыз етуге тиіс екендігінен ғана емес, сонымен қатар онсыз тегінде ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыру мүмкін емес екендігінен де.

2. Екіншіден, колхоздар үшін, демек, бүкіл қоғам үшін тиімді түрде жүзеге асырылатын бірте-бірте өту жолымен колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу қажет, ал товар айналысын да бірте-бірте өту жолымен өнім айырбасы системасына ауыстыру қажет, сөйтіп орталық өкімет немесе басқабір қоғамдық-экономикалық орталық қоғамның мүддесі үшін қоғамдық өндірістің бүкіл өнімін қамтыйтын болуы қажет.

3. Үшіншіден, қоғамның мәдени өсуін мынадай дәрежеге жеткізу қажет: бұл мәдени өсу қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қаблеттерінің әртарапты дамуын қамтамасыз етуі керек, сөйтіп қоғам мүшелері қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері боларлықтай жеткілікті білім алуға мүмкіндік алатын болуы керек, олар, кәзіргі еңбек бөлінісінің әсерінен, бүкіл өмірбойы белгілібір мамандыққа байланып қалмай, мамандықты еркін таңдауға мүмкіндік алатын болуы керек».

Сталин жолдастың данышпандық еңбектері барлық елдердің халық бұқарасының империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінің міндеттері мен перспективаларына революциялық теорияның жарық сәулесін түсіреді. Сталин жолдастың нұсқауларын жүзеге асыра отырып, біздің партия совет халқын коммунизмнің толық жеңісіне жеткізеді.

Сталиндік идеялармен қаруланған партиямыздың XIX тарихи съезі коммунизм құрылысының ұлы программаларын қабылдады. ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі съездің директивалары халық шаруашылығын жаңадан күшті қарқынмен өркендетуді, совет халқының материалдық әл-ауқат күйі мен мәдени дәрежесін онан әрі арттыруды, еліміздің халықтарының достық ынтымағын нығайта беруді, барлық одактас және автономиялы рес-

публикалардың экономикасын онан сәйын күшейтуді көздейді.

Лениндік-сталиндік ұлт саясатының жүзеге асқандығының айқын бейнесін советтік Қазақстаннан көруге болады. Коммунист партиясының басшылығымен, ұлы орыс халқының көмегімен, тарихи қысқа дәуірдің ішінде, әсіресе сталиндік бесжылдықтар кезінде, біздің советтік Қазақстан бүкіл елімізбен бірге, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті көркейтуде, халықтың әл-ауқатын көтеруде күрделі табыстарға ие болды.

БК(б)П-ның XVIII съезі мен XIX съезінің арасында Қазақстанда өнеркәсіп орындарының саны 24 процент, соның ішінде ірі өнеркәсіп орындары 66 процент өсті. Барлық өнеркәсіптің жалпы өнімі 3,8 есе артты. Көмір, мұнай шығару, қорғасын, мыс қорыту, электр қуатын өндіру жұмыстары бірнеше есе көбейді. Қазақстандағы теміржолдардың ұзындығы 61 процент артты. Ауыл шаруашылығын өркендетуде де Қазақстан зор табыстарға жетті. XVIII съезден бергі уақыттың ішінде егіс көлемі 42 процент көбейіп, барлық мал басының саны екі есе өсті.

Қазақстанның бұрынғы аңызақ соғып тұратын құлазыған шөл далаларында совет адамдарының күш-жігерімен каналдар, арықтар қазылып, құнарсыз жерлер суға кенеліп шұрайлы алапқа, гүл жайнаған бау-бақшаға, мақталы «дарияға» айналды. Көк майса жазық далалар мен тау бөктерлерінде миллиондаған мал — топтаған сиыр, отарлаған қой, үйірлеген жылқы бағылады. Республиканың көп жерінде жаңа, социалистік қалалар салынды. Бұл қалаларда жүз мыңдаған совет адамдары өмір сүріп, еліне, халқына еңбек етуде.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалы, ондаған ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары дәрежелі оқу орындары, 9 мың мектеп, көптеген театрлар, кинотеатрлар, клубтар, кітапханалар, емханалар, радио орталықтары, демалыс үйлері мен санаторийлар, тағы сондайлар,— міне осының бәрі қазақ халқының мәдениет жағынан өскендігін, оның тұрмыс дәрежесінің анағұрлым жақсарғандығын айқын ыспаттайды. Октябрь революциясына дейін қараңғылықта тұншығып, мәдениетке қолы жетпеген, халқының сауаттылығы жоқтың қасы болған Қазақстан бұл кезде алдыңғы қатарлы өскелең мәдениеті бар, халқы жаппай сауатты елдің дәрежесіне жетті. Қазақ халқының ішінен совет заманында көптеген ғалымдар, инженерлер, дәрігерлер, педагогтер, агрономдар, жазушылар, суретшілер, ар-

тистер, музыкашылар өсіп жетілді. Бүкіл елге даңқы жайылған атақты адамдар — Совет Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Сталиндік сыйлықтардың лауреаттары, өндірісте еңбектің жаңа әдістерін табушы шеберлер көбейді.

Ұлы Октябрь революциясының жеңісіне және елімізде коммунистік қоғам орнату ісінің зор табыстарымен жүргізіліп отырғанына байланысты, кәзіргі уақытта халық шаруашылығының, ғылымның, мәдениеттің барлық саласын өркендетуге жұмсаған халықтың қажырлы еңбегінің тәжрибесі барлық жағынан зерттеліп, корытыла бастады. Коммунистік қоғам орнату жолындағы халықтың қажырлы еңбегінен туған бай тәжрибені қорытып, оны барлық бұқараның игі ісіне айналдырудың зор маңызы бар.

Қазақ халқының мал өсірудегі ғасырлық тәжрибесі, оның еңбек сүйгіштігі тек социалистік қоғам орнаған заманда ғана айқын көріне бастады.

Кәзіргі Советтік Қазақстанда мал шаруашылығымен қатар халық шаруашылығының басқа да тараулары көбейді. Түрлі машиналармен, техникалық құралдармен жабдықталған алдыңғы қатарлы егін шаруашылығы, ауыр және жеңіл өнеркәсіптің толып жаткан салалары, барлық туысқан советтік республикалардағы сыякты, Қазақстанда да бұрын тарихта болмаған дәрежеде өркендеп келеді.

Совет үкіметі мен партияның тарихи қаулыларында, елімізде мал шаруашылығын өркендетіп, Қазақстанды Отанымыздың шығысындағы социалистік мал шаруашылығының негізгі базаларының біріне айналдыру туралы алдымызға қойылып отырған маңызды міндеттерді жүзеге асыру жөнінде нақтылы жолжобалар көрсетіліп берілді.

Табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарын жүзеге асыру, егістік жерлерді қорғайтын зор көлемді орман алқаптарын жасау, су бөгеттері мен су қоймаларын салу, каналдар қазу, су электр станцияларын және коммунизмнің басқа да ұлы құрылыстарын салу жөнінде кең өріс алып отырған аса зор жұмыстарға байланысты Қазақстанның мал шаруашылығын, оның ішінде жылкы шаруашылығын өркендетуге шексіз мүмкіншілік туып отыр.

Дүние жүзіндегі ең күрделі Сталинград каналының салынуы республикамыздың Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарындағы ғасырлар бойы пайдаға аспай бос жаткан 10 миллион гектарға жуық құлазыған даланы таяудағы жылдардың ішінде нағыз құнарлы жерге айналдыруға мүмкіндік береді. Сталинград

бас каналынан таралып, Қазақстан жеріне келетін су тараткыш каналдар мен Қамыс-Самар көлдерінің маңында 15 миллиард текшеметрге жақын су сыятын қоймасын жасау, Орал өзенінің жағасында су жайғыш каналдар салу, Вишневая тауынан Каспий теңізіне дейін 1100 километрге созылған мемлекеттік орман алқаптарын салу, Сталинград каналының барлық өнбойында ағаштар егу біздің Каспий төңірегіндегі жазық далалар мен шөлейт жерлердің табиғатын, ауа райын негізінен өзгертеді. Сталинград каналынан су жайылатын және суарылатын жерлердің аймағына Батыс Қазақстан облысының Жаңақала, Фурманов, Тайпақ аудандарының, Гурьев облысының Теңіз, Новобогат, Еспол, Бақсай, Мақат аудандарының жерлері түгелімен не жартылап кіреді. Бұл облыстардың ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылығының бұрын болмаған дәрежеде өркендеуіне өлшеусіз мүмкіншіліктер туғалы отыр.

Сталинград каналы салынып болып, пайдалануға берілгеннен кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ табиғи шабындықтардың, көпжылдық және біржылдық екпе шөптердің көлемі кәзіргісінен 30 есе, ал тамыржемісті азықтардың көлемі 40 есе шамасында ұлғаймақ. Бұрынғы шөлейт жерлер мен жазық далаларда мал азығының мол базасын жасап, малдың күтімін жақсартқан күнде жылқының, қойдың және басқа малдардың санын бірнеше есе көбейтуге, олардың өнімділігін анағұрлым арттыруға болады.

Сөйтіп мұның өзі Қазақстанның ССР Одағының шығысындағы негізгі малшаруашылық базаларының бірі болу керек екендігінің маңызын бұрынғыдан да күшейте түседі.

Колхозшылар мен жұмысшылардың қалың бұқарасы, мамандар мен ғалымдар мал шаруашылығын негізінен қайта құру жөнінде бұрын болмаған көлемде жүргізіле бастаған зор жұмыстарға катыстырылды. Қазақстанның революциядан бұрынғы кезде өнімділігі нашар, түрлі апаттарға тәуелді болып артта калып келген көшпелі мал шаруашылығы, кәзіргі уакытта социалистік ірі шаруашылықтардың ұйымдастырылуы нәтижесінде, ең қысқа мерзім ішінде республиканың халық шаруашылығының алдыңғы қатарлы саласына айналды.

Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен кайта құру нәтижесінде Қазақстанда ірі-ірі колхоз фермалары, мал совхоздары, жылкы заводтары ұйымдастырылды. Бұл шаруашылықтарда сыйыр, ат, қой, шошка малына деген жаксы коралар салынды, олар түрлі машиналармен жабдықталынды; олардың көпшілігінде электр станциялары, мал өсірушілерге арнап салынған

әдемі поселкелер, түрлі мәдени-тұрмыс мекемелері бар. Малдың көбеюімен катар оның тұкымы да негізінен өзгертіліп, жақсарты-ла бастады. Бұрынғы тұкымы нашар өнімсіз малдардың орнына сапа жағынан социалистік экономиканың талаптарына сай келе-тін жана мал тұкымдары шығарылып жатыр.

Қазақстанда ерте заманнан бері жылкы шаруашылығының маңызы күшті болып келді. Мал өсірген қазақ халкының тұрмыс тіршілігі ғасырлар бойы жылкы шаруашылығымен тығыз бай-ланысты болды. Түрлі сауда және әкімшілік орталыктарына ба-руда, елге қоныс, малға жайылым іздеуде, мал бағуда қазақ хал-кының аякбасар көлігі тек ат қана болды. Жылкының өнімі (сүті, еті, терісі, қылы) кеңінен пайдаланылды. Жұмыс аттары-ның товарлық маңызы да болды, халық оларды Оралға, Еділ бойына, Россияның орталық облыстарына және басқа жерлерге де апарып сатып жүрді.

Революцияға дейін артта калған көшпелі шаруашылық жағ-дайында жылкы шаруашылығы өркендеп өспеді, өйткені жылкы жыл бойына табында, жайылымда бағылды, оларға жем-шөп да-йындалмады, ешқандай қора болмады. «Жұт» болған жылдарда, басқа малдар сыяқты, жылқы да сан мыңдап қырылатын еді. Мұндай жағдайда жылқының құлын-тайлары қыстан жүдеп шы-ғып, нашар өсетін, жылқы тұқымы жақсарып жетілмейтін. Сон-дықтан да қазақ жылқысы ғасырлар бойына өсімталдығы на-шар, аласа бойлы, нәзік тұқым болып қала берді.

Қазақ халқының басына бостандық алып, еркін өмір сүруді көксеген арманы тек Қазақстанда совет өкіметі орнағаннан кейін ғана жүзеге асты. Халықтың көп максатының ішінде жаксы ат, «тұлпар» мен «арғымакты» аңсаған арманы да орындалды. Со-циалистік экономика мен шаруашылықтың жаңа формалары бү-кіл жылкы шаруашылығын негізінен қайта құруға, республика-мыздағы жылкылардың тұқымдарын мұлдем жақсартуға үлкен мүмкіндік берді.

Колхоздарда жылкы фермалары, жылкы заводтары, асыл тұқымды жылкы өсіретін мемлекеттік орындар, заводтық ко-нюшнялар, ипподромдар ұйымдастырылуы нәтижесінде Қазакс-танның жылкы шаруашылығында аса зор өзгеріс туды. Бұрын республикада жылкының бір ғана тұқымы болса, кәзір буденный, лон жылкысы, салт мінетін жылкы, орыстың желісті жылқысы, орловтың желісті жылкысы, ахалтеке, карабайыр, ауыр жүк тар-татын, тағы басқа өте жаксы жылқы тұқымдары өсіріліп жатыр. Жергілікті казак жылкысы да негізінен жақсартыла бастады.

кәзір оның жаңа тұқымдары шығарылып жатыр. Жылқыны бағу, күту жұмыстары жыл санап жолға қойылып келеді. Өсімтал құлын-тайлардың саны көбейіп, жылқы тез өсуде. Осының бәрі жылқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары және жылқыны тұқымына қарай аудандастыру жоспары бойынша жүргізіліп отыр. Мұның өзі Қазақстанның жылқы шаруашылығын жедел қарқынмен өркендете берудің аса маңызды шарты болып табылады.

Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендетудің бірнеше түрлері бар. Бірқатар жерлерде, шөл, шөлейт және таулы жерлерде жылқы өсірудің шаруашылыққа ең қолайлысы, тиімдісі жылқыны ауа райына қарай мәдени түрде табындап бағу. Бірақ жылқыны табындап бағудың кәзіргі әдісі ескі заманда етек алған экстенсивтік (жылқыны қалай болса солай бағушылық) әдістен мүлдем басқаша. Қәзір жылқы ғылым мен тәжрибеге сүйенген мәдениетті жолмен өсіріледі, жылқыға керекті азық дайындалады, қора салынады, жылқыны жайып бағатын жер күн ілгері белгіленеді, малдәрігерлік, зоотехниялық шаралар жүргізіледі, жылқы өсірушілерге қажетті жағдай жасалады, тағысын-тағылар. Егін шаруашылығының өркендеуі, шөп шабу жұмыстарының механикалануы, жылқыға арналған қора салынуы нәтижесінде жылқы малы керекті азықпен, қорамен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіліп отыр. Жайылым жерлерді пайдалану ісі алдыңғы қатарлы зоотехниялық ғылымның табыстарымен тығыз ұштастырылып, халықтың бай тәжрибесіне сүйеніп жүргізіледі.

Қазақстанда жылқы өсірудің негізгі формалары барлық жерде бірдей емес. Бұл формалар табиғатка, ауа райына, экономикалық жағдайға байланысты әр уақытта өзгеріп отырады. Демек, республиканың әр жерінде жылқының әртүрлі тұқымдары өсіріледі. Бірақ бұл арада табиғат жағдайының әсері күшті деп тұжырып айтуға болмайды. Мәселен, табиғат жағдайы өте ауыр болғандықтан тек күй талғамайтын жылқыларды өсіруге болады деген нағыз шөл жерлерге канал қазылып су жіберілсе, онда мақта, күріш, жоңышка-беде және баска егістер көбейтілсе, мұндай жерлердің табиғат жағдайы кенет өзгермек. Совет адамдарының қажырлы еңбегінің аркасында құнарлы алапка айналдырылған бұрынғы шөл жерлерде жылқының заводтарда өсірілетін нағыз асыл тұқымдарын өсіруге әбден болатындығын және солай өсіру керек екендігін тәжрибе айқын көрсетіп отыр. Олай болса, жылқы өсірудің шешуші шарты — табиғат жағдайы емес, әлеуметтік-экономикалық жағдай.

Біздің заманымызда адам өз қолымен табиғатты өзгерте бастады. Мұның тек жер суландыру үшін ғана емес, сонымен бірге егістік жерлерді қорғайтын ағаштар отырғызу, ауыспалы егістерді кеңінен қолдану, өсімдіктердің жаңа сорттары мен малдың жаңа тұқымдарын өсіріп шығару жөнінде де маңызы зор.

Совет адамдары табиғатты өзгерту жұмыстарын социализм елінде барлық жағынан еркін дамыған алдыңғы қатарлы ғылымға және осы заманның жетілген бай техникасына сүйене отырып жүргізуде.

Партияның XIX съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, республикамызда таяу жылдардың ішінде қоғамдық мал шаруашылығының жоспарын толық орындап, мал басын өсірумен қатар оның сапасын жақсарту, өнімділігін арттыру Қазақстан еңбекшілерінің алдында тұрған айбынды міндеттердің бірі болып отыр.

* * *

Бұл кітапты жазғанда алға қойған мақсат — Қазақстанның жылқы шаруашылығының тарихы мен оны өркендетудің мүмкіндігінше барлық мәселелерін, жылқы шаруашылығы жөніндегі статистиканы баяндау, оның толып жатқан тұқымдарына ыспаттама беру болмады. Мұнда жылқы шаруашылығын өркендетудің негізгі мәселелерін ғана алып, сол мәселелердің әсіресе совет өкіметі тұсында Қазақстанда болған өте тамаша өзгерістерін көрсетуге, жылқы өсіруші алдыңғы қатарлы адамдар мен озат шаруашылықтардың іс тәжрибелерін мүмкіндігінше толығырақ айтып, мұндай тәжрибелерді жылқы өсірушілердің қалың бұқарасына тарату жағына көбірек көңіл бөлінді.



I ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАРИХЫНАН

Қазақ жылқысының қайдан шыққандығы және оның өз алдына дербес тұқым болып қалыптасу тарихы ерте замандардан басталады. Оның тарихы қазақ халқының бай тарихына, қазақтың ғасырлар бойы шаруашылық укладында және тұрмысында болған орасан зор әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тығыз байланысты.

Бірақ, осы уақытқа дейін, жылқы шаруашылығы мәселелері жөнінде жазылған кейбір еңбектерде қазақ жылқысының қайдан шыққан тарихы қазақ халқының өз тарихымен байланыстырылмай, бөлек алынып келді. Әсіресе қазақ жылқысының қайдан пайда болғанын, оның түпкі тегін анықтау мәселесінде тарихи шындықты бұрмалауға көбірек жол берілген. Мәселен Я. Я. Лустың, Б. П. Войтяцкийдің және басқалардың «Семей губерниясының үй жануарлары»[1] деген кітабында қазақ жылқысы монғол жылқысының тұқымынан шыққан деген, сол кездің әдебиетінде мейлінше көп таралған көзқарастар айтылған. Олардың айтуынша, қазақ жылқысының негізгі тұқымының шығуына «бірнеше ғасырлар бойы Батысқа қарай ша-

[1] ССРО Ғылым Академиясының баспасы, Ленинград, 1928, I-том, орыс тілінде.

буыл жасап, кідіріссіз ілгері жылжыған түрік және монғол шапқыншыларымен бірге Монғолиядан Орта Азияға келген монғол жылқысының немесе монғол жылқысына ұқсас жылқылардың орасан көп табынды ры» себеп болған.

Бұл көзқарас жылқы шаруашылығы жөнінде тіпті кейініректе шыққан еңбектерде де, мәселен, В. И. Калинин мен А. А. Яковлевтің «Жылқы шаруашылығы»[1] деген оқу құралы сияқты еңбегінде де қайталанып жүр. Авторлар: «Қазақ жылқысының негізі — баяғы монғол жылқысы, бірақ оған ортаазиялық салт мінетін жылқы тұқымдарының әсері тигендіктен, түрі біраз өзгерген» деп дәлелдейді.

Қазақ жылқысы монғол жылқысынан шықты деген мұндай көзқарастарды қате және мүлде теріс көзқарас деп санау керек. Совет ғылымы соңғы уақытта толып жатқан жаңалықтар ашты. Бұл жаңалықтар кәзіргі замандағы қазақ жылқысы сияқты жергілікті жылқылар Қазақстан жерінде монғолдар шапқыншылығынан тіпті көп бұрын болғанын дәлелдеп отыр.

Қазақстан жеріндегі бірнеше қорғандарды, ерте заманда ел мекендеген жерлерді археологиялық зерттеумен қазғанда сан рет жылқының жеке сүйектері және барлық мүшелері түгел табылған, оларды зерттегенде ерте дәуірлерде жылқыны көлікке пайдалану үшін ғана емес, еті үшін де өсіріп бағылғандығы анықталды.

Жылқының табылған сүйектеріне қарағанда, олар біздің заманымыздың басталуынан 2000 жыл бұрын немесе 1000 жыл шамасы бұрын болған Андронов культурасы (мәдениеті) деп аталатын бронзы дәуіріне жатады. Бұл сияқты жылқының сүйектері Қостанай облысындағы Алексеевка поселкесінің маңынан табылған[2]. Онда табылған сүйектерге қарағанда, жылқының біркелкі тұрақты тұқым болғандығы байқалады.

Шығыс Қазақстан облысында Малая Красноярка

---

[1] Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиет баспасы, Москва, 1947, орыс тілінде.

[2] Мемлекеттік тарих музейінің еңбектері, 17-шығарма, 102-бет, орыс тілінде.

поселкесінің жанынан қазылған жерлерде бірнеше жылқының сүйектері табылған. Онда басқа үй жануарлары сүйектерінің арасынан 12,7 процентке дейін жылқы сүйегі шыққан. Сол сияқты жылқы сүйектері Шығыс Қазақстан облысындағы Канай поселкесінің маңынан да шыққан. Осындай Андронов культурасының бронзы дәуіріне жататын мола-қорғандарда, әсіресе орталық Қазақстанда, Талды өзенінің бас жағында бірнеше жылқының сүйегі табылған. Орталық Қазақстандағы археологиялық экспедицияның зерттеуі бойынша жылқының бөлек қорғанға көмілгендігі байқалады. Бұлар қазақ елінің ертеде жылқыға ерекше мән бергенін көрсетеді. Бронза дәуірінің аяқ кезінде, ел көшпелі тұрмысқа бейімделген кезінде, жылқының шаруашылыққа, мал бағуға пайдаланғандығы байқалды, сол дәуірде атты салт міне бастағаны анықталды. Мұны әсіресе Шығыс Қазақстан облысындағы Қызылту поселкесінің, Батыс Қазақстан облысындағы Прохоровка және Покровка поселкелерінің маңынан қазылып алынған жылқы сүйектері дәлелдейді.

Жылқы өсірудің екінші дәуірі біздің заманымыздың VI — VIII ғасырларына жатады. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ел мекендеген бірнеше жерлерде жылқының сүйегімен бірге аттың әбзел-саймандары, ері, үзеңгісі, тағы басқа заттар табылған. Мұның өзі көшпелі елдің, қазақ халқының атты міну, жұмысқа пайдалану ісі ертеден келе жатқан әдеті екенін көрсетеді. Алатаудың көп тармақтарында, Торғай даласында, Ұлытауда, Қаркаралы тауларында ерте заманда тасқа салынған аттың суреттері — бейнелері кездеседі.

ССРО Ғылым Академиясының палеонтология[1] институтының бір топ ғылми қызметкерлері жер астынан әшекейлі құмыра (ваза) тапқан. Бұл құмыраны бұдан 2000 жылдан астам уақыт бұрын Каспий теңізіне, төменгі Еділ мен Арал теңізіне жақын жерлерде өмір сүрген ертедегі Бактрия мемлекетінің ұсталары жаса-

---

[1] Палеонтология — жер астында қатып тасқа айналған, қазып алынатын жәндіктер мен өсімдіктерді зерттейтін ғылым.

ған. Құмыраның сыртына кәзіргі қазақ жылқысына ұқсас бойы аласа, тұрқы қысқа, бірақ күшті жылқылардың шаруашылықта және соғыста қалай пайдаланылғанын көрсететін суреттер салынған.

Монғолдар Орталық Қазақстанның жерінде тұңғыш рет 1216 жылы пайда болған, олар батысқа қашқан меркиттерді қуып келген. Шыңғысхан әскерлерінің Қазакстан жеріне жаңадан басып кіруі бұдан екі жыл өткенсоң — 1218 жылы болған.

Монғолдардың келген уақытын Бактрия заманындағы құмыраның жасалған уақытымен салыстыратын болсақ, кәзіргі Қазақстанның жерінде және оған іргелес жерлерде монғолдар шапқыншылығынан әлде қайда, көп бұрын жылқының жергілікті тұқымдары болғандығына көзіміз кәміл жетеді. Оған дәлел — жалғыз бұл ғана емес. Бұдан 2500 жыл бұрын Қазақстан жерін сансыз көп көшпелі тайпалар: сақтар, массагеттер, исседондар, аландар және басқалар мекен еткен, олардың өз жылқылары болған. Греция географы Страбон деген адам сақтар туралы былай деп жазған: «Олар көбінесе сүт, ет, жүн беретін қой мен жылқы өсірген; жылқы бір жағынан салт мінетін көлігі де болыпты. Сақтар барлық мал-жанымен сахараларда көшіп жүрген: еркектер салт мініп, әйелдер мен балалар терімен қапталған күймелі арбаға мінген. Күймелерге өгіз, ат жегілген... Жалпы алғанда сақтар заманы ел-елдің арасында көп айырбас болған заман, өйткені салт ат сырт елдермен қарым-қатынас жасауға ыңғайлы болған».

Біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырда кәзіргі Қазақстан жерін мекендеген түрлі тайпалардың ішіндегі ең көбі аландар болған. Рим жазушылары мен қытай шежірешілерінің жыйнаған мәліметтері бойынша, аландардың мекені Сырдариянық төменгі жағында, Арал теңізінің солтүстік және шығыс жағалауында болған, олар тіпті Еділге дейін де көшіп жүрген. Аландар айбатты, жауынгер халық болған, өздерінің жылқысымен, қойымен сахарада үнемі көшіп жүрген, баспанасы киіз үй болған. Аландар жылқыны қатты қадірлеп ұстаған. Олар жастайынан салт ат мінуге, оадақ атуға үйренген.

Біздің заманымызға дейінгі III ғасырдың бас кезіне таман Қазақстан жерін мекендеген үйсін мен қаңлы тайпаларының салмағы басым болған. Үйсіндер Жетісудың нағыз шұрайлы жазықтарын жайлағанда, қаңлылар — Қаратау маңын және Сыр өзенінің орта шенін мекендеген. Ескі қорғандарды қазғанда жер астынан табылған үй ішінің жасаулары, түрлі мүліктері мен шаруашылық саймандары, әсіресе жүген (ауыздығымен), әбзел және мал сүйектері үйсіндер мен қаңлылардың негізінен мал баққан ел болғанын ыспат-тайды. Сақтар сияқты, бұл да көбінесе қой мен жылқы өсірген. Үйсіндердің арасында болған қытай саяхатшыларының бірі былай деп жазған: «Олардың жерінде жылқы көп, байлары 4 мыңнан 5 мыңға дейін жылқы ұстайды... Үйсіндер — 120 мың семья, яғни 630 мың жан; олар өз ішінен 188 мыңдай қарулы жауынгер шығарып бере алады»[1].

Сонымен, Қазақстанда жылқы шаруашылығы монғол жылқысының және соған ұқсас басқа жылқылардың пайда болуынан әлде қайда көп бұрын өркендеген.

Қазақ халқы өз тарихында талай ауыр сындарды— қазақ жерін басып алған сырт жаулардың шапқыншылығын, нелер соғысты, көтерілісті басынан өткізіп, сан рет ата қонысын тастап, басқа жаққа жер аууға мәжбүр болған кезінде де өзіне тән қасиеттерін, өзінің ана тілін, халықтың бай творчествосын, өзінің тұрмысында, шаруашылығында қалыптасқан барлық өзгешеліктерін сақтай білді, сонымен бірге халық көп ғасырлар бойында өзінің жылқысын да сақтап келді.

Қазақ жылқысының ең бірінші негізгі өзгешелігі — ол Қазақстандағы жазық даланың, шөлейттің, шөл даланың, таулы жерлердің қандай сұрапыл ауыр жағдайларына болса да төзімді, жазы-қысы бірдей жайылуға, тебінде болуға әбден үйренген.

Қазақ жылқысы Қазақстаннын жеке аудандарының тарихи, жаратылыс және экономикалық жағдайларына байланысты және жылқының басқа тұқымдарының

---

[1] Н. Бичурин. Жоңғарияның сыпаты (описание), 42—50-беттер. Орыс тілінде.

қаншалықты әсері тигеніне қарай бірнеше түрге жіктелген. Сондықтан да қазақ жылқысы өзінің ірілігі, тұлғасы, салтміну және жұмыс көлігі болу сапасы жағынан түрліше келеді. Қазақ жылқысына басқа жылқы тұқымдарының тигізген әсері туралы мәселені де тек тарихты зерттеу негізінде ғана дұрыс шешуге болады.

X—XI ғасырларда қазақ халқының арғы аталары атпен жүріп, Понто-Каспий далаларына және Кубаньға дейін барған. Олар бұл маңда далалық жерлерде өскен ірі жылқылар ұстаған халықтармен араласқан, соның нәтижесінде осы арадағы жылқы тұқымының қазақ жылқысына әсері тиген.

Қазақстанның оңтүстігін мекендеген тайпалардың жылқысына түркпен, теке, жауміт жылқыларының әсері тиген. Соның ішінде Үстірттен Қоңыратқа дейін көшіп-қонып жүретін адай және табын сыяқты қазақ тайпаларының жылқыларына шығыс жылқыларының тұқымдары едәуір әсер еткен. Адай мен табын тайпаларының жылқылары теке және жауміт жылқыларының тұқымдарымен араласуы нәтижесінде адай жылқылары нағыз міністер, тақыр жүнді, сергек мінезді жылқыға айналған.

Қазақстанның солтүстігінде тұратын жергілікті қазақ халқының жылқыларына Сибирьдің жегіндік жылқылары, бертін келе Сибирьге орыстар алып келген желісті жылқылар едәуір әсер еткен.

Батыс Қазақстанның жылқыларына дон мен астрахань жылқылары, желісті жылқы, кавказ жылқылары (карабах және басқа тұқымдар) тиісті әсерін тигізген.

Міне, сөйтіп, Қазақстанның түрлі аудандарында қазақ жылқысының бірнеше түрлері мен тұқымдары өсіп жетілген.

* * *

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін кейбір жылқы заводтарында жүргізілген жеке тәжрибелер ғана болмаса, қазақ жылқысының тұқымын жетілдіру, Қазақстанда мәдениетті түрде жылқы шаруашылығын ұйымдастыру мәселесіне ешқандай көңіл бөлінген жоқ. Шаруашылықтың артта қалған көшпелі

түрі жылқы шаруашылығын өркендету сыяқты маңызды жұмысқа ғасырлар бойы бөгет жасап келді.

Октябрь революциясынан бұрын жылқының көбі феодалдардың, байлар мен кулактардың қолында болды. Олар бір-бірімен бақ таласып, атақ құмарлыққа салынып, әрқайсысы өз аттарын мақтап бәйгеге қосқаннан басқа, жергілікті жылқылардың тұқымын, сапасын шындап жақсарту жөнінде ешнәрсе де істемеген.

Шабындық пен жайылым жерлердің ең жақсы шұрайлысы да қанаушы таптардың қолында болған. Олар жер-суды толық иемденіп, билеп-төстеген, қазақ еңбекшілерін экономикалық және саяси жағынан өздеріне толық бағындырып ұстаған. Жоқшылықтың, аш-жалаңаштықтың қайғы-хасіретіне ұшырағал кедей малшылар ауыр тұрмысқа шыдай алмай, болар-болмас ақы алып, байлардың малын бағуға жалданған.

Кедей шаруалардың еңбегін тегін пайдаланған байлардың дәулеті шалқып, тасып жатқанда, әлсіз шаруалар барған сайын күйзеліп, мұқтаждыққа, қайыршылыққа душар бола берген. Мысалы, Торғай уезіндегі 2000 кедей шаруаның қолындағы барлық малы қанша болса, 10 байдың ғана иемденген малы соншa болған. Көптеген қазақ кедейлерінің керек десе аты да, сыйыры да болмаған.

Патшалық Россия тұсында Қазақстанның жерін зерттеуге жіберілген бір санақ экспедициясының басшысы 1909 жылы былай деп жазыпты: «Семей уезінде қазақ шаруаларының басым көпшілігі (94 процентке дейіні) әлсіз кедей, тіпті мүлкі, аты жоқ жарлы шаруалар. Бұлардың күн көруі өте қыйын. Олар өздерінің көшпелі шағын шаруашылығымен ғана жан сақтап тіршілік ете алмайтын болғандықтан, сыртқа жалданып кәсіп етумен күн көреді. Мұндай кәсіппен сол шаруалардың бестен төрт бөлегінен астамы айналысады».[1]

Шаруалардың осы бестен төрт бөлегін байлар арандықпен, аяусыз қанады. Байлар мінуге көлік, ішуге астық, себуге тұқым беріп, «рақымшылық» жасағаны

---

[1] «Ақмола облысындағы қырғыздардың (қазақтар—*Д. К.*) шаруашылығы туралы» жыйнақ, II том, 1910, орыс тілінде.

үшін кедейлердің алған астығы мен малдан жыйған өнімінің үштен екісін тартып алып отырған. Феодалдар, байлар және басқа текті ру басылары жарлы-батырақтарды адам деп санамай, аяусыз ұрып-соғатын, басына ұрып көзін шығарып, денесін көкала торғайдай қылатын.

Революцияға дейінгі Қазақстанда байлар астында аты, алдында асы жоқ кедейлерді қанаудың неше түрлі әдістерін қолданған. Жоғарыда айтылған «Ақмола облысындағы қырғыздардың шаруашылығы» деген жыйнақта малшы кедейлерді қанаудың ерекшеліктерін көрсететін мынадай хабар басылған:

«Кедейлер мен жарлылардың басым көпшілігі ел көшкен уақытта байлардың көшін айдасып, солармен бірге болады. Сырттан қараған адамға бұлардың бәрі (байлар мен кедейлер) шаруашылығы айрылыспаған бір ағайын сыяқты көрінеді. Ал қысқы уақытта олар өздерінің әлсіздігі салдарынан, сондай-ақ туысқандық жақындығымен не салтқа айналған басқа бір себептермен байларға түгел тәуелді болады. Бұл кедейлердің күй-жағдайы тым нашар. Олардың істеген еңбектеріне ақшадай не азықтай алатын ақысы түкке тұрмайды, көбінесе алатын ақысын ішкен тамағымен өтейді, сондықтан да олар барлық жағынан қатты мұқтаждық көреді. Ал байлар бұларды құл сыяқты көріп жиіркеніп қарайды, оларды есігінің табалдырығынан да аттатпайды».[1]

Бірақ қандай ауыр жағдайда бола тұрса да, қазақ халқы өзінің творчестволық күш-жігерін, өзінің жылқы шаруашылығына, атқа деген сүйіспеншілігін, оны өсіруге құмарлығын сақтай білді, қазақ кедейлері атты арман етті.

Қазақ халқының жақсы ат жөніндегі осындай арманы халық аузында аңыз болған өлең-жырларда көркем тілмен тамаша суреттелген.

Қазақ халқының өмірінде жылқы ежелден үлкен орын алып келгендігі және әлі де үлкен орын алып отырғандығы, сондай-ақ, көркем әдебиеттің кесек шы-

---

[1] «Ақмола облысындағы қырғыздардың шаруашылығы» туралы жыйнақ III том, орыс тілінде.

ғармаларының қайсысында болса да ат туралы, жылқы туралы әңгіме болмай қалмағаны мәлім. Поэзияның алыбы — қарт жырау Жамбыл да, басқа халық ақындары да жылқы туралы талай тамаша жыр толғады.

Кәзіргі жазушыларымыздың көпшілігі қазақ жылқысын сүйсіне суреттеп, шығармаларында жазып жүр. Халық аузында ат туралы, жылқы туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер бар. Оны қазақтар өздерінің ауыз-екі сөздерінде, өлең-әңгімелерінде айтып отыруды өте жақсы көреді. Халықтың толып жатқан ұлт ойыны, жыйын-тойы атсыз өтпейді. Атының беріктігін, жүйріктігін сынап шабысқа салу, бәйгеде бірінші орын алу— жылқы өсірген еңбекші қазақ үшін үлкен абройлы іс болды.

Бұрынғы Қазақстанның ілгері ойлы көрнекті қайраткерлерінің бәрі дерлік өздерінің жазба еңбектерінің біразын жылқыға, атқа арнағандығын тегін деуге болмайды. Олар халықтың күнделікті тұрмысы мен шаруашылығында жылқының қандай маңызы бар екенін өте жақсы түсінді.

Қазақтың тұңғыш демократ ғалымы Шоқан Уәлиханов бірсыпыра мақалалар мен қолжазбаларында жылқы шаруашылығына зор көңіл бөлген.

Ш. Уәлиханов «Қырғыздардың ерте замандағы қару-жарағы және олардың соғыс жабдығы»[1] деген мақаласында қазақтың ер-тұрманы, қамыт-сайманы, салт атты кісінің киімдері қандай болатындығын суреттеп жазған. Бұл мақаланың кейбір жерлері, әсіресе ер-тұрман жөнінде айтылғандары осы уақытқа дейін маңызын жойған жоқ.

Шоқан Уәлиханов қазақ және қырғыз халықтарының ауыз әдебиетін, тұрмысын зерттеуде бірталай еңбек сіңірді. Шоқан Уәлихановтың ел аралап, саяхат жасаған кезінде жазған күнделік дәптерінде де ат туралы, жылқы шаруашылығы туралы жеке мәліметтер көп кездеседі. Мәселен, ол «Торайғыр» деген тау аты неліктен қойылғанын 1856 жылғы 15 майдағы жол дәптерінде былай деп түсіндірген:

---

[1] Шоқан Уәлиханов, Шығармалары. Орыс тілінде.

«Торайғыр — торы айғыр деген сөз; қырғыздың (қазақтың) ертегісінде былай дейді: қырғыздар (қазақтар) осы таудың маңынан қалмақтарды-жоңғарларды қуып шыққан кезде сол таудың басынан бір торы айғыр табылған... Торайғыр — албандардың өте жайлы, ең жақсы қыстауы, онда еш уақытта қар болмайды, ал болған күнде аз жауады да, тез еріп кетеді деседі. Нағыз қатты қыстарда, шөп шықпаған жылдардың өзінде де мал далада жайылып, тас қынасын ғана корек етеді — бұл жердің шөбі сондай күшті, топырағы асыл келеді. Жұғымды жер»[1].

Ыбрай Алтынсариннің түрлі поэмалар мен әңгімелерден іріктеп алған үзінділерінде аттың және басқа жануарлардың тіршілік күйі, мінез-құлқы, тағы сондай өзгеше сыйпаты суреттелген. Бұл шығармалар балалардың ой өрісін дамытуға, олардың айналадағы өмірге, жануарларға, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін арттыруға арналған.

Қазақ халқының ұлы ақыны және ойшысы Абай Құнанбаев өзінің бірталай тамаша өлеңдерін, ел арасына мақал болып тараған нақыл сөздерін атқа, жылқыға арнаған. Ол туған елінің аттарын қыран құсқа теңеп, аттың халық арман еткен тамаша қасиеттерін суреттеген. Абайдың атқа берген сыны, ат сымбатын терең суреттеп айтқан сөздері өте тамаша. Бұған мысал үшін Абайдың өлеңмен жазып, атқа берген мынадай сынын келтіруге болады:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен кабақ;
Аузы-омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желкелі, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.
Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ.

---

[1] ССРО Ғылым Академиясының архиві, 23-жыйнақ, 1,2-тізім.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды, арты бірдей келсе ерге жайлы,
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы ұлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тыныштығ, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай һәм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп, жүрсе әсем,
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан жуас,
Разы емен, осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

Абайдың таңдамалы шығармаларының бірі—«Жаз» өлеңінде де қазақ халқының өмір тіршілігінің тірегі болған жылқы туралы зор сүйіспеншілікпен, асқан шеберлікпен айтылған.

Жазды күн шілде болғанда,
Көк орай, шалғын бәйшешек
Ұзарып, өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шалпылдап.
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап [1]...

Қазақ халқының және оның ілгері ойлы қайраткерлерінің жылқыға деген сүйіспеншілдік сезіміне, халықтың мәдениетті жылқы шаруашылығын өркендетуге ұмтылған игі талаптарына топас байлар мен кулактар,

---

[1] А б а й Құ н а н б а е в. Шығармаларының толық жыйнағы, 39-бет, Алматы, 1945.

патшаның чиновниктері көңіл қоймады. Әр бай өз басының қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеді. Ал жылқы заводтарында істеген орыстың алдыңғы қатарлы адамдары қазақ жылқысын жақсы көрді, оған үлкен маңыз берді. Олар қазақ жылқысын барлық жағынан зерттеп білуге және қазақтың жылқы шаруашылығын өркендетуге жәрдемін тигізуге тырысты, өйткені қазақ жылқысының бүкіл ел үшін зор маңызы бар екенің олар жақсы білді.

1884 жылы солтүстік—батыс Қазақстанның бірқатар жылқылы аудандарына арнаулы зоотехниялық зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеуде жыйналған материалдар негізінде Қазақстанда жылқының жақсы тұқымын өсіретін мемлекеттік заводтық конюшнялар ұйымдастырудың қажет екендігі дәлелденілді. Сол кезде Қостанайда жылқы конюшнясы мен асыл тұқымды жылқы рассаднигі ұйымдастырылып, олар жергілікті қазақ жылқысының тұқымын жақсартумен шұғылдана бастаған болатын.

Бірақ мұндай игілікті бастамадан революцияға дейінгі Қазақстанда мардымды нәтиже шыққан жоқ және шығуы мүмкін де емес еді. Оған себеп — мемлекеттік заводтық жылқы конюшняларындағы асыл тұқымды айғырларды байлар алып, өз жылқысына ғана үйірге салды, ал еңбекші халықтың ондай айғырларға қолдары жетпеді. Жылқы шаруашылығы бұрынғысынша экстенсивтік түрде жүргізілді, яғни, жылқы қысы-жазы далада болып, оған азық дайындалмады, қора салынбады. Соның салдарынан қысқы үскірік борандарда, көкмұз қатқақтарда жылқы мыңдап қырылатын, құлын-тайлар жетілмей, нәзік болып өсетін. Мұндай жағдайда, әрине, жылқы малының сапасы қандай болғандығы өзінен өзі түсінікті.

Қазақ халқының жақсы жылқыға, арғымақ, тұлпар атқа құмартқан арманы, үміт—тілегі тек Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде ғана жүзеге асты. Біздің халқымыздың бұл тілегін, оның тек совет өкметі тұсында ғана жүзеге асқанын ақындар ағасы, жүз жасаған қарт Жамбыл былай деп суреттеп берген болатын:

Көз ашып бір күн қарасам,
Ақ түскен кезде шашыма.
Қадалыпты қызыл ту
Алатаудың басына.
Қажырлы халқым шығыпты
Жауыма қарсы ашына.
Көктемнің күні туыпты,
Қалыпты тұман басыла.
Жайлаудан байды қуыпты,
Бас ұрғызбай қашыра.
Үйір-үйір жылқыны
Үйіріп әкеп қойыпты
Өзімнің дәл қасыма.
Жайлауды басты өз малым,
Жаңадан жырды қозғадым.
Бәйгелі тойда колхоздың
Жүйрігін көрдім озғанын.
Жабағы жүннен арылып
Жетілді мәстек тулағы,
Жырымды сүйіп ардақтап,
Таныды мені Сталин,
Еңбегіме сыйлық деп,
Түсімде көріп ынтыққан
Тартты алдыма тұлпарын.

Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды,
Аққудай мойны иіліп,
Қазығында ойнайды.
Тоқымы жібек, ері алтын,
Ауыздығын шайнайды,
Үзеңгісі сыңғырлап,
Қарасам көзім тоймайды.

Қанатты тұлпар астымда,
Құндыз бөрік басымда,
Омырауымда орденім,
Жар достарым қасымда,
Қайтадан міне аттандым,
Қыйырға болжап көз салдым,
Тоқсанға келген жасымда.

Далам да гүл, тауым гүл,
Аспан ашық, жер жайсаң.
Тұманмен бірге түріліп,
Құрыпты көзден ылайсаң.
Домбырам бүгін сайрайды
Серпіліп, сергіп ән салсам.
Шу жануар, шу тұлпар!
Үстінде бүгін мен сұңқар,
Алты айлықты алты бас,
Алдымда күткен халқым бар!
Тұлпарлы жігіт аттанған

Сталин берген данқым бар.
Кремльді жырлайын,
Сталинді жырлайын,
Домбыраны тартыңдар![1]

Абай өз заманында:

«Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей»

деп арман еткен болса, тоқсанға келген Жамбыл совет өкіметі тұсында мұндай аттың қолына тигеніне масаттанып, қазыққа байлап қойған атына «қарасам көзім тоймайды» деп жырлайды. Қазақ поэзиясының алыбы Жамбылдың осы өлеңінен халқымыздың мәңгі арманы орындалғаны өте-мөте айқын көрінеді.

Ленин — Сталин партиясының данышпандық ұлт саясатының жүзеге асырылуы арқасында қазақ халқының жарқын жана өмірге қолы жетіп, қайта жасарды, өзінің шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларында, соның ішінде жылқы шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға ие болды.

---

[1] Жамбыл. Толық жыйнақ, Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы, 1946, Алматы.



II ТАРАУ

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының экономикасында, мәдениетінде, тұрмыс салтында үлкен өзгерістер тудырды. Бұрын патшалық Россияның артта қалған отары болып, шаруашылықта феодалдық — патриархалдық тәртіп пен көшпелі тұрмыс салты үстем болған Қазақстан, тарихи қысқа мерзім ішінде, Ленин — Сталин партиясының басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының көмегімен орасан зор табыстарға жетті, қарыштап өскен индустриясы мен социалистік ірі ауыл шаруашылығы бар, гүлденген советтік республикаға айналды.

Ұлы Октябрь революциясының жеңісінен кейін қазақ халқы ұзақ ғасырларға созылған тарихында тұңғыш рет шын мағнасында өзінің ұлт мемлекетін құрды. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы ұлы Сталиндік Конституцияның нұр сәулесіне бөленіп, Совет Одағының ынтымақ-бірлігі жарасқан одақтас оналты республикасының қатарынан тең праволы орын алып отыр.

Қазақстанда лениндік-сталиндік ұлт саясатының дұрыс жүргізілуі арқасында жасалған зор социалистік өзгерістердің бірі — мал шаруашылығының негізінен қайта құрылып, ғылым жолымен өркендетіліп отырғаны деп білу керек. Совет өкіметі тұсында ауыл мен де-

ревняда колхоз құрылысының жеңуі нәтижесінде мал-шаруашылығы республиканың бүкіл халық шаруашылығының маңызды саласына айналды. Қазақстан еліміздің шығысындағы негізгі мал шаруашылық базаларының бірі болып отыр. Құнарлы мал азығының неше алуан түрі өсетін кеңбайтақ жазықтарда, көк майса шалғындарға, бай көлдер мен өзендер бойында, таулы алқаптар мен тау бөктерлерінде колхоздар мен совхоздардың ондаған миллион малдары бағылады.

Совет өкіметінің жер және бейбітшілік туралы ұлы көсеміміз В. И. Ленин қол қойған тарихи тұңғыш декреттері, мал жайылымы мен егістік жерлерді қазақ халқына беру жөнінде совет өкіметі жүргізген зор жұмыстар Қазақстанда социалистік мал шаруашылығын өркендетуге берік негіз болды. 1926—1927 жылдарда қазақ ауылдарында жүргізілген жер бөлістен кейін қазақ еңбекшілері 1 360 мың гектар шабындық және 1 250 мың гектар егістік жер алды. Осының нәтижесінде кедейлер мен орташа шаруалар республиканың барлық егістік, жайылымдық, шабындық жерлерінің 91,4 процентіне ие болды.

Еңбекшілердің ұлы көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталин шаруашылықты өркендетудің жаңа жолдарын көрсетіп берді. Сталин жолдас ауыл шаруашылығын өркендету жолдары туралы айта келіп, 1927 жылғы декабрь айында болған БК(б)П XV съезінде жасаған баяндамасында былай деді:

«Оның жолы ұсақ және бытыраңқы шаруалар шаруашылығының жерді бірлесіп жырту негізінде құрылатын ірі, бірлестірілген шаруашылықтарға көшуінде, жаңа, жоғары техника негізінде жерді бірлесіп жыртуға көшуде болып отыр.

Оның жолы — ұсақ және аса ұсақ шаруалар шаруашылығын бірте-бірте, бірақ табанды түрде, қысым көрсету ретімен емес, үлгі көрсету, көзін жеткізу ретімен, жерді қоғамдасып, серіктесіп, бірлесіп жырту негізінде құрылатын ірі шаруашылықтарға бірлестіруде болып отыр; жерді ұқсатқанда ауылшаруашылық машиналар мен тракторларды іске жегу керек, егіншілікті ин-

тенсификациялаудың ғылыми әдістерін қолдану керек.
Өзге жол жоқ»[1].

Коммунист партиясы мен совет үкіметі Орталық және Батыс Қазақстанның далалық жерлерінде, шөл және шөлейт аймақтарында орналасқан бірыңғай мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарында, кәзіргі Қызылорда, Ақтөбе, Жамбыл, Алматы, Талдықорған және басқа облыстарында коллективтендіру ісін жүргізуге ерекше көңіл бөлді. Бұл аудандарда 1927 жылы мал шаруашылығымен шұғылданған 200 мыңнан астам қазақ шаруалары болды, бұлар сол кезге дейін көшіп-қонып жүрген еді, оларда патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастың, рушылдықтың қалдықтары әлі де күшті еді. Көшпелі шаруалардың қолында жаппай колхоздастыру жұмысын жедел жүргізуге керекті тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базалар болмады. Сондықтан көшпелі малшаруашылық аудандардың осындай ерекшеліктерін еске ала отырып, партия мен совет ұйымдары көшпелілерді коллективтендіру ісінде асығыстық жасамай, оған өте байсалды қарады. Көшпелі шаруалар арасында зор көлемде түсінік жұмыстары жүргізілді, партия оларға көмекке тәжрибелі ұйымдастырушыларды, жұртқа мәлім жыйырма бес мыңдықтарды — Москваның, Ленинградтың, еліміздің басқа да өнеркәсіп орталықтарының жұмысшыларын жіберді.

Ленин—Сталин партиясының данышпандық саясаты көшпелі халыққа отырықшылық тұрмыстың артықшылығын айқын көрсетіп берді, олардың бас қосып бірігуіне, тұрмысты, еңбекті жаңаша ұйымдастыруларына көмектесті. Бұл жөнінде Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозының колхоз мүшелері былай дейді:

«Біздің ауданымыз — бұрын мал баққан көшпелі ел болатын. Бұдан көп жылдар бұрын бұл жерде жөнді ауыл да жоқ еді. Жазық даланың әр жерінде жалғыз-жарым қара құрым киіз үйлер мен малшылардың

---

[1] И. Сталин. Шығармалар, 10-том, қазақша, 341-бет.

лашықтары ғана тұратын. Ондағы өмір «гүлі солған көктем, нұры сөнген күн, суы құрыған өзен» сыяқты еді. Бай-феодалдар мен кулактар барлық жердің нағыз шұрайлысын өздері алып, көшпелі кедей сорлылардың үлесіне сортаң жерлер мен құмды шөлейттер ғана қалды. Кедей шаруалардың ол кезде малына азық дайындамақ түгіл, мал бағуға жарайтын жерлері де болған емес. Сондықтан да қысқы аяздарда жердің шөбін көкмұз басып, мал азықсыз қалған кезде көшпелі еңбекші халықтың күн көрген аз ғана малдары аштықтан қырылатын еді. Біздің бір ғана Жамбыл облысында революциядан бұрынғы кезде қолында түк малы жоқ шаруалардың саны 20 мыңнан асатын, бұлардың бәрі де байларда, мал жайған бай саудагерлерде жалшы болып істейтін.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында ғана, ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен біз бұрынғы қарғыс атқан қаратүнек ескі заманды біржолата құрттық, жаңа өмірге қолымыз жетті. Біздің Таластың кең алабында, Қазақстанның басқа аудандарындағы сыяқты, жергілікті Советтер құрылды. Ауданымызға келген партия өкілдері — (көпшілігі коммунистер, 1917 жылғы октябрьдегі ұрыстарға қатынасқандар) партияның ауыл шаруашылығына жіберген жыйырма бес мың адамның өкілдері, бұрынғы Әулие-Атаның мал жыйнаушы ірі саудагерлерін және Қостөбе байларының зиянкестік әрекеттерін әшкерелеуімізге, оларды байлар табы өкілдері ретінде жоюға көмектесті. Сұм-байлар, саудагерлер өздерінің бұрынғы үстемдігін қалай да қайта орнатуға тырысып, шамасынан келгенше еңбекшілерді колхозға кірмеуге, малдарын сойып-қыруға үгіттеген болатын. Совет үкіметінің арқасында, партияның тікелей көмегімен тап жауларын талқандап болғаннан кейін біз жаңа, отырықшылық тұрмысқа көше бастадық.

1930 жылы тау бөктерінде көшіп жүрген 200 ден аса үй басын қосып, бірауыздан «Қызыл жұлдыз» колхозына ұйымдасты. Совет мемлекеті артельге ұйымдасқан күннен бастап зор көмек көрсетті. Мемлекеттік акт бойынша, бұрынғы байлардың Қостөбедегі жерлері және Мойынқұмдағы малға өте жайлы, шөбі мол жер-

лер колхоздың мәңгі пайдалануына бекітіліп берілді. Мемлекет біздерге тұқым, мал, ақша қаражат беріп көмектесті. Колхоз мүшелері агротехникалық оқуларға жұмылдырылды, оның біразы ауыл шаруашылығының мамандарын даярлайтын курстарға жіберілді. Бұрын көшпелі тұрмыстан басқа ешнәрсе білмеген адамдар трактордың және басқа күрделі машиналардың техникасын үйренуге кірісті. Жыйырма бес мыңшылардың ішінде келген жұмысшылар бізді колхозда еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, ауыл шаруашылық машиналарын басқарып жүргізуге, ғылым мен техниканың жетілген әдістерін колхоз шаруашылығында қолдануға үйретті. Колхозда партия, комсомол ұйымдары құрылды, балаларға коммунистік тәрбие беру, халықтың санасындағы көшпелі тұрмыстың ескі қалдықтарын жою жұмыстары өрістетілді.

Мемлекеттің жәрдемімен ескі жер үйлердің орнына жоспармен салынған көркем колхоз поселкесі орнады. Совет өкіметі тұсында Қазақстанда бұл сыяқты мыңдаған социалистік колхоз поселкелері салынды. Поселкенің атқан оқтай түп-түзу көшелерінің жан-жағына дәу теректер отырғызылып, арықтар қазылды. Поселкенің нақ орталығында мәдениет және демалыс паркі бар, оны айнала қоршай мектеп, клуб, радиоузел, кітапхана, балалар яслиі мен балалар бақшасы, дүкендер, колхоз басқармасы мен ауылдық Советтің үйлері, машина гаражы, мастерскойлар салынды. Бұлардың әрқайсысының айналасы—гүл мен бақ. Бұрын жалғыз тал да болмаған жерде, қазір колхозда 28 гектар жерді алып жатқан жүзім бағы мен жеміс ағаштары жайқалады. Трактормен айдалған колхоз даласында бидай, сұлы, жүгері, қант қызылшасы егіледі, олардан жыл сайын мол өнім алынып жүр. «Қызыл жұлдыз» колхозы он танапты ауыспалы егіс әдісін қолданып, оны толық игеріп отыр. Егістік жерлерге қорған ағаштар отырғызылды, бір-бірімен жалғасып жатқан тарам-тарам каналдар мен арықтар қазылды.

Колхоздың мал шаруашылығында да зор өзгерістер болды, оны ескі уақыттағымен ешбір салыстыруға болмайды. Отарда бағылып жатқан малдарға арналған базаларымызда мал азығының бір жарым жылға же-

тетін сақтық қоры бар. Үйірлі жылқылар, отарлы қойлар қысы-жазы бірдей азықтан тарықпайды. Біз нәрлі мал азығы өсетін суармалы жерлерден жыл сайын 3—4 рет шөп шауып аламыз. Шөп шабу жұмысы бізде толығымен механикаланған.

Біздің колхозда коммунист партиясы және сталиндік колхоз құрылысы тәрбиелеп шыңдаған, ғылымның табыстарына жетіліп, агротехниканы меңгерген, кәзіргі заманның ауылшаруашылық машиналарын еркін жүргізе білетін, мәдениетті жаңа адамдар өсіп жетілді. Бұрынғы көшпелі елдің ішінен шыққан адамдар кәзір бізде 25 түрлі мамандыққа ие болып отыр. Олар—тілсіз табиғатты жеңе білетін, егістен тарихта бұрын болмаған мол өнім алып, асыл тұқымды аттар, биязы жүнді қойлар, сүтті сиырлар өсіріп жүрген адамдар. Колхоздың 9 мүшесіне қант қызылшасынан мол өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, көптеген жылқышылар, шопандар, сауыншылар, егін өсірушілер колхоздың қоғамдық өндірісінде жақсы табыстарға жеткені үшін Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды. Революциядан бұрынғы уақытта байлардың малайы болып, кисе киімге, ішсе тамаққа жарымаған батырақ-кедейлер бұл күндерде адал еңбектері үшін және лениндік-сталиндік ұлт саясаты арқасында, еңбекшілердің ұлы көсемі және ұстазы Сталин жолдастың халыққа деген аталық қамқорлығы арқасында бүкіл халықтық даңққа бөленіп, оларды барлық еліміз қошеметтеп отыр».

Коммунист партиясы мен совет өкіметінің данышпандық саясаты Қазақстанның басқа мал шаруашылық аудандарында да осылайша жүзеге асырылды.

1932 жылы 17 сентябрьде БК(б)П Орталық Комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы туралы және соның ішінде мал шаруашылығы туралы»[1] тарихи қаулы алып, онда былай деп көрсетті: «Қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құру міндеті отырықшылыққа айнала бастаған бұқараны коллективтендіру үшін мал шаруашылығымен қатар, шаруашылықтың, мал азығының және егіншіліктің берік базасын жасауды, олар-

---

[1] «Казахстанская Правда» газеті, 1932 жыл, 24 сентябрь.

ды европалық типтес салынған үйлері бар поселкелерге орналастыру жұмысын ұйымдастыруды талап етеді». БК(б)П Орталық Комитеті қазақ еңбекшілерінің «шаруашылықтарын поселкелік отырықшылыққа айналдыру міндеті де, коллективтендіру сыяқты, кедейлер мен орташа шаруалар бұқарасының өздерін байларға қарсы күреске, оңшыл уклондарға (бұл мәселедегі ұлтшылдыққа) және «солшыл» бұрмалаушылыққа қарсы күреске ерікті түрде кеңінен қатыстыру жолымен ғана ойдағыдай орындалуы мүмкін» деп көрсетті.

БК(б)П Орталық Комитеті, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылықты аудандардың бірінші кезектегі міндеттері ретінде, мал шаруашылығын өркендету ісін батыл жақсарту, машина-шөп шабу станцияларын ұйымдастыру, қазақ шаруаларына егістік жер бөліп беру міндеттерін қойды. Партия көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда әуелі «қалың бұқараға өте түсінікті және бұл аудандар үшін колхоздардың ауылшаруашылық артельдеріне көшетін қолайлы түрі» есебінде жер өңдеу және шөп шабу жұмыстарын бірлесіп істейтін серіктіктер ұйымдастыруды ұсынды.

Сталин жолдастың инициативасы бойынша совет үкіметі көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа көше бастаған қазақ еңбекшілеріне зор көмек көрсетті. 1932 жылдың ноябрь айында ғана олардың қоныстанып орналасуы үшін мемлекет тарапынан 43 миллион 299,0 мың сом қаржы берілді. Мұнан басқа бұрынғы көшпелі шаруалардың жеке пайдалануына мемлекет 600 000 бас мал берді. Отырықшылыққа көше бастаған көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар екі жылға дейін мемлекет тарапынан жүргізілетін мал және астық дайындаудан, мемлекеттік алым-салықтардан босатылды, еңбекші қазақ шаруаларының өткен жылдардағы мемлекетке бересі борыштарының бәріне кешірім жасалынды.

Бұрынғы көшпелілердің материалдық әл-ауқат күйін жедел жақсарту мақсатымен, отырықшылыққа айналып, егін шаруашылығымен шұғылдана бастаған аудандардың барлық колхозшыларына жеке меншігінде үй басына 2—3 сыйыр, 10—20 қой, 10—20 шошка

ұстауларына рұхсат етілді, ал көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктіктердің әрбір мүшесі жеке меншігінде 3—5 жылқы, 3—5 түйе, 100 қой, 8—10 сыйыр ұстауға ерікті болды.

Отырықшылыққа айнала бастаған көшпелі шаруаларға 1931—1933 жылдардың ішінде ғана мемлекет тарапынан 35 000 тұрғын үй, 180 қоғамдық монша, 1 530 атқора, 1 000 малқора, 971 астық қоймасы, түрлі сайман және астық қоятын 534 сарай, 908 ұста дүкені тағы басқалары салынып берілді.

Мал шаруашылығында істейтіндердің материалдық әл-ауқат күйін жақсартуға және мәдениетті егіншілік пен мал шаруашылығын өркендете беруге жасалған сталиндік қамқорлық колхозшылар арасында зор еңбек өрлеуін туғызды.

Бұрын өмірбойы байдың жылқысын баққан батырақ Смағұл Құлменов 1933 жылы Москвада болған екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Жасым болса жетіп, өмірімнің азайған шағында ауылымның жаңа қоныс алып, көркейіп өскенін өз көзіммен көргеніме қатты қуанам. Қазір біздің ауылда балалар үшін мектеп ашылды, ересектерді оқытып, сауатсыздықты жоятын Қызыл отау бар. Ауылға газет, журналдар үзбей келіп тұрады. Орталық партия комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі қаулысы бізді мұқтаждықтан азат етіп, тұрмысымызды жөндеді. Менде бұрын түк жоқ еді, қазір өзіме деген атым, 2 сыйырым, қойларым бар, мен енді ауқатты колхозшымын».

Коммунист партиясы Смағұл сыяқты жүздеген мың кедей-жарлыларды адам қатарына қосып, оларды ауқатты тұрмысқа жеткізді.

И. В. Сталин екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде сөйлеген сөзінде: бұрынғы өлмешінің күнін көрген кедейлер мен шағын шаруалы орташалардың миллиондаған бұқарасы колхозға кіргеннен кейін ең жақсы жерді, трактордың, ауылшаруашылық машиналарын пайдалана бастады, олар колхоздарда орта шаруалардың дәрежесіне жетті, барлық жағынан камтамасыз болған адамдардың қатарына



Ссвет Одағының Маршалы С. М. Буденныйдың Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы „Красная звезда“ колхозының колхозшылары—Социалистік Еңбек Ерлерімен кездесуі.

қосылды деп көрсеткен болатын. «Онан сайын ілгері басып, колхоздарды біржола нығайту үшін,— деді Сталин жолдас,— біз **екінші** қадам басуымыз керек, **жаңа** табысқа жетуіміз керек. Бұл екінші қадам дегеніміз не? Екінші қадам дегеніміз бұрынғы кедейлерді де, бұрынғы орташаларды да одан әрі жоғары көтеру деген сөз. Екінші қадам дегеніміз **барлық колхозшыларды ауқатты ету** деген сөз»[1].

Сталин жолдастың екпінді колхозшылар съезінде сөйлеген тарихи сөзі социалистік егіншілік пен мал шаруашылығын өркендете беру, колхоз құрылысын нығайту жолындағы күрестің айбынды программасы болды. 1934 жылдың аяқ кезінде-ақ Қазақстанда еңбекші шаруалардың 85,9 проценті колхозға ұйымдасып болды, ұсақ, бытыранқы, әлсіз, жеке меншікті көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың орнына республикада техникамен қаруланған ірі коллективтік шаруашылықтар өсіп, өркендеді. 1934 жылы Қазақстан колхоздарының егіс даласында он мыңдаған трактор, 1572 комбайн жұмыс істеді. Қуатты көп машинамен жабдықталған 149 машина-трактор станциясы колхоздардың барлық егістерінің жартысынан артығын өңдеді. Дәнді және техникалық дақылдардың жалпы өнімі 1934 жылы революцияға дейінгіден екі есеге жақын артты, яғни 1913 жылғы 22 172,0 мың центнер өнімнің орнына 1934 жылы 42 439,0 мың центнер өнім алынды. Сонымен бірге бұрынғы көшпелі шаруалардың әл-ауқат күйі де анағұрлым жақсарды. Отырықшылыққа айналған 182 000 көшпелі шаруалар 1934 жылы түпкілікті қоныстандырылып, жаңа салынған үйлерге кірді, өз меншігіне мал, үй іргесінен огородтық жер алды.

Екінші бесжылдықтың аяғына дейін Қазақстанда жаппай коллективтендіру ісі аяқталып, көшпелі халықтың отырықшылыққа айналуы негізінен аяқталған болатын.

Бұдан бірнеше жыл ғана бұрын ауыл шаруашылығының ең бір артта қалған саласы болып келген мал

---

[1] И. Сталин. Ленинизм мәселелері, қазақша 4-басылуы 395-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ № 0021708

шаруашылығы колхоздар ұйымдастырылуының арқасында тез қарқынмен өсіп, өрге басты. Екінші бесжылдықтың аяғында Қазақстандағы барлық малдың саны, 1933 жылмен салыстырғанда, 5 миллионға жуық көбейді. Мал басының өсу қарқыны сталиндік үшінші бесжылдықта бұрынғыдан да еселеп күшейе түсті. Егер 1938 жылдың 1 январына дейін 2166 колхозда бірде-бір мал фермасы болмаған болса, 1940 жылы республикада мал фермасы ұйымдастырылмаған бірде-бір колхоз қалған жоқ. Республикада 20 161 товарлы мал фермалары ұйымдастырылды, яғни әрбір колхозға орта есеппен 3 фермадан келді.

1941 жылдың 1 январында Қазақстандағы малдардың бәрі дерлік совхоздар мен колхоздардың, мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындары мен мекемелердің меншігінде болды, ал колхозшылардың жеке пайдалануындағы малды есептемегенде, жеке шаруалардың қолында бұл кезге дейін небәрі 14 мың ғана мал қалды. Республикада шаруашылықтың социалистік системасы бірден-бір негізгі шаруашылық формасына, ал мал фермасы — колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығының негізгі формасына айналды.

Халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру негізінде Қазақстанда қоғамдық мал шаруашылығының маңызды саласы — жылқы шаруашылығы да жылдан жылға өсіп, өркендеді.

Қазақстанда совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап-ақ жылқының сапасын батыл жақсарту, оның санын көбейту мәселесі алға қойылған болатын. Революцияға дейінгі көшпелі шаруашылық жағдайында әрбір жылқы иесі (оның өзі де негізінен байлар мен феодалдар болатын) жылқы өсіру жұмысын өз бетінше жүргізген болса, Советтік Қазақстанда жылқы шаруашылығына жалпы мемлекеттік мән берілді, сөйтіп жылқы шаруашылығын өркендету ісі алғашқы күндерден-ақ жоспармен жүргізіле бастады, бұл жұмыста қазақ халқының ежелден келе жатқан бай тәжрибесі және алдыңғы қатарлы совет ғылымының табыстары кеңінен пайдаланылды.

БК(б)П Орталық Комитетінің 1934 жылы июнь айында болған Пленумы өзінің қарарында былай деп

жазды: «Мал шаруашылығын жедел өркендетуді қамтамасыз ету үшін БК(б)П Орталық Комитетінің Пленумы, мемлекеттік егіс жоспарының үлгісі бойынша, совхоздардың және колхоздардың мал фермаларында мал басын көбейтудің жоспарлы тапсырмаларын, совхоздардың, колхоздардың және жеке шаруалардың төл өсіру жоспарлары мен мал азығын өндіру жоспарларын белгілей отырып және бұл жоспарларды совхоздарға, колхоздарға, селолық Советтерге жеткізе отырып, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын жасау әдісін қолдану қажет деп есептейді».

Партияның бұл қарары шаруашылықтың жоспармен жүргізілетін социалистік системасының артықшылығын мейлінше айқын көрсетті, сөйтіп мал шаруашылығын, соның ішінде жылқы шаруашылығын жаңадан күшейтіп, өркендетуге ұйымдастырушылық және саяси берік негіз қалады, барлық жағынан зор мүмкіндік тудырды.

Жылқы шаруашылығын жоспармен өркендету әдісі таяу жылдардың ішінде-ақ жақсы нәтиже бере бастады. 1938 жылғы январь айында Қазақстанда жылқы саны 1934 жылғымен салыстырғанда, 45 процент көбейді. Жылқы санының көбеюі жағынан Қазақстан 1934 жылдан бері қарай еліміздің басқа республикалары мен облыстарының ішінде үздіксіз алдыңғы қатарда келеді. Бұл істе партия мен үкіметтің колхоздарда товарлы және тұқымдық жылқы фермаларын ұйымдастыру жөніндегі нұсқауларының шешуші маңызы болды. Фермалар жылқы шаруашылығын өркендетудің негізгі тірегіне айналды, оның саны жылдан жылға көбейе түсті. Егер 1934 жылы Қазақстанда небәрі 91 товарлы жылқы фермасы болған болса, 1940 жылы олардың саны 3052 ге жетті. Колхоздардың жылқы фермаларының қалай өскенін мынадай мәліметтен көруге болады.

Қазақстанда товарлы жылқы фермаларының өсуі

(жыл басында)

1934 жылы	1935 жылы	1936 жылы	1937 жылы	1938 жылы	1939 жылы	1940 жылы
91	213	649	1137	1537	1986	3052

Жылқы шаруашылығын өркендету, оның сапасын жақсарта беру ісінде жылқы фермаларының маңызы күшті болды, олар негізгі ұйымдастырушылық роль атқарды. Партия мен үкіметтің нұсқауына сәйкес, жылқы фермалары 10 және одан артық биесі бар колхоздардың бәрінде де ұйымдастырыла бастады, соның нәтижесінде республикадағы жылқы фермаларының саны бұрынғыдан анағұрлым көбейе түсті.

Коммунист партиясы мен совет үкіметі біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыздың барлық күшін жылқы шаруашылығын ауыл шаруашылығының нағыз алдыңғы қатарлы салаларының біріне айналдыруға үнемі бағыттап отыр. К. Е. Ворошилов жолдас БК(б)П XVII съезінде сөйлеген сөзінде былай деген болатын: «Біздің елімізде жылқы бұрын, бізде тракторлар аз кезде қандай қажет болған болса, сл кәзірде де және бұдан былай да сондай қажет болады. Жылқы трактормға қарама-қарсы тұрған жоқ, онымен бәсекелесіп келе жатқан жоқ, қайта, керісінше, көп жағдайда трактордың жұмысын толықтырады, оған көмектеседі»[1].

Еңбекшілердің ұлы көсемі Иосиф Виссарионович Сталин мәдениетті жылқы шаруашылығының ролін көтеруге және оны одан әрі өркендете беруге ерекше зор көңіл бөліп келді және әлі де көп көңіл бөліп отыр. Сталин жолдастың нұсқауы бойынша елімізде көптеген мемлекеттік жылқы заводтары ұйымдастырылды, бұл заводтар жылқыдан басқа да өнімді малы бар, дәнді және малазықтық дақылдар егетін көп салалы шаруашылық болып өркендетіліп отыр. Сонымен қатар елімізде жылқы шаруашылығының жоғары білімді мамандарын даярлау жұмысы бір ізге салынып, маңызды мемлекеттік жұмыстардың біріне айналды. Жылқы заводтарында және колхоздардың жылқы фермаларында істейтін кадрларға жақсы жағдай жасалынды, еңбектеріне жоғары прогрессивті ақы төленетін болды. Олардың әл-ауқат күйінің жақсартылуы, саяси-идеялық, жалпы мәдени және мамандық дәрежесінің өсуі қамтамасыз етілді.

---

[1] БК(б)П XVII съезі, стенограммалық есеп, 1934.

Мал шаруашылығын өркендету мәселесіне партия мен совет үкіметі әрдайым үздіксіз назар аударып келеді. 1939 жылы март айында болған партияның XVIII съезінде бұл мәселеге зор көңіл бөлінді. Сталин жолдас осы съезде жасаған баяндамасында былай деді: «Мал шаруашылығын алсақ, ауыл шаруашылығының неғұрлым артта қалған бұл саласында да соңғы жылдардың ішінде едәуір алға басқандық байқалды. Рас, жылқының саны мен қой шаруашылығы жөнінде біз революциядан бұрынғы дәрежеге әлі жеткен жоқпыз, бірақ сыйыр малы және шошқа шаруашылығы жөнінде біз революциядан бұрынғы дәрежеден кәзірдің өзінде асып кеттік...

Жылқы мен қой шаруашылығы жөніндегі артта қалғандықтың неғұрлым тез арада жойылатындығына күмән болмау керек»[1].

БК(б)П XVIII съезі мал шаруашылығын, соның ішінде жылқы шаруашылығын тез өркендетудің нақты жолдарын көрсетіп берді. ССР Одағының халық шаруашылығын өркендетудің үшінші бесжылдық жоспары туралы алған қарарында XVIII партия съезі мынадай міндеттер қойды: «Жылқы саны 35 процент, сыйыр малы—40 процент, шошқа—100 процент, қой мен ешкі — 110 процент арттырылсын, мұнда әсіресе колхоздардың товарлы мал фермаларын өркендетуге және ірілендіруге айрықша назар салынсын. Малдың тұқымын асылдандыру және тұқым асылдандыру жұмысын түбірімен жақсарту, малдың тұқымын дұрыс аудандастыру, мал азығының базасын нығайту, малдың күтімін жақсарту арқылы мал шаруашылығының өнімділігін арттыру ең басты міндет деп есептелсін».

Қазақстанның жылқы өсірушілері партиямыздың бұл маңызды қарарын орындауға большевикше кірісті. Олар жылқы шаруашылығында тұқым асылдандыру ісін кең көлемде өрістетті. 1950 жылғы 1 январьдің өзінде республиканың колхоздарында 262 асыл тұқымды жылқы фермасы болды, соның ішінде желісті жылқы өсіретін 154 ферма, буденный жылқысын өсіретін

---

[1] И. Сталин. Ленинизм мәселелері, қазақша 4-басылуы, 550-551-беттер.

39 ферма, салт мінетін таза қанды жылқы өсіретін 11 ферма, дон жылқысының тұқымын өсіретін 5 ферма, ахалтеке жылқысының тұқымын өсіретін 5 ферма, қарабайыр жылқысының тұқымын өсіретін 1 ферма, адай жылқысының тұқымын өсіретін 40 ферма, қазақ жылқысының тұқымын өсіретін 7 ферма болды. Осы асыл тұқымды жылқы фермаларында ондаған мың жылқы өсірілді. Бұл фермалар жергілікті қазақ жылқыларының сапасын жаппай жақсартуға зор әсер етті және олар Қазақстан үшін мүлде жаңа, өте құнды, салт мінетін және жұмысқа жегетін жылқы тұқымдарын өсіріп шығаратын орынға айналып отыр.

Совет Одағының басқа республикаларындағы сияқты, біздің Қазақ республикасында да колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларынан басқа, негізінен бірыңғай асыл тұқымды жылқылар өсіріп беріп отыратын бірталай мемлекеттік жылқы заводтары ұйымдастырылды. Бұлардан басқа, жылқылардың сапасын жаппай жақсарту үшін керекті жылқы тұқымын асылдандыратын мемлекеттік орындар мен мемлекеттік асыл тұқымды жылқы конюшнялары құрылды. Қазақстанда жылқы шаруашылығын, әсіресе жылқы заводтарын өркендету ісіне Совет Одағының Маршалы С. М. Буденный үнемі көп көмек көрсетіп келеді.

БК(б)П XVIII съезінің қарарларын жүзеге асыру мақсатымен, Қазақстанда бұрыннан пайдаланылмай келген жайылымдық жерлерді меңгеру және шөптанапты ауыспалы егістер мен арнаулы малазықтық ауыспалы егістер жүйесін қолдану жолымен, жылқыны дәнді және нәрлі азықтармен толық қамтамасыз ететін мал азығының мол базасын жасау, оны ұлғайту жөнінде көп жұмыстар істелді, әлі де істеле бермек.

Сталиндік бесжылдықтар тұсында республикамызда су шаруашылығын өркендету жөнінде орасан зор жұмыстар істелді. Дұрыс тәртіппен суарылатын жердің көлемі 550 мың гектар ұлғайтылды. Жамбыл облысындағы Георгиевка каналы, Қызылорда облысындағы Шиелі каналы және басқалары сияқты жер суаратын жаңа каналдар жасалды. Жер суарудың ескі жүйелерін жаңғырту жөнінде көп жұмыс істелді. Мырзашөл, Сайрам, Захкелес және басқа бірсыпыра жер

суару жүйелері кайта жасалды, бұрынғысынан кеңейтіліп жақсартылды.

Жанадан салынған каналдар мен су жүйелері дәнді, техникалық және малазықтық дақылдар егетін суармалы жерлердің көлемін анағұрлым молайтты, жаңа жайылымдар мен шабындық жерлерді пайдаға асыруға мүмкіндік берді. Бұрынғы Мырзашөлде жер суландыратын каналдар қазу нәтижесінде жаңа аудандар, мақта егетін және мал өсіретін ірі-ірі совхоздар мен колхоздар ұйымдастырылды.

Сөйтіп В. И. Лениннің «Егіншілік пен мал шаруашылығын қайткен күнде де өркендету үшін жер суарудың ерекше маңызы бар... Жер суару бәрінен де қажет жәнеде ол өлкені бәрінен де бұрын мүлде өзгертеді, қайта жасартады, ескілікті жерлеп, социализмге өтуді күшейтеді»[1] деген нұсқауы іс жүзінде міне осылай орындалды.

Партия мен үкіметтің мал шаруашылығын, оның ішінде жылқы шаруашылығын өркендету мәселесіне үздіксіз көңіл бөліп, назар аударуы республикамыздың халық шаруашылығының бұл маңызды саласын тез өркендетуді қамтамасыз етті. Мал санағының мәліметтері бойынша, жылқы санының өсу қарқыны жағынан Қазақстан Совет Одағында алдыңғы орындардың бірін алады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан еліміздің азық-түлік және мал шаруашылық базасының ең бір ірісі болды. Республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке жоспардан тыс миллиондаған пұт астық, ет, сүт және басқа азық-түліктер берді. Соғыс уақытының қыйыншылықтарына қарамастан, Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мал басын кемітпей, қайта еселеп көбейте түсті. Партия мен үкіметтің қаулысында: «Қазақ ССР колхоздарында мал басы едәуір көбейіп, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары ойдағыдай орындалды, соның нәтижесінде ірі қара мал саны 22 процент, шошқа 13 процент, қой мен ешкі 18 процент көбейді» деп көрсетілді.

---

[1] В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том 192-бет.

Осы қаулыны орындай отырып, Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беру, мал азығын молайтып, сапасын жақсарту, отарлардағы малдарға арнап мал азығының сақтық қорын жасау, колхозшылардың өз меншігіндегі малдарды азықпен қамтамасыз ету жолында қажырлы күрес жүргізді, социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістете түсті. Малы жоқ колхозшыларға, ең алдымен қызыләскерлердің семьяларына зор жәрдем көрсетілді, оларға колхоз басқармалары белгілеген бағамен қой-ешкі, шошқа, қашар сатты.

Қазақстанның мал өсіретін колхоздары мен совхоздары неміс-фашист басқыншылардан азат етілген аудандардың мал шаруашылығын қалпына келтіру ісінде аса зор туысқандық көмек көрсетті. Республиканың Қостанай, Семей, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және басқа облыстарынан бірнеше жүздеген мың мал Украина мен Белоруссияның колхоздарына апарып берілді.

Қазақстанның колхоздары мен жылқы заводтары Совет Армиясының даңқты атты әскерлерін жорыққа төзімді, жүйрік жақсы аттармен қамтамасыз етіп отырды. «Біз сүйікті әскерлерімізге жауды жеңу үшін жақсы ат канша керек болса, сонша беріп отырдық»,— дейді Алматы облысы, Кеген ауданы, «Қызылту» колхозының қарт жылқышысы, Социалистік Еңбек Ері Қорғанбаев Жұмақан.

Қазақстанда, біздің колхоздарымыз бен совхоздарымызда, жылкы заводтарымызда өсірілген жылқылар Ұлы Отан соғысының тарихынан үлкен орын алған даңқты соғыс жорықтарына қатысты. Генералдар Белов пен Барановтың атты әскерлерінің жаудың алыстағы тылына жасаған жорығына, генерал Доватордың атты әскерлерінің Москва маңында жауға қарсы жүргізген ұрыстарына, Сталинград пен Таганрогта, Украинада кейін шегініп қашқан дұшпанды өкшелеп қуған біздің атты әскерлердің әрекеттеріне, жаудын Корсунь-Шевченкодағы әскер топтарын қоршап, талқандауға, басқа да майдандардың соғыс жорықтарына Қазақстанның аттары кеңінен қатынасты. Атты әскерлерде көп жылдар қызмет істеген көрнекті соғыс мамандары-

ның пікірлеріне қарағанда, Қазақстанның жылқылары өте төзімді, күй талғамайтын, ұзақ жолды жорықтарға көнбісті, соғыс жағдайына икемді жақсы жылқы болып шықты.

Қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендеткені және мемлекетке мал шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарларды ойдағыдай орындағаны үшін 1942 жылы ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі Қазақстанға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы мен ақшадай бірінші бәйге берді. Мұның өзі біздің Қазақ республикасының мал өсірушілерінің, соның ішінде жылқы өсірушілерінің Отан соғысы кезіндегі жанқиярлық еңбегіне берілген ең жоғарғы сталиндік баға еді. Қазақстанның мал шаруашылығында істейтін барлық еңбекшілері сталиндік бұл қамқорлыққа жаңа табыстармен, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін бұрынғыдан да арттырумен жауап берді. Мал өсіруші еңбекшілер өздерінің барлық қайрат-жігерін Отан соғысын жеңіспен аяқтау мақсатына жұмылдырды.

Отан соғысы жеңіспен аяқталып, еліміз бейбітшілік құрылыс дәуіріне қайта кіріскен жағдайда Қазақстанның жылқы өсірушілерінің алдына жаңа, зор міндеттер қойылды. Міне осыған байланысты еліміздің алдында тұрған ең бірінші міндет — жылқы өсіру жұмысын бұрынғыдан анағұрлым зор көлемде, жедел қарқынмен жүргізу болды. «ССР Одағының халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1946—1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы» Заңда осы маңызды міндетті ойдағыдай орындаудың нақты жолдары көрсетіліп берілді. Бесжылдық жоспар туралы заңда жылқының саны бүкіл елімізде бес жылдың ішінде 1945 жылғыдан 46 процент, ал колхоздарда 58 процент көбейтілуге тиіс деп көрсетілді.

Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендетудің белгіленген бесжылдық жоспарын толық және артығымен орындау үшін жылқының санын, соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда, екі есе көбейту керек болды. Бұл өте жауапты міндет еді. Бұл үшін ең алдымен биелерді аман құлындатып, туған құлындардың

бәрін аман сақтау, жылқының орынсыз шығынын, өлім-жітімін мейлінше азайту, жылқыға керекті жағдайдың бәрін жасап, оның бағым-күтімін жақсарту, жылқы өсіру жұмысына тәжрибесі мол таңдаулы адамдарды қою керек болды. Совет Одағының Маршалы С. М. Буденный: «Жылқыны сенімді адамдарға, бұл істі жақсы білетін, тәжрибесі мол, жылқыны жақсы көретін колхозшыларға тапсыру керек» дейді.

БК(б)П Орталық Комитетінің Февраль пленумының «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы» қаулысы және ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «ССР Одағының европалық бөлегінің далалы және орманды-далалы аудандарында егіннен мол және тұрақты өнім алуды қамтамасыз ету үшін егінді қорғайтын ағаштар егу, шөптанапты ауыспалы егіс тәртібін енгізу, бөгеттер мен су қоймаларын жасау жоспары туралы» қаулысы мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындауда аса зор роль атқарды.

Табиғатты социалистік жолмен өзгертуді көздеген бұл сталиндік жоспардан колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының қалың бұқарасы коммунист партиясының және Сталин жолдастың халық мүддесіне, оның бақытты тұрмыспен тұруына, сәулетті коммунистік қоғам орнатуға жасап отырған ұлы қамқорлығын тағы да айқын көрді.

Егінді қорғайтын ағаштар егу, шөптанапты ауыспалы егіс тәртібін енгізу, бөгеттер мен су қоймаларын жасау, жаңа жайылымдық жерлерді игеру жоспарларын ойдағыдай орындау үшін республиканың барлық аудандарында бүкілхалықтық қозғалыс басталып, кең өріс алды. Табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарын жүзеге асыру жолындағы күресте социалистік мал шаруашылығында істейтін адамдардың алдыңғы қатарлы мичуриндік агробиологиялық ғылыммен өзара байланысы күшейді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының қызметкерлері БК(б)П Орталық Комитетінің Февраль пленумының тарихи қарарына жауап ретінде халықтардың ұлы көсемі Сталин жолдасқа асқан жігермен, зор қуа-

нышпен хат жазды. Бұл хат 1947 жылғы 23 апрельде «Правда» газетінде басылып шықты. Республиканың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС және совхоз жұмысшылары мен қызметшілері, ауыл шаруашылығының мамандары бұл хатында малдың барлық түлігін бұрынғыдан да көбейтуге, оның өнімділігін арттырып, сапасын жақсартуға жаңа көтеріңкі міндеттемелер алды. Атап айтқанда: бір жылдың ішінде жылқы санын 14 процент, сыйыр малын — 10 процент, қой мен ешкіні — 18 процент, шошқаны — 125 процент көбейтуге міндеттенді. Олар өздерінің барлық мүмкіншіліктерін есептей келіп, Қазақстанда мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын 4 жылда орындаймыз деп Сталин жолдасқа уәде берді. Республиканың көптеген колхоздары мен совхоздары бұл міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Республика бойынша мал өсірудің бесжылдық жоспары ойдағыдай орындалды.

ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде 1949 жылы қабылдаған үшжылдық жоспарында республикамыздың алдына: қысқа мерзімнің ішінде колхоздардағы қоғамдық мал басын және оның өнімділігін арттыру міндетін қойды. Бұл жоспарда колхоздар мен совхоздардағы мал шаруашылығының орта салмағы мен жоғары сапалы өнім беруін анағұрлым жақсарту керек екендігі ашық көрсетілді.

Осы жауапты тапсырманы орындау жолында республикамыз қоғамдық мал шаруашылығын өркендету туралы елеулі табыстарға жетіп отыр.

Республиканың колхоздары мен совхоздарының қоғамдық мал шаруашылығы үш жылға жуық соңғы уақыттың ішінде өзінің ара салмағы жағынан да, өнімділігі жағынан да, сондай-ақ шикізаттарының барлық түрлерін шығару және оларды мемлекетке тапсыру жағынан да едәуір алға басты.

Қоғамдық мал шаруашылығын сан жағынан өсірумен бірге, оның сапасын жақсарту жөнінде де елеулі жұмыстар істелуде. Колхоздар мен совхоздарды асыл тұқымды аталық малдармен (айғыр, бұқа, қош-

қар, тағы басқалармен) қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыстар істелді, сонымен бірге көптеген қолдан ұрықтандыру пункттері ашылды, жаңа асыл тұқымды мал совхоздары, мемлекеттік асыл тұқымды мал рассадниктері және колхоздарда асыл тұқымды мал фермалары ұйымдастырылды.

Республикамыздың ғылми-зерттеу мекемелері мен ауылшаруашылық орындары да қоғамдық мал шаруашылығының тұқымын жақсартып, малдың сапасын көтеру ісіне өздерінің тиісті үлестерін қосты. Қазақтың ақбас сыйыры, алатау сыйыры деген ірі қарамалдың жаңа тұқымдары шығарылды, сыйырдың әулиеата тұқымы жақсартылды, қойдан — қазақтың биязы жүнді қойы және қазақтың аркармеринос қойы өсірілді, жылқыдан — қостанай жылқысы деген жаңа асыл тұқымды жылқы шығарылды, сондай-ақ салт мінетін дегерес жылқысы және Батыс Қазақстанда әрі салт мінетін, әрі жегінге бейімді жылқылардың жаңа түрлері шыға бастады. Бұл, әрине, ғылми жұмыстардың нәтижесі. Қоғамдық мал шаруашылығының сапасын көтеру үшін өнімді аналық малдарды мол өнімді асыл тұқымды аталық малдармен шағылыстыру жолын толығымен пайдалану керек. Сондықтан мал шаруашылығының мамандары мен колхоз-совхоз басшылары, осыны еске ала отырып, өздерінің қарауындағы малдардың сапасын жақсартуға күнделікті күрес жүргізіп отыруға тиісті.

Кәзіргі күнде колхоздардағы асыл тұқымды сыйыр малының саны, 1949 жылғыға қарағанда, 45,9 процент, қойдың саны 41,6 процент, шошқаның саны 82,4 процент көбейіп отыр.

Республикада жылқы шаруашылығын өркендете беру жолында күн санап өрістеген социалистік жарыс «әрбір 100 биеден 100 құлын алып, аман өсірейік» деген ұранмен жүргізіліп жатыр. Бұл сияқты игілікті істі жүзеге асырып, жақсы табыстарға жеткендер аз емес.

Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы «Коминтерн» колхозының жылқы фермасының меңгерушісі Жаманшин Нұртұяқ жылқыны далада жайып бағу жағдайында 138 биеден 138 құлын алып, бәрін де аман

өсірді, Алматы облысы, Кеген ауданындағы «Қызыл Ту» колхозының аға жылқышысы Қорғанбаев Жұмақан жылқыны далада жайып бағып, 50 биеден 50 құлын алып, аман өсірді. Мұндай үлгілі жылқышылар республикамызда көп-ақ. Жаманшинге, Қорғанбаевқа, республиканың басқа да бірсыпыра атақты жылқышыларына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын жыл сайын мерзімінен бұрын және артығымен орындап отырған облыстар да бар.

Республика көлемінде жылқы өсірудің 1951 жылға арналған жоспары толығымен орындалды.

Біздің коммунистік партия мен Совет үкіметі жылқы шаруашылығын өркендету мәселесіне үнемі көңіл бөліп отырады. Бұл жөнінде бірталай маңызды қаулылар қабылдады. Партия мен үкіметтің осындай қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру мақсатын көздеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті республикада жылқы шаруашылығын өркендету мәселесі жөнінде арнаулы қаулы алды.

Бұл қаулыларда жылқы өсірушілердің алдына бірталай жаңа маңызды міндеттер қойылды. Жылқы шаруашылығын өркендету ісінде қол жеткен бірқатар табыстар бола тұрса да, бұл жұмыста елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір колхоздар мен совхоздарда әлі де болса көптеген биелер жыл сайын қысыр қалып жүр, ірі жылқылар мен құлын-жабағылардың өлім-жітімі жойылмай келеді. Жылқыға арнап жақсы шөп, азық-жем дайындау жұмысына әлі де жеткілікті көңіл бөлінбейді, бірсыпыра аудандарда табиғи шабындықтар мен мал жайылымдары нашар пайдаланылады. Жылқыны бағу, күту және оны жұмысқа пайдалану ісінде шалағайлыққа, немқұрайды қараушылыққа, иесіздікке жол беріліп жүр.

Жылқы тұқымын асылдандыру ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Бұл жұмыстағы ең негізгі кемшілік — колхоздар жылқы тұқымын асылдандыру жұмысын көбінесе сыңаржақ жүргізеді: жергілікті биелерді өте бағалы асыл тұқымды айғырлардан шығарады да, бірақ бұдан кейінгі екінші маңызды жұмысты — жылқының бағылуын, күтімін жақсартуды көп жағдайда ес-

терінен шығарып жібереді. Осының салдарынан мал азығының жеткілікті қорын дұрыстап жасай алмаған және жылқыны азықтандыру, күту жұмысын мәдениетті түрде ұйымдастырмаған колхоздарда биені айғырдан шығару жұмысы жақсы нәтиже бермей жүр. Шынында, жылқыны жақсы азықпен қамтамасыз ету, дұрыстап күту — жылқы тұқымын асылдандыру ісінің шешуші шартының бірі болып табылады. Міне сондықтан жылқыға азық-жем беру, оны күту жұмыстарының сапасын арттыруға баса көңіл бөлу керек. Республиканың әрбір колхозының жылқыға арнап кемінде біржарым жылға жетерліктей құнарлы азық қорын дайындап алуға шамасы келеді және мұндай азық қорын жасап алуға міндетті де.

Бірталай колхоздар жылқыны еркек-ұрғашылығы мен жасына қарай бөлмей, оларды бір үйірде не бір табында бағу сияқты зиянды, әлде қашан ескірген жарамсыз әдетті әлі күнге дейін қолданып келеді. Барлық жылқының осылай бірге бағылуы себепті көп жағдайда биелер кездейсоқ, асыл тұқымды жылқы өсіруге жарамсыз айғырлармен шағылысады, сондай-ақ кейбір жерлерде өсіп жетілмеген құнажын байталдардың айғырдан шығып, құлындап жүрген фактылары да бар. Әрине, мұндай байталдан туған құлын дұрыс мал болып қатарға қосылады деп ешкім де үміт ете алмайды. Осы айтылған кемшіліктердің барлығы да жылқының сапасын жақсартуға, оның санын көбейтуге зиянды әсерін тигізеді.

Жылқының санын көбейту мақсатымен, әрбір биеден жыл сайын құлын алу керек деген міндет қойылып отыр. Бұл өте маңызды, әрі жауапты міндет. Оны ойдағыдай орындау үшін биелерді айғырдан шығару науқаны дәл мезгілінде және дұрыс өткізілуге, биелердің буаздығын тексеру жұмысы жақсы ұйымдастырылуға тиіс; құлындайтын биелер жөнінде колхоздарға биелерді сақтау куәліктері тапсырылуы керек және биелердің құлындауына 2 ай қалғанда, ал құлындағаннан кейін 15 күн өтпей оларды жұмысқа пайдалануға тыйым салынуы керек.

Жылқыны бағып, күту, жұмысқа пайдалану ісіндегі иесіздікті, жауапсыздықты жою мақсатымен, үкі-

мет қаулысында әрбір жылқы тәжрибелі жылқышыға бекітіліп берілсін деп көрсетілген. Колхоздарда жылқыны жылқышыларға бекітіп беру жұмыстарын колхоз басқармалары жүзеге асыруға тиіс, ал жылқы бағатын адамдар колхозшылардың жалпы жыйналыстарында бекітілуі керек. Колхоздарда жылқының денесіне зақым келтіріп, жұмысқа жаратпай тастаған кінәлі колхозшыдан жылқының жұмыс істемей қарап тұрған әрбір күніне екі еңбеккүннен ұсталады, ал совхоздарда — жылқы сауыққанға дейінгі күндер үшін әр күнге сау жылқымен істелетін жұмыстың құны ұсталады. Сақтау куәліктері бар буаз биелер, сондай-ақ асыл тұқымды жылқы кітабына жазылған жылқы және Совет Армиясының қорына бөлінген жылқы жүк тасу, жол салу-жөндеу жұмыстарынан босатылады. Колхоздар мен совхоздардың бұл айтылғандардан басқа жылқыларын облыстық аткару комитеттері, аудандық аткару комитеттері, республикалардың Министрлер Советтері мұндай жұмыстарға тек ССР Одағы Министрлер Советінің рұқсатымен ғана қатыстыра алады. Үкімет тарапынан белгіленген бұл сыяқты шаралар жылқыны бағып, күту және оны жұмысқа пайдалану ісіндегі иесіздікті, немқұрайды караушылықты неғұрлым тез жоюға жәрдемдеседі. Колхоз председательдері мен совхоз директорлары үкіметтің бұл нұсқауының мүлтіксіз жүзеге асырылуын үнемі мұқият қадағалап отыруға тиіс.

Жылқыны жұмыста дұрыс пайдалану ісінде жақсы ер-тұрманның, әбзел-сайманның үлкен маңызы бар. Сондықтан жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындарында ер-тұрман, ат жегілетін әбзел-сайман, таға, тағалық шеге және сондай заттарды колхоздардың, совхоздардың, жылқы заводтарының мұқтажын толық қамтамасыз ететіндей мөлшерде мол шығару керек. Республиканың әрбір облысында үлгілі ұста дүкендерінің қасынан колхоздардың жылқы тағалайтын ұсталарын даярлап шығаратын, олардың мамандықтарын арттыратын алты айлық курстар ұйымдастыру керек, мұндай курстар қысы-жазы бірдей, үздіксіз жұмыс істеуге тиіс.

Колхоздардың товарлы жылқы шаруашылығын

жақсы өркендетуге ынтасын арттыру үшін, үкімет колхоздарға мемлекеттік жоспарды орындаған жағдайда, колхозшылардың жалпы жыйналысының қаулысы бойынша, жоспардан артық өсірілген жылқыларды екі жақтың келіскен бағасымен сатуға рұқсат етіп отыр. Үкімет қаулысы осындай сатылған жылқылардан түскен табыстың 50 процентін еңбеккүнге бөлуді ұсынады. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы колхоздарда жылқы шаруашылығының товарлылығын арттыруға себеп болады және колхоздардың жылқы шаруашылығын анағұрлым ұйымдасқан түрде жүргізулеріне мүмкіндік береді.

Коммунистік партия мен совет үкіметінің қаулыларында өте бағалы асыл тұқымды жылқы өсіріп шығаруға тиісті жылқы заводтарының жұмысын жақсарту жөнінде бірталай шаралар белгіленген. Жылқы заводтары жегілетін және салт мінілетін асыл тұқымды жылқы тұқымдарын жетілдіріп, ондай жылқы тұқымдарының жаңа түрлерін шығару жөнінде нағыз үлгілі шаруашылық болуға тиіс. Жылқы заводтары қандай жұмыстарға болса да жегіп не салт мінуге жарамды, шаруашылыққа пайдалы, сапасы жақсы жылқылар өсіріп шығаруға міндетті.

Партия мен үкімет жылқы шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының дәрежесі колхоздар мен совхоздардың алға қойып отырған талаптарынан кейін қалып қойғанын атап көрсетіп, мұндай артта қалушылықты таяу арада жою қажеттігіне ғылыми орындардың назарын аударып отыр. Жылқы шаруашылығы жөніндегі барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын алдыңғы қатарлы зоотехниялық ғылым негізінде жүргізу керек. Жылқы шаруашылығы саласында істейтін ғалымдар алдыңғы қатарлы жылқышылардың жақсы тәжрибелерін жыйнақтап, көпшілікке таратуға, ғылымның жаңа бай табыстарын колхоздардың, совхоздардың, жылқы заводтарының жұмысында кеңінен қолдануға тиіс.

ССР Одағы Министрлер Советі бекіткен жоспар бойынша Қазақстанның колхоздарында жылқыға жеткілікті түрде қоралар салынуға тиіс. Одақтық үкімет бұл құрылыстарға керекті тиісті ағаш материалдарын

жіберіп, жылқы кораларын жедел салып бітірудің нақты жолдарын белгілеп берді. Колхоздар жылқы кораларын салу жұмысын колхоздағы мал кораларын салатын құрылыс бригадаларына жүктеуге, жылқы кораларының алдын ала жасалған проектілер бойынша салынуын камтамасыз етуге тиіс.

ССРО Министрлер Советінің каулысында асыл тұқымды жылкылардың сапасын барлық жағынан сынау жұмысы үнемі жүргізіліп отырылсын делінген. Осы каулыға сәйкес, Қазақстанның совхоздары мен жылқы заводтарында 1950 жылы асыл тұқымды 600 ден астам жылқы, 1951 жылы — 750 ден астам жылқы сыннан өткізілді.

Партия мен үкімет жылқы шаруашылығында істейтін барлық қызметкерлердің әл-ауқат күйін жақсартуға жаңадан зор қамқорлық жасады. Жылқы шаруашылығында істейтін колхозшылардың ынтасын арттыру максатын көздеп, партия мен үкімет колхоз баскармаларына жылқыны аман өсіріп, санын көбейткен колхозшылардың еңбек күндеріне қосымша ақы төлеу үшін астық беруді ұсынып отыр. Жылқы шаруашылығында істейтін қызметкерлердің бәріне де үстемелі ақы төлеу, ақшалай не заттай сыйлық беру тәртібі белгіленді.

Республиканың колхоздары, совхоздары, жылқы заводтары үкіметтің жылқы шаруашылығын өркендету жөніндегі тапсырмаларын толық және артығымен орындау жолында социалистік жарыс ұйымдастырып, жұмыс қарқынын бұрынғыдан анағұрлым күшейте түсті.

Қазақстанның жылқы өсірушілері жылқы шаруашылығында істейтін кадрларға партия мен үкіметтің жасап отырған қамқорлығына еңбек өнімділігін еселеп арттырумен, жылқы шаруашылығын дамыту жөнінде қойылып отырған аса жауапты және игілікті міндеттерді ойдағыдай орындау үшін бүкілхалықтық социалистік жарысты жаңадан өрістетумен жауап береді.

Біздің Совет Одағында халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласын, соның ішінде жылқы шаруашылығын ойдағыдай дамытып, өркендете беру үшін керекті жағдайлардың бәрі жасалып отыр.



III ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҰҚЫМДАРЫ

Советтік Қазақстанның жері кең, жаратылыс байлығы ұшантеңіз. Жерінің жалпы көлемі 2,7 миллион шаршы километр, оның ауа райы да түрліше болады: республиканың оңтүстігінде — Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарында көктем басталып, жер тегіс көктеп шығып, егін салу жұмысы қызып жатқан кезде, оның солтүстігі мен шығысында қар қозғалмастан жатады. Ертіс пен Орал өзендерінің аралығында жатқан кеңбайтақ жер өсімдіктің саналуан түріне бай, құнарлы қара топырақты келсе, Каспий мен Арал теңіздерінің маңы сортаң топырақты келеді, сор-тақыры көп болады, ол арада көбінесе жусан өседі. Пайдаға аспай бос жатқан бұрынғы шөл далалар мен шөлейт жерлерде Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, Совет мемлекетінің асқан зор көмегімен толып жатқан каналдар қазылды, суға кенелген шөлейт жерлер құнарлы алапқа айналды. Ол жерлерде гүлденіп көркейе бастаған ауылшаруашылық аудандар жаңадан пайда болды. Бұрынғы Бетпақ даладағы «Мақтаарал» совхозы, Киров, Қызылқұм және басқа аудандардың колхоздары совет адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында мақта, бидай, жүзім және басқа дақылдар өсіріп, олардан жыл сайын мол өнім алып келеді. Совет адамдарының қолымен өңделіп, құнарлы алапқа ай-

налдырылған бұл жерлердің шегінен әрі шыға калсаңыз — айналадан анызақ соққан, құмы кардай бораған шөл далаға кездесесіз.

Қазақстанның таулы жерлерінің де жаратылыс жағдайы түрліше болады. Алатаудың маңындағы қары еріместен, мәңгі мұз болып жатқанда, оның бөктерінде малға жұғымды нелер көк майса балауса шөптер өседі. Бұл арада көктем шығысымен колхоздардың үйірлеген жылқысы, отар-отар қойы, топ-топ сиыры бағылады, тау жайылымы қай малға болса да өте жайлы келеді.

Қазақстанның бұл айтылған жерлерінің әркайсысының ауылшаруашылық дақылдарын егу, мал өсіру жұмыстарында өзінше ерекшеліктері бар, өзіне тән экономикалық мүмкіншілігі, міндеттері болады.


Қазақстанның әр жерінде ауа райының, жаратылыс жағдайының өзгешеліктерін еске ала отырып, партия мен үкімет республикада жылқы шаруашылығын тұқымына карай аудандастыру жұмысы жүргізілсін деп нұсқау берді. Бұл нұскауда әр ауданда жергілікті жердің жағдайына және халық шаруашылығының мүдделеріне сай келетін жылқы тұқымы болуына көп зер салынуы атап көрсетілген.

Қазақстанда жылқыны тұқымына карай аудандастырып, өсіру жұмысы мынадай мөлшерде жоспарланды (жылқының жалпы санына қарап процентпен шаққанда):

буденный жылқысы	32,5
желісті жылкы	27,2
қазақ жылқысы	8,2
дон жылқысы	20,1
адай жылқысы	6,1
қостанай жылқысы	3,9
карабайыр жылқысы	0,4
ауыр жүк тартатын жылқы	1,6

Желісті жылқының тұқымы Қазақстанның 14 облысының 123 ауданында өсіріліп жатыр. Желісті жылқының тұқымы өсірілетін негізгі аудандар — республиканың солтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы егіншілік кеңінен өркендетілген аудандар.

Буденный жылқысы Қазақстанның 14 облысының 110 ауданында өсіріліп отыр. Сонымен қатар 15 облыстың 73 ауданында дон жылқысы өсірілуде. Буденный және дон жылқылары егіншілікпен айналысатын аудандарда да, сондай-ақ мал шаруашылық аудандарында да ойдағыдай есіріліп отыр.



Жылқыны өлшеу.

ШБ— шоқтығына дейінгі биіктігі; *КО* — кеудесінің орамы; *ТҚҰ* — тұрқының қыйғаш ұзындығы; *ЖО* — жіліншігінің орамы.

Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымы республиканың солтүстігі мен оңтүстігінде, егіншілікпен шұғылданатын 42 ауданында өсіріледі.

Қазақ жылқысы республиканың барлық жерлерінде таза күйінде, мал шаруашылығына бейімделген 55 ауданда өсіріліп жатыр.

Гурьев облысының барлық тоғыз ауданында адай жылқысы өсіріледі, ол Каспий маңындағы шөл жердің тарихи-табиғат жағдайына өте жақсы көндіккен

және сонымен бірге мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандардың тілегіне сай келетін жылқы.

Қостанай, Ақмола, Көкшетау және Павлодар облыстарының 29 ауданында 1951 жылы түпкілікті жылқы тұқымы ретінде бекітілген қостанай жылқысын өсіру жоспарланып отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысының Өзбекстанмен шектес үш ауданында қарабайыр жылқысы өсіріледі, бұл қандай жұмыска болса да пайдалы қасиеті бар, Орта Азиядағы өте құнды жылқы тұқымдарының бірі.

Соғыстан бұрынғы жылдарда, жергілікті қазақ жылқысын жақсарту мақсатымен, салт мінетін таза қанды және ахалтеке жылқы тұқымдары кенінен пайдаланылған болатын. Қазіргі уақытта бұл жылқылар жоспардағы жылқыдан шығарылып, олардың орнына жылқының өте құнды жаңа тұқымдары — саналуан әртүрлі жұмыскерлік сапасы анағұрлым жақсы және Қазақстанның жер жағдайына мейлінше көнбіс буденный жылқысы мен қостанай жылқысы өсіріліп отыр. Салт мінетін таза қанды жылқы тек үш колхозда ғана өсірілетін болып қалдырылды.

Шаруашылыққа қолайлы, пайдасы тиетіндей жағдайда бір колхозда немесе бір совхозда желісті жылқылармен қатар ауыр жүк тартатын жылқылар өсіруге және салт мінетін жылқылармен қатар—жегіндік (желісті немесе ауыр жүк тартатын) жылқылар өсіруге болады деп ұйғарылды. Көптеген шаруашылықтарда заводтық жылқы тұқымдарымен қатар жергілікті қазақ жылқысын өсірудің зор пайдасы бар екені айқын көрінді.

Жылқының екі түрлі тұқымын қатар өсіру колхоздар мен совхоздардын салалы шаруашылығының тілегіне толық сай келеді.

Жылқыны тұқымына қарай аудандастыру туралы қабылданған жоспарды жүзеге асыру үшін колхоздардың тұқым асылдандыратын жылқыларды жергілікті қазақ жылқысымен будандастыру жөнінде көп жұмыстар істеуіне тура келеді.

Қазақстанда жүргізілген асыл тұқымды малдардың санағы асыл тұқымды жылқының саны соңғы жылдар-

да көбейе түскенін, бірақ оның әлі де аз екенін көрсетті.

Қазақстанда өсіріліп отырған жылқылардың негізгі тұқымдары төмендегідей.

ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫСЫ

Жергілікті қазақ жылқысының тұқымы Қазақ республикасының барлық жеріне, онымен іргелес отырған РСФСР-дің Чкалов, Челябинск облыстарына, сондайақ баска да туысқан советтік республикалардың бірқатар аудандарына тараған.

Қазақ жылқысының осындай көп жерге таралып, атағы жайылуына себепкер болған ең бірінші жағдай — оның ерекше шымырлылығы, ауа райының қандай қатал жағдайына болса да төзімділігі, жем-шөп талғамайтындығы және жыл тәулігі бойына жайылымда бағылса да күйін аздырмайтын қасиеті еді. Қазақ жылқысының мұндай бағалы сапасы талай ғасырлардан бері нелер сындардан өтіп шыңдалған. Көшпелі және жартылай көшпелі халық баяғы заманнан бері жылқыны тек табында бағып келді. Бұрын жылқының бәрі, уақ-ірісі аралас, қысы-жазы бірдей жайылымда бағылатын, оған қолдан ешқандай азық берілмейтін. Тіпті қыс айларында болатын нағыз үскірік аяздар мен түтеген борандарда да жылқы ашық далада тебінде жүретін. Қазақ жылқысының тұқымы осындай ауыр жағдайларда өсіп өнген. Әрине, мұндай жағдайда өскен жылқының онша ірі болмайтындығы түсінікті және тұлғасының ірі болуы мүмкін де емес.

Қазақ жылқысының сымбатындағы (экстерьер) ерекшеліктер мыналар: басы үлкен, бірақ сыпайы келеді, сағалдырығы кең, көздері кішілеу, жымыңдаған жіті болады; мойны жуандау және тұрқы орташа; шоқтығы онша биік болмайды, көкірегі кең, қабырғалары ұзын және тіктеу келеді. Қазақ жылқысының шоқтығына дейінгі биіктігімен салыстырғандағы көкірек орамының мөлшері басқа тұқымды бірқатар жылқылардан едәуір артық болады. Мәселен, ахалтеке жылқысының көкірек орамы шоқтығына дейінгі биіктігімен салыстырғанда 108,1 процент, таза қанды желісті



Қазақ жылқысының Зенит деген айғыры, 1945 жылы Эмба жылқы заводында туған.

жылқылардың көкірек орамы — 113,5 процент, дон жылқысының көкірек орамы — 118 процент болса, қазақ жылқысының көкірек орамы — 116—125 процентке дейін барады.

Қазақ жылқысының басқа жылқылардан гөрі ерекше сыйпаты сол, оның арқасы берік, шабы қысқа, дене тұрқы ұзындау келеді. Әдетте, көптеген салт мінілетін жылқының дене тұрқы шоқтығына дейінгі биіктігімен бірдей немесе одан сәл ұзындау болатыны жұртқа мәлім. Мәселен, дене тұрқының ұзындығы мен шоқтығына дейінгі биіктігін бір-бірімен салыстырып өлшегенде, дене тұрқы таза қанды салт мінетін жылқыларда—99,6 процент, ахалтеке жылқысында — 100,7 процент, дон жылқысында — 101,8 процент болса, қазақ жылқысының дене тұрқы — 104—108 процентке жетеді. Бірақ соның өзінде де қазақ жылқысының дене тұрқын шұбаланқы деп айтуға болмайды, өйткені оның шабы


қыска, алды мен арты бірдей тұтасқан, көкірегі кең, тынысы мол, денесі етті келеді.

Қазақ жылқысының аяқтары берік, жуан сүйекті болады, сіңірлері мықты, сыртқа теуіп көрініп тұрады. Алдыңғы аяқтары түзу болады да, артқы аяқтары көбінесе қылыш сыяқты қайқылау келеді, тірсектерінің арасы жақын болады. Тұяқтары кішілеу келген шымыр болады. Тек топырағы жұмсақ құмды аудандарда ғана жалпақ және әлсіз тұяқты жылқылар жиі кездеседі.

Қазақ жылқысының түсі түрлі-түрлі. Мұнда көбінесе торы, жирен, көк, қара, құла, бурыл, сұр, сары түстер көп кездеседі. Қазақ жылқысының қыста жүні ұзын, қалың болып суыққа тоңдырмайды, ал көктемде ол жүні түседі де, жазда тақыр болады.

Қазақы биелер мейлінше сүтті келеді. Биенің сүтін сауу, одан қымыз жасау — қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсібінің бірі, өйткені қымыз — денсаулыққа өте пайдалы, асыл тамақ деп есептеледі. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалы малшаруашылық институтының жыйнаған мәліметтеріне қарағанда, жақсы жайылымда бағылған әрбір сауын биеден құлындағаннан кейінгі алғашқы айларда орта есеппен күн тәулігіне 12—14 литр сүт шығады. Ал кейбір биелер күн тәулігіне 15—20 литр сүт береді, соның өзінде биеден шығатын сүт күндізде де, түнде де бірдей болады.

Қазақ жылқысының тұқымы Қазақстанның барлық жерінде біркелкі болмайды. Өзінің түпкі нәсіліне тән қасиеттерін сақтай отырып, қазақ жылқысы республиканың әр жерінде ауа райының, географиялық және тарихи жағдайлардың түрліше болуына, сондай-ақ басқа тұқымды жылқылардың ықпалы тиюіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, Каспий теңізінің маңында тұратын адайлар мен табындардың жергілікті жылқыларына теке және жауміт жылқыларының едәуір әсері тиген. Қазақ жылқысының осы адайлық тұқымының өсуіне, оның сапасына Каспий маңындағы шөлейттің ауа райы, жем шөбі, табиғат жағдайы да тікелей әсерін тигізген. Адай жылқысы ел көшкен кездерде талай рет ұзақ және құмды-шөлейт



Жабы типтес құнажын байтал, Эмба жылқы заводында туып өскен.

ауыр жолдардан өткен. Осындай жағдайлардың ықпалымен адай жылқысы көбінесе салт мінуге қолайлы, тұлғасы сыпайы жылқы болып өскен. Жылқының бұл түрін өсіріп жетілдірген қазақтың бір руы адай болғандықтан, ол жылқы адай жылқысы деп аталып кеткен.

Адай жылқысының ең жақсы тұқымы Гурьев облысының Шевченко және Маңғыстау аудандарының тұқымдық жылқы фермаларына жыйнақталған. Адай жылқысымен толықтырылған жылқы фермаларының ішіндегі ең ірі фермалар: Шевченко ауданының Тельман атындағы, Каганович атындағы колхоздарында, Маңғыстау ауданының «Орпа», «Жас бірлік», «Алғабас» колхоздарында. Осы фермалардың әрқайсысында 1000—2000 және одан да көп жылқы бар.

Өте бағалы айғырлардың қатарына жататындар: Шевченко атындағы Балықшы артельдің жылқы фермасындағы Есболат дейтін қара айғыр, ол 1943 жылы

туған. Бұл айғырдың сымбаты әдемі, шоқтығына дейінгі биіктігі — 148 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы — 151 см, көкірегінің орамы — 175 см, жіліншігінің орамы — 20 см. Маңғыстау ауданындағы «Екпінді» колхозында 1938 жылы туған Таужан дейтін көк айғырдың атағы көп жайылған. Бұл айғырдың тұқымдық сапасын білген кезде, ол адай жылқысының элита класына жатқызылған. Оның өлшеулері: шоқтығына дейінгі биіктігі — 147 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы — 149 см, көкірегінің орамы — 172 см, жіліншігінің орамы — 19 см. 1942 жылы туған қызыл айғырдың (Шевченко атындағы колхоз), 1944 жылы туған Алғабастың («Жаңа жол» колхозы), 1945 жылы туған Шараудың («Жаңалық» колхозы) және басқа айғырлардың өлшеулері де дәл осындай.

Казақстанның малға жайлы жері мол, қысы катты болатын жазық далада және шөл далалы аудандарында (Актөбе, Қарағанды және басқа облыстар) жергілікті халық ауызында және әдебиетте жабы деп аталатын казак жылқысының өте жалпақ денелі түрі өсіріліп келген. Жабы жылқысының ерекше өзгешелігі: дене бітісі мейлінше ірі, шомбал, тұрқы ұзын, жуан карын, аяктары тапал болады, өте тез оналып, тез семіреді, кыстағы катты борандар мен аяздардың кандайына болса да төзіп, нағыз калың карда тебіндеп шығады. Жабы жылқысының тұқымы жұмыска өте төзімді, күшті келеді; ол салт мінуге де, жегінге де ыңғайлы, мінезі жақсы, жүрісті жылқы деп есептеледі.

Қысы тым катты болатын Мұғаджар тауларының маңында көбірек өсірілетін жабы жылқысы бәрінен де гөрі берік, түрлі ауруғалыққа өте төзімді жылқы болып шықты.

Біз бұл арада В. И. Ленин атындағы Бүкілодактық ауылшаруашылық ғылым академиясының Казак филиалы Малшаруашылық институтының материалдары бойынша, жергілікті казак жылқысының жабы тұқымының өлшеулерін келтіреміз. Бұл жылқылар 1950 жылдың жазында Актөбе облысының Ырғыз ауданындағы колхоздардың жылқы фермаларында және сол облыстағы Эмба жылқы заводында өлшенген.

Қазақ жылқысының бесті және одан жоғары жастағы жабы тұқымының өлшеулері
(сантиметрмен)

Олшеулері	Бие		Тұқымдық айғыр	
	Ырғыз ауданының колхоздарында	Эмба жылқы заводында	Ырғыз ауданының колхоздарында	Эмба жылқы заводында
Шоқтығына дейінгі биіктігі	136,7	141,9	139,8	145,1
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	145,3	150,4	146,9	152,7
Көкірегінің орамы . .	166,7	172,8	167,2	177,2
Жіліншігінің орамы . .	18,0	18,2	18,9	19,4

Ең жақсы таза тұқымды қазақ жылқыларының өлшеулері бұдан да артық. Эмба жылқы заводындағы 1939 жылы туған Зебр дейтін айғырдың (әкесі Заур, енесі қазақы бие № 2440) шоқтығына дейінгі биіктігі 145 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы — 155 см, көкірегінің орамы — 182 см, жіліншігінің орамы — 19,5 см; 1944 жылы туған Золотник дейтін айғырдың (әкесі Зоркий, енесі қазақы бие № 215) шоқтығына дейінгі биіктігі — 147 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы — 153 см, көкірегінің орамы — 182 см, жіліншігінің орамы — 19,5 см; Эмба жылқы заводындағы өте ірі таза тұқымды айғыр — Зоркий (әкесі Замок, енесі қазақы бие № 1091), оның өлшеулері: 150—156—183—20.

Қазақ жылқысын табын жағдайында таза тұқымды етіп өсіре отырып, оның денесін осылай ірілендіру дәрежесіне Эмба жылқы заводы мынадай негізгі зоотехниялық ережелерді сақтау жолымен жеткен: табында бөлінетін жылқы жынысы мен жасына қарай іріктеледі; биелер тек асыл тұқымды айғырлардан ғана шығарылады; мұнда тұқымдық биелерді сауға тыйым салынған; үш жаска дейінгі уақ жылқы жұмыска пайдаланылмайды; байталдар айғырға үш жаска толғанда ғана салынады; қыстың ауыр кездерінде барлық жылқыға қолдан шөп беріледі; жылқы уақытында дұрыс суарылып отырылады.



Қазақтың салтмінетін жылқысының Баскунчак деген айғыры, Чапаев жылқы заводында туып өскен.

Қазақ жылқысы мініске де, жұмысқа да өте төзімді келеді. 1947 жылы жергілікті қазақ жылқысы мен Эмба жылқы заводында өсіріліп, жақсартылған қазақ жылқылары сыналып, олардың бір тәулікте қанша жер жүретіндігі тексерілді. Үстеріне 60 килограмнан 80 килограмға дейін салмағы бар адамдар салт мінген жылқылар бір күн тәулік жүрісте мынадай нәтижелер берген:

1939 жылы туған, бойы 145 сантиметр Зебр дейтін қазақы айғыр 222 километр 150 метр жер жүрген;

1936 жылы туған, бойы 147 сантиметр Бүркіт — II дейтін казақы айғыр және 1941 жылы туған, бойы 143 сантиметр Бодрый дейтін қазақы айғыр әркайсысы 199 километр 870 метр жер жүрген;

1943 жылы туған, бойы 147 сантиметр Букет дейтін қазақы айғыр 223 километр 150 метр жер жүрген.

Эмба жылқы заводында тұқымы жақсартылған қазақ жылқысы арбаға жегіп те сыналды. Тачанкаға

(жеңіл арбаға) қатар жегілген үш ат бір күн тәулігінде 257 километр 450 метр жер жүрген.

Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы түйе заводында 1947 жылы арбаға жегілген қазақы екі ат бір күн тәулігінде 270,9 километр жер жүрген. Арбаға парымен жегілген осы екі ат 1948 жылы бір күн тәулігінде 292 километр жер жүрген.

1948 жылы Ордада, бүкілодақтық категориясы бар спорт судьяларының қатысуымен өткізілген жарыста, жоғарыда айтылған түйе заводының Тішан деген 5 жастық қазақы аты 100 километр жерден 4 сағат 6 минутта келген, сөйтіп жүз километрлік жерден өту жарысында бүкілодақтық рекорд жасаған.

Қазақ жылқысын жақсартып, сапасын арттыру ісінде қазақы биелерді буденный, дон, желісті, ауыр жүк тартатын және баска тұқымды айғырлармен будандастырудың үлкен маңызы бар. Қазақы биелердің ерекше қасиеттері, олар жергілікті жердің жағдайына тез үйренеді, аяғынан жүріп отығып тез семіреді, сүтті келеді, табында жүргеннің өзінде де іш тастамайды, ал құлынын өз сүтімен асырап тез есейтеді.

Заводта өсірілген асыл тұқымды айғырлармен шағылыстырылған қазақы биелерден туған будан құлындар жергілікті қазақ жылқысының құлындарынан едәуір ірі болады. Олардың орташа өлшеулері төменде келтіріліп отыр.

Қазақ жылқысынан туған будандардың негізгі өлшеулері
(табындап бағатын жылқы заводтарындағы дөнежіндер мен одан жоғары жастағы биелер)

Буданлардың түрлері	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Көкірегінің орамы	Жіліншігінің орамы
Желісті[1]—қазақы биелер	147,9	176,0	18,6
Дон—қазақы биелер . .	148,3	175,8	18,5
Салт мінетін — қазақы биелер	147,4	172,3	18,2
Ахалтеке-қазақы биелер	146,3	169,8	18,0
Араб-қазақы биелер .	145,6	168,4	18,1

Сызықшаның (тире) алдында көрсетілгендер айғырлардың шыққан тұқымдарының аттары.

Заводта өсірілген айғырлармен шағылыстырудан туған қазақ жылқысының будандары жақсы ұйымдастырылған жайылымдағы табындарда да бағылып өсіріледі; жер бетін көк мұз басып қатқақ болғанда, қар қалың жауған кезде және сондай ауыр жағдайлар бола қалғанда оларға қолдан шөп беріледі. Борандарда ықтасын жерге қойылады немесе қораға енгізіледі.

Қазақы биелерді заводтық асыл тұқымды айғырлармен шағылыстырудан туған будандардың бәрі де негізінен сымбатты, денсаулығы күшті, жұмысқа төзімді келеді. Олар салт мінуге де, арбаға, ауылшаруашылық машиналар мен саймандарға жегуге де әбден жарайды.

Қазақ жылқысының жақсартылған түрін алыс жолға жүргізіп сынағанда, олар өте тамаша нәтижелер беріп жүр.

Орда жылқы заводында өсірілген Бедуин деген салт мінетін-қазақы айғыр 1948 жылы алыстағы 100 километрлік жүріске салғанда, одан 4 сағат 4 минут 40 секундте келген.


1948 жылы жылқының бір күн тәулігінде қанша жер жүретіндігін сынағанда, Орда жылқы заводының тачанкаға жегілген, тұқымы жақсартылған екі қазақы аты бір күн тәулігінде 295 километр жер жүрген. Салмағы 79 килограмдық адам салт мінген Талисман деген салттық — қазақы айғыр 283,5 километр жер жүрген.

Бір тәулік жүрісте Дегерес жылқы заводындағы 1943 жылы туған Гарпун дейтін салттық—қазақы торы айғыр (әкесі Гусляр, енесі салттық қазақы бие № 131, 1935 жылы туған) бұдан да күшті жүрісті екенін көрсетті. 1950 жылы октябрьде, арнаулы спорт судьяларының комиссиясы қатысып отырғанда, Гарпун салмағы 81 килограмдық салт мінген адаммен (А. И. Беляев жолдас) бір тәулікте 305 километр жер жүрген.

Қазақ жылқысының әр түрінің дамуы және солардың негізінде жаңа тұқымдар өсіріп шығару біздің заманымызда бұрынғы уақыттағыдан анағұрлым тез қарқынмен жүргізілуде. Советтік Қазқстанда жылқының жаңа тұқымдарын өсіріп шығару бірыңғай жос-



Орда, 1948 жыл. Бір күн тәулік сапарда.



Дондық-салтмінетін қазақы жылқыдан шыққан Кефир деген айғыр.

пар бойынша жүргізіліп, бұл жұмыста алдыңғы қатарлы зоотехниялық ғылымның табыстары мен мал шаруашылығында істейтін адамдардың тәжрибесі кеңінен қолданылуда. Қазақ жылқысының жаңа түрлерін өсіріп шығару, соның негізінде жаңа тұқымдар шығару жұмысы халық шаруашылығының жылқыға, оның сапасына қоятын талаптарына сәйкес жүргізіліп отыр. Кәзірдің өзінде қазақ жылқысының жаңа түрі болып табылатын қостанай жылқысын өсіріп шығару жұмысы аяқталып, жылқының тағы бір тұқымын — қазақтың салтмінетін-жегіндік жылқысын өсіріп шығару жұмысы жүргізілуде.

Қазақ жылқысының салтмінетін-жегіндік жаңа тұқымын шығару жұмысы бірқатар жылқы заводтарында жергілікті жылқыны асыл тұқымды салтмінетін жылқылармен жақсарту, соңынан дон және буденный жылқыларының тұқымынан шыққан жақсы айғырларды пайдалану, қазақ жылқысын мұқият сұрыптап және іріктеп ала отырып, бірыңғай («өзімен өзін») өсіру негізінде жүзеге асырылуда. Мұндай тәжрибе жұмыс-

тары мәдениетті жолмен ұйымдастырылып, жақсартылған табындарда жүргізіліп жатыр.

Салтмінетін-жегіндік қазақы жылқылардың өлшеулері
(сантиметрмен)

Өлшеулері	Бие	Айғыр
Шоқтығына дейінгі биіктігі	153	158
Көкірегінің орамы . .	184	186
Жілінішігінің орамы . .	19	21

Осындай жылқы тұқымдарының айғырлары жергілікті қазақ жылқысын жақсарту үшін Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарында ойдағыдай пайдаланылуда.

ҚОСТАНАЙ ЖЫЛҚЫСЫ

Бұл жылқы — Қазақстанның жылқы заводтары тұңғыш өсіріп шығарған жаңа заводтың жылқы тұқымы.

Өткен ғасырда Қостанай (бұрынғы Торғай) облысының жергілікті халқы жабы жылқысын өсірген. Бұрынғы Торғай облысында жергілікті жылқыны жақсарту жөніндегі тұңғыш жұмыс Октябрь революциясына дейінгі уақыттың өзінде-ақ басталған болатын.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында жылқы заводтарының басқармасы Торғай мен Қостанайда мемлекеттік жылқы конюшняларын ашқан. Осы конюшняларға дон, астрахань, бұхар, орлов-растопчин жылқылары, желісті жылқы, сонымен қатар жергілікті қазақы айғырлар да әкелінген. Шағылыстыру маусымы кезінде мемлекеттік конюшнядағы асыл тұқымды айғырлар әртүрлі жылқы өсіруші шаруашылықтарға берілген. Бірақ, жылқы жеке меншікті шаруаның және жылқы шаруашылығының көшпелі тұрмыс жағдайында өсірілуі себепті заводтық конюшнялардың жұмысы онша нәтижелі болмаған.



Қостанай жылқысының Зевс дейтін айғыры, 1935 жылы туған.

Мемлекеттік заводтық конюшнялардан басқа 1898 жылы Қостанайдың қасында қазақ жылқысының рассаднигі ұйымдастырылған. Бұл рассадниктің негізгі міндеті жергілікті көшпелі халықтың жылқысын жақсарту мақсатына пайдалану үшін таза тұқымды қазақы айғырлар өсіріп шығару болған.

Қостанай рассаднигінде жылқы жынысы мен жасына қарай бөлінген табындарда бағылған, қыста құнарлы шөп беріліп, жем жегізілген. Тұқымдық биелерді қымыз үшін саууға тыйым салынған. Байталдар тек төрт жастан бастап қана айғырдың үйіріне жіберілген. Бұл шаралар таза тұқымды жылқы өсіруге, сөйтіп жергілікті жылқының өлшеулерін арттыруға, олардың сымбаттылығын жақсартуға себеп болған.

1908 жылдан бастап Қостанай рассаднигінде бұдан да гөрі ірі жылқы тұқымын өсіріп шығаруға кіріскен. Бұл үшін қазақы биелерді Астрахань губерниясынан әкелінген, тұқымы жақсартылған, салт мінетін айғырлармен будандастыру әдісі қолданылған.

Осындай будандастыру жолымен өсірілген жылқылар жартылай қорада күту жағдайында бағылған:

қысқы уақытта қолдан шөп пен сұлы берілген, ал жазда — жайылымда болған. Ең жақсы биелер төрт жасынан бастап рассадниктің тұқымдық жылқысына қосылған.

1912 жылдан бастап Қостанай рассаднигіне Дондағы жылқы заводтарынан дон айғырлары және Украинадағы мемлекеттік жылқы заводтарынан салт мінетін айғырлар әкеліне басталған. Бұл айғырлар тұқымы жақсартылған биелерге салынған; туған құлындар рассадниктегі тәртіп бойынша жартылай қорада бағылған. Дон және салт мінетін айғырлардан туған өте бағалы байталдар рассадниктегі биелердің қатарына қосылған.

Қостанай рассаднигінде революцияға дейінгі кезде жылқы тұқымының қалай жақсарғанын биелердің өлшеулері келтірілген мына мәліметтерден көруге болады.

Қостанай рассаднигіндегі асыл тұқымды биелердің өлшеулері
(сантиметрмен)

Биелердің топтары	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Тұрқының қыйғаш ұзындығы	Көкірегінің орамы	Жілінішігінің орамы
1898 жылы Торғайда жергілікті халықтан сатып алынған биелер	135,6	145,4	167,4	19,0
Рассадникте тәрбиеленіп өсірілген таза тұқымды қазақы биелер (1908 жылғы II ұрпақ)	143,3	149,2	173,1	19,4
Астрахань айғырлары мен қазақы биелерден туған будандар (1912 жыл)	148,7	154,6	174,3	20,0
Дон айғырлары мен тұқымы жақсартылған биелерден туған будандар (1917 жыл)	149,1	153,3	174,3	19,5

Жоғарыда келтірілген мәліметке қарағанда, Қостанай рассаднигінде жылқыны дұрыс азықтандыру және

күту, әр тұқымды бір-бірімен будандастыру негізінде жергілікті жылқыны жақсарту ісінде жақсы нәтиже шыққанын көреміз.

Азамат соғысы кезінде Қостанай рассаднигінің өте құнды жылқысы түгел жойылып кету қаупіне ұшырады. Асыл тұқымды жылқыны қалай аман сақтап қалған тарихын бізге Қазақстанның ең қарт жылқышысы — Жұмабай Көшекбаев айтып берді. Ол 1903 жылдан бастап Қостанай рассаднигінде, ал одан кейін — осы рассадниктің негізінде ұйымдасқан жылқы заводында істеген.

— Азамат соғысы жылдарында Қостанай облысындағы асыл тұқымды жылқы шаруашылығына мүлде жойылып кету қаупі төнді,— дейді Көшекбаев,— 1919 жылы Қызыл Армияның тегеурініне шыдай алмай кейін қашқан колчакшылардың бандалары Қостанай рассаднигінің барлық жылқысын түгел басып алып, шығысқа қарай айдап әкетті. Совет өкметіне жан-тәнімен берілген жылқышылардың ерлігі мен батылдығы арқасында ғана өте бағалы асыл тұқымды жылқы Отан үшін аман сақталып қалынды. Айдалған жылқымен бірге Қостанайдан Қарқаралыға 1 000 километрден аса жер жүріп барып, біз колчакшыларға сездірмей жылқының бетін орманға қарай бұрдық та, ағаш арасына кіргізіп, көзден тасаладық. Жылқы орман ішінде бірнеше күн болды, содан кейін Қызыл Армияның командованиесіне табыс еттік. Ол өз жөнінен қамқорлық жасап, жылқыны қайтадан Қостанайға жеткіздіріп берді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін жылқыны жақсарту жұмысы 1921 жылы Қостанай рассаднигі мен мемлекеттік конюшняның негізінде құрылған заводында одан әрі жүргізіле берген.

Майкөл участогінде табын бөлімшесі құрылып, 1930 жылы едәуір ұлғайтылған, ол 1935 жылы өз алдына Майкөл жылқы заводы болып бөлінген.

Қостанай мен Майкөл жылқы заводтарында жылқыны күтудің, жас жылқыны өсірудің әртүрлі әдісі колданылып келген және кәзіргі уақытта да солай болып отыр.

Қостанай жылқы заводында қабылданған жылқы-

ны бағып күту әдісі—қорада ұстау және жайылымда бағу. Оның мәні мынадай: қысқы уақытта жылқы қорада тұрады, оған шөп пен сұлы беріледі; ауа райы жақсы күндерде ашық далаға немесе базаға шығарылады; жазда биелер құлындарымен бірге күні-түні бірдей жайылымда болады, табында жүргенде де оларға қолдан сұлы беріледі; бір ересек жылқыға жылына 30 центнерден аса шөп, 20 центнердей сұлы беріледі.

Құлынды енесінің сүтін еміп жүрген 2—3 айлық кезінің өзінде сұлы жеуге үйрете бастайды. Құлын енесінен күзде айырылып, бүкіл қыс бойы қорада бағылады, жақсы күндерде далаға шығарылып серуендетіледі; ең жақсы шөп пен сұлы бір құлынға күніне 2—4 килограмнан беріледі. Ұрғашы құлындар еркек құлындардан бөлек күтіледі. Жазда жас жылқы жайылымда болады, бірақ соның өзінде де қосымша жем үзілмей беріледі. Жас жылқы 1,5 жасқа толғанда үйретіліп, ипподромда сынауға әзірлене бастайды, бұл сыннан 2—3 жасында өтеді. Ипподромда сынаудан өткеннен кейін оны зоотехниялық комиссия карап шығады да, ең жаксы дегендері жылқы заводының тұқымдық жылқысының қатарына қосылады.

Қостанай жылқысын өсіріп шығаруда басты роль атқарған Майкөл жылқы заводында ересек жылқыларды күтудің және жас жылқыны өсірудің мәдени-табын әдісі қолданылып келді, әлі де сол әдіс қолданылуда. Бұл әдіс жалпы алғанда буденный жылқысының тұқымын өсіруде қолданылатын әдіске ұқсас. Жылқысы жазы-қысы бірдей табында бағылып, тек боранда немесе қатты аязда ғана базада немесе сарайда күтіледі, мұнда шөп пен жем беріледі; бір жылқыға күніне 15 килограмнан 30 килограмға дейін шөп, 5 килограмнан 10 килограмға дейін жем беріледі. Айғырды үйірге салу әдісі қолданылады, құлын енесінен, әдетте, күзде айырылады. Құлын алғашқы қыста топтап ұстауға қолайлап жасалған қорада күтіледі, шөп емін-еркін жегізіліп, бір құлынға күніне 3—4 килограмнан сұлы беріледі; ашық күні құлындар далаға шығарылып серуендетіледі. Құлыннан үлкен жас жылқылар табында бағылып, қысы-жазы бірдей жайылымда болады, бірақ ауа райы нашар уақытта (боранда) са-

райларда күтіледі. Жайылымның шөбі нашар болғандай күнде жас жылқы өсіп есеюіне кемшілік келмес үшін оған қолдан шөп пен сұлы беріледі. Жылқыны күтіп өсірудің осындай әдісі жайылымда бағудың барлық артықшылығын толық пайдалануға мүмкіндік береді: жылқы ірі, берік, дені сау, ауа райының қатал жағдайына (қыстың 47 градус суығына, шыжыған шілденің 40 градус ыстығына) төзімді болып өседі.

1923 жылы Қостанай заводына, ондағы бұрынғы рассадник жылқысының үстіне, кәзіргі Чкалов облысындағы Сибирь, Орск және Михайлов жылқы заводтарынан биелер келіп түсті. Бұл биелердің көпшілігі далада, қорада әрі жайылымда бағылып өсірілген «жартылай қанды» биелер еді, ал өзінің түрі мен өлшеулері жағынан қостанай жылқысына ұқсас болатын. Осы биелермен бірге заводқа стрелец жылқысының айғырлары — Царьград, Голиаф, Тенериф және басқалары әкелінді.

Жұмысқа пайдаланатын және тұқымдық жылқылардың өте сапалы түрлерін өсіру жөніндегі алға қойған жалпы міндетке сәйкес, Қостанай заводына салт мінетін таза қанды айғырлар әкеліне бастайды.

Стрелец жылқысының айғырлары мен салт мінетін таза қанды айғырлар Қостанай рассаднигінде өсірілген биелерге де, сондай-ақ Сибирь, Орск, Михайлов жылқы заводтарынан әкелінген биелерге де үйірге салынған. Осындай будандастырудан туып өскен будан биелер салт мінетін таза қанды айғырлармен шағылыстырылған. Мұнда салт мінетін таза қанды жылқы тұқымының қаны басымырақ жылқылар жергілікті жағдайға шыдамсыз екені, өсіп жетілмейтіні, сүйектері әлсіз, көкірегі тар, сымбаты нашар болатыны байқалған.

Жылқы сапасының нашарлауына жол бермеу үшін заводта жылқы өсіру әдісі өзгертіліп, салт мінетін таза қанды айғырлардың орнына, бірте-бірте, жергілікті жердің өзінде өсірілген будан айғырлар пайдаланыла бастаған, былайша айтқанда қостанай жылқысының бағалы түрін баянды етіп, соны жетілдіруге кірісілген. Қостанай жылқысының түрін баянды етіп жетілдіру

жұмысы 1934 жылдан басталып, 1938 жылы ол көп жерге, әсресе Майкөл заводына кеңінен тарала бастаған.

Майкөл жылқы заводында биелер табыны жергілікті халықтан сатып алынған қазақы биелермен, сонымен бірге Қостанай жылқы заводынан алынған қанының сапасы орташа биелермен толықтырылған.

Майкөл жылқы заводында жыйналған биелердің өлшеулері онша ірі емес еді, сондықтан жылқының тұлғасын өсіру үшін Қостанай заводында өсірілген айғырлар пайдаланылды. Мұның өзі көп жағынан Қостанай заводының жылқысына ұқсас, бірақ табында бағуға анағұрлым көнбіс, бағалы жылқы тұқымын өсіріп шығаруға жеткізді. Сонымен қатар асыл тұқымды жақсы айғырлар өсіріліп шығарылып, ол айғырлар да қостанай жылқысының бағалы түрін баянды етіп жетілдіру мақсатымен үйірге пайдаланыла бастады.

Жылқы заводтарымен қатар, колхоздардың жылқы фермаларында да жылқының сапасын жақсарту жөнінде көп жұмыс істелді. Колхоздардың алғаш ұйымдасқан күнінен бастап жылқы фермалары да құрыла бастады. Алғашқы кезде колхоз фермаларында көбінесе желісті жылқының айғырлары ғана болған еді. Көп ұзамай қостанай жылқысының атағы кең жайыла бастады. Колхозшылар Қостанай және Майкөл жылқы заводтарынан айғыр мен бие сатып алып, дәл сондай тұқымдық жылқыларды өздері өсіруге кірісті.

Бірқатар колхоздарда, мәселен, «Совет коммунистов», «Темірқазық», «Трудовое поле», «Передовик», Жангелдин атындағы, Ватутин атындағы, Карл Маркс атындағы және басқа колхоздарда Майкөл жылқы заводындағыдай сапасы мен түрі бірдей жылқылар өсіріліп отыр. Бірсыпра фермалар қостанай жылқысын тұқымдық жылқы ретінде тарататын орынға айнала бастады. Көп колхоздар тұқымдық айғыр ретінде «Совет коммунистов» колхозының жылқы фермасында өсіріліп шығарылған қостанай жылқысы нәсілдес айғырларды алып пайдаланып жүр.

Қостанай жылқы шаруашылығында бір нәсілден шыққан жылқыларды шағылыстыру әдісі қолданылған

жоқ, ол жылқының сапалы түрлерін сақтау үшін биелер түрі (типі) жағынан жақын, бірақ туыс нәсілі басқа айғырлармен шағылыстырылып отырылды. Міне осындай жолмен қостанай жылқысы деген жаңа тұқымды жылқы өсіріліп шығарылды.

Әсресе қостанай жылқысының шыққан тегінің бірі— Зевс дейтін айғыр көп жерге мәлім. Зевс 1935 жылы Қостанай жылқы заводында таза қанды салтмінетін Сон—Алтес деген айғыр мен Зеркальная дейтін биеден туған. Зевс 1938 жылдан бері үйірге салынып келеді. Одан туған құлындардың сапасы өте жақсы. Зевстен өрбіген жылқылар ірі, ұзын тұрықты, таразы, сымбатты келеді, асыл тұқымды жылқы екені айқын көрініп тұрады. Оның тұқымы 1941 жылы туған Дозорный, 1944 жылы туған Транзит, 1944 жылы туған Топаз, немересі Дерзкий дейтін айғырлар арқылы өрбуде.

Зевстің тұқымы негізінен Қостанай жылқы заводында, ал одан туған айғырлар Қостанай заводымен қатар Майкөл, Троицк (Челябинск облысы) жылқы заводтарында, сондай-ақ Қостанай облысының колхоздарында тұқымдық жылқы фермаларында пайдаланылып жүр.

Қостанай жылқысының шыққан белгілі басқа бір тегі — Талант дейтін айғыр. Ол салтмінетін таза қанды Тапи-Вер деген айғыр мен Умница деген биенің баласы; оның тұлғасы нағыз салтмінетін жылқы тұқымы екенін көрсетеді. Талант Қостанай жылқы заводында өсіріліп шығарылған, бірақ Майкөл заводында пайдаланылып келген. Талантпен шағылыстыру үшін дон және қазақы жылқылар тұқымының ірі денелі биелері бөлініп, олардан туған құлын табында бағылып келді. Міне сондықтан Таланттан өрбіген жылқылар көбінесе ірі денелі, сүйекті және табында бағуға жақсы төзетін болып шықты; оның биелері өте сүтті келеді. Таланттың тұқымын өрбітіп отырғандар: 1943 жылы туған Турксиб, 1942 жылы туған Тегеран, 1943 жылы туған Табак, 1947 жылы туған Тайфун деген айғырлар.

Майкөл жылқы заводында таза қанды салтмінетін II Бек дейтін айғырдың тұқымы да өсіріліп шығарыл-

ды. Бұл тұқым II Бектің екі баласынан, атап айтқанда Букет пен Бревлад деген айғырлардан өрбіді. Бұл тұқымнан шыққан жылқы көбінесе аласа бойлы, шомбал денелі, сүйекті, дене тұрқы үзын келеді. Қазіргі уақытта жылқы заводтарының тұқымдыққа пайдаланып отырған жылқысының ішінде Букет, оның баласы Блиндаж, Бревладтың баласы — II Бревлад дейтін айғырлар және Букет пен Бревладтан туған жыйырмадан астам бие бар. Букеттің бойы биік, тұлғасы сом, сымбатты.

Мұнан кейін Ирбит деген айғырдың тұқымы жөнінде айтуға болады. 1929 жылы туған Ирбит стрелец жылқысының тұқымынан шыққан Ираклий деген айғырдың баласы. Бұл тұқымнан өрбіген жылқының денесі ірі келеді. Оның тұқымы көбінесе Майкөл жылқы заводында өсіріледі. Онда Ирбиттен туған ең жақсы айғырлардың бірі — Ирис дейтін айғыр пайдаланылып отыр.

Диктор дейтін айғырдың тұқымы да көп жерге әйгілі. Бұл жылқының өрбіген тегі — Диктор; ол таза қанды салтмінетін II Терек деген айғыр мен салтмінетін-дон-қазақы биелердің буданынан туған. Диктор тұқымдас жылқының ерекше сыйпаты: бойы биік, сом денелі, тұрқы сәл қыска, сүйекті келеді. Диктор тұқымынан өрбіген жылқы күтімді, жем-шөпті баска жылқылардан гөрі көбірек талап ететін талғампаз жылқы.

Қостанай және Майкөл жылқы заводтарында тағы да баска бірнеше айғырлардың тұқымын өсіріп шығару тәжрибесі жүргізілуде.

Қостанай жылқысының сымбатындағы ерекшеліктер мынадай: басы орташа, сыпайы, мойыны түзу, ұзындығы орташа, қостанай жылқысының ішінде әдемі қазмойындылары да жиі кездеседі; шоқтығы етті, тік келеді; аркасы жалпақ, жұмырлау, етті; жауырыны ұзын; алқымы терең, тынысы кең; қабырғалары ұзын; шабының ұзындығы орташа; аяқтарының сіңірлері шығыңқы, шашасы кішкене; топайлары орташа, тұяқтары дөңгелек, әсем келеді.

Қостанай жылқысының мүше өлшемдері көбінесе орта болып келеді.

1950 жылы жүргізілген тұқым тексеру мәліметтері бойынша ересек қостанай жылқыларының орташа өлшеулері
(сантиметрмен)

Өлшеулері	Қостанай және Майкөл жылқы заводтарында		Колхоздардың тұқымдық жылқы фермаларында	
	Тұқымдық айғыр	Бйе	Тұқымдық айғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	157,5	153,4	154,3	149,8
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	159,0	156,0	—	—
Көкірегінің орамы . .	184,0	185,1	182,4	178,5
Жіліншігінің орамы . .	20,3	19,4	19,6	19,3

Қостанай жылқысының бойының биіктігі қазақтың жақсартылмаған жылқысынан анағұрлым ірі екенін жоғарыда келтірілген мәліметтен айқын көруге болады, өйткені қазақтың жабайы жылқысының шоқтығына дейінгі биіктігі орта есеппен алғанда 135—140 см ғана болады.

Қостанай жылқысы өте жүрдек, күшті және төзімді, ол салт мінуге де, жегуге де өте қолайлы.

Ипподромда сынағанда қостанай жылқысы асқан жүйріктігін көрсетті. Дневник деген айғыр 1939 жылы Алматы қаласында 1 000 метр жерден 1 минут 2,7 секундта келген, ал Долбычник деген айғыр мен Заступница деген бие одан 0,3 секунд қана кейін келген. Бұлар Алматы ипподромында 1 000 метр жерден 1 минут 3 секундта келген. Вальс деген айғырдың жүйріктігі осы жылқы тұқымында нағыз рекорд болды, ол 1948 жылы Львов ипподромында 1 200 метр жерден 1 минут 14,4 секундта келген. Қостанай жылқысының шыққан тегі—белгілі Диктор дейтін айғыр 1939 жылы Пятигорск ипподромында 2 000 метр жерден 2 минут 12,6 секундта, 2400 метр жерден — 2 минут 39,4 секундта, 3200 метр жерден 3 минут 39 секундта келген.

Қостанай жылқысы өзіне тән төзімділігі аркасында жақын жерге шабуда ғана емес, алыс жерге жасалған жарыстарда да жүйрік, жүрісті екенін көрсетті.

Сталинабад қаласында 1948 жылы өткізілген Орта Азия спартакиадасында Тучный дейтін айғыр 50 километр жерден 1 сағат 35 минутта келген. Червонец дейтін тұқымдық айғыр бұдан да аса жүйрік екенін көрсетті, ол 1950 жылы 28 сентябрьде 100 километр жерден 4 сағат 1 минут 5 секундта келген. Бұл нәтиже дүниежүзілік ресми рекордтан асып түсті.

Майкөл жылқы заводындағы қостанай жылқысынан шыққан Табак дейтін айғыр 1950 жылы сентябрьде бір күн тәулігінде (салт мінілген сапарда) 280,8 километр жер жүрген.

1949 және 1950 жылдары жүк тарту күшін сынағанда қостанай жылқысы жақсы нәтиже берген.

Зевс дейтін айғыр тиелген жүкті орнынан қозғап тіке тартқанда өзінің алғашқы күші 456 килограмға тең екенін көрсетті, мұның өзі қара жолмен тартылатын 9 тонна және 120 килограмм жүкпен бірдей.

Қостанай жылқысының мінезі жақсы, төзімді және колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарына ойдағыдай пайдаланылып жүр. Парлап жегілген екі қостанай жылқысы ауыр жүкпен 50—60 километр жерге 5—6 сағатта барады. Қостанай жылқысының екеуі пішен машинасын еркін алып жүреді, ал тұқымы жақсартылмаған жергілікті жылқының әдетте үшеуі жегіледі.

Қостанай жылқысының тұқымдық айғырлары соңғы 10—20 жылдан бері колхоз фермаларында жергілікті жылқыны жақсартуға пайдаланылып келеді. Қостанай жылқысының айғырларынан шыққан қазақы биелерден сапасы жоғары, жергілікті жердің жағдайына өте икемді, табында бағылып жақсы өсетін құлындар туып жүр.

Қостанай жылқысы Қостанай, Көкшетау және Павлодар облыстарының 262 колхозында жоспар бойынша өсірілетін тұқым ретінде қабылданып отыр.

БУДЕННЫЙ ЖЫЛҚЫСЫ

Буденный жылқысының тұқымы — Отанымызда өсіріліп шығарылған жаңа жылқы тұқымдарының ішіндегі ең жақсыларының бірі. Ол біздің республикада қазақ жылқысының сапасын жақсартушы және колхоздар мен жылқы заводтарында өсірілу үшін қабылданған, сапасы жоғары жаңа тұқым ретінде бірінші орын алады. Республикадағы барлық жылқының 33 процеңттейі бар 900 дей колхоз буденный жылқысының тұқымын таңдап алып, оны өз жылқыларының сапасын жақсарту мақсатына пайдаланып отыр. Алматы облысында барлық жылқының 41,5 проценті, Батыс Қазақстан облысында — 41 проценті, Қызылорда облысында — 45 проценті, Шығыс Қазақстан облысында — 52 проценті, Оңтүстік Қазақстан облысында — 56 проценті, Семей облысында — 75 проценті буденный жылқысының тұқымымен жақсартылып жатыр. Республиканың басқа облыстарында да буденный жылқысы үлкен орын ала бастады.

Қәзіргі уақытта бұл жылқының тұқымы Қазақстанның 16 облысының бәрінде де өсіріледі. Буденный жылқысының көптеген тұқымдық айғырлары мемлекеттік жоспар бойынша колхоздардың жылқы фермаларына беріліп жүр.

Қазақстанның колхозшылары буденный жылқысымен 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тұсында-ақ жақсы таныса бастаған болатын. Соғыс кезінде, жалпыға мәлім, дон жылқысы, салт мінетін жылқы, араб жылқысы және басқа тұқымды көп жылқылар Қазақстанға әкелінді. Қазақстанның табиғат жағдайы мен ауа райының құбылыстарына және табында бағуға бұл жылқылардың бәрі бірдей көндіге қойған жоқ. Бұлардың жаңа жерге, жаңа жағдайға бейімділігі түрліше болды. Солардың ішінде буденный жылқысы бәрінен де гөрі тез көндікті.

Буденный жылқысы өзінің шыққан жері Сальск даласында мәдени-табын жағдайында бағылып өсіріледі. Бұл туралы Совет Одағының Маршалы С. М. Буденный былай дейді:

«Жылқы бүкіл жыл бойына ашық далада, жайы-

лымда бағылып, суықтарда, боранды күндерде сарайға, базаға тұрғызылды, ықтасынға қойылды. Қыскы уақытта қолдан шөп беру, ал жеке жылқыға — күшті азықтар беру әдістері қолданылды. Табында бағуға бөлінген жылқы даланың түрлі жағдайларына жарамдылығына, көнбістілігіне қарай іріктеліп алынды. Әр тұқымды жылқыдан туған будандарды бір бағытта азықтандыру және бағып-күту жұмыстары И. В. Мичуриннің ғылми әдістеріне толық сәйкес жүргізілді».[1]

Буденный жылқысының дәл осындай жағдайда, осы айтылған әдіспен өсірілуі, оның Қазақстан жерінің табиғат жағдайына тез көндігуіне мүмкіндік береді. Ол мәдени-табын жағдайында бағуға көнгіш, тұқымы асыл және қандай жұмысқа болса да икемді болғандықтан Қазақстанның барлық аудандарындағы жылқы өсірушілері буденный жылқысын сүйсініп қарсы алды.

Қазақы биелерді буденный жылқысының айғырларымен будандастырып қарағанда, оның өте жақсы нәтиже беретіндігі байқалды. Буденный жылқысының айғырларына, таза қанды қазақы биелерге және осылардан туған будандарға (жылқы заводтарында) жүргізілген өлшеулер мұны дәлелдейді. Бұлардың орта есеппен алғандағы өлшеулері жөнінде мынадай мәлімет келтіруге болады.

Буденный жылқысымен будандастыру негізінде қазақ жылқысын жақсаргудың нәтижесі

(сантиметрмен)

Жылқы тұқымдары	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Көкірегінің орамы	Жініншігінің орамы
Қазақы бие	141,0	168,6	18,7
Буденный жылқысының айғыры	155.0	179,9	19,5
Будандары: 1-ұрпақ . .	147,7	173,5	18 5
2-ұрпақ . .	149,2	174,8	18,2

[1] С. М. Буденный. Жаңа жылқы тұқымдары туралы, «Коневодство» журналы, № 1, 1949, орыс тілінде.

Қазақ халқы жылқыны ежелден жақсы көреді, оны қатты бағалайды. Буденный жылқысы халықтың нақ ойлаған жерінен шыққан өте көркем, тұлғасы ірі, сом денелі, ауыр салмақты, мінезі сергек, өте жүйрік, күй талғамайтын жылқы. «Жүйріктігі, жүрісінің сапасы және ұзақ жолға шыдамдылығы жөнінен, — деп жазады С. М. Буденный осы жылқы турасында, — ол шет елдердің ең жақсы тұқымды деген жылқыларынан кем түспейді, қайта денінің саулығы, күй талғамайтындығы, далада немесе жорық жағдайларында кездесетін қандай қатал ауртпалықтарға болса да шыдамдылығы жағынан олардан мүлдем асып түседі»[1].

Буденный жылқысы кәзіргі уақытта Қазақстанның дала және шөлейт жерлерінде ойдағыдай өсіріліп, жергілікті жылқыны жақсарту үшін пайдаланылуда. Бірқатар жылқы фермаларының жұмыс тәжрибелеріне қарағанда, буденный жылқысы айғырларының ең жақсы қасиеттерінің бәрі олардың ұрпақтарына көшетіндігі көрініп отыр. Бұл жөнінде Жамбыл облысы, Талас ауданы, Чкалов атындағы колхоздың жылқы фермасын меңгеруші, Социалистік Еңбек Ері Атшабаров жолдас былай дейді:

«Буденный жылқысының айғырлары мен қазақы биелерді будандастырудан туған бірінші ұрпақтың өзіақ бойы жағынан бұрынғы қазақы айғырлардың ұрпақтарынан 10—12 сантиметр асып түсті. Буденный жылқысының айғырларымен будандастырудан туған құлындар күшті, ірі денелі, жүйрік, өте әсем келеді. Күй талғамайды, қыста жақсы тебіндеп шығады».

Қазақстанның жылқы өсірушілері буденный жылқысына айрықша назарын аударып, бұл жылқы оларды ерекше қызықтырып отыр. Сондықтан біз бұл арада мүмкіндігі болғанынша, жаңадан шыққан бұл тамаша жылқы тұқымының қалай шығарылған тарихын және оның негізгі қасиеттерін қысқаша болса да айтып өтуді мақұл көрдік.

Жаңа, буденный жылқысының тұқымын шығару жұмысы атақты Бірінші Атты Армияның командашысы, кәзір Совет Одағының Маршалы Семен Михайло-

[1] С. М. Буденный. Жаңа жылқы тұқымдары туралы.



Диктор дейтін қостанай айғыры, 1936 жылы туған.

вич Буденныйдың инициативасы бойынша, азамат соғысының тұсында басталған болатын. Сальск даласында С. М. Буденный атындағы және Бірінші Атты Армия атындағы жылқы заводтары құрылған. Буденный жылқысының тұқымын жасауға ең алдымен таза қанды салт мінетін жылқы және Отанымызда өсірілген жылқылардың ең жақсы түрінің бірі — дон жылқысы пайдаланылды. Бұл айтылған жылқылардан буденный жылқысына ауысқан қасиеттері: таза қанды салт мінетін жылқының жүйріктігі, әсем жүрісі, бұлшық еттілігі, ал дон жылқысынан — тұлғасының әсем бітісі және ірі сом денелілігі. Осылай жүргізілген тәжрибе жұмыстарының нәтижесінде салт мінуге де, жегуге де өте ыңғайлы, ауылшаруашылық және транспорт жұмыстарына пайдалануға әбден болатын жаңа жылқы тұқымы шықты.

Буденный жылқысының тұқымын өсіріп шығаруда, жоғарыда айтылғандай, өте маңызды әсер еткен оны дұрыс тәрбиелеу, азықтандыру, күтіп-бағу істері болды.

Сальск даласындағы жылқы шаруашылығында көп жылдар бойы жүргізілген тәжрибелік бақылау жұмыстары мынаны көрсетті: жылқыны табында қалай болса солай жайып баққан жағдайда таза қанды айғырлардан туған будандар (құлындар) тез өсіп жетілмеді, олардың асыл тұқымды жылқыдан туды дейтін белгілері жоқтың қасы болды. Ал қорада ұстап өсірген жағдайда олар күй талғағыш нәзік болып шықты: олардың таза қанды нәсілден шыққандығы, сондықтан табында бағуға онша жарай қоймайтындығы айқын көрінді. С. М. Буденный жолдастың инициативасы бойынша, Дон мен Солтүстік Кавказдың жылқы заводтарында құлын өсірудің, жылқы бағудың жаңа әдісі, жылқыны мәдени түрде табында бағу әдісі қолданылды. Мәдени түрде табында бағу дегеніміздің мәнісі мынада: барлық жылқы бүкіл жыл бойына еркін жайылып, жайылымда бағылады да, сол жүрген жерінде азықпен үнемі бір мөлшерде толық қамтамасыз етіліп отырады. «Даланың түрлі жағдайларына үйреніп дағдыланған дон жылқысы мен мұндай жағдайға үйренбеген таза қанды жылқыны қосып өсіру үшін біз қый-



Буденный жылқысынан шыққан Садок деген айғыр.

ын жағдайлар кездесе қалғанда (жаздағы ыстықта даланың шөбі күйіп, құрап кеткенде, мал шағатын жәндіктер көбейгенде, қысқы суықтарда және сондай жағдайда) жылқыға қосымша шөп және күшті азықтар беретін болдық. Жазғы аңызақ ыстықтарда, жылқыны шағатын түрлі жәндіктерге қарсы күресу мақсатымен, табындағы жылқыларды қырқа жерлерде желге жайып бағу әдістері қолданылды, ал қыстағы қатты суықтарда жылқылар жылқы заводтарының территориясында, 1932 жылы өз күшімізбен отырғызылған орман алқаптарына ықтатылып қойылды немесе жылқы бағылатын жерлердің бәрінде талдан жасалған ықтасындарда тұратын болды. Соңғы уақытта барлық жылқы сарайларға орналастырылып жүр. Сонымен, біз түрлі қыйындықтар туа қалғандай кезде табындағы жылқыларға осындай қолайлы жағдайлар жасайтын болдық, сөйтіп біз құлын, жабағы, тай сияқты жас жылқылардың тез өсіп есеюіне және асыл тұқымды жылқылар-

дың бағалы қасиеттерінің табын жағдайында толық сақталуына мүмкіндік туғыздық. Осының арқасында біз енді қыстағы суықтан немесе жаздағы ыстықтан арып шыққан жылқылардың күйін жақсартуға уақыт бөліп, жем-шөп жұмсайтын болдық»[1].

С. М. Буденный атындағы және Бірінші Атты Армия атындағы жылқы заводтарында жылқыларды дұрыс сұрыптау және іріктеп алу жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Көздеген мақсатқа сай келмеген және ұрпақтары нашар болып шыққан жылқылардың бәрі заводтан басқа жақтарға жіберілді, соның нәтижесінде заводтарда құнды ұрпақтар беретін бірыңғай сапалы жылқылар ғана қалдырылды. Мұнымен қатар асыл тұқымды айғырлармен будандастыруға биелерді таңдап бөлгенде, олардың әрқайсысының жеке өзгешеліктері еске алынып отырды. «Мұнда әсресе денесінің ақауы не басқа бір кемшіліктері ұқсас келетін биелер мен айғырларды шағылыстырмауға, жылқының денесін түзету үшін кемшілігі бар не ақаулы биеге жақсы айғыр салуға немесе, керісінше, ақаулы айғырға жақсы биені шағылыстыруға көбірек көңіл бөлінді, оның үстіне бие мен айғырдың екеуінің бірдей тым нәзік болмауына, екеуінің де икемсіз дөрекі болмауына зер салынды, өйткені мұның екеуінің де тұқым асылдандыру ісінде мүлде болмағаны жөн. Тәжрибеде біз мынаны көрдік: дене бітісі сыпайы нәзік биелерге осы сыяқты айғырлар салынғанда, олардан туған құлындар да, әдетте, нәзік болып туды, мұндай құлындарды тәрбиелеп өсіру үшін көп еңбек сіңіруге тура келеді. Екінші жағынан қарағанда, мүше бітісі дөрекі құлындар дон жылқысының тек далада ғана өсіп үйренген ескі нәсіліне қарай көбірек тартып кетіп, олардың сырт пішіні, жүріс сапасы көп жағдайда нашар шығатын болды. Сондықтан біз біркелкі жылқыларды (жақсы биеге жақсы айғыр) іріктеп алып өсіру әдісін қолландық. Жылқыны тек осылай іріктеп алғанда ғана жылқы тұ-

---

[1] С. М. Буденный. Жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтарындағы тұқым асылдандыру жұмысы туралы, Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1949, орыс тілінде.

қымын жақсартып асылдандыруға, оның бағалы қасиеттерін түгел сақтап дамыта беруге болады»[1].

С. М. Буденный атындағы және Бірінші Атты Армия атындағы жылқы заводтарының тәжрибесін Қазақстанның табында өсірілетін жылқы шаруашылығында да кеңінен қолдану қажет.

Алдыңғы қатарлы совет ғылымының табыстарын дұрыс пайдалана білген Сальск жылқы заводы коллективінің ұзақ жылдар жүргізген тәжрибе жұмысының нәтижесінде тамаша жылқы тұқымын өсіріп шығарды, ол буденный жылқысы деп аталды. Буденный жылқысы өзінің барлық сапасы, өте көркем сымбаты, мүшелерінің бітісі жағынан басқа жылқылардың бәрінен де асып түседі.

Буденный жылқысының орта есеппен алғандағы өлшеулері (сантиметрмен)

Жылқы	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Түрқычың қыйғаш ұзындығы	Көкірегінің орамы	Жіліншігінің орамы
Айғыр . .	160,4	160,4	185,8	20,8
Бие . . .	157,0	158,7	185,6	19,4

Буденный жылқысы өте сымбатты келеді. Оқушыны таныстыру үшін оның мынадай белгілерін айтуға болады: басы орташа, әдемі, тақыр түкті, маңдайы жалпақ, көздері отты; мойны ұзын және етті, желкесі тік; шоқтығы биік және ұзын; арқасы мен белі тұтасқан тегіс; сауыры ұзын және жалпақ; алқымы кең, көкірегі терең, қабырғалары томпақ; жауырыны ұзын, көлбек біткен. Буденный жылқысының көпшілігінің алдыңғы және артқы аяқтары тік келеді.

Буденный жылқысының түсі де әдемі; көпшілігінің түсі алтындай құйқылжып тұратын құла жирен болады; күрең, торы және қара түстер сирек кездеседі.

---

[1] С. М. Буденный. Жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтарындағы тұқым асылдандыру жұмысы туралы.

Буденный жылқысының сапасын жақсартуда С. М. Буденный атындағы және Бірінші Атты Армия атындағы жылқы заводтарында жасалған жылқыны үйретудің және сынаудың дұрыс системасы қолданылған. Бұл заводтарда жас жылқылардың ішіндегі ең жақсылары 1,5 жасынла завод маңында салт мініп үйретіледі; 2—3 жасында ипподромдарда шабысқа қосылып сыналады. Бұдан жоғары жастағы жылқылар алыс шабыстарда, ұзақ сапарларда, күнделікті шаруашылық жұмыстарда сыналады. Жылқының жүрістілігін (аяны, желісі, шабысы) арттыру үшін және атты әскерге лайықты аттарды тандап іріктеу үшін жылқы заводтары мұндай жылқыларды С. М. Буденный атындағы Жоғарғы офицерлер мектебінде сынап, барлық жағынан тексеру әдістерін қолданатын болды. Мектептің командирлері мен окушылары бұл аттарды шапқызып, түрлі кедергілерден секіртіп үйрету, далада жүріп келу, парадқа шығу, мектептің ат сынайтын алаңында аян жүріске, желіске, шабысқа салып сынау, олардан қарғыту сыяқты әдістермен сапасын тексеріп сынап береді. Мұның өзі буденный жылқысының сүйектерінің бекуін, шымырлылығын, жұмысқа төзімділігін, жүйріктілігін, жүріс қыймылдарының әсемділігін арттыруға себепкер болды.

1946 жылы өткізілген сынақта буденный жылқысы Сальскіден Дондағы Ростовка дейінгі 200 километр жерге күннің 40 градус ыстығында, желдің тымықтығына қарамастан, 18 сағат 25 минутта барған. Буденный жылқысының тұқымы Барсук деген айғыр («Пищевик» спорт қоғамында) сол жылы ұзақ жүрісте алда келіп, Москваның чемпионы деген атақ алған. С. М. Буденный атындағы жылқы заводының буденный жылқысының тұқымынан шыққан № 1351 аты 1947 жылы Дондағы Ростовта өткізілген округтік атты спорт жарысында әскери аттар тобына қосылып, бірінші орын алған. Буденный жылқысынан шыққан Ибирис деген айғыр сол жарыста салт жүрісті жылқылардың ішінде бірінші орын алған. 1950 жылғы октябрьде Дегерес жылқы заводында 1944 жылы туған буденный жылқысының тұқымынан шыққан Бедуин деген айғыр (Басок-Битва) салмағы 80 килограмдық

адаммен бір күн тәулігінде 305 километр жер жүрген. С. М. Буденный атындағы жылқы заводында бір күн тәулігіндік жүріске салып сыналған, 1944 жылы туған Занос деген айғыр (Забавник II—Сарепта) бұдан да тамаша нәтижеге жетіп, бір күн тәулігінде 309 километр жер жүрген.

Дондағы Ростов қаласының ипподромында буденный жылқысының тұқымынан шыққан жас жылқылар мынадай жүйріктік көрсеткен:

2 жастағылар

1000 метр жерден 1 мин. 0,6 сек. келген
1200 » » 1 » 20 » »
1600 » » 1 » 49,4 » »

3 жастағылар

2000 метр жерден 2 мин. 23,4 сек. келген
2400 » » 2 » 46,4
3200 » » 3 » 47 »

Буденный жылқысы өзінің жоғары сапасын Ұлы Отан соғысының ауыр жорықтарында айкын көрсетті. Оларды көбінесе атты әскердегі командирлер мінді, талай ұзақ жорықтардан өтті, ал командирлердің қызметі жүрісті көп тілейтіні мәлім. «Егер жауға шабуыл жасаған кезде атты әскерлі тұтас корпустардың өзі 5 күн тәулігінде 600 километрге дейін жол жүргенін еске алсақ, онда командирдің астындағы аттың қанша жол жүруге тиіс болғаны былай да түсінікті, өйткені командирдің колоннадан бірнеше рет озып кетіп қайтып келуіне, жоғарғы командованиенің көлденең тапсырмаларын және басқаларды орындауына тура келеді. Солай бола тұрса да, буденный жылқысы асқан берік мықты екенін көрсетті, әскери жорықтың барлық ауртпалықтарына төзіп шықты. Олар Сталинградтан Эльбаға дейін барып, өзінің туған жері Донға қайтып оралды»[1].

Кәзіргі уақытта буденный жылқысының нағыз асыл

---

[1] С. М. Буденный. Жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтарындағы тұқым асылдандыру жұмысы туралы.

тұқымдары Ростов облысында, С. М. Буденный атындағы, Бірінші Атты Армия атындағы жылқы заводтарында және Дондағы мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіретін рассадниктің қамтуындағы колхоздарда өсіріледі. Буденный жылқысының тұқымы Қырғызстанның Ыссыққөл жылқы заводында, Украинаның жылқы заводтарында және басқа республикаларда өсіріліп отыр. Қазақстанда буденный жылқысының асыл тұқымы, негізінен алғанда, Талдықорған жылқы заводында өсіріледі.

Қазақ республикасында буденный жылқысының болашағы зор, оның жедел өсіп, таратылуына шексіз мүмкіншіліктер бар.

ДОН ЖЫЛҚЫСЫ

Дон жылқысы өзінің тұқымдық және жұмысқа қолайлы сапасының жақсылығынан, сонымен қатар Қазақстан жерінің табиғат жағдайы мен бағып-күту ерекшеліктеріне тез көніп, жақсы үйренетін жылқы болғандықтан Қазақстанда кеңінен таралып өсірілуде. Дон жылқысы Қазақстанның жер, ауа жағдайымен бірдей ұқсас жағдайда өсіп үйренген. Оның шыққан жері — Дон өзенінің маңындағы, Маныч, Сал, Егорлык, Кагальник өзендерінің бойындағы еркін жатқан кең жазық дала. Бұл жерлерде дон жылқысы қысы-жазы бірдей ашық далада табында бағылып үйренген, оның ауа райының, табиғат құбылысының қандай қыйыншылықтарына болса да төзіп шыққан бағалы қасиеттері бар.

Дон жылқысының қалыптасып құрылған жергілікті жердегі негізі — оңтүстік-орыс даласында баяғы замандардан бері өсірілген ескі дала жылқысы — ноғай жылқысы болған.

Дон жылқысының тұқымын өсіріп шығаруда салт мінетін жылқы тұқымдары, соның ішінде Отанымызда өсіріліп шығарылған орыстың салт мінетін (Орлов — растопчин, стрелец) жылқысы пайдаланылған. Дон жылқысына Кавказдың карабах дейтін жылқысының да үлкен әсері тиген. XIX ғасырдың орта кезіне дейін дон жылқысы Дондағы казак-орыстардың негізгі әс-



Дон жылқысынан шыққан Зажим деген айғыр, Чапаев жылқы заводында туған.

кери аттары есебінде ел ішіне көп тараған. Одан кейін атты әскерлерді атпен жабдықтаудың негізгі қоры ретінде оның маңызы бүкіл мемлекет көлеміне жайылған. Совет өкметі орнағаннан бергі жерде дон жылқысы бағалы жылқы болғандықтан негізінен жылқы тұқымын асылдандыру, соның ішінде Қазақстанның, Қырғызстанның және басқа республикалардың жергілікті жылқыларының сапасын жақсарту мақсатына пайдаланылып келеді.

Жамбыл облысы, Кордай жылқы заводындағы дон жылқысының өлшеулері

(сантиметрмен)

Өлшеулері	Тұқымдық аиғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	161,7	153,0
Тұрқының қыйғаш ұзындығы . . .	163,5	155,0
Көкірегінің орамы	185,9	178,0
Жіліншігінің орамы	20,5	19,1

Қордай жылқы заводындағы дон биелерінің өлшеулерін жеткіліксіз деп санау керек, өйткені Ростов облысының жылқы заводтарындағы дон биелері анағұрлым ірі келеді. Дон биелерінің орташа өлшеулері мынадай: шоқтығына дейінгі биіктігі 156 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы 160 см, көкірегінің орамы 186 см, жіліншігінің орамы 19,5 см.

Дон жылқысының сымбаты мынадай ерекшеліктермен сыйпатталады: басы ашаң, сәл ұзындау, маңдайы, томпақ, шортан бастау келеді; көздері үлкен, шығынқы, дөңгелек томпайып тұрады, танаулары делдиген жұқа; құлақтары орташа, жұқа, тік тұрады; мойнының ұзындығы орташа, түзу, кейде ұзын, ашаң не етті, толық болып та келеді; көкірегі жалпақ, кең, қабырғалары ұзын, томпақ; арқасы тегіс; сауыры ұзын және тік; жауырыны қысқа, тік біткен; алдыңғы аяқтары түзу, аралары әдетте кең келеді, ал артқы аяқтары қайқылау болады да, тірсектері жақындасып тұрады. Тірсек буындарының бітісі жақсы келеді: тұяқтары, әдетте, берік, дөңгелек және үлкен болады.

Дон жылқысының түсі көбінесе алтындай жалтылдап тұратын жирен болады, кейде торы, күрең түстілері де кездеседі.

Дон жылқысының жұмыс сапасы өте жақсы. Бұл жылқының әсіресе салт жүріске нағыз қолайлы, соғыс жорықтарының қандай қыйыншылықтарына болса да төзімді жылқы екендігі XIX ғасырдың өзінде-ақ жұртқа мәлім болған. Сонымен қатар дон жылқысы арбаға, шөп машинасына, егін оратын машиналарға, соқаға, тырмаға ешбір іркілмей өте жақсы жүретін, ауыл шаруашылығына өте пайдалы жылқы есебінде де жоғары бағаланады.

Дон жылқысы өзінің сапасының жоғары болуы (беріктілігі, күй талғамайтындығы, жүйріктілігі және сондай қасиеттері) арқасында Совет Армиясының қатарында нағыз сүйікімді, даңқты жылқыға айналды. 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының майдандарында, нелер ауыр жорықтарда буденный жылқысымен қатар дон жылқысы да өте тамаша қасиеттерін көрсетті.

Ипподромдарда сыналған екі жасар дон жылқысы

1200 метр жерге 1 минут 25 секундта баратын ұшқыр екенін көрсетті. Жылқылардың бір күн тәулігінде қанша жерге барып келетінін сынағанда дон жылқысының өте тамаша нәтиже бергендігін айтып кетуге болады. Мәселен, Орда жылқы заводында өсірілген Зажим, Кагал деген дон айғырлары 1948 жылы сынағанда бір күн тәулігінде 283,5 километр жер жүрген. Бұл нәтиже сол кезде бүкілодақтық рекорд деп танылған болатын. Одан бергі жылдарда бұл рекордтар едәуір жақсартылды. Мәселен, 1950 жылы Дегерес жылқы заводында өткізілген бір күн тәуліктік жүрісте дон жылқысының мынадай айғырлары: 1942 жылы Ыссықкөл жылқы заводында туған Дербист (Добродетель — Балерина); 1942 жылы Ыссықкөл жылқы заводында туған Синус (Сарказм — Бианка); 1945 жылы Буденный атындағы заводта туған Бандурист (Бред—Драга); 1945 жылы Буденный атындағы жылқы заводында туған Добрый (Дорогой—Басма) бір күн тәулігінде 305 километр жер жүрген. 1951 жылы сол Дегерес жылқы заводында Дождь дейтін дон айғыры бір тәулікте 306,5 километр, Жупан дейтін дон айғыры — 307,2 километр жер жүрген.

Дон жылқысы — совет елінің жылқы шаруашылығының нағыз алтын қоры. Дон жылқысы Қазақстанда кеңінен өсіруге болатын, зор маңызы бар бағалы жылқылардың қатарына қосылады. Қордай заводында өсіріліп жатқан жылқылар — негізінен дон жылқысы, ол көршілес жылқы заводтары мен колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларына дон жылқысын өсіру жөнінде өзінің ықпалын тигізуде.

Жергілікті қазақ жылқысын жақсарту үшін дон жылқысының үлкен маңызы бар.

Дон—қазақ жылқыларынан туған будандардың дон жылқысынан алатыны — тұлғасының ірілігі, сымбаттылығы, ал қазақ жылқысынан — оның жергілікті жағдайға бейімді көнбістілігі.

Дон жылқысының айғырлары көптеген жылқы заводтарында және Қазақстанның 15 облысының 73 ауданында колхоздардың жылқы фермаларында асыл тұқымды айғыр ретінде ойдағыдай пайдаланылуда. Жылқының бұл тұқымы Алматы, Жамбыл, Батыс Қа-

зақстан, Қызылорда және Павлодар облыстарында кең орын ала бастауда. Бұл облыстарда, жылқы тұқымын аудандастыру жоспары бойынша, барлық жылқының үштен бір бөлегінің екіден бір бөлегі дон жылқысы болуға тиіс.

Қазақ республикасында тұтас алғанда дон жылқысының ара салмағы республикадағы барлық жылқының 20,7 проценті болуы керек.

ҚАРАБАЙЫР ЖЫЛҚЫСЫ

Қарабайыр жылқысы Қазақстанның солтүстік даласында өскен жылқыларды оңтүстіктегі елдің жылқыларымен будандастыру нәтижесінде ерте замандарда пайда болған жылқы. Қарабайырдың негізгі шыққан жері — Өзбекстан. Қарабайыр жылқысын салт мінуге де, жегуге де пайдалануға болады, ол шаруашылыққа қолайлы жылқы.

Қарабайыр жылқысының өлшеулері[1]

(сантиметрмен)

Өлшеулері	Айғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	148,2	145,4
Тұрқының қиғаш ұзындығы . . .	146,5	145,0
Көкірегінің орамы	164,1	160,6
Жіліншігінің орамы	19,7	18,5

Қарабайыр жылқысының сырт пішіні (сымбаты) мынадай: басы томпақ емес, орташа, жақтары түзу, бірақ кейде үлкен басты, томпақ жақтылары да кездеседі; көздері үлкен, томпақ, жанары жіті болады; құлақтары орташа, кейде түбі жуандау, ұштары сүйірлеу, аралары алшақ болады; мойыны, әдетте, ұзын, түзу келеді, бірақ қысқа мойындылары да кездеседі; көкірегі жалпақ, дене тұрқы онша ұзын болмайды; арқасы жалпақ, тегіс, қабырғалары томпақ, бірақ келтелеу болады, сондықтан да қарабайырдың кейбіреулерінің

[1] «Орта Азиядағы жылқы тұқымдары», жалпы редакциясын қараған проф. В. О. Витт, 1947, орыс тілінде.



Қарабайыр айғыры.

шаптары ұзын (жалпақ) келеді, ал көп жағдайда белінің жалпақтығы және беріктігі мұны, білдірмейді. Қарабайыр жылқысының аяқтары берік, таразы, сүйекті келеді, алдыңғы және артқы аяқтарын көбінесе талтақтау басады, ал кейбіреулерінің артқы аяқтары қайқылау болады. Топайлары тік, тұяқтары шымыр, көлемі орташа келеді.

Қарабайыр жылқысы көбінесе көк, боз, торы және жирен келеді. Қарабайыр жылқысының көпшілігі араб жылқысына ұқсас болады. Себебі — қарабайыр жылқысының тұқымын өсіруде оған араб жылқысының қаны пайдаланылған.

Қарабайыр жылқысы күшті, жүрдек жылқы, жүргенде тек адымдайды.

Қарабайыр жылқысының жүйріктілігін сынап көргенде мынадай нәтиже берген: 1000 метр жерден 1 минут 9 секундта, 1600 метр жерден 1 минут 57 секундта, 3200 метр жерден 4 минут 5,6 секундта келген.

Терек дейтін қарабайыр айғыры 75 километр жерге 3 сағат 32 минутта, 200 километр жерге 17 сағатта барған, Ташкент — Ферғана — Ташкент арасын (647 км) Терек 7,5 тәулік жүрген, арада бір күн дем алған.

Қарабайыр жылқысы Оңтүстік Қазақстанның 23 колхозында жергілікті қазақ жылқысын жақсартатын тұқым ретінде пайдаланылып жүр.

Қарабайыр айғырлары мен қазақы биелерді будандастырғанда айғырдың ерекше жұмыс қасиеттері мен тұлғасы жағынан құлындары айнымай туады. Бірақ жергілікті жылқылардың сапасын жақсарту үшін қарабайыр айғырларын көптеп пайдалануға оның бойының аласалығы мүмкіндік бермейді. Сондықтан колхоз фермалары жергілікті биелерді шағылыстыруға қарабайыр айғырларының тек ірілерін ғана пайдаланады.

Дегерес жылқы заводында қарабайыр айғырларын қазақы биелермен шағылыстырғанда жақсы нәтиже берді. Оны мынадан анық көруге болады:

Тұқымдары	Өлшеулері (сантиметрмен)		
	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Көкіректің орамы	Жіліншігінің орамы
Дегерес жылқы заводын ұйымдастырған кезде заводқа әкелінген қазақы биелер	135,1	162,2	17,5
Дегерес заводындағы қарабайыр-қазақ жылқыларының будандары	144,4	170,2	17,4

Қазақстанда қарабайыр жылқысын алдағы уақытта өсіргенде Өзбекстанның жылқы өсірушілерінің іс тәжрибесін пайдалану керек, өйткені Өзбекстанда қарабайыр жылқысы басқа жылқылардан анағұрлым көп өсіріледі. Өзбекстанның жылқы өсірушілерінің тәжрибесіне қарағанда, қарабайыр жылқысы көбінесе жақсы күтім, жақсы азық талап ететін көрінеді. Нашар азық беру немесе азықты дұрыстап уақытымен беріп отырмау, құлын-тайларды жастайынан жұмысқа салу қарабайыр жылқысының өсуіне әсерін тигізеді,

бойының аласа болуына және сондай кемшіліктерге әкеліп соғады.

Қарабайыр жылқысын қазақ жылқысымен будандастырғанда ойдағыдай нәтиже беретіндігіне қарағанда, қазақ жылқысының сапасын жақсарту үшін, әсресе республиканың қыйыр оңтүстік облыстарында жақсарту үшін қарабайырдың зор маңызы бар деп айтуға әбден болады. Қарабайыр жылқысын келешекте зор көлемде өсіру мәселесі республикамызда жылқы тұқымын асылдандыру жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына және оның кейбір ерекшеліктерін еске алуға тікелей байланысты болып отыр.

АХАЛТЕКЕ ЖЫЛҚЫСЫ

Ерте замандағы түркмен жылқысы араб жылқысынан көп бұрын болғанын совет ғалымдары дәлелдеп берді, ал ахалтеке жылқысы — осы күнгі түркмен жылқысының тікелей ұрпағы, бұрын араб жылқысы бәрінен де бұрын шыққан жылқы деп есептеліп келген болатын. Ерте замандарда араб халқы өз жылқысының бойын өсіру үшін түркмен жылқысын пайдаланған. Бұлай дейтін себебіміз — арабтың Аназе деген тайпалары өсіріп жүрген араб жылқысының маанеги деген тұқымы шынында да ахалтеке жылқысына өте ұқсас. Таза қанды салт мінетін жылқының негізгі аталарының бірі деп есептелетін Дарлей — Арабиан дейтін айғыр да өзінің түр-сыйпаты жағынан ахалтеке жылқысына ұқсас келеді.

Қәзіргі уақытта ахалтеке жылқысы Түркмен республикасындағы жылқылардың негізгі түрі. Түркменстанда ахалтеке жылқысын өсіріп, тұқым тарататын мемлекеттік рассадник және жылқы заводы бар. Қазақстанда ахалтеке жылқысы Жамбыл жылқы заводында өсіріледі.

1950 жылға дейін ахалтеке жылқысы Қазақстанның көп аудандарында жоспармен өсірілетін тұқым болып келді. Ал қәзіргі уақытта колхоздардың жылқы фермаларында ахалтеке жылқысының орнына буденный жылқысының тұқымы өсіріле басталды.

Өзінің тұлғасы, мүше бітісі жағынан ахалтеке жылқысы күтімді көп тілейтін арнаулы жылқы тұқымдарының қатарына жатады.

Жамбыл жылқы заводындағы элита және 1-класс асыл тұқымды ахалтеке жылқыларының өлшеулері


(сантиметрмен)

Өлшеулері	Айғырлар		Биелер	
	Элита класы	1-класс	Элита класы	1-класс
Шоқтығына дейінгі биіктігі	158,0	157,0	154,6	151,2
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	158,0	158,0	155,0	151,0
Көкірегінің орамы . .	178,0	168,0	175,3	168,0
Жіліншігінің орамы . .	19,4	19,0	18,3	17,5

Ахалтеке жылқысының сымбаты тым әсем келеді деуге болады: басы ашаң, кішкене, көздері жайнап тұрады; мойыны ұзын, тік болады, бірақ кейде бұғы мойындысы да кездеседі; мойын тұрқы биік; шоқтығы да биік, ұзын, тіп-тік; арқасы көбінесе жұмсақ болады; жоны ұзын, тұтас, сауыры сәл түсіңкі, құйрығы жоғары тұрады; аяқтары тақыр жүнді, ұзын, жіліншіктері жіңішке, топайлары дөңгелек, тұяқтары шымыр болады. Артқы аяқтары көбінесе қайқылау келеді. Ахалтеке жылқысының терісі жұқа, жалы жібектей жұмсақ болады.

Ахалтеке жылқысының түсі — торы, қоңыр, көк, жирен, шабдар, қара, кейде құла болады. Ахалтеке жылқысының жүні көп жағдайда алтын түктес келеді.

Ахалтеке жылқысының сымбатындағы негізгі кемшіліктері: көкірегі онша терең және жуан емес, сүйектері тым жұқа келеді. Ахалтеке жылқысының көпшілігінің көкірегі тар, арқасы қайқы, дене тұрқы шұбаланқы келеді. Қазақстанның жылқы өсірушілері бұл жылқының басқа да елеулі кемшіліктері бар деп жүр.



Ахалтеке айғыры.

Ол кемшіліктері: ахалтеке жылқысы басқа жылқылардай емес, жайылымда баққанды ұнатпайды, қатты суықтарды көтере алмайды, мұндай жағдайда тез азып, арый бастайды. Ахалтеке жылқысы өзінің шыққан жері — Түркменстанда көбінесе қорада тұрып, қолдан күтіледі, суықтарда жабу жабылып, үйдің қасында қазықта байлаулы тұрады. Түркменстанда оған жай шөптің орнына көбінесе жоңышқа беріледі де, күшті азық ретінде арпа беріледі.

Ахалтеке жылқысы шөл және шөлейт жерлер үшін салт мінетін өте бағалы жылқы; ол ыстыққа төзімді, ұзақ жолға өте шыдамды келеді. Оның бұл қасиетін атақты Ашхабад—Москва сапары айқын көрсетті; бұл сапарда ахалтеке жылқысы әртүрлі жерлермен жүріп отырып, 84 күнде 4300 километр жол жүрді. Сол сапарда Қарақұмның 360 километрге созылған құмды шөлейт жерінен 3 күнде өткен.

Луговой жылқы заводында өсірілген ахалтеке — қазақ жылқыларынан туған Сайғақ деген айғыр алыс

жерге жіберіп сынағанда, Қазақстандағы ең жүйрік жылқылардың бірі болып шықты.

1948 жылы Сталинабад қаласында өткізілген спартакиадада Сайғақ 50 километр жерден 1 сағат 35 минут 45 секундта шауып келген; 1949 жылы ол бір күн тәулігінде 301,2 километр жер жүрген.


Ахалтеке жылқысы жақынға шапқандағы өзінің ұшқырлығы жөнінен таза қанды салт мінетін жылқыларға жақындау келеді. Ипподромдарда сыналған екі жасар ахалтеке жылқыларының көрсеткен ең жақсы ұшқырлығы мынадай: 1 километр жерден 1 минут 6 секундта, 1,2 километр жерден 1 минут 21 секундта келді; ал үш жасар және одан жоғары жастағы ахалтеке жылқылары 2,4 километр жерден 2 минут 53 секундта, 4,8 километр жерден 6 минут 0,6 секундта келді.

Ахалтеке жылқысы өте жігерлі, қызу келеді, оның ішінде өзі танымайтын адамды маңына жолатпай, тістеп — тебетін ұрт мінезділері де кездеседі.

Ахалтеке жылқысының тұқымын асылдандыру жұмысында бұл жылқының барлық ерекшеліктерін еске алып, оны мәпелеп күту, жоғары сапалы жемшөппен қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша көніл бөлу қажет.

ТАЗА ҚАНДЫ САЛТ МІНЕТІН ЖЫЛҚЫ

Көп жағдайда бәйге жылқысы деп аталып жүрген, таза қанды салт мінетін жылқы, нағыз жүйрік, әсресе жақынға шапқыш жылқы, ұшқырлығы орташа, таза қанды жылқы ипподромда 1 километр жерден 1 минут 2 секундта шауып келе алады; 2400 метр жерге шабуда таза қанды жылқының жасаған ұшқырлық рекорды—2 минут 31,1 секунд. Таза қанды салт мінетін жылқы асқан ұшқырлығымен қатар өте сымбатты, тұлғасы зор, асыл тұқымды, сом денелі көркем жылқы. Ол өзінің бұл сапасын ұрпағына айнытпай береді. Таза қанды жылқының осындай ерекше сапасы жылқы өсірушілерді қатты қызықтырады. Бірақ таза қанды жылқы тұқымын барлық жерге кеңінен жаюға көбінесе кедергі болып отырған нәрсе — бұл жылқының



Тазда—қостанай жылқысының салтмінетін биесінің түрі.

күтімі күшті болу керек, жем-шөпті өте талғап жейді, үнемі баппен ұстағанды жақсы көреді; оның үстіне табиғат жағдайы мен ауа райы қолайсыз аудандарда және таулы жерлерде бағуға онша көндіге қоймайды.

Буденный жылқысының тұқымы шыққанға дейін таза қанды салт мінетін жылқының айғырлары Қазақстанда жергілікті жылқылардың сапасын жақсартуға кеңінен пайдаланылды, әсресе жылқы заводтарында бұл жұмыс зор көлемде жүргізілді. Таза қанды салт мінетін айғырлар мен қазақы биелерді будандастырудан туған бірінші ұрпақтың құлындары табында бағуға көнімді, жұмысқа сапасы өте жақсы болып шықты. Ал 2-ші және одан бергі ұрпақтарының будандары күтімді көп тілейтіндігін, табын жағдайында нашар өсетіндігін көрсетті. Міне бұл жағдай таза қанды салт мінетін жылқының Қазақстанда кең көлемде өсірілмеуіне әкеліп соқтырды.

Салт мінетін таза қанды жылқы асқан ұшқыр жылқы болғандықтан оған ат спортымен шұғылданушылар зор көңіл аударуда. Қазақстанның атты спортшылары

туысқан республикалардың спортшыларымен жарыста бәрінен де гөрі осы салт мінетін таза қанды жылқымен озып шыға алады деуге болады.

ЖЕЛІСТІ ЖЫЛҚЫЛАР

Қазақстанда желісті жылқылардың екі түрі: орловтың және орыстың желісті жылқылары өсіріледі. Жылқыны тұқымына қарай аудандастыру жоспарына сәйкес, желісті айғырлармен будандастыру негізінде республикадағы барлық жергілікті жылқының 27,2 проценті жақсартылуға тиіс. Қазақстанда желісті жылқыларды өсіру жұмысымен шұғылданатын негізгі аудандар: Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар және Талдықорған облыстары. Бұл облыстарда барлық жылқының 40 проценттен 99 процентке дейіні асыл тұқымды желісті жылқылармен жақсартылатын болып жоспарланып отыр.

Қазақстанда таза тұқымды орловтың және орыстың желісті жылқылары Көкшетау жылқы заводында өсіріледі, онда қорада күту және жайылымда бағу әдістері қатарынан қолданылады. Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында 1949 жылдан бастап желісті жылқылар табында өсіріліп келеді. Оның үстіне өте бағалы желісті жылқылар 154 колхоздың асыл тұқымды жылқы фермаларында, көбінесе Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған және Алматы облыстарында өсіріліп отыр.

Желісті жылқыларды өсіру мәселесіне Қазақстанда ғана осындай үлкен көңіл бөлініп отырған жоқ. Өте бағалы желісті жылқы тұқымдары РСФСР-да да көп өсірілуде. Орловтың және орыстың желісті жылқыларын Совет Одағының барлық республикаларында, өлкелері мен облыстарында дерлік өсіру ұсынылып отыр.

Желісті жылқы тұқымы жергілікті жылқының сапасын жақсартуға өте пайдалы жылқы болғандықтан, халық оны ертеден-ақ ұнатып, жақсы көре бастады. Желісті жылқы жаңа жердің ауа райына, түрлі өзгешеліктеріне тез көндігеді, ыстық-суыққа шыдамды келеді. Желісті жылқының айғырлары қолда шағы-

лыстырылуға, үйірге салуға, қолдан ұрықтандыруға ойдағыдай пайдаланылуда. Желісті жылқылардың ұрпақтары ылғый өзіне тартып туады. Тұқымы жақсартылмаған жергілікті жылқылармен желісті айғырды будандастырса, олардан туған құлындар ірі, сымбатты, аяңшыл, әсіресе желісті болып туады. Бұларды есейгеннен кейін арбаға жегуге де, салт мінуге де болады.

Желісті жылқы мен қазақ жылқысынан туған будандарды табында бағуға әбден болады, ал мұның осы желісті жылқы тұқымын Қазақстанда кеңінен өсіру үшін зор маңызы бар. Желісті жылқы мен қазақ жылқысынан туған табында бағып өсірілген будандардың (дөнежін және одан жоғары жастағы биелердің) өлшеулері мынадай:

Шоқтығына дейінгі биіктігі	147,9 см
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	152,0 см
Көкірегінің орамы	176,0 см
Жіліншігінің орамы	18,6 см

Жергілікті жылқыны асыл тұқымды желісті жылқымен будандастыру ісі жас жылқыларды қорада әрі жайылымда қатарынан бағып, жем-шөпті өте мол беретін шаруашылықтарда өте жақсы нәтиже беріп жүр. Мұндай шаруашылықтарда шоқтығына дейінгі биіктігі 150 сантиметр және одан асатын желісті жылқылар өсіріліп жүр.

Орловтың және орыстың желісті жылқылары өсіріліп отырған Көкшетау жылқы заводында, жем-шөп мейлінше мол беріліп, қорада әрі жайылымда қатарынан бағылатын тұқымдық жылқылардың өлшеулері мына цифрлардан айқын көрінеді:

Өлшеулері	Айғыр		Бие	
	элита класы	1 класс	элита класы	1 класс
Шоқтығына дейінгі биіктігі	165	158	157	157
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	165	159	160	158
Көкірегінің орамы	180	175	183	183
Жіліншігінің орамы	20,5	20	20	20


Орыстың және орловтың желісті жылқылары сыртқы тұлғаларына қарағанда бір-біріне өте ұқсас келеді, бірақ солай бола тұрса да, бұл жылқылардың — шыққан тегінде және шаруашылыққа пайдалы сапасы жағынан айырмашылығы, олардың сыйпаты төменде жеке-жеке айтылады.

ОРЛОВТЫҢ ЖЕЛІСТІ ЖЫЛҚЫСЫ

Жылқының бұл түрі — жылқы заводында өсіріліп шығарылған, ертеден келе жатқан жылқы тұқымы. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысында, кәзіргі уақыттағы әкімшілік жер жағдайы бойынша Воронеж облысына қарайтын Хреновск жылқы заводында өсіріліп шығарылған. Орлов жылқысының тұқымын жасауда орыстың атақты жылқы өсірушілері А. Г. Орлов, В. И. Шишкин және Кабанов көп еңбек сіңірген.

Желісті орлов жылқысын өсіріп шығару ісінде сол кездердегі асыл тұқымды жылқылардың ең жақсы тұқымдары пайдаланылған; тәжрибе жұмысын жүргізгенде жылқылар қорада әрі жайылымда қатарынан бағылып, жем-шөп мейлінше мол беріліп отырған. Мұнда жылқының жұмысқа жарамдылық сапасын үнемі сынап отырудың үлкен маңызы болған. Бұл үшін жылқы өсірушілер сынайтын жылқыларды жеңіл арбаға жегіп жақын жерге бару, сол сияқты ауыр арбаларға жегіп алысырақ жерге (22 *км*) бару әдістерін қолданған. Заводта тұқымдыққа пайдалануға тек өзінің түрі, сымбаты, жұмысқа жарамдылық сапасы жағынан жаңа тұқымға толық сай келеді деген жылқылар ғана іріктеліп алынған. Биелер сұрыпталып алынып, әр айғырдың сапасына қарай, жаңадан өсіріліп шығарылатын асыл тұқымды жылқының ішінде аласа бойлы және жеңіл денелі сыйдақ жылқылардың көп орын алып кетпеуіне зор көңіл бөлінген. Жылқының сом денелі, келісті көркем болуына үлкен мән берілген.

Орлов жылқысының тұқымын өсіріп, жетілдіру жөнінде қолданылған осы негізгі принциптер бұдан былайғы уақытта да бұлжымастан сақталып келген. 160 жылдан аса уақыттан бері келе жатқан орлов жылқысын өсіріп өркендету жұмысы мынадай жағдайларда



Орловтың желісті жылқысынан шыққан Гандикап дейтін айғыр, Қарағанды облысы Осакаровка ауданының ,,Завет Ильича'' колхозында 1940 жылы туып өскен.

жүргізілді: ол ылғый қорада күтілді, сонымен қатар жайылымда бағылды, жем-шөп мол берілді, жас жылқылар үнемі үйретіліп, олардың жұмысқа жарамдылық сапасы сыналып отырылды. Жылқының бұл тұқымын толық сақтап жетілдіре беру және ұшқырлығын арттыру үшін ол үнемі сұрыпталып, жаман-жақсысы іріктеліп алынып келді. Орлов жылқысы өсіріле бастаған алғашқы күннен бері қарай оның әрқайсысының асыл тұқымдық сапасы есепке алынып, күнделік дәптерге жазылатын болды және ол жөнінде арнаулы кітаптар шығарылып келді. Былайша айтқанда, таза қанды орлов жылқысының қай-қайсысы жөнінде болса да, тіпті оның ат-тегіне дейін де керекті уақытында толық мәлімет алуға болады. Міне осындай зор жұмыстардың арқасында желісті орлов жылқысы дүние жүзіндегі ең жақсы асыл тұқымды жылқылардың бірі болып отыр.

Орловтың желісті жылқысынын сымбаты мынадай болып келеді: басы үлкен, бірақ тақыр жүнді таразы; мойыны ұзын, көбінесе казмойынды әдемі болады; шоқтығы биік, етті келеді; аркасы тегіс және жалпақ, белі кең; сауыры құйылған шойындай тұп-тұтас; аяқ сүйектері жуан.

Дене сымбатының кемшіліктері жөнінде оның буындары солкылдақтау, алдыңғы аяқтары талтақтау келетінін айтуға болады.

Орловтың желісті жылқысы—ірі жылқы. Оның бұл сапасының зор маңызы бар, өйткені жергілікті жылқыны орлов жылқысымен жақсартқанда жергілікті жылқының бойын өсіру жағына көбірек көңіл бөлу қажет болады. Мемлекеттік жылқы заводтарындағы таза тұқымды орловтың желісті жылқысының өлшеулері мынадай цифрлармен сыйпатталады.

Жылқы заводтарындағы тұқымлық желісті орлов жылқысының орташа өлшеулері[1]
(сантиметрмен)

Өлшеулері	Айғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	160,7	158,0
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	162,1	160,2
Көкірегінің орамы	183,0	179,7
Жіліншігінің орамы	20,2	19,8

Орлов жылқысы өте жүрдек желісті жылқы. Орлов жылқысының тұқымынан шыққан ең жақсы Улов және Пилот деген екі айғыр 1600 метр жерге желгенде өз тұқымында рекорд жасады; бұл рекорд 2 минут $2^2/_8$ секундқа тең. Ал орлов жылқысының 1 600 метр жерге жүргізгендегі желгіштігі орта есеппен алғанда 2 минут 25 секундқа тең. Орлов жылқысы жүк тартуға, ауылшаруашылық жұмыстарға өте төзімді және күшті екендіктерін көрсетті. Парлап жегілген екеуі 2 тонналық жүкті, 9,6 километр жерге жай жолмен жү-

[1] Жылқы өсірушілерге көмекші, Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, 1949, орыс тілінде.

ріп отырып, 1 сағат 25 минут 30 секундта жеткізген; жер жыртуда парлап жегілген екеуі 4 сағаттың ішінде 0,71 гектар жер жыртқан.

ОРЫСТЫҢ ЖЕЛІСТІ ЖЫЛҚЫСЫ

XIX ғасырдың ақырғы кезінде Россияда желісті жылқыларды жарысқа қосу спорты бүкіл елге кең жайылған. Бас пайдасын көздеп, қулығын асырған епті пайдакүнемдер ел ішінде желісті жылқы шаруашылығын өркендетуді жақтағансып, ат жарыстарын ұйымдастырған, оған бағалы бәйгелер тігіп, ұтысқа көп ақша бөлген. Олар ипподромдарды, жылқыларды үйретіп, сынайтын аландарды нағыз табыс түсіретін кәсіпшілік орынға айналдырған. Сол кездегі ат жарыстарда бәйгені американдық желгіш аттар алып кетіп жүрген. Шынында американ желгіші орлов желгішінен көп соң шыққан, оның ешуақытта асыл тұқымдық маңызы болмаған және болуға мүмкін де емес. Американ желісті жылқысының көз тартарлық сыйпаты да жоқ: бойы аласа, сүйектері нәзік, тұқымдылығы төмен, сауыры салбыраңқы, сыйыр құйымшақты, алдынғы аяқтары талтақ, буындары сыртылдап, толарсақтары ісіне береді. Бірақ спорт жарыстарында американ желісті жылқысы орлов желісті жылқысынан сәл ұшқырлау болып шыққан, өйткені орлов жылқысы әуелден спортқа деп өсірілмеген еді. Міне осы жағдайға байланысты, XIX ғасырдың ақырғы кезінде Россияның ипподромдарына американдық желісті жылқылар әкеліне бастаған. Жалпы елдің жылқы шаруашылығын жақсартуды ойламай, тек жарыста атын оздырып бәйге алуды ғана көздеген кейбір жылқы заводтарын ұстаған помещиктер қара басының байығанын мақсат етіп, орлов жылқысының биелерін американ айғырларымен шағылыстыруға кіріскен. Осындай будандастырудан туған құлындар бойы аласа, тұқымдылығы нашар, бірақ кейде жақын жерге өте желгіш болған.

Октябрь революциясынан кейін мемлекеттік жылқы заводтарында орлов биелері мен американ айғырларынан туған будандарды жақсарту негізінде желісті жылқының жаңа тұқымы өсіріліп шығарылды. Мұнда



Орыстың желісті жылқысынан шыққан Барс дейтін айғыр, Көкшетау жылқы заводында 1947 жылы туған.

алға қойылған негізгі мақсат — жылқының тұлғасын ірілендіру, сымбатындағы кемшіліктерін жою, сом денелі етіп шығару еді. Совет зоотехниктері бұл міндетті ойдағыдай орындап шықты. Орыстың желісті жылқысы деп аталған жылқының бұл жаңа тұқымы кәзір өзінің дене өлшеулері жағынан орлов жылқысына жетіп қалды деуге болады.

Жылқы заводтарындағы орыстың желісті жылқысының орташа өлшеулері
(сантиметрмен)

Жыл	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Тұрқының қыйғаш ұзындығы	Көкірегінің орамы	Жіліншігінің орамы
Бие, 1928 жылы	155,1	155,0	174,8	18,9
» 1948 »	157,6	159,1	179,2	19,5
Айғыр, 1928 жылы . .	155,5	152,9	172,4	19,3
» 1948 » . . .	160,7	161,8	182,2	20,2

Орыстың желісті жылқысының орлов жылқысынан айырмашылығы: дене бітісі сыпайы, таразы, сүйектері жіңішкелеу келеді, кейбір мүшелерінің бітісінде де айырма бар. Орыстың желісті жылқысының сымбаты: басы орташа, түгі тақыр, ашаң, мойыны тік, шоқтығы биік; жауырыны қыйғаштау біткен ұзын; арқасы қысқа, сауыры сәл түсінкілеу, аяқтары орлов жылқысынан гөрі таразы келеді.

Орыстың желісті жылқысы тым ұшқыр жылқы. Бірқатар желістерде ол орлов жылқысынан гөрі ұшқыр екенін көрсетіп, бірнеше рекорд жасады. Мәселен, орыстың желісті жылқысынан шыққан Подарок деген айғыр 1 600 метр жерден 2 минут $2^{1}/_{8}$ секундта келіп рекорд жасады, сөйтіп орлов желгіші жасаған рекордтан $^{1}/_{8}$ секунд асып түсті. Орыстың желісті жылқылары мынадай рекордтар да жасаған: Подарок деген айғыр 3200 метр жерден 4 минут $17^{4}/_{8}$ секундта, Баядерка — 4800 метр жерден 6 минут $38^{7}/_{8}$ секундта келген. Орыстың желісті жылқысынан 1946 жылы туған Утеха дейтін биесі (Кузбас-Уранил) 1951 жылы Одесса ипподромында 6400 метр жерден 8 минут 55 секундта келіп, дүнежүзілік рекорд жасады. Орлов желісті жылқысынан шыққан Улов дейтін айғырдың 2400 метр жерге желуде жасаған рекордын (3 минут 09 секунд) орыстың желісті жылқылары әлі жеңген жоқ.

Орлов жылқысы сыяқты, орыс жылқысы да корада күтіледі және сонымен қатар жайылымда бағылады, жем-шөп мол беріледі, жас жылқылар үнемі үйретіліп, сыналып отырылады. Орыстың желісті жылқысының нағыз таза тұқымдарының бәрі асыл тұқымдық жылқылар кітабына жазылған. Орыс жылқысын өсіріп шығару жөніндегі зоотехниялық жұмыстардың жоғары дәрежеде жүргізілуі жылқының бұл тұқымын жедел жақсартуды қамтамасыз етті, соның нәтижесінде орыстың желісті жылқысы Совет Одағындағы барлық асыл тұқымды жылқылардың арасында алдыңғы қатардан орын алып отыр.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫР ЖҮК ТАРТАТЫН ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ ТҰҚЫМДАРЫ

Қазақ республикасында першерон, брабансон, арден сыяқты ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдары да өсіріледі. Бірақ бұлардың саны өте аз, республикадағы барлық жылқылардың ішінде көзге көрінерлік орын алмайды.


Жылқы шаруашылығын тұқымына қарай аудандастыру жоспары бойынша, Қазақстанда ауыр жүк тартатын жылқылармен будандастыру негізінде 193 колхоздың жылқы тұқымы жақсартылуға тиіс. Соның өзінде ауыр жүк тартатын жылқылар, желісті және салт мінетін жылқылармен қатар, екінші тұқым ретінде пайдаланылады.

Ауыр жүк тартатын жылқылардың маңызы өте зор екенін атап өту керек. Ауыр жүк тартатын жылқылардың айғырларын жеңіл жылқылармен будандастырса, одан туған құлындар желісті жылқымен жақсартылғандай, ірі сүйекті болады. Ауыр жүк тартатын айғырлар мен жергілікті биелерді будандастырғанда да жақсы нәтиже беріп жүр. Бұдан құлындар есейе келе күшті, зор денелі, ауыр жүк тарта алатын, ауыл шаруашылығының алуан салалы жұмыстарына еркін пайдалануға болатын жылқы болып шығады.

Қазақстанда ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдарының ішінде брабансон, першерон және арден жылқылары кенінен өсіріле бастады.

Брабансон жылқысы Бельгияда өсіріліп шығарылған; XIX ғасырда брабансон жылқысы көп елдерге, соның ішінде Россияға да тараған. Қазақстанға брабансон жылқысы Совет өкіметі тұсында ғана, көбінесе Саратов облысы мен Мордва АССР-нан әкеліне бастады. Сол жерлерден әкелінген брабансон жылқысы Қазақстан жағдайына тез көндігіп, қорада және жайылымда қатарынан бағып күтуге жақсы үйренуде.

Брабансонның ерекше сыйпаты — оның тұлғасы өте ірі, шомбал, бойы биік келеді.



Брабансон жылқысының Жемчуг деген айғыры.

Совет одағында өсірілетін брабансон жылқысының өлшеулері

(сантиметрмен)

Өлшеулері	Айғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	158	158
Көкірегінің орамы	199	193
Жілігінің орамы	24,2	22,6
Тірідей салмағы (кг есебімен)	821	651

Қазақстанда өсіріліп отырған жылқы тұқымдарының бәрі брабансон сыяқты ірі денелі емес екенін еске алатын болсақ, Қазақ ССР-ның жылқы шаруашылығы үшін, әсресе жылқының тірідей салмағы мен сүйектілігін арттыру керек болған жағдайда брабансон жылқысының маңызы анағұрлым арта түседі.

Брабансон тұқымының айғырлары үйірге салуға, сондай-ақ қолдан шағылыстыруға және қолдан ұрықтандыруға да ойдағыдай пайдаланылуда. Тәжрибеде

брабансонмен шағылыстырылған жергілікті биелерден бойы биік, денесі сом, жұмыс сапасы күшті болатын құлындар туып жүр.

Қазақстанның жазы ыстық болатын оңтүстік аудандарында брабансон жылқысы ауыр жүк тартатын жылқының басқа түрі — першероннан гөрі жергілікті жағдайға нашар көндігеді.

Першерон жылқысы ауа райы жылы келетін Францияда өсіріліп шығарылған. Өзінің өлшеулері мен дене бітімінің сомдылығы жағынан першерон жылқысы брабансонға жақын, бірақ соның өзінде оның жүрісі сергек, әсресе желісі жақсы. Қазіргі уақытта першерон жылқысы Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір жылқы фермаларында және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының малшаруашылық институтының Алматы облысындағы эксперименттік базасында өсіріліп отыр. Эксперименттік базадағы першерон биелерінің орта есеппен алғанда шоқтығына дейінгі биіктігі 157 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы 167 см, көкірегінің орамы 187 см, жіліншігінің орамы 21,7 см. Негізгі тұқымдық айғыр Арқанның (Итом-Азбука) шоқтығына дейінгі биіктігі 167 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы 176 см, көкірегінің орамы 215 см, жіліншігінің орамы 25,5 см.

Ауыр жүк тартқыш ірі жылқылармен қатар Қазақстанға ауыр жүк тартқыш шағын жылқы — орыс ардені де әкелінуде. Брабансонмен салыстырғанда орыс ардені онша ірі емес, тұлғасы сыпайы, жүрісі сергек жылқы.

Арден жылқысының орташа өлшеулері

(сантиметрмен)

Өлшеулері	Айғыр	Бие
Шоқтығына дейінгі биіктігі	146,7	145,3
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	159,0	155,0
Көкірегінің орамы	183.6	183,6
Жіліншігінің орамы	21,5	20,6
Тірідей салмағы (кг есебімен)	553	519

Арден жылқысының жем-шөпті, күтімді онша талғамайтындығы, табында бағуға ыңғайлы және тез көнгіштігі — арден жылқысын Қазақстанның бірқатар аудандарында жергілікті қазақ жылқысын жақсарту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.



IV ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТІК ЖЫЛҚЫ ЗАВОДТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖРИБЕСІ

Жылқының ең бағалы, асыл тұқымдары мемлекеттік жылқы заводтарының қарамағына берілген. Мұндай заводтар негізінен Қазақстанның жылқы шаруашылығы көбірек өркендеген оңтүстік, солтүстік және батыс аудандарында ұйымдастырылған.

Жылқы заводтары жақсартылуға тиісті негізгі жылқы тұқымдарымен тәжрибе жұмыстарын жүргізеді, жергілікті қазақ жылқыларын өсіріп, оларды жетілдіреді, колхоздардың жылқы фермалары мен мемлекеттік заводтық конюшняларды асыл тұқымды айғырлармен қамтамасыз етіп отырады. Соңғы 10 жылдың ішінде Қазақстанның жылқы заводтарындағы асыл тұқымды жылқының саны 264,5 процент көбейді.

Өздерінің жұмыс бағыттарына қарай жылқы заводтары мынадай түрге бөлінеді: желісті жылқы заводтары орыстың және орловтың желісті жылқыларын өсіреді; салт мінетін тұқымдық жылқы заводтары буденный, дон, ахалтеке және басқа салт мінетін жылқы тұқымдарын өсіреді; бұлармен қатар көбінесе қазақ жылқысын заводтық жылқы тұқымдарымен будандастыру жұмысымен шұғылданатын жылқы заводтары да бар.

Жылқы заводтары республиканың колхоздары мен совхоздарының жылқы шаруашылығын жақсарту мақ-

сатымен оларды асыл тұқымды айғырлармен қамтамасыз етіп отырады. Олар мемлекеттік заводтық конюшняларға, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіріп тарататын орындарға және колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларына жыл сайын көптеген асыл тұқымды айғырлар береді. Тек 1945 жылдан 1950 жылға дейінгі уақыттың ішінде ғана Қазақстанның жылқы заводтары 6336 асыл тұқымды айғыр сатты. Жылқы заводтары сонымен қатар Совет Армиясы мен еліміздің транспорты үшін жұмыс сапасы жоғары, түрлі аурпалықтарға төзімді жылқылар өсіріп беруде.

Мемлекеттік жылқы заводтары совет үкіметінің нұсқауы бойынша көп салалы социалистік шаруашылық түріне өркендетіліп отыр. Жылқы заводтарында әдетте жоғары дәрежелі зоотехниялық білімі бар және практикалық тәжрибесі күшті мамандар жұмыс істейді. Осындай мамандардың, атап айтқанда, заводтардың директорларының, олардың орынбасарларының, жылқы бөлімі бастықтарының басшылықтарымен жылқы заводтарында зор жұмыстар істеледі: тұқым асылдандыру жөнінде селекциялық—тәжрибе жұмыстары жүргізіледі, жылқыны дұрыс бағу, күту және азықтандыру, жас жылқыны өсіру, асыл тұқымды жылқы кітаптарын (племкнига) жүргізіп отыру және сондай жұмыстар ұйымдастырылады. Жылқы заводтарында негізгі жылқы шаруашылығымен қатар басқа да өнімді малдар өсіріледі, егін салынады, түрлі көмекші шаруашылықтар өркендетіледі. Жылқы заводтарының көпшілігінде жылқыны құнарлы азықпен үнемі қамтамасыз етіп отыратын берік база жасалады, мал азығының ауыспалы егістері қолданылады.

Жерге өте бай, егін салатын және мал жайылатын жерлері мол, комбайн, трактор, өздігінен жүріп шөп шабатын машина сыяқты, тағы сондай кәзіргі заманның тамаша техника құралдарымен қаруланған біздің мемлекеттік жылқы заводтарымыз бірыңғай социалистік типтегі алдыңғы қатарлы кәсіпорындары болып табылады; олардың бәрі де түрлі механизмдермен жабдықталған және электрлендірілген шаруашылықтар.

Қәзіргі уақытта Қазақстанның колхоздарындағы, әсресе мал шаруашылық аудандарындағы жылқының сапасын негізінен жақсарту жөнінде үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Міне осыған байланысты жылқы заводтарының алдына зор міндеттер қойылады.

Жылқы заводтары колхоздар үшін өсіріп отырған асыл тұқымды жылқының сапасын жақсарту үшін ең алдымен азық базасын бұрынғысынан анағұрлым нығайтуға, тұқымдық жылқыны азықтандырып, күту жұмыстарын мейлінше жақсартуға, тұқым асылдандыру жұмысын алдыңғы қатарлы мичуриндік биология ғылымына сүйене отырып дұрыс ұйымдастыруға тиісті. Жылқы заводтарының жұмыстарында осы айтылған маңызды талаптарды бір-бірімен тығыз ұштастырып жүргізу керек, өйткені жылқыны азықтандыру және күту жұмысының сапасын мүлдем жақсартпайынша, сонымен қатар жылқының қолда бар тұқымдарын жақсарту және жаңа тұқымдарын өсіріп шығару жөніндегі жұмыстарды үлгілі ұйымдастырмайынша, жылқыны сұрыптау, іріктеп алу жұмыстарын дұрыс жүргізбейінше, — жылқы шаруашылығында жақсы табысқа жетіп, оның өнімділігін арттыру, жылқы шаруашылығының өсу қарқынын еліміздің халық шаруашылығының қазіргі өсіп отырған талаптарының дәрежесіне жеткізу мүмкін емес.

Жылқы заводтарында мал азығының берік базасын қалай жасау керектігі, оны ұйымдастыру жолдары ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің егінді қорғайтын ағаштар егу, шөптанапты ауыспалы егіс тәртібін енгізу, бөгеттер мен тоғандар салу жөніндегі тарихи қаулысында айқын көрсетілген.

Қазақстанның жылқы заводтары коммунистік партия мен совет үкіметінің нұсқауларын іс жүзіне қалай асырып жатқанын республиканың алдыңғы қатарлы жылқы заводтарының жұмыс тәжрибесі дәл ыспаттайды.

Тянь-Шань тауларының алқабында, революцияға дейінгі уақытта Россия мен Қытай арасындағы ірі мал базаларының ортасы болған атақты Қарқара өзенінің бойында, теңіз деңгейінен 2 000 метр биікте тұратын Кеген жылқы заводы бар. Бұл — Қазақстандағы жыл-



Эмба жылқы заводынан келген жабы типтес қазақы бие.

қыны табында бағатын ірі жылқы заводтарының бірі. Кеген заводы 1930 жылы ұйымдастырылған, оған малмүлкі конфискацияланған байлардың жылқылары берілген. Заводтағы биелердің бәрі жергілікті қазақы биелер болған да, айғырлар (әр тұқымнан) басқа жерлерден әкелінген.

Заводтың ойдағыдай жұмыс істеп, өркендеуі үшін керекті жағдайдың бәрі жасалған: оған көлемі зор жайылымдық және шабындық жерлер, мол су, егіншілікке өте қолайлы — шұрайлы алаптар берілген; жоспармен жасалған әдемі аткоралар, заводтың жұмысшылары мен мамандарына арналған жайлы жақсы тұрғын үйлер салынған.

Заводтың жылқы өсіруде ұстаған бағыты — ахалтеке мен қазақ жылқыларын будандастырып, солардан жақсы, бағалы жылқы тұқымын шығару болатын. Заводта өсірілген жылқылардың көпшілігі арқалары ұзын, аяқтары сыйдыйған жіңішке, әлсіз болды, табында бағуға онша қолайлы болмады. Мұндай жылқылар,

әрине, халық шаруашылығының тілектерін өтей алмады. Сондықтан завод жылқы тұқымының бағытын негізінен өзгертіп, заводтағы жылқыларды дон жылқысымен будандастыру арқылы олардың сапасын жақсарту туралы нұсқау алды, осыдан кейін тәжрибе жұмыстарын жаңа бағытта кеңінен жүргізе бастады.

Қазіргі уақытта Кеген заводында буденный және дон жылқыларынан 134 айғыр бар. Завод осы айғырларды пайдалана отырып, тұқымдық жылқылар, сондай-ақ армия мен халық шаруашылығының тілектерін өтейтін жақсы жылқылар өсіріп отыр.

Жылқының тұқымын асылдандыру жұмысымен заводта 6 зоотехник шұғылданады, бұлардың бәрі де жылқы шаруашылығы жөнінен білімі де, тәжрибесі де бар мамандар. Зоотехниктер жылқыларды азықтандыру, күту жұмыстарына басшылық етеді, жылқыны бір жерден екінші жерге айдап, қонысын ауыстырып отыру жұмыстарын ұйымдастырады, өсірілуге тиісті тұқымдық биелер мен айғырларды іріктеп отырады; олар жылқыны үйірге бөлу, жас жылқылардың қалай өсіп келе жатқанын бақылау мақсатымен олардың денесін өлшеп тұру, тұқымдық жылқылар туралы арнаулы кітаптарға жазып отыру, тағы сондай жұмыстарды атқарады.

Жылқы заводында малдәрігерлік лазарет (емхана) бар. Оның жанында ауырған жылқыларды қабылдайтын алаң (манеж), жұқпалы індеттермен ауырған жылқылардың әрқайсысын бөлек қоятын ішінде жабық бөлмелері (денник) бар, 10 жылқылық қора және емделуде тұрған жылқыларға арналған 10 жылқы сыярлық қора салынған. Заводта малдәрігерлік қызметін бір малдәрігері мен 4 малдәрігерлік техник атқарады. Завод керекті дәрі-дәрмектің, аспап-саймандардың барлық түрлерімен толық жабдықталған. Әрбір жылдың көктемі мен күзінде заводтағы барлық жылқы малдәрігерлік тексеруден өткізіледі: жылқының денсаулығы қаралады, қаны алынып лабораторияда тексеріледі, түрлі індеттерден сақтандыратын жалпы және арнаулы екпелер жасалады. Ауру деп танылған жылқылар дереу бөлініп алынып, емдейтін орынға жіберіледі.



Қазақ жылқысынан шыққан Золотник деген айғыр, 1944 жылы Эмба жылқы заводында туған.

Кеген заводында жылқыны дұрыс күту, жем-шөпті уақытымен беріп, мезгілімен суару мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. Жылқы жазда заводтың орталығынан онша ұзамай, Қаркара өзенінің бойында жайылымда бағылады. Бұл өзеннің алқаптарында жылқыға өте жұғымды, құнарлы тау шөптері шығады. Ал қыста жылқының көбісі заводтың орталығынан 150 километр жердегі Жіңішке деген мекенде бағылады. Кейбір жылқылар завод орталығына жақын тұратын Шөладыр деген жерде қыстап шығады. Жылқылар табынға бөлінеді. Әрбір табында 150 биеден болады. I жастан 3 жасқа дейінгі жас жылқылар еркек-ұрғашылары жеке үйірге бөлініп, әрқайсысы 150—200 жылқыдан құралған табындарда бағылады. Тұқымдық айғырлар да, шағылысу маусымы біткеннен кейін, бөлек табында бағылады. Өте бағалы тұқымдық айғырлар, сонымен қатар табында бағуды көтермейтін айғырлар аткоралларда күтіледі. 1941—1943 жылдарда заводтың мал

жайылымдық жерлеріне ботаникалық зерттеу жүргізіліп, жылқы бағылатын әрбір учаскеде шығатын шөптердің жаратылыс және азықтық қасиеттері тексерілген. Осы ботаникалық зерттеудің нәтижесінде жылқы жайылатын учаскелерді бұрынғыдан гөрі дұрыстап пайдалануға және жылқыларды әртүрлі учаскеде баққан кезде оларға қандай қосымша азық беру керектігін білуге зор мүмкіндіктер туды. Соның ішінде жылқыға қосымша азық ретінде тұз бен сүйек ұнтағын беру пайдалы екендігі айқындалды. Тұз кесек күйінде немесе уатылып науаларға салып беріледі.

Жылқыны қыста тебінде бағу завод жұмысындағы аса жауапты мәселе. Сондықтан да жылқы бағатын жылқышылар мен зоотехниктер тебінде жүрген жылқылардың, әсіресе биелердің күйін қадағалап бақылап отырады. Сәл арықтай бастаған биелер бола қалса, оларға қолдан шөп, күшті азық беріліп күтімдегі жылқыға әкеліп қосылады. Осының нәтижесінде жылқыны қыстату жұмысы ойдағыдай жақсы өткізіліп жүр. Мұнда нелер қатал қыстарда да жылқының аурудан я азықтың жоқтығынан өлім-жітімге ұшырауы ешбір болған емес.

Заводта сегіз танапты ауыспалы егіс тәртібі қолданылып, толық игеріліп отыр. Онда 1949 жылы 240 гектар жерге түрлі екпе шөп (жоңышқа және басқалар), 500 гектар сұлы, 183 гектар арпа, 10 гектар картоп егілді. Дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 19 центнерден өнім алынды, ал жоспар бойынша 10 центнерден алынуға тиіс еді. Картоптың әр гектарынан жоспарда белгіленген 70 центнердің орнына 104 центнерден өнім алынды. 1951 жылы заводта дәнді егіс 1338 гектар жерге салынып, онан 19,7 центнерден өнім алынды.

Завод жыл сайын өзіне керекті шөпті толық дайындап алады. Мәселен, 1949 жылы жоспар бойынша 6525 тонна шөп дайындаудың орнына 6530 тонна дайындаған, ал 1951 жылы 6700 тонна шөп дайындаған. Заводтың өзіне керекті шөп пен күшті азықты жылқысына толық жетерліктей дайындап алғаны былай тұрсын, тіпті күшті азықтардың біраз бөлегін өзара жәрдем ретінде басқа жылқы заводтарына берді.

Кеген жылқы заводы жұмысты пайда кіргізіп істейтін завод. Ол арзан бағалы, бірақ сапасы жақсы жылқылар өсіріп шығарады. Мал шаруашылығының өнімдерін мемлекетке тапсыру жоспары жыл сайын артығымен орындалуда.

Жылқы заводының шаруашылығы барлық жағынан өсіп келеді, сонымен бірге заводта істейтін адамдардың да әл-ауқат тұрмысы үздіксіз жақсаруда. Жылқы бағушылар берілген жоспарды артығымен орындағаны үшін негізгі еңбек ақыларының үстіне көптеген үстеме ақы және ақшалай сыйлықтар алады. Мәселен, аға жылқышы Бақыт Жамбаев 1949 жылы 3 000 сом сыйлық алды, ал 1948 жылы оған 2 500 сом сыйлық берілген еді. Ол содан бері қарай заводтың озат жылқышыларының бірі.

Заводта істейтін кадрлардың мәдени дәрежесі де күннен күнге өсіп, артып келеді. 1949—50 оқу жылында заводтың 40 жылқышысы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің программасы бойынша емтихан тапсырды. Завод ішінде ұйымдастырылған зоотехниялық үйірмелерде заводтың барлық жұмысшылары оқыйды. Жылқышылардың және басқа малшылардың оқуына зоотехниктер, малдәрігерлік қызметкерлер, заводтың агрономы басшылық етеді.

Жылқы заводында 4 мектеп бар, оның екеуі Жіңішкеде, бірі заводтың орталығында, енді бірінде Текетас деген жердегі жылқышылардың балалары оқыйды. Малшылардың балаларын жоғары білімі бар 12 мұғалім оқытады.


Заводтың орталығы тұрған жерде күн сайын көркейіп келе жатқан поселке бар. Онда жылқышылар мен мамандар тұратын жайлы үйлер, электр станциясы, ішінде тұрақты жұмыс істейтін киносы бар клуб, радио торабы, кітапхана, орта мектеп, балалар яслиі мен балалар бақшасы, магазиндер және басқа мәдени-тұрмыс мекемелерінің үйлері салынған. Заводтың көшпелі киносы да бар, ол мал учаскелеріне әрдайым барып, малшыларға кинокартиналар көрсетіп тұрады. Завод жылқышыларына Алматының артистері де барып тұрады. Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры мен ұйғырдың музыка-драма театрының артис-

терІ, Қазақтың Мемлекеттік филармониясының концертшілері сан рет барып, өнерлерін көрсетті.

Заводта идеялық-саяси және көпшілік-тәрбие жұмыстары жөнінен қорытылған бір талай тәжрибе бар. Заводтың партия ұйымында 61 коммунист, бастауыш комсомол ұйымында 80 адам есепте тұрады. Завод орталығында және мал жатқан учаскелерде БК(б)П тарихын үйренетін және күнделікті саясатпен таныстыратын үйірмелер, жылқышылардың сауаттылығын көтеретін үйірмелер жұмыс істейді. Оның үстіне, заводтың орталығында ересектерге арналған кешкі оқу мектебі ашылған. Партия ұйымы заводтың негізгі кадрларының бәрі таяу жылдардың ішінде орта білім алуына күш салып отыр. Заводта радиогазет пен бірнеше қабырға газеттері шығарылады. Жұмысшылар мен мамандар аудандық «Мал шаруашылығының екпіндісі» деген газеттің 325 данасын, 70 дана республикалық және орталық газеттер, «Коневодство», «Ветеринария», «Агротехника», «Большевик Қазахстана», «Огонек», «Работница», «Пионер», «Қазақстанның социалистік мал шаруашылығы» және басқа журналдар жаздырып алдырады. Мамандар мен жылқышылардың көбінің үйінде кітапханалары, радиоприемниктері, музыка аспаптары бар. Жылқы заводы қызметкерлерінің үй іргесінде жерлері бар, онда огород пен алма бақтары өседі. Әрбір жұмысшы семьясының жеке пайдаланылуында бір-бірден сауын сыйыры, 5—20 бастан қой, құстары, шошқалары бар.

Жылқы заводында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген жылқы өсіруші стахановшылар көбейді. Мәселен, завод құрылғаннан бері сонда істеп келе жатқан аға жылқышы Бақыт Жамбаев 1949 жылы 140 биеден 130 құлын өсіріп, бәрін де аман сақтады. Жамбаев биелерді шағылыстыруға күн ілгері, жақсы әзірлейді. Сондықтан да оның баққан биелерінің бәрінің де айғырдан шығатын кезде қоны жақсы болады. Ол жылқының жайылымын уақытымен дұрыс алмастырып отырады, жылқыны уақытында суарып жүреді.

Бақыт Жамбаев жылқы бағу ісінің нағыз шебері, ол өз жұмысында жана әдістер тауып отыратын адам. «Көп жылқышылар,— дейді ол, — түнгі уақытта қас-



Қостанай жылқы заводының конюшнясы.

қырдан қорқып, жылқыны түнімен бір жерде иіріп ұстайды да, тек таң атқаннан кейін ғана жайып бағады. Бұл дұрыс емес. Жылқыны түнгі отынан еш уақытта қалдырмау керек». Жамбаев жылқының түнгі күзетіне мұқият қарап, оны жақсы ұйымдастырады. Сондықтан да оның табынында қасқырдан ешқандай шығын болған емес.

Жамбаев жас жылқыларды өсіру жұмысына да тыңғылықты қарайды. Ол құлындайтын биелерді көзден таса қылмай, үнемі байқап жүреді де, қолдан құлындатады. Тұңғыш құлындаған құлық биелер құлындарын тосырқап, маңына жолатпаса, емізбесе, Жамбаев оның сүтін алып құлынға жағады, сонда бие өз сүтінің иісін танып, құлынын тосырқағанын қояды. Жамбаев құлындарды биелерден айыру жұмысын да жақсы ұйымдастырады.

Жылқыны бағып өсіретін Эмба жылқы заводы коллективінің жұмыс тәжрибесін де атап кетуге болады. Эмба заводы Ақтөбе облысындағы Мұғаджар тауларының тасты алқаптарына орналасқан. Осы жердің жаратылысы мен ауа райының қыйын жағдайында бұл завод көп жұмыстар істеп, зор табыстарға жетіп отыр. Эмба жылқы заводы, алдыңғы қатарлы адамдарының күшімен 20 жылдан бері жылқысының санын үнемі көбейтіп келеді, биелерді түгел құлындатып, туған құлындарды толық аман сақтайды. Заводта жылқыға керекті азық қорының берік базасы жасалған, егіндік жерлерді қорғайтын ағаштар отырғызылған, су жыйналатын тоғандар салынған. Жылқы шаруашылығымен қатар, қой, түйе, сыйыр өсіру жұмысы да жақсы өркендетілген. Заводтың барлық учаскелерінде жұмысшылар мен мамандар үшін көп тұрғын үйлер салынған; мұнда электр станциясы, бірнеше мектеп, клуб, радио торабы, магазиндер, моншалар бар. Заводтың орталығы мүлдем жаңадан салынған, түрлі ағаш, гүл егіліп көркейтілген, қалаға ұқсас үлкен поселке. Егіншілік пен мал шаруашылығындағы жұмыстардың бәрі де механикаландырылған. Заводтың егіндік жерлері мен пішен даласында қуатты тракторлар, өздігінен жүретін шөп машиналары мен комбайндар жұмыс істейді. Су тоқтататын бөгеттер жасау жұмысында да маши-

налар пайдаланылады. Заводта жасалған су бөгетінің ішіндегі ең ірісі — 1600 метрлік бөгет 1950 жылы салынып бітті, сонын жарлемімен заводта үлкен су қоймасы жасалды. Мұнын ені етістедді, оттрлатыр мен бақтарды, ағаш өсіріп шығарлатын питомникті және заводтың орталығында отырғызылған деңшіпдлы сумен камту жөнінде болып келген тапшылықты жоюға мүмкіндік берді.

Кәзіргі уақытта бұл завод жыл сайын 80—000 мың центнер шөп жыйнап, егіндік жерден 8—12 мың центнерге дейін дәнді азықтар алып отыр.

Заводта жылқылардың сапасын жақсарту жөнінде де көп жұмыстар істелген. Эмбада қазақтың жабы деп аталатын таза канды жылқысы және тегі дон-салт мінетін—казак жылқыларынан шыққан жылқының, таза тұқымы өсіріледі.

Жабы жылқысының басқа қазақы жылқылардан айырмасы—онын денесі біртұтас, шомбал, тұрқы ұзын, аяқтары сәл қыскалау келеді; ол тез оңалып, тез семіреді, кандай аяздар мен борандарға болса да шыдамды, нағыз калын карда да тебінде болып, күйін аздырмайды. Жабы жылқысы кандай аурпалыққа болса да өте төзімді және күшті келеді, ол салт мінуге де, жегуге де бірдей, жүрісі жіті, мінезі жуас жылқы.

Эмба заводында өсірілетін, қазақтың таза тұқымды жабы жылқысының өлшеулері[1]

(сантиметрмен)

Өлшеулері	Тұқымдық айғыр	Бие	
		I класс	II класс
Шоқтығына дейінгі биіктігі . . .	145,4	143,6	141,0
Тұрқының қыйғаш ұзындығы . .	152,9	151,5	148,5
Көкірегінің орамы	176,5	176,1	170,7
Жіліншігінің орамы	19,4	18,3	18,0

[1] В. И. Ленин атындағы Бүкілодактық ауылшаруашылық ғылым академиясы Қазақ филиалының Малшаруашылық институтының 1950 жылы заводтан алған мәліметінен.

Ақтөбе облысында жабы жылқысын өсіру жұмысымен әуелде Темірдегі тәжрибе станциясы шұғылданған, соңынан 1930 жылы жылқы заводы ұйымдастырылғанда станцияның 150 биесі мен 7 айғыры заводқа берілген. Бұл биелердің ол кезде шоқтығына дейінгі биіктігі 138,7 сантиметр, көкірегінің орамы 168 сантиметр, жіліншігінің орамы 17,9 сантиметр болған. Жабы жылқысының бұл тұқымы өткен 20 жылдың ішінде заводта басқа жылқылармен араластырылмай, таза күйінде өсірілген, тұқым асылдандыру жұмысы оның бойын биіктету, жүрісін жақсарту бағытында жүргізілген.

Осындай құнды қазақ жылқысының Эмба заводында Заур, Замок, Бүркіт, Писатель деген төрт түрлі тарауы өсіріліп шығарылған.

Қазақтың жабы жылқысының тұрпатын Зебр деген айғырдан айқын көруге болады. Зебр 1939 жылы Заур мен № 2440 биеден туған, оның өлшеулері: шоқтығына дейінгі биіктігі 145 сантиметр, көкірегінің орамы 182 сантиметр, жіліншігінің орамы 19,5 сантиметр. Қәзіргі уақытта Зебр заводтағы негізгі тұқымдық айғырлардың бірі болып саналады. Оның Заводта айғырлыққа пайдаланылып жүрген бірнеше балалары да бар.

Замоктен таралған жылқылардың ішінде Зоркий дейтін тұқымдық айғыр өзгелерден артық бағаланады (әкесі Замок, шешесі № 1091 қазақы бие). Зоркийдің тұлғасы ірі, денесі сом. Шоқтығына дейінгі биіктігі 150 сантиметр, тұрқының қыйғаш ұзындығы 156 сантиметр, көкірегінің орамы 184 сантиметр, жіліншігінің орамы 20 сантиметр. Одан туған балалардың ішіндегі ең құндысы Золотник дейтін таза тұқымды қазақы айғыр (өлшеулері: 146—152—174—19,5).

Эмба заводында Бүркіттен таралған Букет, Бойкий, Баян, Блеск дейтін және басқа айғырлар бар. Бұл айғырлардың дене бітістері сәл дөрекілеу болғанымен, сүйектері өте берік.

Писательден элиталық класқа жататын көптеген жақсы биелер таралған. Бұл биелерге Заурден, Замоктен, Бүркіттен таралған айғырлар пайдаланылды.

Эмбада өсіріліп шығарылған жылқының жаңа тұқымы бар, бұдан таралған биелердің саны бірнеше жүзге жетеді. Бұл жылқының да маңызы зор. Оның



Қазақы-дондық-салтмінетін жылқылардан шыққан Заветный деген сәйгүр.

тегі дон-салтмінетін-қазақ жылқыларын будандастырудан шыққан, бұл — жергілікті жердің жағдайына тез көндігетін, табында бағуға төзімді, жұмысқа өте пайдалы, денесі ірі жылқы (148—150 см).

Қазақстанда тұқымдық жылқыларды табында бағу ісін ұйымдастырып дамытуда зор еңбек сіңіргені үшін Эмба жылқы заводы «Құрмет белгісі» орденымен наградталған.

Қандай жұмыстарға болса да пайдалануға әбден жарайтын жылқы өсіріп шығаруда Алматы облысындағы Дегерес жылқы заводының болашағы зор екенін айта кету керек. Ол жылқыларды табында бағып өсіру әдісін қолданып отырған завод. 1930 жылы ұйымдастырыла бастағанда оған жергілікті қазақ жылқылары берілген. Ол кезде заводтың алдына қойылған басты міндет — Совет Армиясының атты әскерлеріне лайықты аттар өсіріп беру болатын.

Заводта жергілікті жағдайға үйренген салт мінетін

жылқы тұқымдарының айғырлары мен қазақы биелерді буандастыру жөнінде бірталай тәжрибе жұмыстары жүргізілген. Осы заводта пайдаланылған Гласис II, Девиз және Эскиз деген таза қанды айғырлардан көп ұрпақ қалған. 1940 жылға дейін заводта салт мінетін жылқы тұқымдарының қасиеттерін және жергілікті қазақы биелердің қасиеттерін бірдей ұштастырып бойында сақтаған тұқымдық биелер өсіріліп шығарылған; екінші сөзбен айтқанда, бұл биелерде салт мінетін жылқылардың сымбаттылығы және жұмыскерлік қасиеттері, қазақы биелердің бүкіл жыл бойына табында болатын, қандай қатты қыста да азбайтын, қоңын жоймайтын, көктемде және күзде тез оңалып семіретін, құлындары тез есейіп өсетін қасиеттері түгел болған.

Дегерес заводында алғашқы кезде әртүрлі айғырлар болған. Мұнда араб, терек, ахалтеке, желісті жылқы тұқымдарынан шыққан айғырлар пайдаланылған.

Соңғы кездерде Дегересте негізінен екі түрлі ғана жылқы тұқымы өсіріле бастаған. Оның бірі — буденный-қазақы (және дон-қазақы) жылқы, екіншісі — салтмінетін-қазақы жылқы. Бұлардың ішіндегі ең басты, негізгі тұқым — буденный-қазақы жылқы болып есептеледі. Жылқының бұл түрі атты әскерлердің салт мінуіне де, сондай-ақ ауылшаруашылық және транспорт жұмыстарына жегуге де әбден жарайтын икемді жылқылар өсіріп шығаруға зор мүмкіндік туғызып отыр. Буденный-қазақы жылқы тұқымын өсіруге пайдаланылып отырған негізгі тұқымдық айғырлар: дон жылқысынан шыққан бірінші кластық Стажер, Дербист, Заур деген айғырлар және буденный жылқысынан шыққан Диктор, Сарқанд, Бравый, Силач, Бенали, Дуэт деген айғырлар.

Заводта жақсы айғырларды толық пайдалану мақсатымен, мұндай айғырлар 30—40 биеден құрылған үлкен үйірлерге салынады. Мұнда биелерді қолдан ұрықтандыру жұмысы да ойдағыдай жүргізіліп отыр. Мәселен, 1950 жылдың маусымында Заур дейтін (дон жылқысының тұқымы) айғырды пайдалана отырып, 147 бие қолдан ұрықтандырылған.

Буденный және дон жылқысынан шыққан айғырлардан туған ұрпақтар әкелерінің бойындағы жақсы

қасиеттерін түгел сақтайды: бойлары зор, бұлшық еттері шығынқы, сүйектері ірі, денесі сымбатты сом келеді, аяқ басулары әсем, жүрісті болады, табында бағуға көнбіс келеді.

Ал енді салтмінетін-қазақы жылқы тұқымын алатын болсақ, мұндағы мақсат — жұмысқа өте төзімді мықты жылқы өсіріп шығару екенін көреміз. Бірақ соңғы жылдарда бұл жылқылардан туған кейбір ұрпақтар табында бағуды көтермейтін, тым әлсіз бола бастаған. Сондықтан бұл жағдайды өзгерту мақсатымен, 1950 жылы салтмінетін-қазақы жылқылардың ішінен табында бағуға онша жарамаған Даяр, Дар, Гуливер, Каюр, Бархат дейтін және басқа айғырлардың бәрі үйірден шығарылды, олардың орнына салт мінетін жылқы тұқымының сыйпаты бар, жұмыскерлік қасиеті күшті және табында бағуға көнбіс айғырлар (Магнит, Гранит, Электрик, Гарпун және басқалары) пайдаланылды.

Табында бағуға жарамағандықтан үйірден шығарылған айғырлардың бәрі дерлік ипподромдарда сыналған, кейбіреулері жүйріктігімен бәйге алған айғырлар. Алайда жылқыны ипподромдарда ғана сынау оның барлық қасиеттерін айқын айыруға толық мүмкіндік бермейтіндігі көрінді. Осы жағдайға байланысты Дегерес жылқы заводы тұқымдық айғырларды алыс жерлерге жіберіп сынау әдісін қолдана бастады. Мұндай бірнеше күндік сапарларға шыққан айғырлардың жұмыскерлік және жорыққа төзімділік қасиеттері барлық жағынан сыналып, айқын көрінеді. Жылқының бір күн тәуліктегі жүрісін сынау жұмысы 1949 жылы Дегерес жылқы заводында басталды. Бұл сынау жұмысында жылқының күші, жүрістілігі, жүйріктігі анықталды және бірнеше республикалық, одақтық рекордтар жасалды. Мәселен, 1949 жылы бір күн тәуліктегі үлкен жарыста Дегерес заводының жерінде асыл тұқымды 15 айғыр сынға түсті. Бұлардың жетеуі Дегерестен, төртеуі Кегеннен, төртеуі Луговой жылқы заводтарынан. Бұл жарыста бірінші орынды Луговой жылқы заводының салт мінетін теке-қазақ жылқысының тұқымынан шыққан Сайғақ деген айғыр алды, ол бір күн тәулікте 101,2 километр жер жүріп, асқан жүйріктігін

көрсетті. Дегерес, Кеген жылқы заводтарының 6 айғыры осы мерзім ішінде 300 километр жер жүрді. Ал басқа 8 айғыр 210 километрден 275 километрге дейін жер жүріп, бұлар да мықтылығын көрсетті.

Сол Дегерес заводында 1951 жылы болған ат жарысына 11 асыл тұқымды айғыр қатынасты, оның тоғызы Дегерес, екеуі Қордай жылқы заводтарынан. Бұл жарыс та жақсы өтті. Жарысқа қатынасқан 8 айғыр бір күн тәулікте 305 километр жер жүріп, бүкілодақтық тамаша рекорд жасады.

1951 жылы осы Дегерес заводында өткізілген ат сынау бәйгесіне асыл тұқымды 11 айғыр қатынасты. Мұның бәрі Дегерес заводының жылқысынан шыққан айғырлар. Бұл жарыста 1942 жылы туған дон—қазақ жылқысының нәсілінен шыққан Зенит деген айғыр бәрінен озып, ең алдымен келді, ол бір күн тәуліктің ішінде 311,6 километр жер жүріп бүкілодақтық жаңа рекорд жасады, асқан жүйрік атанды. Басқа айғырлар 150 ден 307 километрге дейін жер жүрді. Бұл жарыс күн райының қолайсыз, жолдың ауыр кезінде өткізілді. Сонда да ат сынау бәйгесінің біркелкі тәуір өткендігі көрінеді.

Бір күн тәуліктегі өткізілген жарыстардың нәтижесінің жақсы болуы аттарды дұрыс күтіп баптап жаратудан болатындығы мәлім. Өткізілген жарыстарының тәжрибесіне қарағанда аттарды дұрыстап жаратумен бірге, атқа мінетін жігіттердің де дайындығы күшті болу керек. Олар алғашқы уақытта 5—10 километр, кейіннен 15 километр жерді 50—60 минуттың ішінде жүретін болу керек.

Мұнымен бірге бір ай өткен соң күнделік жүретін жерді қашықтату керек, сөйтіп 45—60—75—90—105 километрге дейін барып, онда қатты желіспен 55—60 минуттың ішінде 15 километр жер жүруге үйрету керек. 45—105 километр жер жүргеннен кейін атты 3—4 күндей тынықтырған жөн. Бұлай еткенмен де тынығудағы аттармен күніне 3—5 километрдей жер жүріп, оларды сергітіп отыру пайдалы.

Атты жаратқанда жарату тәртібін күн сайын дұрыс сақтап, күту-баптауды күшейтіп, аттың денсаулығын қарап отыру керек. Сонда ғана атты алыс жерге жүр-



Дегерес жылдың зиялылығы, ақындық эпилогының
Елдан Кәкімжанов.

гізіп сынауға жіберуге болады. Сөйтіп, аттың күшін, жүйріктігін тексеріп мұндай жылқыларды тұқымдыққа пайдалану керек.

Дегерес жылқы заводы еліміздің халық шаруашылығына көптеген жылқы өсіріп беріп отыр. Бұлардың бәрі де барлық жағынан сыналған, тұқымдыққа және жалпы пайдалануға әбден жарайтын, сапасы өте жақсы жылқылар.

Бұл заводтың алдыңғы қатарлы адамдары әрбір 100 биеден 100 құлын алып, бәрін де аман өсіруді өздерінің негізгі мақсаты деп санап, осындай табысқа жету жолында қажырлы еңбек етіп отыр. Дегерес заводы ұйымдасқаннан бері осында істейтін № 7 табынның аға жылқышысы Ещан Қадіржанов және оның жылқы бағатын қызы Қалан Ещанова 1950 жылы құлын өсіру жоспарын 117 процент орындады. Олар баққан жылқылардың бәрі қысы-жазы бірдей табында болады, күйлері өте жақсы. Сол заводта 1930 жылдан бері істеп келе жатқан табын бақылаушы Айдарбек Айдауов та 1950 жылы құлын өсіру жоспарын 110 процент орындап шықты.

Заводтың партия ұйымында 65 коммунист бар. Осылардың көмегімен партия ұйымы жылқы бағушылар мен мамандардың арасында зор көлемде саясикөпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізеді. 1950 жылы мал шаруашылығында істейтін жұмысшыларға арнап 18 лекция оқылған, 24 баяндама жасалған. Жылқышылар мен бригадирлердің бәрі де ағымдағы саясатпен таныстыратын үйірмелерде және зоотехниялық-малдәрігерлік білім толықтыратын ұйірмелерде оқыйды. Заводтың радио торабы арқылы алдыңғы қатарлы жылқышылардың тәжрибелерін баяндайтын материалдар, жылқы шаруашылығында істейтін мамандардың лекциялары беріліп тұрады, жұмысшылар Алматыдан берілген концерттерді тыңдайды. Заводтың барлық бөлімшелерінде радио хабарларын қабылдайтын «Родина» приемниктері орнатылған. Бөлімшелерде жұмысшыларды өндірістік жоспарды толық және асыра орындауға шақырып, қажырлы еңбекке жұмылдыратын қабырға газеттері шығарылып тұрады.

Көкшетау, Чаглаев және басқа жылқы заводтары да өз жұмыстарында табысқа жетіп, тәжрибелерін молайтып отыр. Бұл заводтардың қай-қайсысы болса да өздерінің абройын арттырып, тиісті міндеттерін орындау үшін, жоғары сапалы тұқымдық жылқылар өсіру үшін шығару үшін қажырлы күрес жүргізіп келеді. Мәселен, Көкшетау жылқы заводының коллективі тұқым асылдандыру жұмысын дұрыс ұйымдастырып, жақсы жүргізу нәтижесінде желісті жылқылардың өте бағалы, элиталы таза класқа жататын тұқымдарын өсіріп шығарды. Бұл заводтың жылқылары Москва, Харьков, Свердловск, Омбы қалаларының және еліміздің басқа да қалаларының ипподромдарында жарысқа түсіп бәйге алып жүр. Заводта асыл тұқымды жылқылар үшін салынған 13 атқора бар. Атқоралардың іштері таза, тәртіпті ұсталады. Атшылар жұмыс істегенде үстеріне жалаң қабат ақ шапан (халат) киіп жүреді. Жылқы тұратын әрбір жабық бөлмеде әр жылқыға қолайлы жасалған оттық бар. Жылқыға берілетін азық — жемдерді әзірлеу жұмыстарының бәрі толық механикаландырылған, соның ішінде сұлы жаратын да машина бар. Жарылып берілген сұлы жылқының асқазанына тез сіңіп, бойына жақсы жұғатынын осы заводтың тәжрибесі айқын көрсетіп отыр.

Көкшетау жылқы заводы жылқыға керекті азық қорының берік базасын жасап алған. Ол 1950 жылы өзінің барлық жылқысын шөптен 112 процент қамтамасыз етті, тұқымдық жылқылар үшін нағыз құнарлы шөп бөлді. Жазда аңызғақ соғып, құрғақшылық болғанына қарамастан, завод мал азығының ауыспалы егіс тәртібін қолдану нәтижесінде барлық малдарды, әсресе жылқыны нәрлі шөптермен және күшті азықтармен қамтамасыз етті. Бұл заводта қоңы ортадан төмен жылқы мүлде жоқ. Завод жоғары сапалы тұқымдық жылқы сату жоспарын жыл сайын артығымен орындап келеді. Мәселен, 1948 жылы сатылған жылқының ішінде элита класымен және 1 класпен өткен жылқы 77 процент, 1949 жылы — 82,7 процент, 1950 жылы — 90 проценттей болды. Завод 1950 жылы әрбір 100 биеден 90 құлын алды.

Алдыңғы қатарлы жылқы заводтарының осындай жақсы тәжрибелерін республикамыздағы жылқы заводтарының бәріне және колхоздар мен совхоздардың жылқы фермаларына, басқа да көмекші шаруашылықтарға кеңінен таратып, іс жүзінде пайдалану керек. Тәжрибелі жылқы заводтарының үлгісі бойынша, тұқымдық жылқыларды сұрыптау үшін, олардың ішінен пайдасы шамалы, өнімділігі нашар биелер мен жарамсыз айғырларды алып, шаруашылық жұмысқа беру керек, жылқының сапасын мейлінше жақсартып, тұқымын таза ұстау керек. Мемлекеттік жылқы заводтарында, сондай-ақ колхоздардың жылқы фермаларында өсіріліп отырған биелер мен айғырлардың тұқымы жоспар бойынша қабылданған негізгі бағыттан ешбір таймауға және жылқы өсіру жұмысының қарқыны еліміздің халық шаруашылығының жедел өркендеп отырған әр алуан саласын жоғары сапалы жылқылармен толық қамтамасыз ететіндей дәрежеде жүргізілуге тиіс.



V ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТІК АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫ РАССАДНИКТЕРІНІҢ, ЖЫЛҚЫ КОНЮШНЯЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ИППОДРОМДАРДЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖРИБЕСІ

Совет өкіметі орнағаннан кейін жылқы шаруашылығының социалистік негізде қайта құрылып, бұрын болмаған дәрежеде өркендетілуіне байланысты, жылқы тұқымын асылдандыру жұмысын анағұрлым зор көлемде жүргізу өте қажет болды. Осы мақсатпен біздің совет мемлекеті жылқы заводтарымен қатар, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассадниктерін, заводтың жылқы конюшняларын және ипподромдар ұйымдастырды, олардың саны жыл сайын көбейіп, тәжрибе жұмыстарының көлемі өсе берді. Сол себепті біз кітаптың бұл тарауында жылқы тұқымын асылдандыру және оның сапасын жақсарту ісіне үлкен әсері тиіп отырған осы мемлекеттік ұйымдардың жұмыс тәжрибесі мен алда тұрған міндеттерін айтып өтпекбіз.

ГУРЬЕВТЕГІ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫ РАССАДНИГІ

Коммунист партиясы мен совет өкіметі асыл тұқымды мал өсіру және оны тарату жұмысымен шұғылданатын орындар ұйымдастырудың маңызды мәселе екендігіне жергілікті партия және совет орындарының назарын үнемі аударып келді. БК(б)П Орталық Комитетінің 1934 жылғы июньде болған пленумы таза тұ-

қымды малдары көп аудандарда асыл тұқымды малдар өсіретін рассадниктер ұйымдастыру керек екендігін атап көрсетті. «Таза тұқымды малдары көп аудандарда,— делінген осы пленумның қаулысында,— асыл тұқымды малдар өсіріп тарататын арнаулы мемлекеттік рассадниктер құрылсын, бұл рассадниктерде малдың ең жақсы жоғары өнімді және өсімтал тұқымдарын өсіріп шығару, сонымен қатар тұқымдық төлдерді түгел аман өсіру жөнінде селекциялық тұқым асылдандыру жұмыстары ұйымдастырылсын».

Қазақстанда БК(б)П Орталық Комитетінің июнь пленумының қаулысын жүзеге асыру мақсатымен, Гурьевте асыл тұқымды жылқы рассаднигі ұйымдастырылды. Бұл рассадниктің карауына әсіресе адай жылқысы көп тараған аудандар жатқызылды.

Гурьевтегі асыл тұқымды жылқы рассаднигі өзіне қаратылған аудандардың малдарын, жер жағдайларын зоотехниялық жолмен тексеріп шықты, Каспий маңының аңызғақ соққан құмды ыстық жерінде адай жылқысын өсіру, азықтандыру, жұмыска пайдалану жөнінде жергілікті халықтың ғасырлардан бері келе жатқан бай тәжрибесін зерттеп, жыйнақтады. Осындай зерттеудің нәтижесінде адай жылқысының мынадай қасиеттері бар екендігі анықталды: үнемі табында бағылып өскен адай жылқысы табиғат құбылысының қандай қатал жағдайларында болса да шыныққан төзімді келеді, азық, күтім талғамайды, денесі таразы, бұлшық еттері шығып тұрады, өзін күткен адамға тез үйренеді, мінезі жуас, адамның дегеніне тез көнеді. Адай жылқысы жұмыска икемді, алыс жолға баруға да, жүк тартуға да төзімді. Оның тағы бір өзгешелігі — қыстағы қатты суықтарға ол шыдамды келеді, қыс бойы азықсыз, тебіндеп қыстап шыға береді. Жұмыска салғанда, салт жүрісте адай жылқысы азбайды, бір күйінен айрылмайды.

Гурьевтегі асыл тұқымды жылқы рассаднигіне қарайтын аудандарда адай жылқысының жүйріктігін, қанша жүк тарта алатындығын сынап байқағанда жақсы нәтиже берген. Мәселен, Маңғыстау ауданындағы «Арбакеш» артелінде 1943, 1944, 1945 және 1946 жылдары адай жылқысының жұмыскерлік қасиеттері

сыналған, бұл үшін Баутино поселкесінен Форт-Шевченко каласына дейін 4,5 километр жерге ауыр жүк тасылған. Сынакка барлығы 40 жылкы катыстырылған. Жұмыс күні 10—12 сағаттан белгіленген, ара-тұра дем алу мүлде болмаған. Адай жылкысы жегілген, әрбір арбаға 400 килограмнан жүк тиелген. Жылкылар бір жұмыс күнінің ішінде осы жүктерді екі жакқа бірдей тасып, ерсілі-карсылы 6 рет жүрген. Міне сонымен, адай жылкыларының 400 килограмдық жүкпенен бір күнде 54 километр жол жүргенін көреміз.

Адай жылкысын бұдан гөрі алыс жерлерге жіберіп сынағанда да жаксы нәтиже берген. Мәселен, жоғарыда айтылған «Арбакеш» артелі адай жылкыларын Баутино поселкесінен Таушық поселкесіне дейін 97 километр жерге жіберіп сынаған. Осы поселкелердің екі арасында әркайсысының арбасына 400 килограмнан жүк тиелген бұл жылкылар, жол бойында таулы белдерден өте отырып, 25 сағат жүрген (бұған жол үстіндегі 2—3 сағаттық демалыс қосылады). Жол үстінде демалған кездерде жылкылар далаға жайылып, оларға қолдан азық берілмеген. Кейін қайту жолында жылқылар 97 километр жерден 13—14 сағатта келген, ешбір азбаған, қонын кемітпеген.

Зоотехник мамандар адай жылқысының жұмыскерлік қасиеттерін сынау үшін оларды тас көмір тасу жұмысына да жегіп көрген. Мұнда 36 жылкы сыналған. Олардың жұмыс күнінің ұзактығы 10 сағат болып белгіленген. Әрбір арбаға 700—750 килограмнан көмір тиеліп, 3,5 километр жерге тасылған. Осы 36 жылқының бәрі де бір күнде 3 рет барып, 3 рет кейін қайтып отырған. Сынау жұмысы арасына күн салмастан 50—60 күн қатарынан жүргізілген. Сынау жұмысының осылай ауыр жағдайда каурыт жүргізілгеніне қарамастан, жылқылар күйінен арылмаған. Кейбір арықтай бастаған жылкылар 15—20 күнге табынға жіберіліп, оналғаннан кейін қайтадан жұмысқа пайдалануға жарайтын болған.

Мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигі және соның төңірегіндегі бірнеше колхоздар адай жылқысын талай рет алыс жерлерге жіберіп, сынап көрген. Адай жылкысы мұндай сындарда әрдайым өздерінің

жақсы қасиеттерін — жұмысқа төзімді екендіктерін көрсеткен.

Батыс Қазақстанның мал шаруашылық тәжрибе станциясының ғылми қызметкері Абоимов жолдас 1948 жылы адай жылқыларының бір күн тәулікте қанша жер жүретіндігін сынағанда, оның бұл тәжрибесі тамаша нәтиже берген. Ол әр табыннан іріктеп 38 жылқы алып, бұлардың әркайсысына адамдарды салт мінгізген. Алыс жерге жіберілген осы жылқылар 23 сағат уақыттың ішінде 296 километр жер жүрген. Жолда дем алған уақыттарды қосканда, бұл жылқылар сағатына орта есеппен 12,9 километрден жүрген.

Адай жылқысынан шыққан сақа айғырларды алыс жолдарға жіберіп сынағанда өте жақсы нәтиже берді. Мұндай сынау жұмысы әсіресе ССР Одағы Жоғарғы Советінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлаулары кезінде көбірек жүргізілді. Сайлау бюллетеньдерін және сайлауға байланысты басқа да документтерді алыс жерлердегі сайлау учаскелері мен сайлау округтеріне жеткізіп тұру үшін 100 ден астам адай жылқысының айғырлары бөлінді, олардың әрқайсысы 40—50 күн осы жұмыста болды.

Айғырлар ең жақсы, тәжрибелі жылқышыларға бекітіліп қойылды. Айғырларды пайдалану жұмысын зоотехниктер мен малдәрігерлік қызметкерлер үнемі қадағалап, бақылап отырды. Гурьевтегі мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигінің жыйнаған мәліметтеріне қарағанда, «Жанақорған» колхозының 1937 жылы туған Қосан деген айғыры (шоқтығына дейінгі биіктігі 142 сантиметр, көкірегінің орамы 163 сантиметр, жіліншігінің орамы 19 сантиметр), Таушықтан Ақтөбе дейтін жерге дейінгі 180 километр жолдан 8 сағат 32 минутта келген. Сол колхоздың 1939 жылы туған Чинал-Док дейтін қара айғыры (шоқтығына дейінгі биіктігі 143 сантиметр, көкірегінің орамы 162 сантиметр, жіліншігінің орамы 18,5 сантиметр) 180 километр жерден 8 сағат 11 минутта келген. «Бірліккүш» колхозының 1937 жылы туған Қызылкөк деген айғыры (шоқтығына дейінгі биіктігі 146 сантиметр, көкірегінің орамы 167 сантиметр, жіліншігінің орамы 20 санти-

метр) 90 километр жерден 4 сағат 10 минутта келген.

Мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигінің төңірегінде отырған колхоздар сүйікті Совет Армиясына жүздеген адай жылқыларын өсіріп берді. Көптеген адай жылқысы республикадан тыс жерлерге сатылып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мұқтаждарына кеңінен пайдаланылып отыр.

Гурьевтегі мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигі адай жылқысының ең жақсы тұқымдарын іріктеп алып өсіру жөнінде соңғы жылдарда зор жұмыстар істеді. Соның көмегімен Гурьев облысының колхозларында асыл тұқымды жылқы өсіретін фермалар ұйымдастырылды. Асыл тұқымды жылқы рассаднигі адай жылқысының санын көбейтіп, сапасын көтеру, туған құлындарды аман өсіріп, олардың бағым-күтімін жақсарта беру жайында нақты жоспар жасап, барлық жұмысты осы жоспарға сәйкес жүргізетін болды.

Бірнеше колхоздарда жылқыларды мініске, жегінге үйретіп сынайтын пункттер ұйымдастырылған, сол пункттерде адай жылқысының 500 дей тай-құнандары үйретіліп сыналған. Адай жылқысы Гурьев облысында ұйымдастырылған мал көрмелерінде де болған.

Алайда Гурьевтегі рассадниктің жұмысында кемшіліктер де бар, соның ішіндегі ең негізгі кемшілік — асыл тұқымды деп сыналып жүрген жылқылардың сапасы әлі де нашар. Оның сатып жүрген асыл тұқымды айғырларының басым көпшілігі екінші класқа ғана жатады, олардың ішінде элита класы мен бірінші кластық айғырлар мүлде аз кездеседі.

Мұның себебі не? Мұның себебі — ең алдымен тұқымдық ұсақ жылқыларды өсіру ісіне әлі күнге дейін елеулі мән берілмейтіндіктен, бұл жұмыс қалай болса солай жүргізілгендіктен болып отыр. Асыл тұқымды жылқы рассаднигінің төңірегінде отырған колхоздардың кейбіреулері тұқымдық жас жылқыларды өсіру мәселесі екінші кезектегі жұмыс деп қарайды, кейде тіпті жас жылқыларға арналған азықтарды жырымдап үнемдеуге тырысады. Жас жылқыларға осылай немқұрайды қарап, азыққа көбінесе шөп қана берілетіндіктен олар тез есеймейді, нәзік болып өседі. Сол мақ-

дағы жеке колхоздарда тұқымы нашар жабайы айғырлардың үйірге салынуына жол беріліп жүр.

Гурьевтегі мемлекеттік асыл тұқымды рассадниктің алдында зор міндеттер тұр. Ең алдымен тұқымдық жас жылқылар әрбір колхозда өсірілуге, оларға жем-шөп берілуге тиіс, сөйтіп асыл тұқымды жылқылар өсіретін әрбір фермадан жыл сайын ең кем дегенде 2—3 айғыр сатылып тұратын болуы керек, бұл айғырлардың сапасы 1-кластан кем болмауға тиіс. Өсіріп отырған тұқымдық жылқылардың санын көбейтін, сапасын арттыру жөніндегі өндірістік тапсырмаларды үнемі толық орындап отыратындай дәрежеге жету үшін рассадниктің жұмысына ауыл шаруашылығының мамандарын, колхоздардың председательдерін, асыл тұқымды жылқы фермаларының меңгерушілерін, алдыңғы катарлы жылқышыларды кеңінен катынастыру керек, олардан тұракты жұмыс істеп, көмегін тигізетін тиісті актив ұйымдастыру керек.

Совет Одағындағы асыл тұқымды жылқы өсіріп тараратын алдыңғы катарлы орындардың жұмыс тәжрибесі мынаны көрсетеді: жылқының сапасын кандай жолдармен жаксартуға болатынын, тұқым асылдандыру және сонымен байланысты баска түрлі жұмыстардың не максатпен және кандай әдістермен жүргізілетінін жылқы рассаднигінің өз кызметкерлері, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің мамандары және ауданның басшылары ғана біліп коймай, сонымен катар әрбір атшы, әрбір жылқышы білетін болуы керек, сөйтіп, барлық зоотехниялық тәжрибе жұмыстары осы максатка сәйкес жүргізілуге тиіс.

Асыл тұқымды жылқы рассаднигінің касында шағын ипподром және жылқыны колдан ұрыктандыруды көрсететін үлгілі пункт ұйымдастырылғаны жөн. Сонымен катар жылқы шаруашылығы жөнінде түрлі семинарлар, мамандыкты арттыратын курстар, өндірістік кенестер және зоотехниялық ғылми-зерттеу жұмыстары өткізілетін зоотехниялық кабинет ұйымдастырып, тиісті материалдармен жабдыктау кажет. Мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигі облыс пен республиканың ғылми-зерттеу мекемелерінен тиісті көмек ала отырып, таяудағы жылдарда істелетін жұмыстардың

болашағын белгілеген зоотехниялық жоспар жасауға тиіс. Бұл жоспарда адай жылқысын өсіру жөніндегі тұқым асылдандыру жұмысының міндеттері мен бағытын көрсетіп, дұрыс белгілеу керек, ол жылқыны әрбір колхоз фермасында қалай өсіру әдістерін көрсету керек, тұқымдық айғырлармен қамтамасыз ету және оларды айырбастау жұмысының жоспарын, сондай-ақ жылқыларды күту, азықтандыру жұмысын жақсарту жолдарын белгілеу керек. Мал азығы қорының берік базасын жасауға айрықша көніл бөлу қажет. Колхоздардың әркайсысы өздерінің жылқылары мен өнім малдары үшін біржарым жылға жететін азық қорын жасап алулары керек. Бұл үшін мал азығының ауыспалы егіс тәртібін енгізіп, көп жылдық және бір жылдық шөптердің егісін молайтып, табиғи шабындықтарды жақсылап пайдалану керек.

Гурьевтегі мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассаднигі асыл тұқымды адай жылқысын жедел қарқынмен өсіріп, көбейту жөнінде жүргізілетін барлық зоотехниялық жұмыстардың орталығы болуға тиіс және сондай үлгілі орталық болуға міндетті де. Адай жылқысының тұқымын мейлінше жетілдіріп, сапасын арттыра түсу жолында әлі де бірталай жұмыстар істелуі керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАВОДТЫҚ КОНЮШНЯЛАР

Біздің елімізде ұйымдастырылған бірталай мемлекеттік заводтық конюшнялар бар. Конюшня (аткора) дегенде жай мағнасындағы аткора деп түсінбеу керек, өйткені мұнда жылқы заводтарындағыдай жылқы тұқымын асылдандыру жөнінде бірсыпра тәжрибе жұмыстары жүргізіледі, заводтарда өсірілген асыл тұқымды айғырлар осы мемлекеттік конюшнялар арқылы колхоздардың жылқыларын жақсарту және олардың тұқымдарын асылдандыру мақсатына пайдаланылады. Қазақстанда мемлекеттік заводтық конюшнялар Алматы, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұйымдастырылған. Осы заводтық конюшнялардың әркайсысында көптеген асыл тұқымды айғыр-

лар бар, бұл айғырлар жыл сайын мал шағылыстыру маусымы туған кезде колхоздарға беріліп тұрады.

Мемлекеттік заводтық конюшнялар жылқы тұқымын асылдандыру жөнінде көп жұмыс істеп отыр. Мұны Алматыдағы заводтық конюшняның тәжрибесінен айқын көруге болады.

Алматыдағы заводтық конюшня 1930 жылы, бұрынғы қазақ-орыстар үшін ұйымдастырылған Үлкен Алматы көпшілік конюшнясының негізінде құрылған. 1935 жылдан бері бұл конюшняға Қазақстандағы және басқа советтік республикалардағы жылқы заводтарынан элита класына жататын көп айғырлар беріліп келеді. 1950 жылдың 1 январында осы заводтық конюшняда асыл тұқымды 45 айғыр, соның ішінде орловтың желісті жылқысынан 13 айғыр, орыстың желісті жылқысынан 11 айғыр, таза қанды салт мінетін жылқыдан 6 айғыр, буденный және дон жылқысынан 4 айғыр болды. Мемлекеттік конюшнядағы тұқымдық айғырлардың ішінде элита класынан 6 айғыр, 1-кластан 34 айғыр, II-кластан 5 айғыр бар.

Алматының мемлекеттік заводтық конюшнясының қамтуына 5 аудан жатады, олар — Алматы, Іле, Еңбекшіқазақ, Қаскелең және Жамбыл аудандары. Алдыңғы төрт ауданда негізінен желісті жылқылардың тұқымдары өсіріледі, ал Жамбыл ауданының көп колхозларында салт мінетін жылқылар өсіріледі де, 3 колхозда — орыстың желісті жылқысы өсіріледі. Мемлекеттік заводтық конюшнядан мал шағылыстыру маусымы кезінде колхоздарға берілетін асыл тұқымды айғырлар колхоздардың жоспар бойынша қандай жылқы тұқымын өсіретіндіктеріне қарай беріледі.

Мемлекеттік заводтық конюшняның маман қызметкерлері — зоотехниктері, малдәрігерлері және басқалары өздерінің негізгі тәжрибе жұмыстарын асыл тұқымды айғырлар берілген колхоздарға барып істейді. Олар колхоздардың фермаларындағы жылқыларды зерттеп, сапасымен танысады, шағылыстыру жұмысын ұйымдастырады, асыл тұқымды айғырлардың дұрыс пайдаланылуын, буаз биелердің толық сақталуын қадағалап отырады, жас жылқыларды өсіру, үйрету, сапасын сынау жұмыстарының уақытында дұрыс жүргізілуін қам-

тамасыз етеді. Мемлекетік заводтық конюшняның мамандары совет үкіметінің жылқы шаруашылығы жайындағы қаулы—қарарларының орындалуын бақылап отырады, колхоздарға зоотехниялық және малдәрігерлік кенестер беріп, тиісті көмек көрсетеді.

Алматының мемлекеттік заводтық конюшнясы соңғы 5 жылдың ішінде жылқыны колдан ұрықтандыру жөнінде көп жұмыс істеген. Осы конюшнядан берілген айғырлардан 1945 жылдан 1951 жылға дейінгі уақыттың ішінде колхоздарға мындаған құлын алынып, бәрі де аман өсірілген. Мәселен, Іле ауданының Карл Маркс атындағы колхозында 1948 жылы 105 бие қолдан ұрықтандырылып, соның 85,7 проценті буаз болған, ал 1949 жылы колдан ұрықтандырылған 135 биеден 126 бие, яғный 93,4 проценті буаз болып шыққан. Жылқыны қолдан ұрықтандыру ісінде бұл сыякты табыска жетудің себебі — тұқымдық айғырларды күту, азықтандыру жұмысы дұрыс жүргізілген және ұрықтандыру ісінің техникалық ережелерінің бәрі дұрыс сақталып, дәл қолданылып отырған. Бұл колхозда әрбір айғырға берілетін азықтың түрі және қай уақытта қандай азықтың берілетін мөлшері күні бұрын белгіленіп қойылған. Асыл тұқымды айғырларға берілетін азықтардың ішінде жай шөптен баска сұлы мен кебек сыякты күшті дәнді азықтар, сәбіз және жана шабылған көк шөп сыякты нәрлі азықтар болған. Оның үстіне мал шағылыстыру маусымы кезінде тұқымдық айғырлардың азығына жұмыртка қосылып берілген. Колхоздың жылқыны қолдан ұрықтандыратын пунктінде тәртіп күшті, жұмыстың бәрі жоспармен дәл уақытында істеледі, түрлі зоотехниялық есеп (биелердің қолдан ұрықтандырылған мезгілі, айғырдан шыққан күні, құлындаған уақыты және баскалары) өте жақсы жүргізіледі.

Алматының мемлекеттік жылқы конюшнясы колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларының өсіп нығаюына және жылқы тұқымының жақсаруына зор әсерін тигізіп отыр. Осы заводтық конюшняның тікелей көмегімен Алматы ауданының «Горный гигант», «Луч Востока», Молотов атындағы және баска колхоздарында желісті жылқы өсіретін асыл тұқымды жылқы фермалары ұйымдастырылған. Заводтық конюшня бұдан

басқа аудандардың колхоздарына да үлкен жәрдем көрсетіп келеді.

Алматы облысындағы асыл тұқымды жылқы өсіретін фермалардың ішінде «Луч Востока» колхозының жылқы фермасы өте жаксы деп есептеледі. Бұл фермада 30 дан астам асыл тұқымды желісті жылқы бар, бұлардың бәрі әруақытта сынап байқағанда өте жақсы желетін жылқы екендігін көрсетті. Сондықтан бұл фермаңың жылқысынан туған желісті жас жылқылардың бәрі жыл сайын ипподромға жіберіліп, онда үйретіліп сыналғаннан кейін тұқымдыкка пайдалану үшін колхоздарға, совхоздарға сатылып жүр.

Алматының заводтық конюшнясынан алынған айғырлардан өскен биелерді пайдалану негізінде Алматы облысының Жамбыл ауданының «Октябрь», Аманкелді және басқа колхоздарында да асыл тұқымды жылқы фермалары ұйымдастырылған. Осы колхоздардың салт мінетін жылқы тұқымынан туған жас жылқылары да жыл сайын ипподромға жіберіліп, сыннан өткізіледі. Содан кейін заводтық конюшняның айғырларынан туған осындай асыл тұқымды жас жылқылардың көбі тұқымдыкка пайдалану үшін Алматы облысының басқа аудандарының колхоздарына беріледі.

Алматының мемлекеттік заводтық конюшнясы сыякты, Онтүстік Қазақстан облысындағы Шұбар конюшнясы да біраз ойдағыдай тәжрибе жұмыстарын жүргізіп отыр. Облыстың колхоздары осы заводтык конюшняның айғырларын жыл сайын алып, өздерінің жылқы тұқымдарын жақсарту максатына пайдаланып жүр. Орта есеппен алғанда жылына колхоздардың мыннан астам биелері Шұбар конюшнясының айғырларынан шығарылады. Бұл жылқы конюшнясы облыстағы бірқатар аудандардың асыл тұқымды жылқысын көбейтуге үлкен әсерін тигізіп отыр.

Шұбар мемлекеттік завод конюшнясы мамандарының көмегі аркасында бірнеше колхоздардың жылқы фермаларының биелерін колдан ұрықтандыру әдістері жасалып отыр. Ол үшін жақсы асыл тұқымды айғырлар пайдаланылады.

1951 жылы жылқы фермаларында Шұбар конюшнясының асыл тұқымды айғырлары мен 960 бие ұрықтан-

дырылды. Оның ішінде сол жылы зоотехниктердің ұйымдастыруымен Георгиев ауданындағы «Победа» колхозының жылқы фермасында элиталық асыл тұқымды желісті айғырлармен 300 ден артық бие қолдан ұрықтандырылды.

Шұбар конюшнясының мамандары тек бір ғана шағылыстыру науқанын жүргізумен тынбайды, олар завод конюшнясының айғырларынан туған құлындарды өсіру ісіне де басшылық көрсетіп отырады. Бұл конюшняның жұмысы колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларының жұмысымен өте байланысты.

Асыл тұқымды бойдақ жылқыларды үйрету үшін конюшня қызметкерлерінің қатысуымен Георгиев ауданының «Победа», «Красный звезда» колхоздарының жылқыларды жүріске үйретететін және жарататын пункттері ұйымдастырылды. Бұл пункттердің барлығы да желісті жылқыларды үйретуге кірісіп отыр, бірақ «Победа» колхозының жылқы үйрету пунктінде буденный жылқысы тұқымынан да, салт мінетін жылқының тұқымынан да бөлімше бар.

Мемлекеттік завод конюшнясының ұйымдастырған аса маңызды зоотехниялық шараларының бірі — аудан көлемінде жылқы көрмесін өткізу. Сонымен бірге жылқы шаруашылығының табыстарын көрсету үшін, мемлекеттік завод конюшнясының инициативасымен, әрдайім ауылшаруашылық жылқы көрмесі ұйымдастырылып отырылады.


1950 жылғы жылқы көрмесі Сайрам, Түлкібас, Жуалы, Шымкент және Георгиев аудандарында өткізілді. Сайрам ауданында жылқы көрмесі «Белые воды» колхозының жерінде де ұйымдастырылды. Көрмеге 8 колхоздан 75 таңдаулы жылқы әкелінді. Көрмеге қатынасқан желісті жылқы мен буденный жылқысы тұқымдарынан тараған жас жылқыларға жыйналған жұрт назарын аударып, жақсы баға берді, сөйтіп конюшня жұмыстарының нәтижесі сол көрмеде айқын көрінді. Бұған қатысқан жылқылар завод конюшнясының айғырларынан туған еді.

Совет Одағының Маршалы С. М. Буденныйдың жылқышылар мен мал шаруашылығы мамандарының алдына қойған міндетіне сәйкес, республика көлемін-

дегі барлық асыл тұқымды жылқы конюшнялары әрбір элиталық және бірінші кластық айғырдан шыққан биеден құлын алып, оны асыл тұқымды жылқының қатарына қосу басты міндеттің бірі болып саналады. Сондықтан конюшнялардың қызметкерлері мен мамандары қарауындағы колхоздарының жұмыстарын бұрынғыдан анағұрлым жақсартып, жылқы шаруашылығын жедел өркендетуге зор мүмкіндік жасаулары керек, сонымен бірге жұмыс қарқынын бұрынғысынан әлде қайда жақсартуға тиіс. Олар ең алдымен мал азығының тұрақты берік қорын жасауға, ең жақсы асыл айғырларды іріктеп алып, тұқымдыққа пайдалануға, биелерді қолдан ұрықтандыру жұмысын кең көлемде жүргізуге, әрбір биеден құлын алуға және туған құлындарды 100 процент аман өсіруге қатты көңіл бөліп, бұл міндеттерді орындау үшін өздерінің барлық күш-жігерін жұмсаулары керек.

АЛМАТЫ ИППОДРОМЫ

Қазақстанда совет өкіметі тұсында ұйымдастырылған көптеген ипподромдар бар. Ипподромдардың атқаратын жұмысы көп. Оларға жүктелетін негізгі міндеттер: асыл тұқымды жылқыларды сынау жұмысын ұйымдастырып отыру; ат жарыстыру; шабыста не желісте озған аттардың бәйгесі үшін ат иесі колхоздарға, совхоздарға және сондай шаруашылықтарға ақшалай сыйлық беру, сөйтіп олардың жылқыны жақсы күтіп, жақсы өсіруге ынтасын арттыра түсу; ипподромда сыналып жатқан жылқыларды күту, азықтандыру жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуын қамтамасыз ету; ипподром ішіндегі аткораларды, тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарды, ат жарысатын жолдар мен адамдар отыратын трибуналарды жайлы, көрікті түрге келтіріп, тәртіппен ұстау; ипподром жанынан ұста дүкені мен әбзел-сайман мастерскойын ұйымдастырып, олардың жұмысын жолға қою; сыналған аттарды, олардың көрсеткен нәтижелерін есепке алып отыру; қандай жылқылардың сыналатынын көрсетіп программа бастырып шығару; сыналатын жылқыларды алып келген атшылардың, атқа мініп шабатын, атты желді-



Алматы ипподромында ат жарату.

ретін адамдардың ипподромда жатқан кезінде жылқыны үйрету әдістері мен сынау тәртіптері жайында оларға арнап курстар, семинарлар өткізу; колхоздардағы асыл тұқымды жас жылқыларды үйрету ісіне зоотехниялық басшылық ету, бұл жөнінде тиісті нұсқаулар беру.

Қазақстандағы республикалық және облыстық ипподромдардың бәрі Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауына жатады. Республикалық және облыстық маңызы бар ипподромдарда жылқыларды сынау жұмысының жоспарларын республикалық министрліктің ұсынысы бойынша ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітеді. Республикалық жергілікті маңызы бар ипподромдарда жылқыларды сынау жұмысын ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтары жөніндегі Жоғарғы басқармасы мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жылқы шаруашылығы басқармасы бақылап отырады.

Қазақстанның негізгі ипподромы — республикалық маңызы бар Алматы ипподромы.

Алматы ипподромы 1930 жылы ұйымдастырылған. Ол алғашында Алматы қаласының оңтүстік жағында, Бас арықтың тау жақ бетінде орналасқан болатын. 1932 жылы қаланың солтүстігіне таман 4 километрдей жерде ипподромға арнаулы жер бөлініп берілген. Қазіргі уақытта ипподромның алып отырған жерінің көлемі 69 гектар. Қаладан ипподромға баратын әдемі тас жолмен адам тасыған автобустар, жеңіл машиналар күнде ағыл-тегіл жүріп жатады.

Ипподромның негізгі құрылыстары және оған берілген учаскені көркейтіп, тәртіпке келтіру жұмысы 1936 жылы басталды. Ипподром коллективі өз күшімен ипподромның айналасына сән ағаштар отырғызған, 4 гектар жерге жеміс бағын еккен, стандартты 4 атқора, жазда тұратын 200 жылқылық орын және ипподромның жұмысшылары мен қызметшілері үшін 4 тұрғын үй салған. Ипподромдағы атқоралардың бәрінде де электр жарығы бар.

Ипподром коллективі жас жылқыларды сынау үшін ат шабатын және ат желетін 2000 метр жол, 1000 метр

жай жол жасаған. 1937 жылы ипподромда адамдар отыратын 500 кісілік трибуна салынған. Ипподромды көркейту жөнінде жүргізілген осындай елеулі жұмыстардың нәтижесінде жылқы сынау жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға зор мүмкіндік туды. Алматы ипподромы жыл сайын ең кемінде 180—200 нағыз жақсы, асыл тұқымды жылқыны сыннан өктізетін болып отыр. Бұл ипподромға сыналатын жылқылар тек Қазақстанның колхоздарынан, совхоздары мен жылқы заводтарынан ғана келіп қоймай, сонымен бірге басқа да туысқан республикалардан келеді.

Ипподром коллективі асыл тұқымды жылқыларды сапасы жақсы құнарлы азықтармен, жем-шөппен қамтамасыз етіп келеді. 1936 жылы мұнда көмекші шаруашылық ұйымдастырылған. Бұған қала маңынан 473 гектар жер бөлініп берілген. Бұл ара сортаң тартқан сазды жер болатын. Қазір ол ипподром жұмысшыларының күшімен нағыз шұрайлы жерге айналды. 1938 жылдан бері қарай көмекші шаруашылық ипподромға сынауға келетін асыл тұқымды жас жылқыларды және ипподромның қасындағы мемлекеттік заводтық конюшняның асыл тұқымды айғырларын түгелімен жоңышқа шөппен қамтамасыз етіп келеді. Қазіргі уақытта ипподромның көмекші шаруашылығының салатын дәнді егістері мен көп жылдық шөптер егісінің көлемі 340 гектарға жетеді. Онда егін салуға, шөп шабуға керекті ауылшаруашылық машиналардың бәрі де бар. Көмекші шаруашылықтың жылқы фермасында 60 шамалы асыл тұқымды жылқы және ат-көлігі, товарлы сүт фермасында 20 сауын сыйыры, 40 тан астам ұсақ қара малы, шошқа фермасында тұқымы асыл 8 мегежіні бар; құс шаруашылығында жүздеген қаз, үйрек, тауық және күркетауық өсіріледі.

Ипподромның көмекші шаруашылығы егіндік жерлерді қорғайтын ағаштар өсіріп отыр. Соңғы жылдардың ішінде 500 мыңнан аса сән ағаштар мен жеміс ағаштары отырғызылған, соның ішінде 1950 жылдың көктемінде ғана 60 мың түп ағаш егілген. Осы көмекші шаруашылықтың арқасында ипподром өзінің барлық қызметкерлерін азық-түлікпен толық жабдықтап отырады.



Алматы ипподромында бәйгеден келген желісті ат.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы ипподромы жұмысын тоқтатқан жоқ. Ол 1941—1945 жылдардың ішінде 500 ден астам асыл тұқымды жылқыны сыннан өткізді. Сонымен қатар ипподром Совет Армиясының офицерлері үшін көптеген жақсы аттар өсіріп берді.

Отан соғысы аяқталғаннан кейін Алматы ипподромының көлемін кеңейтіп, онда жаңа құрылыстар салу жоспары жасалынды. Таяудағы жылдардың ішінде бұл ипподром жылына 500 ден 600 ге дейін асыл тұқымды жылқыны сыннан өткізе алатын болады. Асыл тұқымды жас жылқылар ипподромда барлық жағынан жете сыналып, лаборатория арқылы тексерілмек. Жаңа жоспар бойынша ипподромдағы ат шабатын және ат желетін жолдар кеңейтіліп, 300 жылқы сыятын бірнеше жаңа атқора, 10 мың кісілік орны бар бірнеше трибуна, малдәрігерлік емхана, ауру жылқыларды бөлек ұстайтын шағын аурухана салынып жатыр, сондай-ақ жылқыларды жуып тұратын тоғандар жасала бастады.

Қәзіргі уақытта Алматы ипподромы июльден октябрьге дейін ғана жұмыс істейтін маусымды ипподром болып отыр. Ішкі құрылыстары қайта жасалып кеңейтілгеннен кейін ол қысы—жазы бірдей үзбестен жұмыс

істейтін болады. Қысқы уақытта желісті жылқылар көк мұз қатқан жолдармен желістерін салыстырып, сынға түспек.

Өткен жылдардың ішінде асыл тұқымды жылқыны үйрету, сынау жөнінде және ғылми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде Алматы ипподромы едәуір табысқа жетіп, бірталай жақсы тәжрибе жасап отыр. Мәселен, Алматы ипподромында 1939 жылдан бері, шабысқа не желіске түскен жылқының өз күшін қаншалықты тез қалпына келтіретінін анықтау мақсатымен, әдеттегі жеңіл шабыс пен желістен басқа, тәжрибе ретінде белгілі мерзімді жерден аз ғана тыныс беріп, екі қайтара жарыс[1] әдісі қолданылып келеді. Алматы ипподромының бұл әдісі тәжрибеде өзін аяқтап шықты, сондықтан ол әдіс еліміздің басқа ипподромдарында да (Ростов, Краснодар) кеңінен қолданылып жүр.

Жоспар бойынша қабылданған жылқы тұқымдарының және олардан туған будандардың жұмысқа төзімділігі мен жалпы шымырлылығын анықтау мақсатымен, жасы үлкен жылқыларды 5, 8, 10, 12 километр жерге шапқызып сынау әдісі де тұңғыш рет Алматы ипподромында жиі қолданыла бастады.

Ипподромның жанында көп уақытқа дейін гематологиялық лаборатория жұмыс істеп келді. Ипподромда сыналатын жылқылар барлық жағынан зерттеліп, тексеріліп отырылды.

Алматы ипподромы ұйымдасқаннан бері 20 жылдың ішінде асыл тұқымды жылқының қаншасын сынnан өткізгенін мына мәліметтен айқын көруге болады:

Жылы	Сыннан өткен барлық жылқы	Соның ішінде	
		салт мінетін жылқы	желісті жылқы
1930	52	35	17
1931	жылқы сынау жұмысы болмаған		
1932	60	40	20
1933	40	25	15
1934	72	50	22

[1] Орысша «двухгитовые скачки» дейді.

Ж ы л ы	Сыннан өткан барлық жылқы	Соның ішінде	
		салт мінетін жылқы	Желісті жылқы
1935	145	106	39
1936	162	129	33
1937	211	159	52
1938	285	216	69
1939	143	105	38
1940	179	125	54
1941	165	106	59
1942	90	59	31
1943	100	54	46
1944	85	51	34
1945	89	57	32
1946	111	82	29
1947	152	103	49
1948	180	128	52
1949	167	119	48
1950	185	122	63
1951	207	131	76
Б а р л ы ғ ы	2870	1992	888

Алматы ипподромы салт мінетін және желісті жылқыларды шабыспен не желіспен жарыстыру жөніндегі жоспарды 1944 жылдан бастап жыл сайын үнемі артығымен орындап келеді. Мұны ыспаттау үшін мынадай мәлімет келтірейік.

Алматы ипподромында жылқыға жарыстыру жоспарының орындалуы

Жылы	Жылқының түқымы	Жылқының саны	Жарысқа канша рет қатысу керек	Қанша рет қатысты	Жоспардың орындалған проценті
1944	Салт мінетін жылқы	51	215	230	106,9

Жылы	Жылқының тұқымы	Жылқының саны	Жарыска канша рет қатысу керек	Канша рет қатысты	Жоспардың орындалған процентi
	Желiстi жылқы .	34	130	146	112,3
1945	Салт мiнетiн жылқы	57	200	208	104,0
	Желiстi жылқы .	32	110	120	109,1
1946	Салт мiнетiн жылқы	82	352	362	102,5
	Желiстi жылқы .	29	135	142	105,1
1947	Салт мiнетiн жылқы	103	642	689	107,3
	Желiстi жылқы .	49	242	257	106,0
1948	Салт мiнетiн жылқы	128	723	751	103,8
	Желiстi жылқы .	52	293	329	112,2
1949	Салт мiнетiн жылқы	119	594	694	116,9
	Желiстi жылқы .	48	211	233	110,4
1950	Салт мiнетiн жылқы	122	649	752	116,0
	Желiстi жылқы .	60	269	299	111,1
1951	Салт мiнетiн жылқы	131	746	751	100,7
	Желiстi жылқы .	76	579	175	101,4

Ипподромда асыл тұқымды жылқылардың жаксы күтiлiп, азықтың дұрыс берiлуi нәтижесiнде, сонымен қатар жас жылқыларды үйретiп сынауда ғылми жетiстiктердiң қолданылуы және оларды сынау жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы арқасында, соңғы 10 жылдың iшiнде Алматы ипподромында сыналған жылқылар өздерiнiң жүйрiктiгi жөнiнде жаңадан республикалық 74 рекорд, оның iшiнде бүкiлодақтық маңызы бар 5 рекорд жасады.

Соңғы 12 жылда Алматы ипподромында сыннан өткiзiлген 1700 асыл тұқымды жылқылардан (оның iшiнде салт мiнетiн жылқы — 1127, желiстi жылқы — 573) нағыз жүйрiк деп табылған жылқылар мыналар:

салт мінетін Шелест дейтін айғыр, 1946 жылы Талас жылқы заводында Сиваш деген айғыр мен Шпаға дейтін биеден туған, үшінші ұрпақ; 1946 жылы 1600 метр жерден 1 минут 46,6 секундта, ал 1800 метр жерден 1 минут 58 секундта келген;

салт мінетін Бейпинг деген айғыр, 1945 жылы Талас жылқы заводында Брелок дейтін айғыр мен Паста дейтін биеден туған, екінші ұрпақ; 1949 жылы 8000 метр жерден 10 минут 14 секундта, 10000 метр жерден— 13 минут 12 секундта, 3200 метр жерден — 3 минут 43 секундта келген;

салт мінетін Дар дейтін айғыр, 1945 жылы Дегерес жылқы заводында Девиз деген айғыр мен Холопка деген биеден туған, бірінші ұрпақ; 1949 жылы 5000 метр жерден 6 минут 15 секундта, 1948 жылы 2400 метр жерден — 2 минут 44,6 секундта, 1947 жылы 1800 метр жерден — 2 минут 0,4 секундта келген;

салт мінетін Доярр дейтін айғыр, 1943 жылы Дегерес заводында Девиз деген айғыр мен Гуара дейтін биеден тұған, бірінші ұрпақ; 1946 жылы 1600 метр жерден 1 минут 48 секундта, 2000 метр жерден 2 минут 16 секундта келген;

Ель дейтін тұқымы жақсартылған қазақы бие, 1938 жылы Алматы ауданы, бұрынғы «Красный комбинат» (кәзіргі уақытта Молотов атындағы) колхозда туған; 1940 жылы 1200 метр жерден 1 минут 24,3 секундта келген;

Бравый дейтін тұқымы жақсартылған қазақы айғыр, 1938 жылы Жамбыл ауданы, «Октябрь» колхозында туған; 1940 жылы 1600 метр жерден 1 минут 58 секундта келген;

Зенит дейтін тұқымы жақсартылған қазақы айғыр, 1939 жылы Жамбыл ауданы, «Октябрь» колхозында туған; 1941 жылы 1800 метр жерден 2 минут 16 секундта келген;

Крик дейтін тұқымы жақсартылған қазақы айғыр, 1937 жылы Алматы ауданы, «Луч Востока» колхозында туған; 1948 жылы 1600 метр жерден 1 минут 57 секундта және 1800 метр жерден — 2 минут 16 секундта келген;

Доскаль дейтін тұқымы жақсартылған қазақы

айғыр, 1938 жылы Еңбекшіқазақ ауданы, Киров атындағы колхозда туған; 1946 жылы 1800 метр жерден 2 минут 10,2 секундта және 2400 метр жерден — 2 минут 59 секундта келген;

Зефир дейтін тұқымы жақсартылған қазақы айғыр, 1940 жылы Жамбыл ауданы, «Октябрь» колхозында туған; 1943 жылы 3200 метр жерден 4 минут 10 секундта келген;

салт мінетін Единобор дейтін айғыр, 1946 жылы Қостанай жылқы заводында туған, бірінші ұрпақ; 1949 жылы 3200 метр жерден 3 минут 29 секундта келген.

Алматы ипподромында сыналған желісті жылқылардың ішінде мына жылқылар аса желісті екендіктерін көрсетті:

орыстың желісті жылқысынан шыққан Говор дейтін айғыр, 1947 жылы Алматы ауданы, Сталин атындағы колхозда туған, екінші ұрпақ; 1949 жылы 1600 метр жерден 2 минут 31 секундта келген;

орловтың желісті жылқысынан шыққан Бомба дейтін бие, 1947 жылы Алматы ауданы, «Луч Востока» колхозында туған, үшінші ұрпақ; 1949 жылы 1600 метр жерден 2 минут 34 секундта келген;

1949 жылғы Қордай жылқы заводында туған Дон дейтін айғыр 2 жасында 1500 метр жерден 1 минут 49 секундта келген;

салт мінетін таза қанды жылқының II ұрпагы Народник дейтін айғыр 1400 метр жерден 2 жасында 1 минут $33^{5}/_{8}$ секундта келген;

1946 жылы Алматы мемлекеттік жылқы конюшнясында туған Рубин дейтін айғыр 4 жасында 5000 метр жерден 6 минут 11 секундта келген.

Алматы ипподромында сыналып, тиісті дайындықтан өткізілген Қазақстан жылқылары басқа туысқан республикалардың ипподромдарында да жарысқа түсіп, өздерінің жүйріктігін көрсетті. Мәселен, 1948 жылы Сталинабад қаласында өткізілген Орта Азиялық спартакиадаға қатысқан Қазақстан жылқылары 50 километрлік жарыста бірінші орындарға ие болды. Қазақстан жылқылары осы 50 километрлік жерден мынадай уақыттарда келді:



Ахалтеке-қазақ жылқысынан шыққан Сайғақ деген айғыр 1949 жылы бір күн тәулікте 301, 2 км жер жүрген.

Чима-де-Конельяно деген айғырдың баласы, Қостанай жылқы заводында туған, кәзір Дегерес жылқы заводында тұрған Т у ч н ы й дейтін айғыр 1 сағат 35 минут 4 секундта келген;

Алматы ауданы, «Луч Востока» колхозының З а й ч и к дейтін айғыры 1 сағат 35 минут 50 секундта келген.

Алматы ипподромында дайындалған Қазақстан жылқылары Сталинабадта болған Орта Азиялық спартакиадада 1600 метр жерлік жеңіл шабыста да бірінші орындар алды. Бұлардың осы жарыста көрсеткен жүйріктігі мынадай:

Дегерес заводының Д а р дейтін айғыры 1600 метр жерден 1 минут 46,9 секундта, сол заводтың П е р с т дейтін айғыры 1 минут 47,5 секундта және сол заводтың Д о с дейтін айғыры 1 минут 49 секундта келген;

Алматы ипподромында үйретіліп, сыннан өткізілген жылқылар 1949 жылы Дегерес жылқы заводында өткізілген бір күндік жүріс сапарында ұзақ жолға асқан төзімді екендіктерін көрсетті. Мәселен, Луговой жылқы

заводының С а й ғ а қ дейтін ахалтеке—қазақы айғыры бір күн тәулікте 301,2 километр жер жүрген. Сайғақ бұдан бұрын Алматы ипподромында 4 рет болып, сыннан өткен.

Алматы ипподромында жылқыны күту, азықтандыру жұмысының былайша жақсы ұйымдастырылуы жылқылардың ойдағыдай өсіп-өнуіне едәуір әсерін тигізетіндігі тәжрибеден айқын көрініп отыр. Бұған ипподромда үйретіліп, сыналған жас жылқылардың денесін өлшеудің мынадай нәтижесі дәлел бола алады.

Алматы ипподромында болып шыққан жылқылардың орта есеппен алғанда денесінің өсуі
(әр жылдың тиісті маусымында)

Жылы	Жылқы тұқымдары	Шоқтығына дейінгі биіктігі (см)	Тұрқының қиғаш ұзындығы (см)	Көкірегінің орамы (см)	Жіліншігінің орамы см)
1945	Салт мінетін жылқы	1,7	—	6,7	0,5
	Желісті жылқы .	0,6	—	5,6	0,7
1946	Салт мінетін жылқы	1,7	—	3,2	0,4
	Желісті жылқы .	1,4	—	2,7	0,4
1947	Салт мінетін жылқы	2,6	1,5	1,5	0,1
	Желісті жылқы .	1,3	2,6	1,6	0,2
1948	Салт мінетін жылқы	2,9	3,1	3,6	0,7
	Желісті жылқы	2,2	4,2	4,2	0,6
1949	Салт мінетін жылқы	1,5	1,4	1,6	0,3
	Желісті жылқы .	1,6	1,4	2,4	0,3
1950	Салт мінетін жылқы	2,1	1,8	3,6	0,4
	Желісті жылқы .	1,9	2,8	3,5	0,6
1951	Салт мінетін жылқы	2,6	3,6	2,9	0,4
	Желісті жылқы .	2,6	2,5	3,8	0,6

Ипподромда сыналып шыққан асыл тұқымды жас жылқылардың тез өсіп, олардың денелері жылдан жылға толыға түсетінін тәжрибе көрсетіп отыр. Мұның өзі колхоздар мен жылқы заводтарында, сондай-ақ ипподромдарда сынау кезінде жас жылқыларды күту, азықтандыру жұмыстарының анағұрлым жақсарғанын ыспаттайды. Алматы ипподромында болған жылқылардың мына төменде көрсетілген дене өлшеулері (орта есеппен алғанда) осы айтқанымызға айқын дәлел бола алады.

Алматы ипподромында сынаи өткен жылқылардың орта есеппен алғандағы өлшеулері

(әр жыл сайын сантиметрмен)

Жылы	Шоктығына дейінгі биіктігі	Көкіректің орамы	Жіліншіктің орамы	Жылы	Шоктығына дейінгі биіктігі	Көкіректің орамы	Жіліншіктің орамы
1932	140	160	18	1942	149,4	163,2	18,5
1933	142	160	17,5	1943	149,6	163,9	18,2
1934	145	165	18	1944	146,5	156,5	18,5
1935	147	166	17,5	1945	148,5	163,1	18,6
1936	148,5	166	18,2	1946	149,1	161,3	18,4
1937	150,7	167	18,5	1947	150,7	164,0	18,6
1938	151,3	169	19,7	1948	152,1	163,3	18,9
1939	151,8	167,1	18,7	1949	152,4	167,1	18,5
1940	151,2	163,8	18,5	1950	154,5	170,2	19,0
1941	151,3	165,9	18,7	1951	154,8	173,5	19,3

Алматы ипподромында жыл сайын ат жарыс, ат спорт ойындары жиі өткізіліп тұрады. Бұлардан басқа ипподромда Қазақстанның мал шаруашылығында және жылқы шаруашылығында қолжеткен табыстарды көрсетілейтін республикалық көрмелер ұйымдастырылып, ол көрмелерде республикада өсіріліп отырған



Алматы ипподромындағы ат ойыны.

жылқының және басқа малдардың ең жақсы тұқымдары көрсетіледі.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан, ат үстінде ойналатын толып жатқан ұлт ойындары бар екені жұртқа мәлім. Халықтың тамаша дәстүрлерінің біріне айналған, еңбекшілер бұқарасы сүйсініп қарайтын ойындар Алматы ипподромында да жиі өткізіліп жүр. Әрдайым өте қызғылықты өтетін ол ойындарға, ат шабыстарға қай уақытта болса да халық көп жыйналады. Әрине, бұл ойындардың түрі де, мазмұны да кәзір ескі замандағыдан мүлде басқаша болғандықтан, олар жөнінде төменде толығырақ айтып өтпекпіз.

ХАЛЫҚТЫҢ АТШАБЫС-СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Халықтың ат үстінде ойнайтын ұлт ойындарының шығуы баяғы замандардан басталады. Ол талай ғасырлардан бері ескірмей, қайта кеңінен етек алған ойындар.

Революцияға дейінгі Қазақстанда атжарыс сыяқты ұлт ойындары қанаушы таптардың ғана мүдде-



Көкпарының бас судьясы Жамбыл.

сіне пайдаланылды. Барлық билік қолдарында болған бай-бектер мен феодалдар мұндай ұлттық ойындарды қазақ еңбекшілерін аяусыз қанап, оларға үстемдігін күшейте түсетін құралдың біріне айналдырды. Ол кезде бәйгеге тек байлардың, бек-шонжарлардың аттары ғана қатынасып, бұқара халықтың аттары ондай бәйгенің маңына да жолатылмайтын еді. Көпті көрген қарт ақын, халық жырауы Жамбыл «Мәстек пен тұлпар» деген өлеңінде мынаны айтады.

Өлеңімді өрлеттім,
Өрге құлаш серметтім,
Қалың елдің ішінде
Зарын айттым сорлының
. . . . . .
Жесірлерді жетектеп,
Жетімдерді тербеттім.
Көтерем мәстек үстінде
Талай да талай жерді өттім
. . . . . .
Күндердің күні болғанда
Ат шаптырған, той қылған
Думанды жерге кеп жеттім.
Арғымақ қосқан бәйгеге
Байлар қылды кесірді.

«Мәстек мінген әрі тұр!
Жүйрік мінген бері тұр!» —
Деп жуандар есірді.
Қызығын қалдым көре алмай,
Ордага қалдым ене алмай,
Бәйгесіне ат қосып
Шабыстан қалдым ере алмай,
Жата кеттім бір жерге
Қорлыққа көрген көне алмай.[1]

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін жағдай дәл осындай болған еді. Халық тарихының бір ғасыр бойы куәсі болған қарт Жамбыл қазақ аулындағы революциядан бұрынғы жағдайды, байлардың еңбекші бұқараға жасаған озбырлығын өте дұрыс суреттеп берді.

Қәзір жағдай мүлде басқаша. Советтік Қазақстанда халықтың ұлт ойындары мен атшабыс бәйгелері шын мәнісінде бүкіл жұртшылық бұқарасының игілігіне айналды. Әрбір атшабыс-спорт ойыны үлкен халық мерекесі ретінде өтеді, ат ойыны болатын жерлерге, ипподромдарға халық өте көп жыйналады. Халық ақыны Жамбыл совет өкіметі тұсында өткізіліп жүрген атшабыс ойындары мен бәйгелерге талай рет судья болып қатысқан болатын.

Совет өкіметі орнағаннан бергі жылдарда халықтың ұлт ойындарының түрі мен мазмұны, ол ойындарды өткізу тәртібі де өзгертіліп, жақсара түсті. Ұлт ойындарының ішіндегі ойынға қатынасушылардың денсаулықтарына зақым келтіретін қауыпты жерлері ойын ережесінен шығарылып тасталды да, ойындардың пайдалы жақтары күшейтілді, оған әсіресе ойынға қатынасушылардың денелерін шынықтыру, жылқының жүйріктігін, күшін және төзімділігін сынап білу үшін керекті ережелер қосылып, ойынның маңызы арта түсті.

Көкпар тарту ойыны. Халықтың өте жақсы көретін қызықты ұлт ойындарының бірі — көкпар тарту. Бұған кәзір жаңа тәртіп енгізіліп отыр. Революцияға дейінгі уақытта көкпарға берілген серкені тартамыз деп көкпар үшін керіс-жанжал шығатын, оның аяғы көп

---

[1] Жамбыл. Шығармаларының толық жыйнағы, 292—293-беттер, Алматы, 1946.

жағдайда төбелеспен, адамның, аттың мертігуімен тынатын. Қазіргі уақытта көкпар тартуда серкенің орнына шағын кілем пайдаланылады. Бұл кілемде «бірінші орын» деген жазу және жекпе-жек көкпар тартысып жатқан екі салтатты кісінің суреті болады. Осы кілем көкпарда жеңіп шыққан жақтың командасына бәйге ретінде беріледі. Бұған қоса ондай командаға ақшалай сыйлық және тиісті диплом беріледі. Дипломда көкпар тартуға түскен адамдар мен аттарын жарысқа жақсы дайындаған колхоздың немесе ұйымның табыстары көрсетіледі.

Қазіргі көкпар оны тартушы адамдардың күшін, ептілік, айлакерлік тәсілдерін арттырады, жүректілігін, батылдығын және қыйын жағдай туа қалғанда тез әдіс тапқыштығын арттырады. Көкпар сонымен қатар аттардың төзімділігі мен жүйріктігін, олардың түрлі ойындарға үйреншікті, оңтайлы екендігін және табиғи не қолдан жасалған кедергілерден секіріп өте алатындығын тексеретін сын болып табылады.

Көкпардың негізінен екі түрі бар: бірі — жалпы тартыс; бұған бірден көп адам қатысады және олардың әрқайсысы көкпарды жеке жеңіп алу үшін күреседі; екінші түрі — дода тартыс; мұнда жалпы саны белгіленіп екі дай бөлінген адамдар (топтар) көкпарды жеңіп алу үшін күреседі.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт істерінің республикалық комитеті көкпар тарту жөніндегі жарыстың ережесін бекітті. Бұл жарыс тек командалар арасында ғана болуы ықтимал және жарыс нәтижесі жеке адамға емес, бүкіл бір командаға тұтас есептеледі. Көкпар тартуға жасы 18 ге толған, көкпар тарту ережесімен таныс, дәрігерден саулығын қарап рұқсат еткен ер адамдар ғана қатыстырылады. Аттарды көкпарға қатысар алдында малдәрігерлері қарап шығады. Команданың құрамында, жарыстың көлеміне қарай, 5 адамнан 9 адамға дейін болады. Әрбір команданың адамдары жарыс өткізілетін алаңға келгеннен кейін кезекке қойылады: бір жолғы кездесуде (кезекте) әр командадан 4 адамнан артық болмауға тиіс. Көкпар жарысына қатысуға бөлінген адамдардың әрқайсысына бір күнде көп дегенде екі-ақ



Көкпары ойыны.

рет көкпар тартуға рұқсат етіледі, ал көкпар тартуға қатысу аралығында ең кемінде 30 минут үзіліс болуы керек. Көкпар тартысып жүрген адамдар сол көкпар тартуға бөлінген арнаулы жердің шегінен шықпайды және өз командасының капитаны мен судьяның нұсқауларын бұлжытпай орындап отырады. Судья ысқырғышпен дыбыс бере қалса, көкпар тарту дереу тоқтатылады.

Көкпар тартуға қатысатын адамдардың киімдері біркелкі болады: олардың әрқайсысы берік матадан тігілген сырт көйлек немесе шапан, мықты шалбар және етік киеді; әрбір көкпар тартушының көкірегіне және арқасына өз командасының белгісін білдіретін (ұзындығы 20 сантиметр, биіктігі 15 сантиметр) арнаулы номер қадалады. Бір командадағы адамдардың мінген аттары немесе киген киімдері бір түстес болғаны жөн, сонда көкпар тартып жүрген адамдардың қай командаңыкі екенін оңай айыруға болады. Көкпар тартатын аттардың айыл-тартпалары көкпарға шығар алдында мықтап тартылуы керек.

Көкпар тарту үшін жан-жағы төрт бұрыштанып келген ашық және тегіс жер бөлінеді, оның әрбір жағының кеңдігі 400 метрден 1000 метрге дейін болады. Көкпар тартатын жерді белгілегенде, оны көруге келген адамдардың қай жерде болатынын да ескеру керек.

Көкпар тарту жарысын өткізетін ұйымдар бәйгеге берілетін шағын кілемді тиісті жазулармен күні бұрын әзірлеп қояды.

Көкпар тарту жарысы мынадай тәртіппен өткізіледі:

Жарысты бақылап, басқаратын судья нақ орталықты көкпар тартатын жерге барып орналасады да, жалау көтереді, сөйтіп жарыстың басталғанын білдіреді. Осы белгі бойынша жарысқа қатысатын командалар ұйымдасқан түрде жеребе салысып таңдап алған өз қақпаларына барады да, беттерін орталыққа қаратып, тізіліп тұра қалады.

Судьяның алғашқы ыскырған дыбысы бойынша командалар көкпар тартатын алаңның ортасына таман барып, көкпар тартуға ыңғайлана бастайды да, олардың капитандары алаңның ортасында жатқан көкпардың (кілемшенің) қасына келеді. Бұл кезде әр бұрыш-

та тұратын судьялар да тиісті орындарына орналасып болады.

Судьяның екінші ысқырған дыбысы бойынша көкпар тартысы басталады: командалардың капитандары кілемшені жерден көтеріп алуға әрекеттенеді. Бұл кезде көкпар тартуға қатысатын басқа адамдардың тұрған жерлерін тастап, көкпарға қарай дүрліге шабуға және команда капитандарының бірі кілемшені жерден көтеріп алмай жатып көкпар тартысын бастауға ешбір правосы жоқ.

Көкпар тартуға қатысатын адамдар мынадай ережені сақтауға міндетті: әрбір көкпар тартушы адам астына мінген атының шапшандығы мен күшін бірдей пайдалана отырып, көкпарды тек қолменен тартып алады, алған көкпарды ердің қасына салады я қолда ұстайды, немесе тақымына басады. Көкпарды өз командасының басқа бір адамына беру үшін соған қарай лақтырып жіберуге болмайды. Көкпар тартып жүрген кезде судьяның рұқсатымен команданың адамдарын жаңартып ауыстыруға болады, бірақ әр командадан бір адамнан артық ауыстыруға болмайды.

Көкпар тартып жүрген кезде мыналарды істеуге болмайды: кілемшені атқа не ерге байлап тастауға, өзінің астына басуға, көкпарды алып шауып келе жатқан адамның қарсы алдынан кесе көлденең тұра қалып жолын бөгеуге, «қарсы» жақтың адамдарының киімінен немесе атының ер—тұрманынан ұстауға, көкпарды алып алаңнан шығып кетуге, көкпар тартушыларды не олардың аттарын ұрып-соғуға тыйым салынады. Көкпар тартатын аттардың бүрлі өткір тағалары болмауы керек. Көкпар тартып жүрген адамдардың айқайлауына немесе бір-бірімен сөйлесуіне де болмайды.

Егер көкпарды алып қашқан адам көкпар тартатын алаңның шегінен шығып кеткендей болса, онда судьяның ысқырған дыбысы бойынша жарыс дереу тоқтатылады да, көкпарға қатысушы адамдардың бәрі де ойын басталар алдында тұрған жерлеріне қайта барып, орын-орындарына орналасады. Өз адамы көкпарды алып алаңнан шығып кеткен команданың капитаны бұл жолы алаңның орталығында жатқан көкпарды жа-

ңадан көтеріп алуға қатыстырылмайды; ол өз командасының қасында болады.

Көкпар тартуға белгіленген уақыт — 45 минут.

Көкпар тарту жарысы не жеңіспен, не жеңіліспен аяқталуға тиіс. Бірін-бірі жеңе алмай, теңбе-тең түскен командаларға көкпар берілмейді.

Көкпар тартыстың нәтижесі мынадай тәртіппен есептеліп шығарылады: таза жеңіс үшін — 3 очко (ұпай), очкомен есептелген жеңіс үшін — 1 очко есептеледі, ал жеңілген командалар қай уақытта болса да «О» очко алады. Алған очколардың саны бірдей болғандай жағдайда, көкпар тартыста ең жақсы тәсілдер қолданып, «қарсы» жаққа белсенді түрде шабуыл жасай білген командалар жеңді деп танылады. Таза жеңіс дегеніміз мынау: егер бір команда ойын үстінде көкпарды өз қақпасына (отауына) алып келген болса, сондай-ақ қарсы жақтағы командалар көкпар тартуды аяқтаудан бастартса,— міне мұндай жағдайда команда таза жеңіске жетті деп есептеліп, оған бірден 3 очко есептеледі.

Ал егер белгілі уақыттың (45 минут) ішінде бірде-бір команда көкпарды өз қақпасына (отауына) алып келе алмаса, онда жарысты бақылаушы судья көкпар тартатын алаңның бұрыштарындағы судьялармен ақылдаса отырып, көкпар тартудың нәтижесін очколардың санымен есептеп шығарады. Мұндай очколар мына сыяқты командаларға беріледі: егер өз адамы көкпарды алып, ешкімге ілдірмей кетсе немесе «қарсы» жақтағы команданың адамдары судьядан ескерту алса,—осылар үшін бір-бір очкодан алып отырады. Ойын үстінде әдепсіздік жасаған, көкпар тарту жарысының ережесін бірнеше рет бұзған және тәртіп сақтамаған командалар жарыстан шығарылып тасталады.

Көкпар тарту жөніндегі жарысқа физкультура және спорт істерінің республикалық (облыстық, аудандық) комитеті тағайындайтын судьялық комиссия басшылық етеді. Мұндай комиссиялардың құрамында бас судья, бас судьяның орынбасары, секретары, судьялар, бұрыштарға тұратын судьялар, медицина дәрігері мен малдәрігері, жарыс уақытын өлшеп тіркеп отыратын хронометрші болады. Комиссияда бас судья, оның

орынбасары, судьялар және бұрышта тұратын судьялар шешуші дауыспен пайдаланады. Судьялық комиссия жарысқа байланысты мәселелердің бәрін шешіп отырады, оның алған қарарлары тұжырымды деп есептеледі. Ал әрбір команданың өз ішінен бөлген ресми өкілі және капитаны болады. Бұл екеуі судьялық комиссия мен өз командасының арасында жүріп, бірімен бірін байланыстырып отырады; бұлар жеке судьялардың қарарымен келіспесе, ол туралы наразылық білдіріп, бас судьяға жазба түрде шағым беруге праволы. Ресми өкіл өз командасындағы адамдардың түгел келуін қамтамасыз етеді, олардың арасында тәртіп болуын қадағалап отырады.

Сайыс ойыны. Халықтың өте бір жақсы көретін қызғылықты ат ойындарының бірі — сайыс ойыны. Мұнда екі адам ат үстінде жекпе-жек тартысып аударысады, қай жақ аттан аударып түсіріп кетсе, сол жақ жеңген болып есептеледі.

Ерте кезде сайыс қол бастаған жеке батырлардың, әр рудың ері атанған кейбір жігіттерінің айла-тәсілге жаттығып, күш-қайратын шыңдайтын құралы болған. Ол дәуірдегі жекпе-жек тартыста ұзындығы 2,5—3 метрлік ұшты найзалар қолданылған. Найзаны қолдану тәсілдері тым қауыпты болған, сондықтан ондай сайыстарда екі жақтың бірі не жарақаттанып, не тіпті өліп кететін болған. Найза қолдану мүлдем тоқтатылғаннан кейін сайыстың басқа түрлері, соның ішінде «қарсы» адамды ерден қолмен жұлып түсіру әдістері қолданыла бастаған.

Қазіргі уақытта өткізіліп жүрген сайыста ешбір қауып жоқ, оған қатынасушы адамдардың қай-қайсысына болса да жарақат салып, денесіне зақым келтіретін тәсілдер қолданылмайды. Қазіргі сайыс адамның қандай ауыртпалыққа болса да шыдамдылығын күшейтеді, адамды шапшаңдыққа, әдіскойлыққа, батылдыққа үйретеді, оның күш-қайратын арттырады. Сайысқа қатысқан адам аттың сапасын тез танып, тез айыруға дағдыланады.

Сайыс жөніндегі жарыстың бірнеше түрі бар: сайысқа жеке адамдар, жеке командалар түседі, кейде бірден бірнеше команда қатынасады. Сайысқа жеке



Сайыс ойыны.

адамдар түссе, оның нәтижесі әр адамның өзіне жеке есептеледі; жеке командалар түссе, оның нәтижесі командының өзіне де және ондағы адамдарға да жекежеке есептеледі; командалық жарыста — жарыс нәтижесі бүкіл командаға тұтас есептеледі.

Сайысқа қатысушылар өздерінің салмағы жөнінен үш категорияға бөлінеді: жеңіл салмақтылар — 65 килограмға дейін; орта салмақтылар — 80 килограмға дейін, ауыр салмақтылар — 80 килограмм және одан жоғары. Жарысқа жасы 18 ге толған, сайыстың ережелерімен жақсы таныс, денсаулығы жөнінен дәрігер рұқсат берген және сайысқа мінетін атына малдәрігерінен алған рұқсаты бар еркектер қатысады.

Командалық жарыста әр команда 3 адамнан құралады, бұлардың әрқайсысының салмақтары, жоғарыда айтқандай, үш түрлі (жеңіл, орта, ауыр) болуы керек; жарысқа екі-ақ адамнан құралған командалар да қатыстырыла береді, бірақ бұлардың да салмақтары әртүрлі болуы керек.

Сайысқа қатысатын адамдар берік матадан тігілген сырт көйлек немесе шапан, шалбар мен етік киеді. Са-

йысқа түсетін адамның көкірегі мен арқасында жапсырып қойған өзіне тән номері болады. Сайысқа түскенде үзеңгі баулары мықты қазақы ер ерттеледі, атқа өмілдірік және құйысқан тағылып, айыл-тартпасы қатты тартылады. Сайысқа түсушілер қамшы ұстамаулары керек, өйткені бір-бірімен тартысып жүргенде не өзіне, не атқа қапылыста қамшы тиіп, жарақаттанып қалуы мүмкін.

Сайыс жасалатын жер дөңгелектеу келген, кендігі 30—40 метр болатын, ойы да, дөңесі де жоқ тегіс жер болуы керек. Сайысты көруші халық сайыс болып жатқан жерден ең кемінде 10 метр аулыс отыруға тиіс.

Жарыс басталудан үш сағат бұрын сайысқа түсетін адамдардың салмағы өлшеніп, олар салмақтарына қарай категорияларға бөлінеді, сонан соң кімнің кіммен сайысқа түсетінін белгілеу үшін жеребе ұстайды. Командалық жарыстарда жеребе адамдардың салмағына қарай салынбайды, бүкіл команда үшін тұтас салынады. Сайыс жөнінде жарысқа басшылық ету үшін дәл көкпар жарысындағыдай құрамда және сондай правосы бар судьялық комиссия құрылады, сонымен қатар командалардың ресми өкілдері мен капитандары белгіленеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт істерінің республикалық комитеті сайыс жөніндегі жарыстарды өткізу ережесін белгілеп берді.

Ереже бойынша: сайысқа түскен екі адамның бірінің қолдарынан ұстасуға, «қарсы» жақтың белінен қапсыра құшақтауға, өз атының және «қарсы» жақтың атының бүйіріне тізесімен не аяғымен тіреніп, болмаса өз атының мойнын құшақтап жатып алуға, «қарсы» адамды әрі итеріп не өзіне тартуға, өз атының тізгінін қолдан босатпай, «қарсы» жақтың атына мінгесіп алып тартысуға рұқсат етіледі.

Ал бұлармен қатар «қарсы» жақтың белбеуінен төмен қарай киімінен ұстау, сондай-ақ оның аяғынан, басынан ұстап, атының ер-тұрманына жармасу, «қарсы» адамға және оның атына әлде қалай кол тигізіп ұрып кету, судьяның ысқырған дыбысы шыққаннан кейінде де сайысты тоқтатпай жүргізе беру, сайысқа

түскенде астына өткір тағалы ат міну сыяқты жағдайларға ереже бойынша рұқсат етілмейді.

Сайыс адамдардың салмағына қарай кезегімен жүргізіледі, ең алдымен жеңіл салмақты категориядан басталады. Сайысқа үздіксіз 20 минут уақыт беріледі. Сайысқа қатысушы әрбір адамның сайысқа бір күнде көп дегенде 3 рет шығуына болады, бірақ мұның арасында кемінде 30 минут үзіліс болуы керек. Сайыс не жеңіспен, не жеңіліспен аяқталады.

Мұндай жағдайда таза жеңіске жетті деп есептеледі: егер сайысқа түскен адам сайысып жүрген кезде «қарсы» жақты аттан құлатып, оның нендей бір денесі жерге тисе; егер сайысқа түскен адам сайысып жүрген кезде күшін асырып «қарсы» адамды атымен қоса сайыс алаңынан шығарып жіберсе; егер «қарсы» жақ сайысты аяқтаудан бастартып, оны бітірместен шығып кетсе,— міне дәл осындай жағдайларда таза жеңіске жетті деп есептеледі. Ал егер белгіленген уақытта сайыстан нәтиже шықпаса, онда бас судья бұрыштарда тұрған судьялармен ақылдаса отырып, сайыста өте жақсы тәсілдер қолданып, «қарсы» жаққа белсенді түрде басым шабуыл жасаған адамды жеңіп шыққанға есептейді.

Сайыс жарысына келмей қалғандар немесе кешігіп келгендер, уақытында өлшенбегендер немесе бас судья шақырғаннан кейін 3 минут уақыттың ішінде сайыс болатын жерге шықпағандар, жарыс ережесін бұзғандар және сайысып жүрген кезде әдепсіздік жасап, тоң мінезділік көрсеткендер сайысқа қатыстырылмай, шығарылып тасталады.

Сайыс нәтижесі мынадай тәртіппен есептеліп шығарылады: таза жеңіс үшін — 3 очко, судья комиссиясының үйғаруы бойынша жеңсе — 1 очко беріледі, жеңілген адамдар «О» очко алады. Салмағына қарай бөлінген әрбір категорияда ең көп очко алған адамдар сол категория бойынша жарыста жеңіп шықты деп есептеледі. Жеке командалық жарыста озып шыққан екі команданың алған очколары бірдей болса, онда дәл осы екі команданың ойын үстіндегі жекпе-жек сайыста қайсысы жеңген болса, командалық жарыста да сол команда жеңіп шықты деп есептеледі. Жалпы коман-

далық жарыстарда қай команданың жеңгенін білу үшін ондағы әрбір адамның жеке кездесулерде қандай нәтижеге жеткендігі есептеліп, команда бойынша тұтас жыйнағы шығарылады, содан кейін ғана қай команданың бірінші орын алғаны мәлім болады. Егер команданың кейбір категорияға жататын адамдары болмаса, ол үшін мұндай команда ең аяққы орынға қалдырылады.

Сайыс жөніндегі жарыс өткізу тәртібі мынадай: жарыс басталар алдында бас судья сайыс болатын жердің дәл ортасында халыққа қарап тұрып, сайысқа қатысушыларды шақырған ысқырғышпен дыбыс береді; бұл кезде әр бұрыштағы судьялар бас судьяның оң жағынан және сол жағынан сәл қашықтау келіп тұрады. Сайысқа қатысушылар судьяның ысқырған дыбысы бойынша сайысатын жерге барады да, беттерін халыққа қаратып, бас судьяның екі жағынан тұрады. Бас судья сайысқа түсушілерді жыйылған халыққа таныстырып, олардың аты-жөнін, фамилиясын, салмағын және қандай ұйымнан екенін айтады. Содан кейін сайысқа түсушілер аттарын бірнеше қадам ілгері бастырып, жақындасып келіп бір-біріне қол беріседі де, судьяның оң жағы мен сол жағына бұрылып айналып барып, бұрыштардағы судьялардың қасына тұрады. Бұрышта тұрған судьялар бұлардың ер-тұрмандарын тағы да тексеріп, айыл-тартпаларының беріктігін қарап шығады, содан кейін сайысқа түсушілердің әзір екендіктерін білдіріп, оң қолын жоғары көтереді. Бас судья сайысты бастауға ысқырғышымен дыбыс береді. Сайысқа қатысушылар желе жортып ортаға келеді де, бірін-бірі аттан түсірмек болып алыса бастайды. Жеңісіп болған соң олар сол орындарында тұра береді, тек сайыстың нәтижесі жарияланғаннан кейін ғана бір-біріне қол беріседі де, өз жөндеріне тарасады.

Қыз қуу. Қазақ халқының қыз қуу деген ұлт ойыны да ел арасына көп тараған ат ойындарының бірі. Мұны әсіресе жастар жақсы көреді, өйткені бұл негізінен жастарға арналған ойын, оған қыз бен жігіт қана қатысады.

Қыз қуу ойынына ең ұшқыр деген жақсы аттар бөлінеді, бұл аттарға мінетін қыздар да, жігіттер де бұ-

рын атқа мініп дағдыланған, атшабысқа төселіп, әбден ысылған адамдар болуға тиіс.

Қыз қуу ойыны ашық алаңда өткізіледі, ондай алаңның ұзындығы кемінде 300 метр, кеңдігі 30—40 метр болуы керек, оның өр-ойпаты, кедір-бұдыр дөңестері жоқ, теп-тегіс болуы шарт. Ойынға қатысатын қыздар мен жігіттердің ойынға қазақтың ұлт киімдерін киіп шыққандары жөн.

Қыз қуу ойынына қатысатын қыздардың да, жігіттердің де саны бірдей болуы керек. Ойын басталар алдында қыздар мен жігіттер жеребе ұстасады, әркайсысының кезегі белгіленеді. Мұнда еске алатын бір жағдай: кезегі бір келетін қыз бен жігіт әр командадан болғаны шарт.

Тиісті кезектері тигенде ойынға ең алдымен шығатын қыз бен жігіт белгіленген жерге келіп, қыз алдында тұрады да, ал жігіт қыздан 15 метр кейін тұрады. Судья белгі берісімен-ақ қыз да, жігіт те шаба жөнеледі. Жігіттің міндеті — алдында шауып бара жатқан қызды жол ортасына барғанша қуып жетіп, оның жеңіне байланған орамалды жұлып алу,— содан кейін айналмаға қыздан бұрын жетіп, судьялар тұрған жерге тез жету. Орамал қыздың солжақ білегіне бос қана байланады.

Қыздың міндеті — айналмаға барғанша жігітке жеткізбеу және орамалын алдырмау, айналмаға жігіттен бұрын жеткеннен кейін жігітті алдына салып, судьялар тұрған жерге жеткенше еспе баумен төмпештеп ұрып келу. Осылай айналмаға барғанша жігітке жеткізбей кеткен, білегіндегі орамалды жігітке алдырмаған, судьялар тұрған жерге дейін жігітті алдына салып төмпештеп ұрып келген қыз жігітті жеңді деп есептеледі.

Қыз қуу ойынын жеке адамдардың арасында, сондай-ақ тұтас командалардың бір-бірімен жарысы ретінде де өткізуге болады. Жеке адамдардың арасында өткізілгенде ойынның нәтижесі жеке адамның ғана пайдасына шешіледі, ал ойын командалар арасында өткізілгенде, оның нәтижесі тұтас бір команданың пайдасына шешіледі.

Қыз қуу ойынында мынадай тәртіп сақталуы керек:



Қыз қуу.

судья қашан ойынды баста деп белгі бергенге шейін ойынға қатысушы қыз бен жігіт тұрған жерлерінен қозғалмайды, «қарсы» жақтың атын тізгінінен ұстап тежеуге не тоқтатуға болмайды; қыздың білегіндегі орамалды айналмадан өтіп кеткеннен кейін барып жұлып алуға, шабысқа арналған алаңның шегінен шығып кетуге немесе айналмаға жетпей, орта жолдан кері қайтуға рұқсат етілмейді. Орта жолдан кері қайтқандар ойынға екінші рет қатыстырылмайды.

Қыз қуу ойынына басшылық ету үшін судьялық комиссия тағайындалады, оның құрамында аға судья, шабыс басталатын жерде тұратын судья, айналмада тұратын судья, ойынға қатысушылардың ішінде жүретін судья және комиссияның секретары болады.

Ойында жеңген жігітке немесе қызға 1 очко, ал жеңілгендерге «О» очко есептелінеді. Командалардың жеңіс нәтижесін білу үшін сол команданың құрамында ойнағандардың әрқайсысының жеке алған очколары қосылып саналады. Ойынның нәтижесі белгіленген үлгі бойынша жасалған протоколға жазылады.

Ат бәйгесі. Қазақ халқының өте жақсы көретін, ежелден келе жатқан ұлт ойындарының ішінде ат бәйгесі үлкен орын алып келді, ол атшабысты басқа ойындардың барлығынан анағұрлым артық көретіні жұртқа мәлім.

Бәйге — атқа үлкен сын. Мұнда бәйгеге қосылған аттардың күші, шабыстылығы, жүйріктігі барлық жағынан сыналады. Біздің колхоздарымызда істейтін алдыңғы қатарлы жылқышылардың, жылқы шаруашылықтарында істейтін мамандардың қандай жылқылар өсіріп шығарғаны, ол жылқылардың сапасы бәйгеге қосқанда айқын көрінеді. Сонымен қатар, бәйге — атқа мініп шабатын адамдарға да зор сын. Мұндай адамдар бәйгеге қосылған аттарды дұрыс шапқыза білетін, өз ісінің нағыз маманы болуға тиіс. Ат бәйгесі Совет Армиясының атты әскерлеріне және халық шаруашылығына керекті аттардың сапасын күн ілгері анықтап, оған ерте бастан жақсы аттар әзірлеп қоюға мүмкіндік береді. Оның үстіне бәйге жылқы шаруашылығында істейтін адамдарға да жылқыны бағып-күту, дұрыс азықтандыру жөнінен зор тәжрибе береді.

Бәйге атына мініп шапқан адамдардың қайсысы болса да, астындағы атын бәйгеден бірінші етіп келтірумен қатар, аттың күшін сақтай отырып, аяқ алысы шыйрақ, бойы сергек келуінің қамын ойлауға тиіс. Бұл үшін аттың «сырын» жақсы білу керек, оның алыс-жақынға қалай шабатынын, ат басын қай жерде тежеп, қай жерде босату керек екенін ұмытпау керек. Қысқасы аттың шабысын дұрыс басқара білу керек. Бәйгеге қосылатын аттар да, бәйге атына мінетін адамдар да бәйгеге болардан көп бұрын жақсы даярланып, әзір болуға тиіс.

Қазақстанда бәйге аттары мынадай жерлерден шабатын болып белгіленген: 3—4 жастағылар — 5, 8, 10 және 12 километр, 4 жастан жоғарғылар — 5, 15, 20 және 25 километр жерден шапқызылады. Ал кейбір ұзаққа шабатын, ең күшті, әрі жүйрік деген аттарды (5 жасар және одан жоғары жастағы), малдәрігерлерінің рұқсатымен, 30, 40 және 50 километр жерден де шапқызуға болады.

Бәйге аттары әдетте қара жолмен шабады. Сондықтан мұндай жолдардың беті тегіс болуы керек, ойлы-қырлы, сазды-шұңқыр жерлер шапқан аттарға қауіпты келеді. Оның үстіне ат шабатын жолдың үстінде отырған елді пункттер, транспорт ағылып көп жүріп жататын темір жолдар мен тас жолдар, тік өрлер мен құлама ылдыйлар, жолдың кілт бұрыстары болмауы керек. Ат шабыстың басталуы да, аяқталуы да бір жерде болғаны жөн, өйткені бұл бәйгеге жыйналған халықтың ат шабысты басынан аяғына дейін көріп отыруына мүмкіндік береді. Шынында атшабысқа ең қолайлы жер — ипподром. Мұны ат бәйгесін өткізгенде еске алу керек.

Ат бәйгесіне 14 жасар және одан жоғары жастағы, денсаулығы жақсы ер балалар қатыстырылады. Ат шабысқа қатысатын адамдардың жалпы санын бәйге өткізуші ұйымдар белгілейді.

Бәйгеге қатысушылар ат шабыстың алдында жеребе ұстасып, номер алысады да, ат шабыс басталатын жерде сол номерлері бойынша қатар тұрысады. Солдан онға қарай ең шетінде 1-номері бар адам, оның қасында № 2, 3, 4, 5, тағы сондай реттермен тұрысады.


Жалпақтығы 20 сантиметр, биіктігі 15 сантиметр мөлшерінде матадан жасалған бұл номерлер ат шабысқа қатысатын әрбір адамның кеудесіне тігіліп қойылады. Мұндай номерлерді бәйге атына мінетіндердің арқаларына да тігу керек. Олардың қолдарында ат айдайтын жеңіл қамшылары да болады.

Бәйгеге қатысушылардың әрқайсысы атшабыстың ережесімен жақсы таныс болуға тиіс. Ат шабыс басталудан кеш қалғандар, бәйге кезінде тәртіпсіздік жасағаны үшін екі рет ескерту алғандар, белгілі жолдан тайып, төтесінен шапқандар немесе шабыстан бас тартып қалғандар бәйгеге қатыстырылмай, шығарылып тасталады.

Бәйге аттарының тұрманы дұрыс болуына атқа мінетін адамдар жауап береді. Бәйге турасындағы ереже бойынша, аттардың беліне салған киіз терлігі не тоқымы (ер орнына) болу керек, жүгені жеңіл, тізгіндері мықты болу керек. Ат бәйгесі кезінде өздерінің шауып келе жатқан аттарына төтеннен қосылып, көтермелеп айқайлау, «қарсы» жақтың бәйге аттарының алдынан кесе көлденең шығып, қасақана олардың шабысын бөгеу немесе «қарсы» жақтың аттарын қамшымен ұру, сондай-ақ бір атты бір күнде қатарынан екі я үш бәйгеге қосу сияқты жолсыз істерге қатты тыйым салынады.

Бәйгені басқарып өктізу үшін судьялық комиссия құрылады, оның құрамында Аға судья, атшабыстың басында болатын судья, жарыс уақытын белгілеп отыратын хронометршілер, ат шабатын жолдың алыс-жақындығына байланысты және жол бойындағы қауыпты жерлерге қойылатын 3—5 адамнан бөлінген бақылаушы, бәйге аттарына мінгендердің қасында болатын судья, медицина дәрігері мен малдәрігері және секретарь болады.

Аға судьяның міндеттері зор, ол ең алдымен өз тарапынан көмекші комиссия құрады. Бұл комиссия ат шабатын жолды қарап шығып, оның ат шабуға жарамдылығын және дәл қашықтығын анықтайды. Сонымен қатар аға судья мынадай жұмыстарды атқарады: бәйге атына мініп шабатындарға жеребе ұстатып, номерлерін белгілейді, олардың ат шабатын жерге қалай ба-



Атшабыс.

ратын тәртібін айтады, судьялардың атқаратын міндеттерін өзара бөліп, тиісті нұсқаулар береді, дәрігерлердің бәйгеге қатынасуға тиісті адамдар мен аттарға рұқсат берген документтерін тексереді, белгіленген ережені бұзған адамдарды бәйгеден алып қалады, ауа райы нашарлағандай болса немесе ат пен адамға қауып келтірерліктей басқа бір себептер бола қалса, бәйгені тоқтатып, басқа күнге ауыстырады, я мүлде болмайды деп жариялайды. Бәйгеде озып келгендерді анықтайды. Аттшабыстың басында болатын судья бәйге атына мінгендерді жеребе ұстап алған номерлері бойынша кезегімен қатар тұрғызады да, барлығы да тұрып болғаннан кейін шабысты бастауға белгі береді; белгі беруден бұрын шаба жөнелгендерді кері қайтарып алады.

Уақытты белгілеп отыратын хронометршілердің міндеті — бәйгеге қатысқан әрбір аттың шабысы қай мезгілде босатылып, нысаналы жерге қашан келгенін дәл белгілеу. Хронометршілердің ішінен біреуі басшы етіп бөлінеді де, қалғандарына (бұлардың саны бәйгеге қатысушы аттардың санына байланысты, кемінде 3—4 адам және одан көбірек болады) басшылық етіп отырады.

Жол бойында тұратын бақылаушылар бәйге аттарының белгілі жолмен дұрыс өткен-өтпегенін қадағалайды, бәйге ережесін бұзған фактілер болса, ол туралы аға судьяға мәлімдейді.

Бәйге аттарына мінгендердің қасында болатын судья бұлардың киген киімдері мен аттарының ертұрмандарын қарап, тексеріп шығады, оларды толық әзірлеп, аттшабыс басталатын жерге алып барады.

Медицина дәрігері бәйге атына мініп шабатын адамдардың денсаулықтарын қарап, бәйгеге жіберуге жарайтын-жарамайтынын анықтайды, атшабыс кезінде оларға дәрігерлік жәрдем көрсетеді.

Малдәрігері аттарды бәйгеге қосуға болатын-болмайтынын анықтайды, бәйге аттарының бәріне де бақылауын күшейтіп, керекті жағдайда дәрігерлік жәрдем көрсетеді.

Судьялық комиссияның секретары жарыс протоколын жасап, онда бәйгеге қатысқандардың әрқайсысының қандай нәтижеге жеткендіктерін жазады.



Жорға жарыс.

Бәйгенің қорытындысы бәйгеге қатысқан аттардың бәрі де келіп болғаннан кейін шығарылады. Жарыс қорытындысын шығарған судьялық комиссияның қарарын бас судья жариялайды.

Жоғарыда айтылған, аттың қатысуымен өткізілетін ұлттық спорт ойындарынан басқа да халық арасына көп тараған түрлі ойындар бар. Солардың ішінде күміс алу (аттың шапқан пәрмәнімен келіп, жерде жатқан күмісті іліп әкету), жамбы ату (шапқан аттың үстінде мылтықпен жамбы атып түсіру), мүше алып қашу, жорға жарыс, ат жегу (атты кім тез жегеді), жігіт жарыс (атты тез ерттей сала қаша жөнелу), табақ тарту (ат үстінде жүріп табақ тарту), ат омырауластыру, тағы сондай ойындардың бәрінде де ат үлкен орын алады. Мұндай ойындарда аттың ұшқырлығы, ойынға оңтайлылығы, белінің беріктігі, жігіттің ептілігі сыналады, тағысын-тағылар.

Мұнымен қатар бұл ойындардың әлі де күшейте және оңдай түсетін жақтары бар. Еңалдымен бұл ойындарға жай ғана қызық көру, көңіл көтеру ретінде қарауға болмайды. Оларға қатысатын адамдар да, аттар

да үздіксіз дағдыланып, өнерін арттыра беруге міндетті. Сондықтан, ұлт ойындарының әртүрлері әлі де болса қайтадан жақсартылып, дұрысталуға тиіс. Мысалы, көкпар тарту ойыны үшін белгіленген жердің кендігі 400 метрден 1000 метрге дейін болса, бұл аттың ұшқырлығы мен әлділігін, жігіттің мықтылығы мен ептілігін түгел көрсетпейді. Сондықтан бұл норма жеткіліксіз болады, оны өсіре түсу керек.

Қазақтың қыз қуу деген ұлт ойыны алыстығы 300 метр, кендігі 30—40 метр ашық алаңда өткізіледі. Аттың ұшқырлығын, жігіт пен қыздың өнерін нақтылы сынау үшін мұндай көлемді алаң сөз жоқ тарлық етеді. Сол сыяқты ұлт ойындарының барлық түрлерін тиісті мамандармен, тәжрибелі карттармен кеңесіп, спорттық жағын күшейтуге қатты назар салынуы керек.

Спорттық маңызы бар және шаруашылыққа керекті жұмыстың бірі — атпен аң аулау, қаршыға және бүркіт салу. Республиканың кең байтақ даласында түрлі аңдар көп-ақ. Мысалы, қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, зорман, қоян, күзең, ақтиін сыяқты қымбатты аңдар бар. Олардың терілері өте бағалы. Бұларды аулау үшін үлкен аңшылық, шеберлік керек, оған мықты ат керек. Қайратты жігіттер жүйрік атпен қасқырды оп-оңай соғып ала береді. Қазақстанның бірнеше аудандарында аң аулау жұмысына маусымына қарай бірнеше әдістері қолданылады. Соның бір қызық түрі — аңға тазы қосу, бүркіт салу. Бұл — аң аулаудың халық арасына көп тараған қызықты бір түрі. Олай болса, келешекте аң аулау жұмысын қолға алып өркендете беру керек.

Ат ойындары мен бәйгелердің барлық түрін толық баяндайтын, ат спортына арналған жақсы кітап шығару керек-ақ. Мұндай кітаптың шығуын Қазақстанның жылқы өсірушілері үлкен қуанышпен қарсы алар еді және ондай кітап Совет Одағындағы туысқан республикалардың бәріне кеңінен таратылуы керек.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт істерінің республикалық комитеті халықтың ұлт ойындары мен ат бәйгесін өткізу жөніндегі ғасырлардан бері келе жатқан бай тәжрибені терең зерттеп жыйнақтауға, сөйтіп республиканың колхоздарын, аудандары мен облыстарын осындай ұлт ойын-



Бүркіт салушылар.

дары мен бәйгелерді өткізу жөнінде тиісті нұсқаулармен қамтамасыз етуге тиіс. Барлық жағынан жақсы әзірленіп, зор ұйымшылдықпен, мәдениетті түрде өткізілген бәйгелер мен ұлт ойындары еңбекшілердің қалың бұқарасының асыл тұқымды жылқы шаруашылығын өркендетуге бағытталған ынта-жігерін бұрынғыдан да гөрі күшейте түспек.



VI ТАРАУ

КОЛХОЗДАРДА ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ

Қазақстанда жалпы мал тұқымын, соның ішінде жылқы тұқымын асылдандыру жұмысы алдыңғы қатарлы мичуриндік ғылымның берік негіздеріне сүйене отырып жүргізіледі. Бізде жылқы шаруашылығы халық шаруашылығының өсіп отырған тілектерін толық өтейтін дәрежеде, соған сәйкес өркендетіліп келеді. Ал жылқы тұқымын асылдандыру жұмысы өз Отанымызда өсіріліп шығарылған жақсы жылқылардың тұқымдарымен будандастыру арқылы жергілікті қазақ жылқыларының сапасын жақсартуды, сонымен қатар шаруашылыққа тиімді, зор пайдасы бар жаңа жылқы тұқымдарын өсіріп шығаруды қамтамасыз етеді.

Кәзіргі уақытта Қазақстанда өсіріліп отырған жылқылардың тұқымдарын жетілдіру ісінде қолданылып отырған негізгі әдіс — жылқыларды сұрыптау және іріктеу, республиканың колхоздары мен совхоздарында өсіру үшін социалистік ауыл шаруашылығының талаптарын толық өтей алатын жылқылардың тұқымын таңдап алу, жас жылқыларды дұрыс тәрбиелеп өсіру.

Совет өкіметінің тұсында Қазақстанда жылқы тұқымын асылдандыру жұмысы бұрын болмаған дәрежеде жүргізіліп, мүлде жаңа, жоғары сатыға көтерілді. Социалистік мал шаруашылығының барлық саласын бірдей өркендете беруге коммунист партиясының, Совет

үкіметінің және Сталин жолдастың өзінің үздіксіз қамқорлық жасап отыруының арқасында жылқы тұқымын асылдандыруға және селекциялық жұмыстарға ғылми негіздер қаланды. Республикада көптеген ғылми-зерттеу мекемелері, эксперимент жасайтын базалар мен пункттер, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіретін рассадниктер, жылқы заводтары, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы конюшнялары, колхоздар мен совхоздардың асыл тұқымды жылқы өсіретін фермалары ұйымдастырылды.

Кәзіргі уақытта жылқы тұқымын асылдандыру жұмысы тек ғылми-эксперименттік базаларда немесе жылқы заводтары мен асыл тұқымды жылқы фермаларында ғана жүргізіліп отырған жоқ, сонымен қатар бұл жұмыс колхоздардың көпшілігінде, мал өсіріп, санын көбейтумен шұғылданып отырған жерлердің бәрінде де зор көлемде жүргізіліп отыр. Тұқым асылдандыру жұмысының кандай саласын алып карасақ та, мұндағы негізгі мақсат — социалистік мал шаруашылығының өнімділігін мейлінше арттыра беру, колхоздар мен совхоздардың жылқы фермаларындағы барлық жылқылардың сапасын жаппай жақсарту, колхозшылардың және жылқы заводтарында істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру екендігі айқын көрінеді.

Атақты академик Т. Д. Лысенко 1949 жылы 5 майда В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясының сессиясында жасаған баяндамасында мал тұқымын асылдандыру жұмысының бағытын толық айқындап берді. Ол әрбір мал фермасында тұқым асылдандыру жұмысы дәл осы фермаға жүктелген өндірістік тапсырмаға толық сәйкес жүргізілуге тиіс деді. Сондықтан да ферманың көздеген мақсаты жылқы шаруашылығын аудандастыру жоспарына сәйкес болуға тиісті.

Жоғарыда айтылған баяндамасында Т. Д. Лысенко былай деген болатын: «Товарлы фермаларда малдың кандай түрін болса да бір нәсілден өсіруге жол бермеуге айрыкша назар салу керек, осыған байланысты товарлы фермаларда аталық малдарды (айғыр, бұка, тағы сондайлар) ауыстыру жұмысы ешуақытта кешіктірілмей, міндетті түрде дәл мерзімінде жүргізілуге

тиіс. Колхоздардың товарлы фермалары арасында аталық малдарды ауыстырып тұрудың дұрыс жүйесін жасау керек».[1]

Академик Т. Д. Лысенконың бұл нұсқауының іс жүзінде үлкен маңызы бар. Қазақстанның жеке колхоздарында тұқымдық айғырларды дұрыс таңдап алу және оларды тұқымымен ауыстырып отыру мәселесіне осы күнге дейін онша көңіл бөлінбей келеді. Соның салдарынан кейбір жылқы фермаларында бір айғырдың өзі 10—15 жыл бойы үздіксіз үйірге салынып жүр. Кейде мұндай айғыр тіпті өз нәсілінен шыққан байталдарға да шаптырылады. Жылқыны бір нәсілден өсіре беру жөніндегі жеке колхоздарда қолданылып жүрген мұндай әдістер өте қолайсыз жағдайға әкеліп соқтырады, себебі — жылқының тұқымы азып кетуі мүмкін. Ал жылқыны тек бір нәсілден ғана өсіруге жол бермейтін және дене бітісі өте жақсы жоғары сапалы айғырларды пайдаланатын колхоздар (бұған республикадағы колхоздардың басым көпшілігі жатады) жылқы тұқымын асылдандыру жөнінде әрқашанда жақсы нәтижеге жетіп жүр. Бұдан туатын қорытынды: жұмысқа пайдаланылатын жылқылар өсіретін фермаларда жылқыны өзінің сапасы жағынан осы ферманың алдына қойылған өндірістік тапсырмаға және колхоздың шаруашылық мұқтажына толық сай келетін ең жақсы тұқымдардан өсіруге болады, сондай тұқымдардан өсіру керек те.

Жылқы заводтарының, асыл тұқымды жылқы фермаларының алдында өте маңызды міндет тұр. Ол міндет — кәзіргі қолда бар өсімтал жақсы жылқы тұқымдарын өсіріп, сапасын арттыра беру, товарлы фермалардағы жылқыларды жаппай жақсарту үшін өте жақсы асыл тұқымды айғырлар өсіріп шығару, сөйтіп осылардың нәтижесінде жылқының мүлде жаңа тұқымын жасап шығару.

Жылқы өсірумен шұғылданатын шаруашылықтардың бәрінде де қолданылып отырған тұқым асылдандыру жұмысының әдістері мен принциптерін академик

---

[1] Т. Д. Лысенко. Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспары және ауылшаруашылық ғылымының міндеттері, 1949.

Т. Д. Лысенко мейлінше толық және дәлме-дәл айтып беріп отыр. Ол былай дейді:

«1. Товарлы фермаларда жүргізілетін жаппай тұқым асылдандыру жұмыстарын колхоздар мен совхоздардың товарлы фермаларында неғұрлым өнімді, ең жақсы малдар өсіріп, олардың санын үсті-үстіне көбейте беру мақсатына бағыттап жүргізу керек.

2. Мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіретін рассадниктерде, колхоздар мен совхоздардың асыл тұқымды мал фермаларында тұқым асылдандыру жұмысы негізінен қолда бар мал тұқымдарын өсіріп-өндіру және өнімділігін арттыру мақсатымен олардың сапасын жақсартып, жетілдіре беру бағытында жүргізілуге тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіретін рассадниктер мен асыл тұқымды мал фермаларындағы малдардың тұқымдық қасиеттері өте жоғары болып, өздерінің ондай ең жақсы қасиеттерінің бәрін ұрпақтарына айқын беретін болуға тиіс, сөйтіп мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіретін рассадниктерден әкелінген аталық малдар мен будандастырылған товарлы фермалардағы малдардың сапасы жақсарып, өнімділігі күшейе түсетін болуы керек.

3. Ғылми-зерттеу және тәжрибе мекемелерінің мал тұқымын асылдандыру жөніндегі фермаларында және совхоздардың асыл тұқымды мал заводтарында жүргізілетін жұмысының міндеті — қолда бар малдардың тұқымдарын негізінен жақсарту және малдардың өнімді мол беретін, әрі өсімтал жаңа тұқымдарын өсіріп шығару болуға тиіс.

Товарлы фермаларда, сондай-ақ асыл тұқымды мал фермаларында жүргізілетін тұқым асылдандыру жұмысының қандай түрі болмасын, бұлардың бәрі де жоспар бойынша бір ғана мақсатқа — товарлы фермалардағы малдардың сапасын арттыра беруді көздейтін негізгі мақсатқа бағындырылып жүргізілуге тиіс».[1]

Қазақстанда жылқы тұқымын асылдандыру мәселесінде болып келген кейбір түсінбеушіліктерді енді

---

[1] Т. Д. Лысенко. Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспары және ауылшаруашылық ғылымының міндеттері.

болдырмау үшін және тұқым асылдандыру жолдарын айқын түсіну үшін мынаны айта кету керек: жылқыны тек тұқымына қарай сұрыптау және іріктеу жолымен ғана оның сапасын жақсартып, өнімділігін арттыру мүмкін емес. Жылқы шаруашылығын ойдағыдай өркендету үшін жылқыны бағу, күту, азықтандыру жұмыстарын анағұрлым жақсартып, жылқының өсіп-өнуіне ең жақсы, қолайлы жағдайлар тудыру керек. Біз жылқыны бағу, күту, азықтандыру жұмыстарын неғұрлым тез жақсартатын болсақ, солғұрлым оның сапасын да жақсартып, өнімділігін арттыра түсеміз.

Қазақстанда жылқы шаруашылығы үшін азық қорының тұрақты берік базасын жасау мәселесінің айрықша зор маңызы бар. Қәзір еліміздің социалистік халық шаруашылығының барлық саласында жаңа техника құралдары кеңінен қолданылып, колхоздар мен совхоздардың жұмыс мәдениеті көтеріліп, өсіп отырғанына байланысты, Қазақстанда жылқыны бұрынғыдай қысы-жазы бірдей ашық далада жайылымда баққаннан гөрі, шаруашылыққа пайдалы жаңа әдістер — бір уақыт қорада, бір уақыт жайылымда бағу, мәдени-табындарда бағу әдістері жүзеге асырыла бастады. Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар мұндай әдіске әлде қашан көшіп алды. Олар жылқыны қысқы суықтарда жабық қораларда немесе қалқанды ықтасындарда бағып күтеді, жем-шөпті аямай мол береді.

Жылқы тұқымын асылдандыру жұмыстары жөніндегі зор көлемде тәжрибе жүргізіліп, жылқының ең құнды асыл тұқымымен жақсартылған жылқылар үздіксіз көбейтіліп отырған уақытта, осындай тұқымдық жылқылардың, әсіресе тұқымдық айғырлардың, құлындайтын буаз биелердің, жас жылқылардың қысқы суықтарда ешқандай азық берілмей, қалың қарлы ашық далада жайылып, тек тебінде бағылуына ешбір төзуге, ондай ескірген әдіске жол беруге мүлде болмайды. Мұндай жағдай асыл тұқымды жылқы шаруашылығын өркендетуге кесепін тигізеді. Жылқыны жазғы және қысқы жайылымдарға баққан кезде оны мәдениетті жолмен күту жағына катты көңіл бөлу керек, әсіресе жазғы жауындарда, қысқы борандар мен суықтарда

жылқыны жайлы қораларда бағып, жем-шөпті мол беріп күту керек.

Міне осыған байланысты азық дайындау жұмысы барлық жылқыны нәрлі шөптермен және күшті азықтармен толық қамтамасыз етерліктей дәрежеде жүргізілуге тиіс.

Партия мен үкімет социалистік мал шаруашылығы үшін жем-шөптің тұрақты мол қорын жасаудың айқын жолдарын көрсетіп берді, ол — шөптанапты ауыспалы егіс тәртібін қолдану, жерді суландыру жұмысын дұрыс жолға қойып, жер өңдеуді жақсарту, мал азығына арналған ауыспалы егіс тәртібін енгізу, бұрыннан пайдаланылмай келе жатқан шабындықтар мен жайылымдық жерлерге су жіберіп, оларды жаңадан пайдаға асыру.

Біз мал азығының тұрақты мол қорын жасап, жылқыны бағу, күту, азықтандыру жұмыстарын жақсарткан болсақ, онда табиғатты өзгертуші ұлы ғалым И. В. Мичуриннің «адамның қатысуымен әр жануардың немесе әр өсімдіктің өз сапасын тез өзгертіруге және соның өзінде адамға пайдалы жаққа қарай өзгерттіруге болады» дегенін орындаған болар едік.

Жылқы шаруашылығында тұқым асылдандыру жұмысымен шұғылданып жүрген әрбір адам алдынғы қатарлылардың тәжрибесін еске ала отырып, өсіретін жылқыны сұрыптау, таңдап алу нәтижесінде нақты қандай жылқы тұқымын өсіріп шығаруға тиісті екенін күні бұрын айқын білуі керек. Мысалы, бір колхоз өзінде өсіру үшін ахалтеке жылқысын таңдап алды делік. Сонда бұл жылқының кәзіргі тұқымдарына қойылатын негізгі талап: дене бітісі жақсы, осы өсіріліп отырған жердің жағдайына көнбіс және онша күй талғамайтын, ірі тұлғалы жылқы тұқымын шығару. Немесе Қарабайыр жылқысын алайық. Жылқының барлық жағынан пайдасы зор бұл керекті жаңа түрін өсіріп шығару үшін бұл жылқының өзіне тән әсем тұлғасын, салт мінуге және жүк тартуға ыңғайлы қасиеттерін сақтай отырып, сонымен катар бойын өсіре түсу керек.

Өздерінде өсіретін негізгі жылқы тұқымы ретінде дон жылқысын қабылдаған колхоздардың ескеретін



Алматы облысы, Жамбыл ауданының „Путь к социализму“ колхозының жайылымдағы табынының жусап тұрған кезі.

нәрсесі — дон жылқысының біздер үшін өсіруге қолайлы түрлерінің негізгі өлшеу белгілері орта есеппен алғанда мынадай болуға тиіс: шоқтығына дейінгі биіктігі кемінде 155—160 сантиметр, тұрқының қыйғаш ұзындығы 157—162 сантиметр, көкірегінің орамы 180—190 сантиметр, жіліншігінің орамы 19—20,5 сантиметр болуы шарт. Дон жылқысының ден саулығы күшті, тұлғасы кесек, аяқтары берік болуы керек, ол далалы жерлерде табында және жартылай табында бағуға тез үйренетін, түрлі ауртпалықтарға төзімді жылқы болуға тиіс. Дон жылқысындағы, әсіресе оның жүрісіндегі жеке кемшіліктерді жою үшін оның тұқымын әрдайым сұрыптап, іріктеп отыру керек, сонымен қатар үнемі шабысқа қосып не желдіртіп үйрету, күтімін жақсарту арқылы, оның жүрісіндегі кемшіліктерін жетілдіру керек.

Орловтың желісті жылқысын немесе орыстың желісті жылқысын өсіріп отырған колхоздар бұл жылқылардың ірілігін, тұлғаларының сымбаттылығын, ауылшаруашылық және транспорт жұмыстарына пайдалы қасиеттерін толық сақтауға тиіс. Орловтың және орыстың желісті жылқыларының бойлары орта есеппен алғанда мынадай болуы керек: шоқтығына дейінгі биіктігі 160—162 сантиметр, тұрқының қыйғаш ұзындығы 162—164 сантиметр, көкірегінің орамы 185—195 сантиметр, жіліншігінің орамы 20—21 сантиметр.

Жылқыны тұқымына қарай аудандастыру жоспарына сәйкес өсіру үшін қабылданған басқа тұқымды жылқылардың қай-қайсысына болса да сапасы жағынан осындай жеке талаптар қоюға болады.

Біз кәзіргі уақытта жергілікті қазақ жылқысының сапасына бұрынғыдан гөрі қаттырақ талап қоюымыз керек. Біздің республикада таяудағы жылдардың ішінде жергілікті жылқылардың сапасын жаппай жақсарту, олардың денелерін кәзіргіден анағұрлым іріленді-ріп, сымбатын жақсарту үшін керекті ең жақсы, асыл тұқымды айғырлардың қандайы болса да бар. Әсіресе буденный, дон жылқысынан, орыстың және орловтың желісті жылқыларынан жақсартылған қазақы жылқылардан шыққан нағыз жақсы тұқымды айғырлар бізде жеткілікті. Қазақстанда өсіріліп отырған жылқылар-

дың сапасы кай жағынан болса да дон және буденный жылқыларының сапасынан ешбір кем болмауға тиіс, біз кайткенде де дон және буденный жылқыларына біткен ерекше касиеттер қазақ жылқыларында да болатындай дәрежеге жетуіміз керек.

Қазақстанның жылқышылары мен мамандары өсіріп-өндіруге арналған ең жақсы айғырлар мен биелерді сұрыптап, таңдап алу жұмысын жылқыға тұрақты азық қорын жасау және жылқыларды бағу, күту, азықтандыру жұмыстарымен тығыз ұштастыра отырып жүргізіп келді, соның нәтижесінде олар бірталай тамаша табыстарға жетті. Мұны республиканың жылқы өсіруде атағы шыққан алдыңғы қатарлы адамдары — Социалистік Еңбек Ерлерінің жұмыс тәжрибесі айқын ыспаттайды.

Жылқы шаруашылығында тұқым асылдандыру жұмысын дұрыс ұйымдастырған және жылқыны бағу, күту, азықтандыру жұмысын жақсы жолға қойған алдыңғы катарлы адамдардың көп жылғы жұмыс тәжрибесі кейбір «ғалымдардың» бие өте аз құлындайдымыс, ол табиғи нәрсе деп сендірген жалған және зиянды пікірлерін әшкерелеп берді. Жылқыны шағылыстыру жұмысы дәл мезгілінде және дұрыс өткізілген жерде, жылқының күтімі жақсартылып, уақытында азық беріліп отырған және басқа жылқылардан гөрі құлындайтын биелерге ерекше көңіл бөлініп отырған жерде әрбір биеден жыл сайын құлын алуға әбден болатынын жылқы шаруашылығында істейтін алдыңғы катарлы адамдар іс жүзінде дәлелдеп беріп отыр. Биенің жыл сайын құлындауын заңды деп есептеу қажет және солай болуы да керек. Мұны сыйпаттау үшін мыңдаған тәжрибеден күн сайын кездесетін бірнеше мысалдар келтірейік.

Қарағанды облысы, Қаркаралы ауданы «Совет» колхозының жылкы фермасының бастығы Егізбаев Мұхади, аға табыншысы Ыскаков Спан жылкы бағу, күту, азыктандыру жұмысын дұрыс ұйымдастыра отырып, жылкы табында бағылған жағдайда биелерді уақытында айғырдан шығару, туған жас құлындарды аман сақтау үшін үнемі күрес жүргізудің нәтижесінде жылқының санын көбейтіп, сапасын көтеру ісінде үлкен табыстар-

ға ие болып отыр. 1951 жылдың өзінде 209 биеден 197 құлын алып, аман өсірген.

Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Ленин атындағы колхоздың жылқы фермасының аға табыншысы Мұсақұлов Бахыт, жылқышылардың адал еңбегінің арқасында, өздерінің баққан 200 биесінен 195 құлын алып, аман өсірген. Соның нәтижесінде колхоздың жылқы өсіру жоспары 106,8 процент орындалған.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхоздың жылқышысы Отаров Сәт өзіне бағуға берілген 40 биеден 40 құлын алып, түгел аман өсірген.

Талдықорған облысының жылқышылары жылқыны дұрыс бағу, биелерді мезгілінде айғырдан шығару, оларды аман есен құлындату, құлындарды күтіп өсіру жұмыстарын дұрыс ұйымдастырғанының нәтижесінде 1951 жылы зор табыстарға жетті. Мысалы, Ақсу ауданы, Молотов атындағы колхоздың жылқышысы Нұрманай Мусағитов 100 биеден 100 құлын алған. Сол аудандағы Калинин атындағы колхоздың жылқышысы Қамбал Сабырбаев 80 биеден 80 құлын алған және Сталин атындағы колхоздың жылқышысы Құрманғали Жаныбеков 50 биеден 50 құлын алған. Қапал ауданы Сталин атындағы колхоздың жылқышысы Сағымбай Қабылбеков 150 биеден 148 құлын алған, сол ауданның «Пламя революции» колхозының тұқымдық жылқы фермасының аға табыншысы Жақсыбек Сәрсенбаев 172 биеден 158 құлын алған. Саркан ауданы, Фрунзе атындағы колхоздың жылқышысы Қасен Теңізбаев 12 биеден 12 құлын алған; Жамбыл облысы, Талас ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың жылқы фермасының бастығы Социалистік Еңбек Ері Қартабай Атшабаров колхозшылардың, жылқышылардың көмегінің, фермадағы жылқыларды дұрыстап күтіп-бағып өсірудің арқасында 1949 жылы 158 биеден 158 құлын, 1950 жылы — 264 биеден 258 құлын алған, 1951 жылы қыс қатты болса да 825 бас жылқы қыстан түгел аман шығарылған. Әрине, мұндай табыстар аскан жігердің, ерінбеген еңбектің арқасында ғана болады.

Сондықтан мұндай атақты жылқышылардың әдісін үйреніп, үлгі алуға болады. Сол сыяқты 1951 жылы



Социалистік Еңбек Ері К. Бтищев. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың жылқысын бағып жүрген кезі.

болған қатты суықтарда талай ерлік жасап, жылқыларды шөппен қамтамасыз етіп, жылқыны күту, бағу жұмысын ұйымдастырған сол облыстың Қордай ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың жылқышысы Абдолда Райымов 1951 жылы 38 биеден 38 құлын алған; Абай атындағы колхоздың табыншысы Шатай Қәрбозов сол жылы өзінің баққан 50 биесінен 50 құлын алған.

Республиканың Социалистік Еңбек Ері атағын алған алдыңғы қатарлы жылқы өсірушілерінің ішінде әйелдер де бар. Осы жылқы өсіруде еркектермен бірдей жұмыс істеп, қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген әйелдерден екеуін атап айтуға болады. Оның бірі Гурьев облысы, Жылой ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың жылқы фермасының меңгерушісі Жанбөпе Мергенбаева. Ол фермасындағы 61 биеден 61 құлын алып, бәрін де аман өсірген. Екіншісі — Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, «Жаңаталап» колхозының аға табыншысы Жаңылдық Баймұқанова. Бұл да өзі баққан 57 биені түгелімен аман құлындатып, туған 57 құлынның бәрін аман өсірген.

Әрбір колхозда әр биеден жыл сайын құлын алуға болатынын алдыңғы қатарлы адамдардың тәжрибесі айқын көрсетіп отыр. Бұл үшін еңалдымен жылқының күтімін жақсартып, нәрлі азықпен үнемі қамтамасыз етіп отыру керек, құлындайтын биелерге және туған құлындарға ерекше көз салып, қамқорлық жасау керек.

Қазақстанда өсіріліп отырған жылқылардың санын көбейтіп, сапасын арттыру ісінде колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермалары шешуші роль атқаруға тиіс. Мұндай фермалардың асыл тұқымды жылқылар өсіріп шығаруда зор маңызы бар екенін большевиктер партиясы бұдан көп жылдар бұрын атап көрсеткен болатын. БК(б)П Орталық Комитетінің 1934 жылғы июнь пленумының қаулысында ССРО Жер Халық Комиссариаты мемлекеттік жылқы заводтары мен жылқы өсіретін фермалардың жұмыстарын тұқымдық жылқы шаруашылығын өркендетудің маңызды тірегі деп санап, өзінің ерекше бақылауына алуға тиісті деген болатын.

Колхоздардың жылқы фермалары алдарында тұрған жауапты міндеттерді ойдағыдай орындай алады, бұған олардың мүмкіншіліктері жеткілікті. Жылқы фермаларында жетілген мамандығы бар көптеген зоотехниктер мен тәжрибеші-селекционерлер жұмыс істейді, фермаларда колхозшылар арасынан өсіп шыққан социалистік жылқы шаруашылығының тәжрибеге бай нағыз шеберлері көбейді. Сонымен қатар жылқы фермаларына көптеген ғалымдар, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіретін рассадниктер мен мемлекеттік жылқы конюшняларының қызметкерлері тарапынан үнемі зор көмек көрсетіліп отырады. Осыған байланысты сүйсінерлік тағы бір жағдай — соңғы жылдардың ішінде асыл тұқымды жылқы фермаларының саны көрнекті түрде өсті. Мысалы, 1946 жылдың 1 январында республикадағы асыл тұқымды жылқы фермаларының саны 190 ғана болған еді, 1951 жылдың январында 263 ке жетті. Бұлардан басқа тағы да ондаған товарлы жылқы фермалары бірыңғай асыл тұқымды жылқылар өсіретін фермаларға айналдырылып отыр.

Асыл тұқымды жылқы фермалары — колхоздарда жылқы шаруашылығын өркендету ісінде қол жеткен үлкен табыстардың бірі деп айтуға болады. Колхоздарда мұндай фермалардың ұйымдастырылуы және олардың саны жылдан-жылға үздіксіз көбеюі еліміздің жылқы шаруашылығында сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да зор өзгерістер болатынын сыйпаттайды. Асыл тұқымды жылқы фермаларында ең құнды, нағыз бағалы тұқымдары өсіріліп отыр. Бұл фермаларда жоспармен салынған жайлы атқоралар бар. Бұларда мал суару, шөпті кесіп-тураy сияқты еңбекті көп сіңіруді тілейтін жұмыстардың бәрі механикаландырылған, жылқыларды суға шомылдырып жуып тұратын орындар (душ), тағы сондайлар жасалған. Әрбір асыл тұқымды жылқы фермасында істелген жұмысты тіркеп отыратын «Асыл тұқымды жылқы фермасының паспорты» бар.

Республикадағы асыл тұқымды жылқы фермаларында әр 100 биеден орта есеппен 1949 жылы 74 құлын, 1950 жылы 77 құлын алынды. Асыл тұқымды жылқы фермаларындағы жылқылардың саны жаңа туған тұ-

қымдық жас жылқылардың есебінен, сонымен қатар, жалпы мақсатқа пайдаланылатын жылқылар өсіретін товарлы фермалардан ең жақсы деген жылқыларды бөліп беру есебінен және басқа жақтан сатып алу не айырбастау жолымен толықтырылып отырады. Асыл тұқымды жылқы фермалары тұқымдық айғырларды жылқы заводтарынан, ең жақсы тұқымдық жылқылар өсіріп шығаратын фермалардан сатып алады немесе жылқы шағылыстыру маусымы кезінде мемлекеттік заводтық конюшнялардан уақытша алып пайдаланады.

Шынында колхоздардың асыл тұқымды жылқы фермаларында жылқы өсіру жөнінде істеліп отырған жұмыстардың жылқы заводтарының жүргізіп отырған осындай жұмыстарынан ешбір айырмасы жоқ. Жылқы заводтарындағы сияқты, асыл тұқымды жылқы фермаларында да өнім малдарының бәріне асыл тұқымды мал кітаптары (племкниги) толтырылады, айғырдан шығарылатын биелер нәсіліне, сымбатына, өсімталдығына және басқа сапаларына қарай жекежеке іріктеліп алынады. Республикадағы асыл тұқымды жылқы өсіретін ең жақсы фермаларда жас жылқылар үнемі үйретіліп отырылады, ал айрықша бағалы деп танылған жас жылқылар республикалық және одақтық маңызы бар ипподромдарға жіберіліп, сыннан өткізіледі.

Колхоз фермаларының жылқы заводтарынан бір өзгешелігі сол, бұларда жылқының біраз бөлегі ауылшаруашылық және транспорт жұмыстарына пайдаланылады. Бірақ колхоз өндірісінде жылқыны пайдалануға белгілі бір шек қойылған. Мәселен, буаз биелер құлындауына 6 ай қалғанда ауыр жұмыстардан, ал құлындауына 2 ай қалғанда жұмыстың барлық түрінен босатылады. Тұқымдық айғырлар және өте құнды тұқымдық биелер қандай жұмысқа болса да мүлде пайдаланылмайды. Кейбір алдыңғы қатарлы колхоздарда асыл тұқымды фермалардағы жылқылардың бәрі де ешуақытта жұмысқа қатыстырылмайды.

Алдыңғы қатарлы асыл тұқымды жылқы фермаларының жұмыс тәжрибесі Қазақстанның барлық колхоздарында жылқы шаруашылығынан мол өнім алып,

зор табысқа жетуге болатындығын, оған толық мүмкіндік бар екендігін көрсетеді. Бұған республиканың ертеде ұйымдасқан, кәзір алдыңғы қатардан орын алып отырған кейбір асыл тұқымды жылқы фермаларының жұмыс тәжрибесі айқын дәлел бола алады. Біз төменде жеке колхоздардың алдыңғы қатарлы жылқы фермаларының осындай тәжрибесін баяндап өтпекбіз.

Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы Буденный атындағы колхоздың жылқы фермасын алғаш рет (1935 жыл) ұйымдастырғаннан бері қарай атақты қарт жылқышы, Қазақ республикасының социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген мастері, жақында қайтыс болған мархұм Сисембі Дауғарин басқарып келді.

С. Дауғариннің жұмыс тәжрибесінде шешуші орын алып келген әдіс, ол жылқыны үйірге бөлетін кезде биелер мен айғырлардың сапасына, тұқымына қарай дұрыс бөлінуіне қатты көңіл аударатын еді, үйірге салынатын тұқымдық айғырларды сынап отыратын еді. С. Дауғариннің үйірге салған айғырлары өте жақсы болады: бойлары биік, денелері сом, жұқа басты келеді, олардың көздері «оттай жанған», қайратты, жігерлі, Абай айтқандай: «аяңы тымақты алшы кигізгендей, кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей» жылқылардың нағыз өзі. Үйірге қосылатын биелер айғырлардың сапасына, тұқымына, шыққан нәсіліне, сымбатына, дене тұрқына қарай бөлінеді. Айғыр биелерге шабатын кезде С. Дауғарин мұндай үйірлерді шөбі жақсы бітік шыққан жерлерге жайып, жылқылардың қоңы арымай, бір қалыпта болуын қамтамасыз ететін. С. Дауғарин айғырларды қай уақытта болса да күйлі ұстап, оларға қолдан күшті жем беріп тұратын. Айғырлар мен биелердің шағылысуы дәл мезгілінде жақсы өткізілгендіктен, бұлардан туған құлындар да нәсіліне тартқан жақсы, дендері сау болып туатын. Буденный атындағы колхоздың Сисембі Дауғарин басқарып келген жылқы фермасындағы сыяқты жақсы тәжрибелерді республиканың көп колхоздарында кездестіруге болады. Мысалы, Талдықорған облысы, Қапал ауданындағы «Пламя революции» колхозының асыл тұқымды жылқы фермасы да бай тәжрибеге ие болып отыр. Бұл ферма Талдықорған қаласындағы мемлекеттік заводтық конюшнямен ты-

ғыз байланысты. Ол конюшнядан жыл сайын орыстың желісті жылқысының таза тұқымды айғырларын алып, пайдаланып тұрады.

«Пламя революции» колхозының осы жылқы фермасы бұдан 21 жыл бұрын ұйымдастырылған. 1930 жылдың 1 мартында, ферма алғаш ұйымдасқан кезде, бұл фермада 250 ғана жылқы болған. Осыдан жыл сайын өскен жылқының саны кәзір анағұрлым көбейіп отыр. Мұны мынадай мәліметтен айқын көруге болады.

„Пламя революции“ колхозының асыл тұқымды жылқы фермасында жылқының өсуі

Жылы	Фермадағы жылқы саны	Жылы	Фермадағы жылқы саны
1930	250	1946	518
1940	350	1947	548
1941	382	1948	680
1942	383	1949	797
1943	397	1950	870
1944	437	1951	984
1945	493		

Кәзіргі уақытта бұл колхозда 756 желісті жылқы бар, оның 261 — бие.

Жылқы фермасының алғаш ұйымдасқан күнінен бастап оның алдына желісті жылқылардың айғырларын пайдалана отырып, жергілікті қазақ жылқысының сапасын жақсарту міндеті қойылды. Бұл үшін осы фермаға тұқым асылдандыру жұмысын жүргізу мақсатына деп жылқы іріктеп бергенде, еңалдымен тұқым берерлік сапасы жақсы, жұмысқа төзімді, дені сау, туған құлындары жақсы болатын, сүтті келетін қазақы биелер бөлініп берілген. Асыл тұқымды айғыр ретінде мұнда тұңғыш рет Валет дейтін 1928 жылы туған желісті айғыр пайдаланылған.

1939 жылы жылқы фермасындағы биелерді тұқымдыққа пайдалану жоспары жасалды. Жылқыларды

шағылыстыру жұмысы бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым ұйымдасқан түрде және зоотехниялық жоғары дәрежеде өткізіле бастады. Шағылыстыру науқаны басталар алдында айғырлардың шағылысуға әзірлігі және олардың ұрықтарының сапасы тексерілді.

Бұл фермада 1945 жылдан бастап мынадай айғырлар пайдаланылып келген: 1928 жылы туған Валет, екінші ұрпақ; 1939 жылы туған Авиатор, екінші ұрпақ; 1939 жылы туған Суровый, екінші ұрпақ; 1941 жылы туған Зайчик, екінші ұрпақ; 1937 жылы туған Жанып, екінші ұрпақ; 1938 жылы туған таза тұқымды Орлик.

Фермада Орлик өте құнды ұрпақтар қалдырды. Бұл зор денелі, биік, бұлшық еттері шығыңқы, жүйрік және жұмысқа төзімді, күшті айғыр. Осының үш баласы — Орлик I, Орлик II, Орлик III деген айғырлар әкесіне тартқан нағыз жақсы айғырлар. Бұлар кәзір фермада пайдаланылып отырған негізгі айғырлардың қатарына қосылады.

Жылқы фермасы орыстың желісті жылқысының тұқымын бұлжытпай өсіріп, негізгі жылқыларының бәрін осы жылқымен жақсартып отыр. Кәзіргі уақытта фермада оның өзі өсіріп шығарған 8 айғыр пайдаланылады, бұлардың бәрі де орыстың желісті жылқысынан туған I және II ұрпақтар. Фермада бұлардан басқа орыстың желісті жылқысынан туған таза тұқымды Лубок дейтін тұқымдық айғыр пайдаланылады, бұл мемлекеттік заводтық конюшняның айғыры.

«Пламя революции» колхозының асыл тұқымды жылқы фермасында жылқыны қолдан ұрықтандыру әдісі ойдағыдай қолданылып жүр. Лубок дейтін айғырдың бір өзі ғана 103 биені қолдан ұрықтандыруға пайдаланылып, содан 90 бие буаз болып шықты. Қолдан ұрықтандырылған биелерден туған құлындардың дені сау, таза келеді.

Жылқы фермасының жұмысын жақсартуда жылқыларды мәдени жолмен жайылымда бағу әдісіне көшудің маңызы зор болды. Алғашында ферманың жылқылары қыс бойы тебінде жүрді, атқора, ықтасын, азық қоры дегендер мүлде болмады.

Асыл тұқымды жылқыларды күту жұмысының жайын жақсарту мәселесі колхозшылардың жалпы жый-

налысында талқыланды, колхозшылар асыл тұқымды жылқы шаруашылығын мәдениетті жүргізу үшін фермаңың жұмысына керекті жағдайлар жасалсын деп қаулы алды. Фермаға колхоздың орталығына жақын маңнан үлкен жер берілді, мұнда жоспармен екі үлкен аткора салынды, жыл сайын шөп шабылып, жылқы азығының берік коры жасалды. Бұлардан басқа колхозда стандартты екі база, жылқыны қолдан ұрықтандыратын үлгілі пункт және сондайлар салуға белгіленіп, құрылыс жоспарына енгізілді. Колхоз малазығына арнап ауыспалы егіс тәртібін енгізу нәтижесінде, өзінің жылқылары үшін азық қорының берік базасын жасап алды.

Колхоз басқармасы асыл тұқымды жылқы фермасында істейтін кадрлардың мәдени-тұрмыс мұқтаждарын өтеудің үнемі қамын ойлап отырады. Фермада кәзір 14 адам жұмыс істейді, солардың ішінде аға табыншы Сәрсембаев Жексембектің семьясы ерекше көзге түседі. Сәрсембаев осы фермада табыншы болып істейді, әйелі Нұрсәлім екеуі қолдан ұрықтандыруға бөлінген 150 тұқымдық биені бағады. Бұл биелердің бәрі де бір табында бағылады. Ерлі-зайыпты табыншы Сәрсембаевтар өздеріне берілген жоспарлы тапсырманы жыл сайын артығымен орындап келеді. Ал мұның өзі олардың әл-ауқат күйінің жақсарып, тұрмысының ондалуына зор мүмкіндік тудырды. Сәрсембаев 1949 жылы еңбеккүнге — 3219 килограмм астық және 2 мың сомнан астам ақша алды.

«Пламя революции» колхозының жылқы фермасында істейтін ең жақсы табыншылардың бірі — 65 жастағы Ормашев Қожахмет қарт. Ол 1949 жылы 1012 еңбеккүн тапқан. Асыл тұқымды жылқының санын көбейту жоспарын артығымен орындағаны үшін қосымша ақы алды.

Колхоз басқармасы жылқыда істейтін адамдардың бәрін жазғы және қысқы киімдермен (плаш, тон, етік, пима, құлақшын, қолғап және басқалармен) қамтамасыз еткен. Табыншылардың боран мен аязда киетін, киізден басылған кебенектері бар. Бұл әрі жеңіл, әрі жылы, су не сыз өтпейтін өте ыңғайлы киім.

Ферманың жұмысына және онда істейтін адамдар-



ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Өтеу Құдайбергенов, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Киров атындағы колхоздың председателі.

ға жасалған жақсы жағдайлардың арқасында колхоздың асыл тұқымды жылқыны өсіріп, көбейте беру жөніндегі жұмысы да едәуір жақсара түсті. Жылқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары 1947 жылы 100 процент, 1948 жылы — 98 процент, 1949 жылы — 103 процент орындалды. 1951 жылы ферманың барлық жылқысының саны 984 ке жеткен болса, оның ішіндегі асылдандырған жылқысы 756 болды, мұның 261 — бие. Жыл сайын әрбір 100 биеден орта есеппен 81 құлыннан алынды.

Асыл тұқымды жылқы фермасы колхозға үлкен табыс келтіріп отыр. 1949 жылдың өзінде ғана тек жылқы сатудан түскен табыстың сомасы 121 мың 610 сом, 1951 жылы — 320 мың сом болды.

«Пламя революции» колхозының асыл тұқымды жылқы фермасы Қапал ауданының және көршілес отырған басқа аудандардың колхоздарына орыстың асыл тұқымды желісті жылқыларын жеткілікті беріп отыратын негізгі жабдықтаушы орынға айналды. Тек соңғы 6 жылдың ішінде ғана осы фермада өсіріліп шығарылған жылқылардан Қапал ауданының өз ішіне 1, II класқа жататын, тұқымдық 70 айғыр сатылды.

Колхоздардың бұл фермадан алған асыл тұқымды айғырларынан көптеген ұрпақтар тарады. Мұны мынадан-ақ көруге болады.

Капал ауданының колхоздарындағы желісті жылқылардың саны

(1950 жылғы I майға)

Тұқымдық айғырлар	58
Дөнежіннен жоғарғы биелер	137
Дөнежін байталдар	83
Дөнендер	69
Құнажын байталдар	117
Тайлар	99
Құлын-жабағылар	315
Барлығы	883

Алайда қолжеткен табыстар колхозшыларды қанағаттандырмайды. Колхозшылар асыл тұқымды жылқы

өсіру жөнінде өздерінің алдына бұрынғыдан анағұрлым зор, жаңа міндеттер қойып отыр. Асыл тұқымды жылқы фермасының табыншылары 1950, 1951 жылдары әрбір 100 биеден кемінде 90 құлын алып, аман өсіреміз деп өздеріне социалистік міндеттеме алып, оны іс жүзінде орындап шықты. Колхозшылардың жалпы жыйналысы қабылдаған жоспарға сәйкес, колхоздың асыл тұқымды жылқы фермасында жылқы өсірудің мемлекеттік жоспарын орындау нәтижесінде, жылқы саны мынадай болып өсті:

	1951 жылдың 1 январында	1952 жылдың 1 январында
Барлық жылқы	960	984
Соның ішінде:		
Бие	284	304
Құлын	162	179
Жұмыс ат-көлігі	123	146

Қазақстанда жылқының тұқымын жақсарту жөнінде жүргізіліп жатқан көптеген тәжрибе жұмыстарының ішінде Қарағанды облысында желісті жылқыны өсіру мәселесі ерекше орын алады.

Қарағанды облысының ауа райы қатал екендігі, онда қыс қатты суық келетіні, Каспий жағалауындағыдай, Туран ойпаттарындағыдай жел-дауыл, борандардың соғатыны, ал жазда тым ыстық болатыны жұртқа мәлім.

Жылқы өсіруші мамандар көп жылдан бері, Қарағанды облысының мұндай қатаң ауа жағдайында тек жергілікті қазақ жылқысын ғана өсіруге болады, асыл тұқымды жылқы мұндай жерде өспейді, оған көнбейді деген пікірді айтып жүретін. Соңғы жылдарда, табиғаттың қайырымына бас имей, оны халық шаруашылығына бағындыру жолында күресуші колхоздардың жылқышылары мен мамандары асыл тұқымды жылқы өсіруге толық кірісіп отыр.

Кәзіргі күнде Қарағанды облысында орловтың желісті жылкысы мен орыстың желісті жылкысының тұқымдары ойдағыдай өсірілуде. Мұндай жылқылар бұл облыстың Ворошилов, Нұра, Осакаровка және Тельман аудандарындағы колхоздарында өсіруге және

олардың жергілікті жылқысының тұқымын жақсартуға беріліп отыр.

Жергілікті жылқының тұқымын жақсарту үшін бұл аудандарға 1934 жылы орловтың және орыстың желісті жылқысынан таза канды 5 жылқы әкелінді. Сонымен катар биені айғырдан шығару маусымында сол жылы Петропавлдағы мемлекеттік жылқы конюшнясының 4 айғыры уақытша колхоз фермаларында пайдаланылды.

1935 жылдан 1940 жылға дейін Ворошилов, Нұра, Осакаровка, Тельман аудандарына орловтың және орыстың желісті жылқыларының тұқымынан тағы да 19 айғыр мен 13 бие әкелінді.

Сонымен 1940 жылы осы төрт ауданда орловтың және орыстың 37 таза тұқымды желісті жылқысы, оның ішінде 24 айғыр, 13 бие бар еді.

Таза тұқымды желісті жылқылардың ең жақсыларынан «Завет Ильича» колхозы 5 бие мен 1 айғыр, «Центральный» колхозы 3 бие мен 2 айғыр, «Осакаровка» колхозы 2 бие мен 1 айғыр, «Токсумак» колхозы 2 бие. 1 айғыр, «Путь к коммунизму» колхозы 1 бие мен 1 айғыр сатып алған. Осы таза тұқымды жылқылар колхоздардың жергілікті жылқыларының тұқымын келешекте жаксартып, желісті жылқы өсіріп шығару ісінің бастамасы болды. Асыл тұқымды желісті жылқы фермалары «Завет Ильича», «Центральный», «Путь к коммунизму» және «Осакаровка» колхоздарында 1940 жылы ұйымдастырылды. Жылқы саны бұл фермаларда ол жылы мынадай еді:

Колхоздар	Барлығы	Оның ішінде			
		таза тұқымдысы	III үрпақ	II үрпақ	I үрпақ
„Завет Ильича“	69	13	—	2	52
„Центральный“	86	9	—	5	72
„Путь к коммунизму“ . .	88	4	—	12	72
„Осакаровка“	68	9	—	8	55
Барлығы	311	35	—	27	251



Социалистік Еңбек Ері Әуез Ахметов, Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданындағы Панфилов атындағы колхоздың председателі.

Қарағанды облысында асыл тұқымды желісті жылқы өсіретін ферманың саны 10 жыл ішінде 9 ға жетті. Жаңа фермалар 1943 жылы «Токсумақ», Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхоздарында, 1946 жылы Осакаровка ауданының «Победа» колхозында, 1948 жылы «Красный пахарь» колхозында және Тельман ауданының «Победа» колхозында ұйымдастырылды.

Асыл тұқымды жылқы фермаларының негізгі жұмысы жергілікті жылқылардың қанын жақсартып, сапасын көтеру болды. Аз уақыттың ішінде олар (жылқы фермалары) елеулі табыстарға жетті.

1951 жылғы I июльге асыл тұқымды жылқы фермаларындағы жылқылардың саны мынадай болды:

Колхоздар	Барлығы	Оның ішінде			
		таза қанды	III ұрпақ	II ұрпақ	I ұрпақ
„Завет Ильича“	77	36	31	10	—
„Центральный“	41	33	3	4	1
„Путь к коммунизму“ . .	74	23	11	31	9
„Осакаровка“	61	25	20	16	—
„Токсумақ“	27	11	11	5	—
Казақстанның 30 жылдығы атындағы	41	9	21	9	2
„Победа“ (Осакаровка) . .	39	9	22	8	—
„Красный пахарь“	40	4	32	4	—
„Победа“ (Тельман ауданы).	41	2	12	23	4
Барлығы	441	152	163	110	16

Бұл мәліметтерден ферма ұйымдастырылған уақыттан бері қарай жергілікті жылқылардың тұқымы анағұрлым жақсартылғаны көрініп тұр. Фермаларда таза тұқымды желісті жылқылар 1940 жылы небәрі 9 процент болса, 1951 жылы 34,5 процентке жеткен.

Бұл фермалардағы жылқының саны 10 жыл ішінде онша көп өспегенінің себебі, олардың көптеген асыл

тұқымды жылқылары басқа аудандардың, тіпті басқа облыстардың колхоздарындағы жылқылардың тұқымын жақсарту үшін сатылып отырған. Фермалар ұйымдасқаннан бері асыл тұқымды 195 айғыр мен бие сатылған.

Осакаровка ауданындағы «Завет Ильича» колхозының жылқы фермасын облыстағы ең жақсы ферма деп айтуға болады. Егер 1940 жылы бұл фермадағы 69 жылқының ішінде таза тұқымдысы небәрі 1 айғыр, 5 бие, 7 жас төл ғана болса, кәзір 77 жылқысының 36-сы таза тұқымды жылқы. Мұнан ферма жылқысының құрамын 10 жыл ішінде анағұрлым жақсартқанын көреміз. Сонымен қатар, бұл ферма Осакаровка, Тельман және Ворошилов аудандарындағы колхоздардың жылқы шаруашылығын жақсартуына үнемі көмектесіп келеді. Ферма осы үш ауданның колхоздарына үйірге салатын асыл тұқымды 70 айғыр және басқа да асыл тұқымды 14 жылқы сатқан.

Бұл фермада жылқы тұратын жақсы атқоралар бар. Олардың алдында күндіз жылқы тұратын таза, төбесі ашық қоралар салынған. Фермадағы жылқылар мамандар айтқан тәртіп бойынша күтіледі.

Колхоз басқармасы ферманың қызметкерлеріне көп көніл бөледі. Коммунист Полуротов бес жылдан бері ферманы басқарады. Ол осы уақыттың ішінде фермадағы әр жылқының атын ғана емес, мінезін де біліп алды. Мұның өзі ферманың жұмысын дұрыс жолға қоюға үлкен себеп болды. Мысал үшін мынадай бір уақыйғаны айта кетейік. Полуротов бұл фермаға бастық болып келгенге шейін ондағы Кама дейтін бие, қандай айғыр шапса да, 3 жыл бойы қысыр қалып келген. Полуротов жолдас мұнда келісімен бұл биенің мінезін әбден біліп, ол қызу, мінезі шалкес, асау бие екенін байқады да, оны қолдан шағылыстыру әдісін қолданды. Бұл әдіс ойдағыдай жақсы нәтиже берді. Бие төрт жыл бойы аман-есен құлындап келеді. Полуротов жолдас жылқы өсіру жұмысының техникасын (әдісін) осылайша жақсы үйреніп алып, фермада зоотехниялық дұрыс тәртіп орнатты.

Фермада Кимаев жолдас атшы болып істейді. Ол 5 жыл ұдайымен өзінің қарауындағы әрбір 10 биеден

жылына 8—9 құлын алып, бәрін аман-есен өсіріп келеді. Бұл нәтижеге Кимаев жолдас әрбір биені жақсылап карап, күтуінің аркасында жетіп отыр. Ол күйлеген биені уакытында айғырға қосады, айғырдан шыққан буаз биелерді мұқият күтіп, оларды баска жылқының тебуінен сактайды, жылқыға азықты белгіленген норма бойынша береді.

Ферманың жанында аттарды жүргізіп үйретететін, жарыска және бәйгеге дайындайтын пункті бар. Мұнда тәжрибесі мол колхозшы Семенычев ат жаратушы болып істейді. Ол 10 жыл ішінде ипподромда көптеген желісті және жүйрік жылқыларды жаратып шығарды. Семенычев жолдас жас жылқыларды жегіп үйретеді, оларды шаршатпай, бірте-бірте жүріске үйретумен катар, жас жылқының өсіп толысуына, мүшелерінің дұрыс жетілуіне де аса көңіл бөледі. Семенычев жолдастың қолынан үйретілген желісті Летун, Гул, Габай дейтін айғырлар 1600 метр жерден 2 минут 16—17 секундта өтеді. Ферманың бұлардан баска да көптеген жылқылары 1 600 метр жерден 2 минут 20—30 секундта өтіп жүр. Кейінгі жылдарда колхоз фермаға жылқы жаятын және шөп шабатын жақсы жер бөліп берді. Ол участок колхоздың орталығынан 45 километр жерде болғандыктан, сол жерге атқоралар салынып, қыска жететін жем-шөптері сонда жыйналады. Жылқылар сол жердегі кен жайылымға жайылады.

Асыл тұкымды жылқы фермасы колхозға көп кіріс береді. Мысалы, 1948 жылы «Завет Ильича» колхозы асыл тұкымды жылқыларды сатып, 280 мың сом, 1951 жылы 3 айғыр сатып, 52 мың 450 сом табыс тапқан.

Қарағанды облысының тұқымдық жылқы фермаларындағы өсірілген асыл тұқымды жылқылар колхозға үлкен табыс берумен бірге, баска колхоздардың жылқы тұқымын жаксартуға пайдаланылып жүр. Бұл жөнінде «Интернационал» колхозының орыстың желісті жылқылары Трандит пен Лидадан туған Летун деген желгіш айғыр ерекше орын алды. Летун «Завет Ильича» колхозының жылқы фермасында туып өскен. Летун дене құрылысы сом, тұлғасы сымбатты, ірі айғыр. Оның өлшеулері: шоктығына дейінгі биіктігі 160 см, жі-



Социалистік Еңбек Ері Қажіп Балдосов, Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы ,,Қазақ ССР ХХУ жылдығы атындағы'' колхоздың аға жылқышысы.


ліншігінің орамы 20 см, бірталай жасқа келген кезінде ол 1600 метр жерден 2 минут 17 секундта өтті. Летуннан тараған 286 ұрпақ бар, бұлардың 107 айғыры Қарағанды облысының бірнеше колхоздарында асыл тұқымды жылқы фермаларының тұқымдық айғыры есебінде үйірге салынып жүр.

«Завет Ильича» колхозының жылқы фермасында 1940 жылы орловтың таза қанды жылқысынан шыққан Парус пен Гадалкадан Гандикап деген көк айғыр туған. Гандикап дене құрылысы жақсы, өте сымбатты болған. Оның өлшеулері мынадай: шоқтығына дейінгі биіктігі 161 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы 167 см, көкірегінің орамы 184 см, жіліншігінің орамы 21 см. Өзі атақты жүйрік болды: 1600 метр жерден 2 минут 39 секундта, 3200 метр жерден 5 минут 17 секундта өткен. Гандикаптың нәсілінен 153 бас жылқы бар. 1951 жылы ол Осакаровка ауданындағы «Завет Ильича» колхозының қолдан ұрықтандыру пунктінде тұқымдық айғыр есебінде пайдаланылған.

Қарағанды облысындағы колхоздардың желісгі жылқыларының ішіндегі көрнекті айғыр —1945 жылы туған Бонопарт (Утес-Провинция) деген тұқымдық жас айғыр. Ол Тельман ауданындағы «Центральный» колхозының жылқы фермасынан шыққан. Бонопарттың дене құрылысы әсем, өзі ірі, сұлу жылқы. Оның өлшеулері: шоқтығына дейінгі биіктігі 159 см, тұрқының қыйғаш ұзындығы 159 см, көкірегінің орамы 183 см, жіліншігінің орамы 21 см.

Осакаровка ауданы, «Тоқсумақ» колхозының жылқы фермасында 1945 жылы туып өскен, орыстың желісті жылқысының тұқымынан шыққан Вандал (Летун-Ворсинка) деген қара айғыр колхоздың жылқы фермасында тұқымдыққа пайдаланылып жүр. Оның денесі ірі, мүшелері сом, тұрқы әдемі жаралған. Өлшеулері: 162—167—185—21. Ол 1600 метр жерден 2 минут 42 секундта өткен.

Сол колхоздың жылқы фермасында өскен Вандалмен туыстас, орыстың желісті жақсы жылқысының тұқымы, 1943 жылы туған Волшевница деген бие бар. Оның өлшеулері: 161—161—191—21. Бұл бие сымбатты, Қарағандыда болған облыстық ауылшаруашылық



Социалистік Еңбек Ері Ыбрай Тоққожин. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Калинин атындағы колхоздың жылқы фермасының меңгерушісі.

көрмесінде 1600 метр жерден 2 минут 40 секундта өтіп, бірінші бәйгені алған.

Қарағанды облысындағы жылқы фермаларында орыстың және орловтың желісті жылқысының тұқымдары келешекте облыстағы көп колхоздардың жылқы тұқымын жақсартып, социалистік шаруашылыққа кеңінен пайдалануға мүмкіншілік береді. Сондықтан жылқы бағуда, оны өсіріп күтуде аянбай қызмет етіп, қажымас қайрат көрсетіп жүрген атақты жылқышылардың тәжрибесін көрсетіп кетуге болады.

Республикамыздың атақты жылқышыларының бірі, Социалистік Еңбек Ері Ыбрай Тоққожин жолдас Қарағанды облысы, Қаркаралы ауданы, М. И. Калинин атындағы колхоздың жылқы фермасын көп жылдан бері басқарып келеді.

Академик Т. Д. Лысенко 1949 жылғы 5 майда, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясының пленумында жасаған баяндамасында «Караваево» дейтін мал совхозының тарихын айта келіп, мынаны атап көрсетті: «Егер қандай товарлы ферманың болса да зоотехниялық қызметкерлері өздерінің қажырлы еңбектерінің арқасында өз фермасындағы малдардың өнімділігі жағынан бірінші орынға шығатын болса, онда мұның өзі олардың өсірген малдары тұқымдылығы жағынан өте өнімді мал екендігін ыспаттап береді және мұндай ферманың кандайын болса да, ондағы қызметкерлердің күшімен тұқымдық мал өсіретін шаруашылыққа, тіпті мал тұқымын асылдандыратын заводқа айналдыруға болатындығын дәлелдейді».[1]

Қаркаралы ауданы, Калинин атындағы колхоздың жылқы фермасы нағыз осындай шаруашылық. Бұл ферма малдарының өнімділігі жағынан ылғый бірінші орын алып келеді. Қазір ол товарлы жылқы фермасы, бірақ Ы. Тоққожиннің басшылығымен ферма коллективінің жұмысты өте жақсы істеуінің арқасында, ферма асыл тұқымды жылқы өсіретін үлгілі фермаға айнала бастады. Демек, М. И. Калинин атындағы колхоздың жылқы фермасы бұл жөнінен Қазақстанның

---

[1] Осы кітаптың 181-бетінқараңыз.

баска да көптеген колхоздарына зор үлгі бола алады.

М. И. Калинин атындағы колхозда жылқы шаруашылығын өркендетудің тәжрибесі жөнінде Социалистік Еңбек Ері Ы. Токкожин мынаны айтады:

«Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарайтын М. И. Калинин атындағы колхозда 1938 жылы небәрі 40 қана жылқы, оның ішінде бір айғыр, 17 бие болатын. Тұтас бір колхоз үшін бұл, әрине, тым аз еді.

Колхоздың председателі жалпы жыйналыста колхозшылардың жылқы шаруашылығын өркендетуге көзқарасын негізінен өзгерту туралы мәселе қойды. Колхозшылар бұл мәселені талқылағаннан кейін маған ферманың аға табыншысы бол деп ұсыныс жасады. Оның мәнісі маған түсінікті еді, өйткені менің жастайымнан жылқы баққанымды колхозшылар жақсы біледі. Шынында да мен бала кезден бастап әкеммен бірге байдың жылқысын бақтым, әкеден үлгі алып жылқы бағуда біраз тәжрибе алдым. Қазіргі колхозға беріліп отырған жердің әрбір ой-шұқырына дейін маған жақсы таныс еді. Міне сондықтан менің жасым бірсыпыраға келіп қалса да, колхоз жылқысын бағуға ризалығымды білдірдім. 1941 жылы менің алдыма салып берген колхоз жылқысының үйірінде небәрі 33 бие, 3 айғыр ғана болған еді. Сол кезден бастап осы жылқыларды бағып өсіруге кірістім.

Біз бұрын жылқыны қалай болса солай бақтық. Ешбір ғылми әдіс, дәрігерлік ереже колдану дегенді білмедік. Жылқы қысы-жазы бірдей далада жайылып, тағылау болып өсті. Біздің жылқыларымыз жылдан-жылға азғындап, денесі уақтала берді. Оның себебі неден екенін мен білмейтін едім. Жылқы бағуда зор тәжрибем бола тұрса да, мен жылқының санын ғана көбейтуді, құлындарды күтіп өсіруді ғана білдім. Ал жылқының сапасын қалай жақсартуға болатынын білмедім. Бұл мәселені шешу менің шамамнан келмейтін сыяқты көрінді. Сондықтан жылқының санын ғана көбейтпей, оның сапасын да жақсартуды көздеп, мен көпті көрген бастас карт адамдардан ақыл сұрадым, олармен жылқының сапасын қалайша жақсартуға болатынын ақылдастым. Қарттардың маған айтқаны: «Ай-

ғырды басқа жақтан әкеліп салу керек» деді. Мен бұл қалай: өзімдегі айғырлар басқа айғырлардан артық болмаса, ешбір кем емес, ендеше басқа жақтан неге айғыр әкелеміз? — деген ойға қалдым. Бірақ зоотехник мамандар карттардың айтқанын қостап, олар дұрыс айтады, үйірге салынатын айғырларды міндетті түрде айырбастап отыру керек, өйткені бір айғыр бір үйірге жыл сайын салына беретін болса, онда олардан туатын ұрпақтар уақталып, азғындай бастайды, деді. Тәжрибеде менің бұған көзім жетті. Үйірге салынатын айғырды айырбастап отыру қажет екенін мен жақсы ұғындым. Осыдан кейін мен мамандармен жиі ақылдасып отыратын болдым. Мен зоотехниктердің білімін және бұрын жылқы баққан қарт шалдардың тәжрибелерін өзімнің жұмыс тәжрибеммен тығыз ұштастырып, кеңінен пайдаланып отырамын.

М. И. Калинин атындағы колхозда табыншы болып істеген 12 жылдың ішінде мен жылқы шаруашылығын өркендетудің алдыңғы қатарлы жетілген әдістерін қолдануға тырысып, біраз тәжрибе алдым. Қандай биеден болса да жақсы құлын алып, оны аман өсіру үшін биелерді айғырдан шығару, құлындату жұмыстарын дәл мезгілінде және дұрыс жүргізу керек; жылқы бағылатын жайылымдарды жылдың әр маусымына дұрыс бөліп, орынды пайдалану керек; әсіресе құлын-тайларды қыстату мәселесіне қатты көңіл бөліп, барлық жағынан әзірлік жасау керек, өйткені барлық жылқы табында бағылатын жағдайда құлын-тайлардың табын да қыстап шығуы қыйынға соғады.

Біздің жылқыларымыз Ақмола деген жерде қыстап шығады. Колхоздың бұл жерде салған қоралары бар, онда жыл сайын жылқыға жеткілікті шөп шабылады. Ақмола сай-саласы көп таулы жер, сондықтан жылқыны мұнда қыс бойы бағуға болады, қатты суық, желді күндерде жылқы желсіз, ықтасын сайларда бағылады. Адырлы, сай-салалы жерлерде жауған қар, жазық даладағы сияқты, тегіс жатпайды, ал тау беткейіндегі қарды жел ұшырып әкетеді де, көп жерде қар мүлде болмайды немесе өте жұқа болады. Міне мұндай жерлерде жылқылар жақсы тебіндеп, қыста күйінен азбайды.

Қатты суықтар мен үскірік борандарда біз жылқыны желден қорғайтын ықтасын жерлерде ұстап, қолдан шөп береміз. Шөпті қардың бетіне әр жерде құшақ-құшақ етіп шашып тастаймыз, сонда қай жылқының болса да аузы шөпке еркін тиеді. Осындай әдістің нәтижесінде біз биелерді мезгілсіз іш тастаудан сақтаймыз және жас жылқылардың арықтамай, қыстан аман шығуын қамтамасыз етеміз.

Біз марттан бастап айғырлардың бәріне де қосымша азық береміз, ал кейбір айғырларды бүкіл қыс бойына қолдан жем беріп, атқорада күтеміз.

Менің өзім де және менімен бірге істейтін жолдастарым да әрбір жылқыны, әсіресе биелерді жеке-жеке бақылап, күйін қарап отырамыз. Сәл арықтай бастаған жылқылар бола қалса, ондайларды дереу қораға енгізіп, қолдан шөп беріп күтеміз.

Март айынан бастап буаз биелердің құлындайтын және айғырдан шығатын маусымына әзірлік жасауға кірісе бастаймыз. Құлын—жабағылардың бәрін енелерінен айырып, жеке табында бағамыз. Биелер бірнеше үйірге бөлінеді, тұңғыш рет айғырдан шығатын дөнежін байталдар да 12—15 тен үйірге бөлініп, үйірдің әркайсысына бұрын 2—3 рет үйірге түскен 5—6 жастық айғыр салынады. Біз қай айғырдың сапасы қандай екендігін жақсы білеміз. Сондықтан үйірге бөлінетін биелерді де әр айғырдың сапасына қарай іріктеп аламыз.

Биелер ерте құлындайтындай жағдайда күйі кемігген осалдау биелер қорада ұсталып, қолдан азықтандырылады. Мұндай биелер аман құлындап, құлындары шыныққаннан кейін табынға жіберіледі.

Биелердің бәрі жаппай құлындайтын маусым басталған кезде, олар тура далада, үйірде жүріп құлындайды. Мұнда біз әрбір құлындаған бие мен жаңа туған құлынды жеке байқап отырамыз. Егер биенің не құлынының күйі нашар екендігі байқалса, ондайларды дереу қораға алып, жақсы күтімге қоямыз.

Биелер құлындайтын кезде қасында жеткілікті шөбі бар қораларға таяу жерде ұстаймыз. Таудың күнжақ беткейіне салынған қоралардың айналасында қар тез кетеді де, шөбі ерте өседі, сондықтан жаңа туған

құлындар алғашқы күннен бастап-ақ шөппен ауыздана-нады. Жаңа шыққан көк шөпке оттату құлындарға өте пайдалы, өйткені олар жас шөпке оттауға дағдыланған соң, одан қаттырақ шөптерді де оттауға тез үйреніп кетеді.

Мен май айының аяғында жылқыларды жазғы жайылымға, Нұра өзенінің шөбі, суы мол алқабына айдап апарамын. Күндіз өзеннің шөбі биік, тал шыққан жағасына жақын жерде бағамын. Ыстық уақыттарда жылқы осы өзен жағалауын саялап көленкеде болады. Кешкі сағат 6 шамасында мен жылқыны ашық далаға айдап, құмды жайылымға жаямын. Таңсәріде жылқылар құм үстінде аунап тынығады. Құмда аунаған жылқының жүні тез тазарады және жылқы құм үстінде жақсы тынығады, өйткені құмды жерде маса да, бөгелек те болмайды. Күн шыққаннан кейін жылқыларды суға қарай беттете жайып, жолшыбай ашқылтым шөптер шығатын, жусанды жерлердің үстімен айдаймын. Мұндай жерлерде жылқылар тұз дәмі бар ашқылтым шөптерді жейді. Ашқылтым шөптерді жегеннен кейін суды жақсы ішіп, жақсы оттайды, бұл жылқының тез семіруіне себеп болады.

Жылқыны жазғы жайлауда баққан кезде әрбір 10—15 күн сайын орны ауыстырылып, жайылымы жанарып отырады. Жылқының жайылымын ауыстырар алдында мен сол жылқы жаятын жаңа жерге барып, ол жерде қандай шөптер өсетінін, қай жерде тұщы су бар екенін өз көзіммен көріп келемін. Міне сондықтан менің табындарым ылғый шөбі мен суы мол жақсы жайылымдарда бағылады. Тағы бір айта кететін нәрсе: мен жылқыны ешуақытта да қой бағылған жерге жаймаймын, оның себебі — қой жайылып өткен жерлердің шөбін жылқы сүйсініп жемейді.

Мен жазғы жайлауда 4 айдай боламын да, сентябрь айының аяқ кезінде жылқыларды күзгі жайылымға айдап келемін. Бұл жерлердің шөбі тың тұрады, жазда бұл арада ешбір мал болмайды да, шөбі қашан қар жауып, қыс түскенге дейін жақсы болып тұрады. Жылқы күзгі шыққан көк шөптермен қоса кұраған катты шөптерді де жақсы жейді. Менің табындарым көбінесе күзгі жайылымда тез оңалып, өте жақсы

семіреді. Мен күзде бұл араға жас жылқыларды да айдап әкелемін.

Енді тұқымдық айғырлар жөнінде бірнеше сөз айта кетейін. Жылқыны шағылыстыратын кезде тым семіріп кеткен айғырлар бой күйез керенаулыққа салынып, биеге онша жаксы шаба қоймайды. Мен мұндай жағдайда ол айғырларды ерттеп, бірнеше күн салт мініп жүремін де, еті әбден ысылғаннан кейін ғана үйірге жіберемін. Әдетте, осылай бойы серіген айғырлардың керенаулығы койылып, жігері арта түседі.

Міне әркімнің-ақ қолынан келетін осындай әдістерді қолдана отырып, мен соңғы жылдарда әжептәуір табыстарға жеттім. Соның ішінде әсіресе құлын өсіру жөнінде қолымыз жеткен табыстарымызды атап айтуға болады. Мысалы, 1948 жылы өзім баққан 60 биеден 57 құлын алып аман өсірген едім, 1949 жылы сол биелердің бәрі де құлындап, олардан туған 60 қулын түгелімен табынға қосылды. Ал 1950 жылы 60 бие, 1951 жылы 69 бие, 1952 жылы 71 бие түгелімен құлындап, күтімнің, бағудың дұрыс әдісін қолданудың нәтижесінде олардан туған құлындар аман өсіп, жылқының табынына қосылып отыр. Мен сыяқты колхоздағы бірнеше жылқышылар адал еңбек етіп, өздеріне бағуға берілген жылқыларды аман сақтап келеді. Оның ішінде көрнекті табыстарға жетіп жүрген орденді жылқышы Іргебай Игіліков жылқы өсіру жоспарын жыл сайын орындап келеді. Міне осындай қажырлы жұмыстардың аркасында колхоз жылқысының саны кәзіргі уақытта 1289 басқа жетіп, жылқы өсіру жоспары 109,9 процент болып орындалып отыр».

Жылқының сапасын көтеру үшін колхоздың жылқы өсіруші колхозшылары кәзіргі жылқы фермасын таяудағы уақыттың ішінде асыл тұқымды жылқы өсіретін нағыз үлгілі фермаға айналдыруды өздерінің негізгі мақсаты етіп қойып отыр. Бұл үшін буденный жылқысының тұқымынан шыққан тамаша 3 айғыр сатылып алынды, жақсы тұқым береді деген биелер іріктеліп алынып, жеке үйірге бөлінді.

Жылқыны бағып, өсіруде мол тәжрибеге ие болған республикамыздың таңдаулы жылқышыларының бірі Рақыш Мержанов жолдас. Ол Шығыс Қазақстан об-

лысы, Тарбағатай ауданының Сталин атындағы колхозында, сол колхоз ұйымдасқаннан бері үнемі жылқы бағып келеді.

Колхоздың жылқы фермасы алғаш ұйымдастырылған кезде онда 30 ғана жылқы болған еді. Мержанов сыяқты тәжрибелі адамдардың өзіне жүктелген жұмысқа шын ықыласымен беріліп істеген адал еңбегінің арқасында колхоз жылқысы жылдан жылға жедел өсіп, аз уақыттың ішінде-ақ қоғамдық шаруашылықтың маңызды салаларының біріне айналды.

Бұл колхозда да жылқыны өсіру ісінде ерекше көңіл бөлінген мәселенің бірі — жылқыны жайылымда бағу жұмысын дұрыс ұйымдастыру, жайылымдық жерлерді жылдың әр маусымында кезегімен неғұрлым тиімді пайдалану, жылқы бағылатын жерлердің қайсысында болса да шөбі мен суының мол және құнарлы болуы. Мержанов жолдас бастаған колхоз жылқышылары өздерінің жылқы өсірудегі жұмысында осындай шарттарды бұлжытпай қолданып отырады. Мұнда әсіресе жылқыны қыста бағу жұмысына зор көңіл бөлінеді. Мержанов Рақыш бұл жөнінде былай дейді:

— Мен қысқы боранды күндерде жылқыны Китіңқара жайылымына айдап саламын. Бұл жерде үлкен-үлкен сайлар бар. Мұнда жылқының сүйсініп жейтін шөптері — бетеге мен қыя өседі. Жылқы сайды өрлей жайылып, боран басылғанша ықтасын жерде болады. Ал борансыз, ашық күндерде жылқыны жазыққа жаямын, өйткені жазық жердің қарын жел суырып, ұшырып әкетеді де, шөптің түбі ашылып қалады. Мұндай жерде жылқы жақсы тебіндейді. Біздің колхоздың жерінде Бозша дейтін осындай кең алқап бар. Бұл жер қыстыкүні жылқыға пайдаланылатын болғандықтан, оған біз жазда мал жібермейміз.

Қар жұқарып, жылқының қысқы тебіндейтін жерінің шөбі сұйылған кезде колхоздың тебіндегі жылқысы Қарашоқы, Тайбаққан дейтін жерлерге айдап әкелінеді. Халық бұрынғы уақытта қысқы тебінде болып жүдеген, қыстан арықтап шыққан тайлар мен жабағыларды осы Тайбаққанға әкеліп бағады екен. Бұл жердің қары жұқа болады және ерте еріп кетеді, шөбі қалың шығады. Оның үстіне бұл арада Жайылма дейтін суы мол

бұлақ ағады. Тайбаққанға әкелініп салынған жылқы тез тойынып, оңала бастайды.

Колхоз жылқышылары буаз биелердің күтіміне қатты қарайды, оларды осы жерде құлындатады. Қарт жылқышы Мержанов әрбір биені қолдан құлындатады. Ол биелердің бәрі қашан түгел құлындап болғанға шейін ат үстінен түспейді деуге болады. Жаңа туған әрбір жас құлын аяқтанып жеткенге дейін ол соның қасында болады.

Жылқы бағуда зор тәжрибеге жеткен, өз жұмысының шебері Рақыш Мержанов сапасы жақсы, өсімтал жылқы өсіруде үнемі табысқа жетіп жүр. Ол 1951 жылдың өзінде ғана 151 биеден 151 құлын алып, туған құлындардың бәрін түгел аман сақтады. Жылқы шаруашылығына үнемі көңіл бөліп, оны бағу, күту жұмыстарына Мержанов сияқты тәжрибелі адамдарды қоюдың арқасында колхоздың жылқысы өткен 14—15 жылдың ішінде 30 есе көбейді. Яғный колхоздың жылқы фермасында кәзір 25 үйір жылқы бар.

Колхоз жылқының тұқымын асылдандыру мәселесімен көптен бері шұғылданып келеді. Жергілікті қазақ жылқысының тұқымын асылдандыру мақсатымен, 1937 жылы орыстың желісті жылқысынан шыққан асыл тұқымды айғыр сатып алынған. Колхоздың кәзіргі жылқысының көбі міне осы айғырдан өрбіген.

Өте құнды, сапалы жылқылар жыл сайын іріктеліп алынып, бірыңғай асыл тұқымды жылқылардың оңаша бағылатын үйірлеріне қосылып отырады. Кәзір колхозда асыл тұқымды 8 үйір жылқы бар. Бұл жылқыларды бағу, күту жұмыстарына Мержанов Рақыш басшылық етеді, ол өзі жылқыны бірге бағысады.

— Мал бағудың толып жатқан әдістері бар,— дейді Рақыш қарт. — Әр түлік малдың, соның ішінде жылқының өзіне тән ерекшеліктері болады. Міне сол ерекшеліктерді мал баққан адамдардың бәрі де жақсы білуге, малды дұрыс бағуға, оның жайылымын кезегімен тиімді пайдалануға тиіс.

Жылқы шаруашылығының жыл сайын үздіксіз өркендеуі колхоздың қоғамдық шаруашылығының едәуір нығайып, дәулеті арта түсуіне, табысының молаюына үлкен әсерін тигізіп отыр. Осының арқасында колхоз-

шылардың еңбеккүнге алатын табысы көбейіп, әл-аукат дәрежесі анағұрлым жақсара түсті. Колхоздың жылдық табысынан колхозшылардың жалпы еңбеккүндеріне берілетін астықты, акшаны және баска шаруашылық өнімдерін коспағаннын өзінде, Мержанов Ракыш 1950 жылы колхоздан еңбегіне косымша акы ретінде ғана үш тай алған. Ал 1951 жылы колхоз басқармасы оған тағы да осындай қосымша ақы берді. Міне бұл — ер атандыратын, данқ шығаратын, абройлы адал еңбектің нәтижесі.

Жылқы шаруашылығында істейтін алдынғы катарлы адамдардың жақсы тәжрибесін Қазақстаннын барлық колхоздары мен совхоздарының игілігіне айналдыру керек. Ғылми жолмен терең дәлелденілген және бір мақсатты көздеп ұйымдастырылған тұқым асылдандыру жұмысы тұқымдық жылқыларды мәдениетті жолмен жақсы күту және жем-шөпті мол беріп азықтандыру жұмыстарымен тығыз ұштастырылып, дұрыс жүргізілетін болса, мұның өзі жылқы тұқымын асылдандыру ісінде жақсы табысқа жетудің негізгі, шешуші шарты болатынын алдынғы қатарлылардың іс тәжрибесі айқын ыспаттап беріп отыр.



VII ТАРАУ

ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Мал шаруашылығында, соның ішінде жылқы шаруашылығында істейтін қызметкерлердің алдына партия мен үкімет қойған маңызды міндеттерді орындауда ғылми-зерттеу мекемелері колхоздар мен совхоздарға зор көмек көрсетуге тиіс. «Практикалық мәселелерді ғылми жолмен шешу — жанды табиғаттың даму заңдарын терең зерттеп білудің неғұрлым тура жолы болып табылады» (Т. Д. Лысенко).

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстанда бір-бірімен байланысы жоқ шағын ғана 4 ауылшаруашылық мекемесі — 1 тәжрибе станциясы мен 3 тәжрибе алаңы ғана болатын. Бұларда небәрі 7 ғылми қызметкер ғана бар еді, олардың ішінде бірде-бір қазақ болған жоқ. Революцияға дейін Қазақстанда жоғары және орта дәрежелі білім беретін ауылшаруашылық оқу орындары мүлде болмады. Өзінің білімін халық игілігіне жұмсауға және егіншілік пен мал шаруашылығының кейбір маңызды мәселелерін шешуге ұмтылған алдыңғы қатарлы орыс, қазақ интеллигенциясының өкілдері өздері ашкан ғылми жаңалықтары мен тәжрибелерін жүзеге асыруда зор қыйыншылықтарға кездесті, өйткені шаруалардың бытыранқы және ұсақ шаруашылығы мен мал өсірген қазақ халқының көшпелі шаруашылығы ғылым мен техниканың табыс-

тарын іс жүзінде меңгеріп қолдана алмады. Ізгі ниетті прогресшіл адамдардың игілікті талаптарын революциядан бұрынғы Қазақстанды билеп-төстеген топас әкімдер мен чиновниктер керенаулықпен ілгері бастырмады.

Кәзіргі біздің совет елінде ғылым мен тәжрибе бірбірімен тығыз араласып, ой жұмысшылар мен шаруалардың, ой өсымшмен дене еңбегі адамдарының өзара тығыз байланысы орнады. Социалистік құрылыс дәуірінде ғалымдардың ғылми-зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізулеріне және өздерінің ғылми еңбектерінің нәтижелерін халық шаруашылығының барлық саласына енгізулеріне керекті жағдайлардың бәрі түгел жасалып отыр. Осындай қамқорлықтың бәрі коммунист партиясының, туысқан совет үкіметінің, барлық еңбекшілердің көсемі және ұстазы кеменгер ғалым Сталин жолдастың арқасында болып отырғанын совет ғалымдары жақсы түсінеді, олар бұл қамқорлықты ақтау жолында күш-жігерін аямай еңбек етуде.

Ленин — Сталин партиясының дана ұлт саясатының дұрыс жүзеге асырылуының арқасында Қазақстанда совет үкіметі тұсында көптеген ғылми-зерттеу мекемелері мен оқу орындары ұйымдастырылды. Кәзір біздің республикамызда бір ауылшаруашылық, 2 малдәрігерлік-зоотехниялық институты, 15 ауылшаруашылық техникумы, 35 механизация мектебі, малшылардың, егіншілердің, бақшылардың, овощь өсірушілердің маман кадрларын, социалистік егіншілік пен мал шаруашылығының басқа да мамандарын жаппай даярлап шығаратын 250 ден астам екіжылдық және біржылдық мектептер бар. Республикада Ғылым академиясы құрылды, оның карамағында мал шаруашылығын өркендету мәселесімен шұғылданып отырған Эксперименттік биология институты сыяқты күрделі ғылми мекемелер бар. Қазақстанда ұйымдастырылған В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының карамағында егіншілік, малшаруашылық, малдәрігерлік ғылми-зерттеу институттары, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, малазығы мен жайылымдар-

ды, су және орман шаруашылықтарын зерттейтін ғылми институттар, өсімдіктерді қорғау және өсіру жөніндегі республикалық станция, ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын қамтыйтын 9 тәжрибе станциясы, 10 тәжрибе алаңы, 17 тәжрибе пункті мен эксперименттік база бар. Бұл мекемелерде жүздеген ғалымдар мен ғылми-техникалық қызметкерлер, оның ішінде 100 ден аса ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының мекемелерінде істейтін ғылми қызметкерлердің арасында көптеген қазақ қызметкерлері бар.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының жоғарыда айтылған ғылми-зерттеу мекемелерінен басқа біздің Қазақстанда Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институттарының 3 станциясы: Оңтүстік Қазақстан облысында — мақта — жоңышқа егістерінің станциясы, Қызылорда облысында — күріш егісінің станциясы, Ақтөбе облысында — Приарал станциясы, ССР Одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің егіс тұқымдары басқармасының 6 мемлекеттік селекция станциясы, сондай-ақ 64 тұқым сынайтын участок, 170 аудандық тұқым шаруашылықтары жұмыс істейді. Мамандығы мол ғылми қызметкерлердің, зоотехниктердің, агрономдардың, малдәрігерлерінің және басқа мамандардың саналуан армиясы тікелей колхоздарда, совхоздарда, жылқы заводтарында, тағы басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтарда істейді. Совет мектептері мен жоғары оқу орындарында тәрбиеленіп шыққан бұл мамандар социалистік ауыл шаруашылығындағы үлкен күш болып табылады. Олар колхоздар мен совхоздарға өздерінің өндірістік жұмыстарын ғылымға сүйене отырып ұйымдастыруына, машиналарды дұрыс пайдалануына көмектеседі, барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының мәдени дәрежесін көтеру жөнінде зор жұмыстар істеуде.

Біздің Қазақ республикасында ғылми қызметкерлер мен маман кадрлардың түрлі ғылми зерттеулер,

тарын іс жүзінде меңгеріп қолдана алмады. Ізгі ниетті прогресшіл адамдардың ғылықтағы талаптарын революциядан бұрынғы Қазақстанды билеп-төстеген топас әкімдер мен чиновниктер кереғарлығынан іліп әкете бастырмады.

Қазіргі біздің совет елінде ғылым мен тәжрибе бірбірімен тығыз араласып, ой жұмыскерлерінің, жұмысшылармен шаруалардың, ой еңбегімен дене еңбегі адамдарының өзара тығыз байланысы орнады. Социалистік құрылыс дәуірінде ғалымдардың ғылми-зерттеу жұмыстарының кең көлемде жүргізулеріне және әдеріпін ғылми еңбектерінің нәтижелерін халық шаруашылығының барлық саласына енгізулеріне керекті жағдайлардың бәрі түгел жасалып отыр. Осындай қамқорлықтың бәрі коммунист партиясының, туысқан совет үкіметінің, барлық еңбекшілердің көсемі және ұстазы кемегер ғалым Сталин жолдастың арқасында болып отырғаны совет ғалымдары жақсы түсінеді, олар бұл қамқорлықты ақтау жолында күш-жігерін аямай еңбек етуде.

Ленин — Сталин партиясының дана ұлт саясатының дұрыс жүзеге асырылуының арқасында Қазақстанда совет үкіметі тұсында көптеген ғылми-зерттеу мекемелері мен оқу орындары ұйымдастырылды. Қазір біздің республикамызда бір ауылшаруашылық, 2 малдәрігерлік-зоотехниялық институты, 15 ауылшаруашылық техникумы, 35 механизация мектебі, малшылардың, егіншілердің, бақшылардың, овощь өсірушілердің маман кадрларын, социалистік егіншілік пен мал шаруашылығының басқа да мамандарын жаппай даярлап шығаратын 250 ден астам екіжылдық және біржылдық мектептер бар. Республикада Ғылым академиясы құрылды, оның қарамағында мал шаруашылығын өркендету мәселесімен шұғылданып отырған Эксперименттік биология институты сияқты күрделі ғылми мекемелер бар. Қазақстанда ұйымдастырылған В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының карамағында егіншілік, малшаруашылық, малдәрігерлік ғылми-зерттеу институттары, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, малазығы мен жайылымдар-

ды, су және орман шаруашылықтарын зерттейтін ғылми институттар, өсімдіктерді қорғау және өсіру жөніндегі республикалық станция, ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын қамтыйтын 9 тәжрибе станциясы, 10 тәжрибе алаңы, 17 тәжрибе пункті мен эксперименттік база бар. Бұл мекемелерде жүздеген ғалымдар мен ғылми-техникалық қызметкерлер, оның ішінде 100 ден аса ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының мекемелерінде істейтін ғылми қызметкерлердің арасында көптеген қазақ қызметкерлері бар.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының жоғарыда айтылған ғылми-зерттеу мекемелерінен басқа біздің Қазақстанда Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институттарының 3 станциясы: Оңтүстік Қазақстан облысында — мақта — жоңышқа егістерінің станциясы, Қызылорда облысында — күріш егісінің станциясы, Ақтөбе облысында — Приарал станциясы, ССР Одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің егіс тұқымдары басқармасының 6 мемлекеттік селекция станциясы, сондай-ақ 64 тұқым сынайтын участок, 170 аудандық тұқым шаруашылықтары жұмыс істейді. Мамандығы мол ғылми қызметкерлердің, зоотехниктердің, агрономдардың, малдәрігерлерінің және басқа мамандардың саналуан армиясы тікелей колхоздарда, совхоздарда, жылқы заводтарында, тағы басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтарда істейді. Совет мектептері мен жоғары оқу орындарында тәрбиеленіп шыққан бұл мамандар социалистік ауыл шаруашылығындағы үлкен күш болып табылады. Олар колхоздар мен совхоздарға өздерінің өндірістік жұмыстарын ғылымға сүйене отырып ұйымдастыруына, машиналарды дұрыс пайдалануына көмектеседі, барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының мәдени дәрежесін көтеру жөнінде зор жұмыстар істеуде.

Біздің Қазақ республикасында ғылми қызметкерлер мен маман кадрлардың түрлі ғылми зерттеулер,

тәжрибелер жүргізулеріне зор мүмкіншіліктер туды-рылып, қуатты өндірістік базалар жасалып беріліп отыр. Капиталистік елдерде ғалымдарға бұл сыякты қолайлы жағдайлар ешуақытта жасалған жоқ және жасалуы мүмкін де емес. Қазақстанның жылқы шаруашылығы саласында істейтін ғалымдарының экспериментгік базаларда, қой-ірдың тұқымдық жылқы фермаларында, жылқы өсымш.тарында түрлі ғылми тәжрибелер жүргізілуі үшін жыл сайын 20 мыңнан астам әртүрлі тұқымдық жылқы, керекті құрал-жабдықтар, жеткілікті ақша қаражаттары беріліп отыр. Біздің ғалымдарымызға коммунист партиясы мен совет үкіметі үнемі көңіл бөліп, зор комқорлық жасап келеді. Қазақстанның таңдаулы ғалымдары мен тәжрибелі колхозшыларына малдың нағыз өнімді жаңа тұқымдарын өсіріп шығарған көрнекті еңбектері үшін Сталиндік сыйлықтар берілді, республиканың жүздеген ғалымдары орденмен және медальдармен наградталды. Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі, биология ғылымының докторы Нәйлә Базанова сыякты алдыңғы қатарлы совет ғалымдарын халқымыз ССР Одағы Жоғарғы Советі мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайлады. Осы айтылғанның бәрі кәзіргі сталиндік дәуірдің ұлылығын, капиталистік елдердің ғалымдарына қарағанда біздің совет ғалымдары анағұрлым зор дәрежеге көтеріліп, оларға керекті жағдайдың бәрі жасалып отырғандығын айқын ыспаттайды.

Алдынғы қатарлы совет ғылымы өзінің ашқан жаңалықтарымен, ғылми зерттеулерімен, тәжрибелерімен республиканың халық шаруашылығының барлық салаларына көмектесіп отыр. Ғылми мекемелер социалистік мал шаруашылығы саласында да едәуір жұмыстар жүргізді. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының Мал шаруашылығы институтының ғылми қызметкерлері мен К. Мынбаев атындағы эксперименттік базаның шопандары бірлесіп жүргізген ғылми еңбектің нәтижесінде биязы жүнді қойдың ең тамаша тұқымының бірі болып табылатын аса өнімді қой тұқымы — қазақтың биязы жүнді қойы өсіріліп шығарылды. Осы

кой тұқымын өсіріп шығарған В. А. Бальмонт пен Е. В. Баканова жолдастарға Сталиндік сыйлық берілді. Осы институттың ғылми қызметкерлері коллективінің қойдың баска да тамаша тұқымдарын өсіріп шығару жөнінде жүргізіп отырған тәжрибе жұмыстары да таяудағы уақытта аяқталғалы тұр.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Эксперименттік биология институты ғылыми қызметкерлерінің коллективі колхоздың селекционер-тәжрибешілерімен бірлесе отырып, қойдың жаңа тамаша тұқымын — қазақтың биязы жүнді аркар-меринос қойын өсіріп шығарды. Қойдың бұл тұқымы биязы жүнді қой мен таудың тағы аркарын будандастыру нәтижесінде өсіріліп отыр. Аркар-меринос қойы деп аталған қазақтың биязы жүнді бұл қойы таулы жерлерде қысы-жазы бірдей жайып бағуға үйренген өте ірі қой; оның тірідей салмағы орта есеппен алғанда 80 килограмнан 120 килограмға дейін барады, жүнді өте көп береді және жүні сондай сапалы болады. Қойдың осы өте құнды тұқымы мемлекеттің зор көмегі аркасында республиканың таулы жерлерінде орналасқан колхоздары мен совхоздарында кәзір кенінен өсірілуде. Бұл қойды өсіріп шығарған ғылми қызметкерлер Н. С. Бутарин, Ә. Жандеркин, А. Есенжолов, Е. В. Большакова, тағы басқалар осы еңбектері үшін Сталиндік сыйлық алды.

Мал шаруашылығы институтының коллективі сыйыр совхоздарында және басқа шаруашылықтарда бірталай тәжрибе жұмыстарын жүргізу нәтижесінде біздің далалық және таулық аудандарымыздың жағдайларына өте жақсы үйренген сыйыр малының жаңа тұқымдарын — қазақтың акбас сыйыры мен алатау сыйырын өсіріп шығарды. Осы сыйыр тұқымдарын өсіріп шығарғаны үшін ғылми қызметкерлер Н. З. Ғалиакберовқа, М. Ф. Гордиенкоға, Б. М. Мусинге және Д. Н. Пакке Сталиндік сыйлықтар берілді. Бұл институт Қазакстанның әртүрлі аудандарында сыйыр малының басқа да тұқымдарын жетілдіру жөнінде көп жұмыстар істеуде.

Малға жұғымды, құнарлы жем-шөп дайындаудың және ауылшаруашылық малдарын азықтандырудың ең жақсы қолайлы әдістерін табу жөнінде де Қазақстан

ғалымдарының істеген жұмыстары аз емес. Республиканың әр жерінде өсімдіктердің 230 түрінің химиялық жаратылысы және малға жұғымдылығы зерттеліп шықты, негізгі мал жайылымдық жерлердің малға пайдалылығы және табиғи шабындықтарда жылдың әр кезіндегі шөптің шығымдылығы анықталды, Қазақстанның 14 облысында мелиорацияға карайтын жерлердің су қоры қандай екенін көрсетіп карта жасалынды.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының Мал азығы мен жайылымдарды зерттеу институты қырат жерлерде жоңышқаны егіп өсірудің және Қазақстанның қуаңшылық жиі болып тұратын облыстарында жоңышқа мен еркекшөпті араластырып егудің агротехникалық әдістерін жасап шығарып, оны ауылшаруашылық өндірісінде қолдануға ұсынды. Таулы жерлердегі шабындықтарды қолдан жақсарту нәтижесінде ондағы шөптің шығымдылығын 3—4 есе арттыруға болатындығын ғылым дәлелдеп отыр. Совет ғылымы сонымен қатар көпжылдық шөптерді қырат жерлерде және қуаңшылық жиі болып тұратын далалы жерлерде егіп өсіруге болатындығын дәлелдеп берді.

Қазақстанда малдың түрлі жұқпалы ауруларына қарсы күресудің жаңа әдістерін табу жөнінде де бірсыпыра ғылми жұмыстар жүргізілді.

Жер көлемі зор Қазақстан жағдайында жылқыны жайылымда бағу және күту мәселелерін зерттеудің аса зор маңызы бар.

Октябрь социалистік революциясына дейін жылқыны жайылымда бағу және жайылымды тиімді пайдалану мәселелері мүлде зерттелген емес. Жылқының табында бағылуы тек халық тәжрибесінің негізіне ғана сүйенді.

Алайда, ауыл шаруашылығы қайта құрылып, аса ірі жылқы заводтары мен колхоздарда жылқы фермалары ұйымдастырылғаннан кейін жылқыны табында бағуды ғылми негізге сүйеніп жүргізу өте қажет болды.

Қазақстанда жылқыны табындап жайылымда бағу мәселесін жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институты 1934—35 жылдардан бастап Эмба жылқы заводында жүргізе бастады. Зерттеу жұ-




Чибис деген қостанай айғыры (солжақтан санағанда екінші), Алматы облысы, Жамбыл ауданының Аманкелді атындағы колхоздағы өз тұқымынан тараған жылқылардың бір тобында.

мыстарын институттың ғылми қызметкерлері Л. П. Давыдова мен И. Н. Степанов жүргізген. Олар жайылымды геоботаникалық жолмен тексеріп, ондағы өсімдіктерге бақылау жасаған, жылқының жайылымдағы әртүрлі шөптерді қалай жейтінін байқау үшін жылқының өзіне әдейі тәжрибе жасап көрген.

Осы зерттеудің нәтижесінде қазақы жылқының жейтін шөбінің мөлшері осымшөптің ылғалдығына байланысты екені анықталған. Жарамдылықтың нәрлілігі жылдың әр кезінде тіпті әртүрлі болады. Л. П. Давыдованың тәжрибесіне қарағанда, жылқыны Қазақстанның шөлейт жерлерінде бірыңғай жайылымда баққан кезде көктемде және жаздың басында жылқы нәрлі заттарды тілегенінше жейді, ал жаздың ортасында, шөптің күйіп құрғайтын кезінде, жылқыға нәрлі заттар жетімсіз болып қалады. Сол сияқты, қысқы уақытта, қалың қарда, катқақ мұз бен боранда да жылқы нәрлі затқа анағұрлым ділгер болады.

Бұл тәжрибеден мынадай қорытынды шығарылды: дала өсімдіктерінің жыл сайын қурап күйіп кете беруі жылқының күйіне, өсуіне қолайсыз әсерін тигізеді. Ендеше жылқыны жазғы уақытта азықтандыруды тәртіптеудің бірден-бір дұрыс жолы—көкшөп конвейерін жасау, ал қысқы уақытта жылқыны шөптің сақтық қорымен қамтамасыз ету. Жеке жайылым участоктерін жақсы пайдалануды, оның шөбін жылқыға дұрыс жегізуді ұйымдастырудың аса зор маңызы бар. Күзгі — қысқы уақытта жылқыға ең колайлы жайылым — жусанды сортаң жер. Жазғы уақытта, таулы жайылым жоқ жерлерде, ойпат, сай, көлтабан жерлердің шөбін пайдалануға болады. Бірақ мұнда мынаны ескеру қажет: осындай жерлердің шөбін бірінші рет май айында пайдаланып, оның қайта шыққан алшын шөбін жазғы жайылымға қалдыру керек. Сайларда шыққан шөпті байқап көргенде мынадай жағдай анықталды: егер мұндай жерлердің көктемде шыққан шөбі жазғы жайылымға арналып қалдырылатын болса, онда шөп көп тұрып қалады да, күнге күйіп малға нәрлі сапасын кемітіп алады, сондықтан сайларды көкшөп конвейеріне қосудың ешбір маңызы болмай шығады. Жылқының жайылымы жыртуға қолайлы жер болған күнде, онда



Қарағанды облысы колхоздарының тұқымдық жылқы фермасында өсірілген желісті жылқылардың көрмесі.

жылқыға оқтын-оқтын үстеме жем шөп жегізетін мәдени жайылымдар ұйымдастырудың зор пайдасы бар.

Л. П. Давыдова шөлейттегі жайылымдарда табында бағылатын жылқының минералдық корегін де зерттеген. Өдеиілеп жүргізілген тәжриеде мынау анықталған: табындағы бие (тірідей салмағы 350—400 кг) қыста тебіндейтін астық тұқымдас ақ жусан өсімдіктері басымырақ жайылымдарда (шөбінде 30 процент ылғал болғанда) бір тәулікте 34 грамм фосфоры, 240 грамм кальциі бар 21 килограмдай шөп жеген.

Көктемдегі бетегелі бозды жайылымдарда (шөптің бойындағы ылғалдығы 62 процентке тең) табында бағылатын ересек бие бір тәулікте орта есеппен 39 кг дала шөбін жеген. Шөпте 34 грамм фосфор, 35 грамм кальций болған. Жазда шөп кураған кезде табындағы бие бір тәулікте (45 процент ылғалы бар) 19 кг шөп жеген. Сол шөптің ішінде 17 грамм фосфор, 27 грамм кальций болған. Күзгі әр түрлі жайылымда табындағы бие бір тәулікте орта есеппен (ылғалдығы 46 процент) 14—15 грамм фосфоры және 37—48 грамм кальциі бар 21 кг шөп жеген.

Зерттеуден алынған материалға сүйеніп және табындағы жылқының бір тәулікте 30 грамм фосфор, 40 грамм кальций пайдаланатынын еске ала келіп, мынадай корытынды жасалған: жаз бен күзде жайылымда бағылғанда жылқыға фосфор жетпейді; көктем мен күзде жайылым шөбінде кальций толық жеткілікті, ал қыста тіпті шамадан тыс көп болады; жазғы уақытта жылқыға фосфор ғана емес, тіпті кальций де мүлде жетімсіз болады.

Минералдық заттардың мұндай жетімсіздігін болдырмау үшін жылқыға ішінде фосфоры көп болатын сүйек ұнын, сонымен қатар бастану және гүлдену кезінде шабылған шөпті, күшті азықты қосымша беріп отыру керек және ең ақырында шөбі әртүрлі болатын жайылымды дұрыс таңдап алатын болу керек. Жайылымда өсетін шөптің ботаникалық құрамын жақсартуға және өте құнарлы шөп (беде тағы басқалары) шығатын жайылымдарды қолдан жасауға зор көңіл бөлінуге тиіс.

Қазақстанда жылқының сапасын жақсарту ісінде

жас жылқыны (құлын, тағы басқаларды) табында бағып өсіруді дұрыс ұйымдастырудың үлкен маңызы бар. Бірқатар ғылми зерттеулер осы маңызды мәселені тексеріп анықтауға арналып отыр.

Жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институтының аға ғылми қызметкері Н. И. Кузьмин 1935 — 39 жылдары құлынның табында бағылып өсуін, әсіресе оның қысқы жайылымда шөппен қоректену дәрежесін зерттеу жөнінде бірсыпыра тәжрибе жасады. Бұл тәжрибе Батыс Қазақстан облысындағы Пятимар жылқы заводында және Қостанай облысындағы Майкөл жылқы заводында жүргізілді. Н. И. Кузьмин 1,5 жастан 2 жасқа дейінгі жас жылқыға қысқы жайылымда нәрлі заттар жетімсіз болатынын анықтады. Мұны төменде келтірілген мәліметтен көруге болады.

Майкөл жылқы заводының қысқы жайылымында жас жылқының қоректену дәрежесі

Азық түрлері	Январь	Февраль	Март
Желінген шөптері			
азықтың мөлшері (кг)	4,45	6,00	5,25
бойға сіңген белоктің мөлшері (грамм)	200	260	230
Өсіп есеюін қамтамасыз ету үшін керекті			
азықтың мөлшері (кг)	8,00	8,00	8,00
бойға сіңген белоктің мөлшері (грамм)	640	640	640
Жетіспейтін			
азықтың мөлшері (кг)	3,55	2,00	2,75
бойға сіңген белоктің мөлшері (грамм)	440	380	410

Жылқының жеген жем-шөбінде нәрлі заттардың жетімсіздігі қатты желді, дауыл-боранды күндерде

ерекше арта түскен, ондай жағдайда жылқы нашар тебіндеген. Тебін жағдайының өте қолайсыз болуы салдарынан жас жылқы бірқалыпты өсуіне қажетті нәрлі заттардың көп дегенде жартысын ғана пайдалана алған.

Әрине, осындай қысқы уақытта, тебін жағдайында құлынның есеюі тоқтап қалады, тіпті жас жылқының тірідей салмағы кемитін жағдайда болады. Мысалы, жоғарыда айтылған тәжрибеге қарағанда, бақылауда болған 18—23 айлық еркек будан құлын-тайлардың әрқайсысы 15 октябрьден 27 мартқа дейінгі уақыттың ішінде орта есеппен алғанда салмағын 23,5 кг кеміткен.

Осында келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Н. И. Кузьмин тебіндегі жас жылқыға қолдан шөп пен күшті азық беруді ұсынды. Мұнда орта есеппен алғанда бір жас жылқыға күн тәулігіне 2, 5—3 кг сұлы, 8—10 кг жақсы шөп беру керек дейді. Қатты аязды күндерде жас жылқыны тіпті тебіннен алып шығып, ықтасын жерге (қораға) қою керек, соның өзінде берілетін шөптің мөлшерін 14—16 килограмға дейін арттыру керек деп ұсынады.

Мұнымен бірге жас жылқыға керекті қысқы жайылымның көлемі де белгіленген. Арнаулы бақылау мен жасалған есеп мынаны көрсеткен: қыста 1,5—2 жастағы жас жылқының әрқайсысына тебіндеу үшін (шөбінің шығымы орташа) 12—14 гектар жайылым бөлу қажет.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясы Қазақ филиалының Малшаруашылық институты қорада, әрі жайылымда бағу жағдайында салт мінетін — қазақы жылқының еркек құлын-тайларын өсіріп шығару жөнінде тәжрибе жұмысын жүргізді. Қысқы уақытта мұндай жас жылқылар қорада күтіліп, әрқайсысына күніне 12 кг шөп, 4—5 кг сұлы беріліп отырды; жазда олар табында бағылып, соның өзінде әрқайсысына күніне 2—3 кг сұлы жегізілді. Осы жас жылқылардың өсіп есеюі қосымша жем-шөп берілмей, жайылымдағы табында бағылған сондай салт мінетін—қазақы жылқының, еркек құлын-тайларының басқа бір тобының өсіп есею дәрежесімен салыстырылды. Мәдениетті жақсы жағдайда өсі-

рілген еркек құлын-тайлар бақылауға алынғандардан гөрі ірі болып шықты. Оны мынадай мәліметтен көруге болады (сантиметрмен):

Салт мінетін қазақы жылқының жабағы-құлын тайлары	Бір жасындағы өлшеулері (тәжрибеге дейін)			Екі жасындағы өлшеулері		
	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Көкірек ініқ орамы	Жіліншігінің орамы	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Көкірек ініқ орамы	Жілінш гінің орамы
1. Корада, әрі жайылымда бағылғандар	139,0	148,7	17,2	151, 5	165, 2	19,1
2, Жайылымдағы табында бағылғандар . . .	139,4	146,1	17,2	147,	0162,3	18, 3

Колхоздарда жылқыны табында бағу жағдайында ұрғашы жабағы-тайлар мен еркек жабағы-тайларды бөлек бағу шаруашылыққа едәуір қыйыншылық келтіреді. Жылқы заводтары сыяқты жылқы өсіретін ірі шаруашылықтарда бойы біркелкі ұрғашы жабағы-тайлар мен еркек жабағы-тайлардың жеке табындарын (әр табынға 150—200 бастан) ұйымдастыруға зор мүмкіндік бар, өйткені оларда мұндай жас жылқы көп. Ал көптеген колхоздардың жылқы фермаларында жынысына қарай біркелкі табындарды жеке-жеке құруға жас жылқы жетпейді. Сондықтан көп колхоздар еркек жабағы-тайларды ұрғашы жабағы-тайлардан бөлек бағу үшін қосымша адамдар бөледі немесе қажетті зоотехниялық-малдәрігерлік ережелерді бұзып, жабағы-тайларды жынысына қарай бөлмей бірге бағады. Мұның өзі ұрғашы тайлардың есейіп өспей жатып, айғырдан шығуы сыяқты аса зиянды жағдайға әкеліп соқтырады.

Осыған байланысты тұқымы асыл емес еркек жабағы-тайларды кестірудің үлкен маңызы бар. Мұндай ретте оларды ұрғашы жылқымен табында бірге бағуға болады.

Осы мәселені шешуді көздеп, Ю. Н. Барминцев

жолдас Қазақстанда жылқыны табында бағу жағдайында (1938—1941 жылдары Орда ауданында) арнаулы тәжрибе жүргізді.

Мұнда тәжрибе жасау үшін желісті-қазақы жылқы мен салт мінетін-қазақы жылқыны будандастырудан туған 20 еркек тай іріктеліп алынды. Бұл тайлар 1,5 жасында кестірілген. Бақылап көру үшін бұлардан басқа, шыққан тегі де, жасы да бірдей тағы 20 тай іріктеліп алынды. 1,5 жасында кестірілген және кестірілмеген жабағы-тайлардың бұл екі тобы да бақылауда болып, олардың денесі оқтын-оқтын өлшеніп тұрды. Бұл топтың екеуі де бір табында бағылды. Бақылауға алынып, кестірілмеген тайлар, жалпы ереже бойынша, 3 жасқа шыққанда кестірілді.

Еркек жабағы-тайлар мен кестірілген жабағы-тайлардың тәжрибеге дейінгі және тәжрибенің ақырғы кезіндегі өлшеулері мынадай нәтиже берді (сантиметрмен):

Өлшеулері	Тәжрибе алдында (1,5 жаста)		Тәжрибенің ақырында (3,5 жаста)	
	тәжрибедегі топ	бақылаудағы топ	тәжрибедегі топ	бақылаудағы топ
оқтығына дейінгі биіктігі	137,5	137,4	147,9	147,0
Тұрқының қыйғаш ұзындығы	131,5	131,3	146,3	146,4
Көкірегінің орамы . . .	144,5	144,9	160,6	160,7
Жіліншігінің орамы . .	16,94	16,98	18,34	18,30

Жоғарыда келтірілген мәлімет мынаны көрсетеді: еркек тайларды 1,5 жасында кестіру олардың өсуіне зиянды әсерін тигізген жоқ; барлық өлшеулері жағынан олар өзінің өсіп есеюіне бақылаудағы еркек тайлардан кем қалмады.

Алайда, кейбір адамдар жастай кестірілген еркек тайлардың өсіп есеюі жақсы бола тұрса да, олардың жұмыс сапасы төмен болады және онша төзімді болмайды деп есептейді. Егер бұл шынында анық болса,



Қарағанды облысының колхоздарында өсірілген желісті жылқылардың жарыстағы кезі.

онда еркек тайларды жастайынан кестіруге болмайды, өйткені мұның өзі өсіріліп отырған жылқының сапасын төмендетуге әкеліп соқтырған болар еді.

Осындай пікірді тексеріп анықтау үшін тәжрибе жұмысы одан әрі жүргізіліп, 1,5—3 жасында кестірілген жас жылқының жұмыс сапасына арнаулы сынау жасалды. Жас жылқы 3,5 жасында сыналды. Мұндай сынауда жас жылқы 320 километр алыс жерге төрт күн жүргізілді және 1 000 метр жерге шабыска салынды. Ұзақ сапардың бірінші күні салт мінілген жас жылқы 74 км, екінші күні — 90 км, үшінші күні — 78 км, төртінші күні — 78 км жер жүрді; бесінші күні 1 000 метр жерлік шабыска салынды. Сынау кезінде жылқының физиологиялық сыйпаттары (денесінің қызуы-температурасы, тамырының соғуы, тынысы), тірідей салмағы, жалпы халі тексеріліп отырды.

Жылқының бәрі де сыннан жақсы өтті, сөйтіп өзінің жұмыс сапасы жоғары екенін көрсетті.

Бұл тәжрибеден алынған мәліметтер жастайынан кестірілген жас жылқының жұмыска пайдалануға әбден жарайтын жылқы болып шығатынын айқын көрсетеді.

Тұқымы асыл емес еркек жабағы-тайларды жастайынан кестіру әдісін Қазақстанның жылқы шаруашылығында кенінен колдану кажет.

Жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институтының ғылми қызметкерлері жергілікті казак жылқысын заводта өсірілген жылқы тұқымдарымен будандастыру жолымен жақсарту әдістерін зерттеген. Осындай ғылми жұмыстардың нәтижелері негізінде тұқымы жақсартылған қазақы жылқыларды тұқымдық сапасына карай бағалау және өсіру ережелері жасалған. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен бұл ережелер Қазақстанның жылқы өсірумен шұғылданатын ірі-ірі шаруашылықтарында кенінен колданылып отыр. Жылқы табында бағылатын жағдайда казақы биелерді заводта өсірілген айғырлардың әртүрлі тұқымдарымен будандастыру әдісі жаксы нәтиже беріп жүр. Ғылми қызметкерлердің байкауына карағанда, будандар жергілікті жылқыдан едәуір ірі келеді және өлшеулері жағынан

алғанда жергілікті жылқыдан оның шоқтығына дейінгі биіктігі 5—8 см, көкірегінің орамы 6—20 см, жілін-шігінің орамы 0,5—2 см асып түседі.

Будандардың тұлға бітісі көбінесе қазақы биелерге тартып туады, бұған бағу және күту жағдайының зор әсері тиелі. Алайда, будандар өздерінің әкелері арқылы заводтық жылқы тұқымдарының сыйпатын, белгілерін бойында сақтайды. Мұның өзі көп жағдайда айқын болатыны соншалық, будандардың сыртқы түріне қарай, әдетте олардың қандай тұқымынан шыққанын оңай айыруға болады.

Салт мінетін таза қанды және ахалтеке айғырларынан туған будандардың тұлға бітісі жақсы, алды-арты бірдей әсем, сымбаты салт мінуге лайықты келеді, аяқ алысы жеңіл, жігерлі болады. Дон жылқысының айғыры мен қазақы биеден туған будандар салт мінетін-жегіндік жылқы, тұлға бітісі берік, жұмыс сапасы өте жоғары келеді. Желісті жылқының айғыры мен қазақы биеден туған бірінші ұрпақтың будандары транспорт, шөп шабу, тырмаға жегу, тағы сондай жұмыстарға пайдаланғанда, ауыл шаруашылығына өте қолайлы екенін іс жүзінде көрсетті.

Қазақы бие мен заводтық айғырдан туған будандар жұмысқа өте көнбісті жылқы болып шығып жүр, бірақ бұлардан туған будандарды тұқымдыққа пайдалануда бірсыпыра қыйыншылықтар кездесіп отыр. Ғылми қызметкерлер бұл мәселені зерттеп көргенде мынадай жағдай анықталды: осы будандар заводтық жылқы тұқымдарымен қайта будандастырылатын болса, олардан туған құлындар нәзік, табында баққанда нашар өсетін болып шығады. Жылқы сапасының төмендеуі үшін II—III және одан да жоғары ұрпақтардың будандарын бағу, күту жұмысын анағұрлым жақсарту керек.

Қазақстанның табында бағылатын жылқы шаруашылығында жылқыны өндірістік будандастырудың зор келешегі бар. Пайдаланылатын жоғары сапалы жылқылар өсіру мақсатымен, тұқымы әртүрлі биелер мен айғырларды будандастыруды өндірістік будандастыру деп айтады. Қазақы биелерді заводта өсірілген тұқымы әртүрлі айғырлармен будандастырған күнде олардан сапасы жоғары жақсы құлындар туатындығы жо-

ғарыда атап көрсетілді. Қазақы биелер жергілікті жердің жағдайына көнбістілігі және сүттілігі арқасында, осындай будандастырудан туған құлындарын тіпті табында бағылған жағдайда да жақсы асырайды.

Жергілікті биелерді ауыр жүк тартатын жылқы тұқымының айғырларымен будандастыру негізінде жұмысқа пайдаланылатын жоғары сапалы жылқы өсіру әдісін табу жұмысымен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясы Қазақ филиалының Малшаруашылық институты шұғылданып отыр.

Осы институттың эксперименттік базасында және басқа бірқатар шаруашылықта брабансон-қазақы жылқылардың будандары өсіріліп шығарылды, бұл будандар өзінің тұр-сыйпаты, өлшеулері және жұмыс сапасы жағынан орыстың арден жылқысына жақын келеді. Осы будандардың өлшеулерін біз төменде келтіріп отырмыз:

Топтары	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Тұрқының қыйғаш ұзындығы	Көкірегінің орамы	Жіліншігінің орамы
Брабансон-казақы айғырлар	151,5	158,0	184,0	21,9
Брабансон-қазақы биелер	148,2	154,0	184,3	20,5

Сүйретпе құралды тартқызып сынағанда, өзінің жүкті бірден сүйреп кететін күші жағынан брабансон-қазақы жылқылардың будандары салт мінетін жылқымен жақсартылған қазақ жылқысының күшінен 70 процент асып түседі.

Бұл келтірілген мәліметтер өндірістік будандастыру негізінде пайдаланылатын жоғары сапалы жылқы өсіру жөніндегі жұмыстың маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстанда жылқының сапасын жақсарту ісінде жергілікті жағдайда көнбісті, сонымен бірге денесі ірі, сымбаты сұлу, күшті, ұшқыр жылқының жаңа тұқымдары мен түрлерін өсіріп шығарумен шұғылданып

отырған ғылми-зерттеу мекемелері жұмысының зор маңызы бар.

Жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институтының Қазақстанның жылқы өсірушілерімен бірлесіп жүргізген жұмыстары ойдағыдай аяқталып, жылқының жаңа тұқымы — қостанай жылқысы өсіріліп шығарылды. Осы институт директорының ғылми жұмыстар жөніндегі орынбасары Г. Г. Хитенков жолдас бұл жұмысқа көп жылдар бойы тікелей басшылық етіп келеді.

Қазақтың Малшаруашылық институты жылқы табында бағып өсіретін жылқы заводтарында салт мінетін-жегіндік қазақы жылқының жаңа тұқымдарын өсіріп шығару жұмысын жүргізуде. Салт мінетін-жегіндік қазақы жылқы мен дон-салт мінетін-қазақы жылқылардан будандар алуды селекциялық-тұқымдық жолмен терең зерттей отырып, туған құлындарды жақсартылған табын жағдайында бағу әдісімен өсіріліп шығарылуда. Бұл жұмысқа жылқы шаруашылығының мамандары мен тәжрибелі адамдарының үлкен коллективі белсене қатысып отыр.

Жылқының жаңа тұқымының тобына іріктеліп алынған жылқылардың сантиметрмен алған өлшеулері мынадай. (Жылқының сапасын бағалау жөнінде 1951 жылы жүргізілген мәліметтер бойынша):

Жылқы	Шоқтығына дейінгі биіктігі	Тұрқының қыйғаш ұзындығы	Көкіректінің орамы	Жіліншігінің орамы
Айғыр	157,9	161,1	186,9	20,8
Бие	154,1	156,5	186,1	19,3

Салт мінетін-жегіндік қазақы жылқы асқан төзімді келеді. Атап айтқанда, 1951 жылы бір күн тәуліктік жүрісте рекорд жасаған (311,6 км) Зенит дейтін айғыр жылқының осы жаңа тұқымынан шыққан, ол 1942 жылы Дегерес жылқы заводында туған.

1950 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Экспериментттік биология институтының ғалымдары адай

жылқысын зерттеу және оны жақсарту жөнінде зор көлемде ғылми жұмыстар жүргізе бастады.

Бұрын адай жылқысын зерттеу жұмысы үстірт жүргізіліп келген болатын. Онда тек бұл жылқының қай аудандарда өсіріліп отырғаны ғана тексерілген. Адай жылқысының табиғат жағдайы ауыр шөл жерлерде өсіп-өнуіне мүмкіндік беріп отырған биологиялық ерекшеліктері қандай екендігі зерттелмеген, адай жылқысының тегі қайдан шыққаны, қалай өсіп өнгені жөнінде жалпы жай әңгіме болмаса, ғылым жолымен зерттеліп, айқын атап көрсетілген ешбір дерек жоқ еді.

Адай жылқысының нағыз көп өскен жері — Гурьев облысының Маңғыстау ауданында алдынғы қатарлы колхоздар асыл тұқымды жылқы өсіретін фермалар ұйымдастырып, адай жылқысын жетілдіру және жаппай өсіру жұмыстарын кеңінен өрістетті. Совет мемлекеті колхоздардың бұл сыяқты игілікті жұмыстарына көмек көрсету мақсатымен, Гурьев облысында асыл тұқымды жылқы өсіретін арнаулы мемлекеттік рассадник ұйымдастырып берді. Алайда, колхоздарда жылқы тұқымын асылдандыру жұмысы ғылми негізге жете сүйеніп жүргізіліп отырған жоқ. Адай жылқысының жалпы қасиетін және оның қандай жағдайда өсіріліп отырғанын терең зерттеу оның тұқымын жақсарту жөнінде жүргізілетін шаралардың көлемін белгілеуге мүмкіндік береді.

Эксперименттік биология институтының жылқы шаруашылығы саласындағы халықтың бай тәжрибесін зерттеу, қорыту жөнінде жүргізіп отырған ғылми жұмысының ғылым мен практика үшін зор маңызы бар екендігі сөзсіз. Институттың халық тәжрибесі секторының ғылми қызметкерлері Байғанин ауданында қысқы жайылым участогін пайдалану тәжрибесін, Талас ауданында 32 Социалистік Еңбек Ерінің тәжрибесін, «Қызылту» колхозының жылқы өсірушілерінің тәжрибесі мен табыстарын, республиканың көпке мәлім жылқышысы Сисембі Дауғариннің тәжрибесін жергілікті жердің өзінде зерттеп шықты.

Қазақ халқының жылқы өсіру жөніндегі тәжрибесі шынында да шексіз бай тәжрибе. Халық ғасырлар бойы табиғаттың апатты құбылыстарына қарсы күре-

судің неше түрлі тәсілдерін, малдың тұқымын табиғаттың ауыр жағдайларына сәйкестей отырып, сол жағдайға көнгіш етіп өсіру жолдарын, мал жайылымын әр маусымда дұрыс пайдалану әдістерін, жылқыны және басқа малды емдеу тәсілдерін ойлап тауып, жетілдіріп келді. Алайда, халықтың осы бай тәжрибесін жете зерттеп, талдап білу керек. Бұл тәжрибенің ішінен социалистік шаруашылықта қолдануға әбден болатын және зор пайдасы тиетін тәжрибені ғана алып, ескірген, халықтың бұрынғы көшпелі тұрмыс жағдайында қолданған, жаңа дәуірге жарамайтын артта қалған керексіз тәжрибенің қандайына болса да ешбір жол бермеу керек. Бұл жөнінде совет ғалымдарының орындауға тиісті міндеті — жылқы өсіруші халықтың іс жүзіндегі тәжрибесін терең зерттеп, сын көзімен қайта қарау, сөйтіп, кәзіргі замандағы алдыңғы қатарлы мичуриндік ғылымның зор талаптарына сүйене отырып, халық тәжрибесін жыйнақтап қорыту.

Жылқы шаруашылығын өркендету ісінде малдәрігерлік ғылымның үлкен маңызы бар. Малдәрігерлік ғылми-зерттеу институты жылқының түрлі іш ауруларын жылқыға жем-шөпті тиісті режиммен беріп емдейтін жаңа әдіс тауып, тәжрибеге енгізді. Бұл әдіс Ұлы Отан соғысы кезінде кеңінен қолданылды. Ауру жылқыны осылай күтіп емдеу әдісін қолдану ауырған және жарақаттанған көп жылқыны тез емдеп қатарға қосуға мүмкіндік берді. Малдәрігерлік институты жылқы шаруашылығына орасан көп зыянын тигізіп келген микробронхит (тыныс жолдарының ауруы) сияқты етек алған ауруды емдеудің жаңа әдістерін тауып, тәжрибеде қолданып отыр.

Малдәрігерлік ғылымның қызметкерлері Қазақстанда жылқының энцефаломиэлит деп аталатын жұқпалы мый ауруының неден болатын себептерін зерттеп тапты. Мұның өзі осындай аурудың түрін тез айыруды, оған қарсы күресу шараларын жүргізуді жеңілдетті, сөйтіп бұл аурудың таралуын бірнеше есе азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар маңқа ауруына шалдыққан жылқылардан дені сау құлын өсіру әдісі де ғылым жолымен жасалып, ол тәжрибеде қолданылып отыр.



Орыстың желісті жылқысынан шыққан Вандал деген айғыры, 1945 жылы туған. Бұл айғыр Қарағанды облысы, Осакаровка ауданындағы «Тоқсумақ'' колхозының тұқымдық жылқы фермасында өсірілген.

Қазақстанның жылқы шаруашылығын өркендету жөнінде ғылым саласында қол жеткен негізгі табыстар міне осындай. Бұл табыстар социалистік мал шаруашылығы саласында ғылымның ілгері басып, біраз жұмыстар істегенін ыспаттайды. Бірақ жылқының сапасын жақсарту, санын көбейту, оның жұмысқа төзімділігі мен икемділігін арттыру жөнінде ғылми-зерттеу жұмыстарының дәрежесі колхоздар мен жылқы заводтарының жылқы шаруашылығының үздіксіз өсіп отырған нақты тілектерінен әлі де артта қалып келе жатқанын тура ашып айту керек. Ғылми-зерттеу мекемелерінің алдында толып жатқан шұғыл міндеттер тұр.

Жылқы шаруашылығында істейтін Социалистік Еңбек Ерлерінің және басқа да алдыңғы қатарлы жылқышылардың бай тәжрибесі осы уақытқа дейін ғылми жолмен толық қорытылып, меңгерілген жоқ, халық

арасына әлі де аз таратылып, өндірісте жеткілікті қолданылмай келеді. Жеке жылқы заводтарының, тұқымдық жылқы фермаларының, асыл тұқымды жылқы өсіретін мемлекеттік рассадниктердің, эксперименттік базалардың Қазақстанда өсіріліп отырған жылқылардың тұқымын жақсарту және жылқының жаңа тұқымдарын өсіріп шығару жөніндегі бағалы тәжрибесін көбінесе соның төңірегінде жүрген азғантай адамдар ғана біледі. Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендету ісінде жыйнақталған бай тәжрибені ғылми жолмен баяндап, бұқара халыққа түсіндіретін кітаптар мен кітапшалар, жазба еңбектер тіпті аз болып отыр.

Ғылми-зерттеу мекемелерінің, жылқы заводтарының, тұқымдық жылқы фермаларының және эксперименттік-тәжрибе базаларының жылқы шаруашылығын дамыту жөніндегі табыстарын өндірісте қолдану қарқыны да халық шаруашылығының талаптарынан артта қалып келеді. Ғылми жұмыстармен шұғылданып жүрген кейбір ғылми қызметкерлер мен мамандар өздерінің тәжрибе жұмыстарын тек ғылми кабинеттер мен лабораторияларда жүргізгенді жақсы көріп, ол тәжрибесін жаппай колхоз өндірісіне жаюдан тайсалатын жағдай әлі де орын алып отыр. Бұл дұрыс емес. Ғалымдар мен мамандардың тәжрибе жасап, ізденіп, жыйнаған материалдары барлық жағынан қорытуды, кітап етіп жазуды, сөйтіп жұртшылыққа кеңінен таратуды керек етеді.

Жаңадан жазылуға тиісті ғылми еңбектердің тақырыптарын дұрыс белгілеу ғылми мекемелер үшін өте маңызды жұмыс. Мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдарының Бүкілодақтық бірінші кеңесінде «Аскания-Нова» ғылми-зерттеу институтының бір қызметкері сөз сөйлеп, институттың ғылми жұмыстары туралы жазылған еңбектер белгілібір тақырыпқа арналмай, жалпылама жазылатынын айтқан кезде, Сталин жолдас мынадай ескерту жасаған болатын:

«Бұдан түк өнбейді, меніңше, сіздер экзотика жағымен көбірек әуестенетін көрінесіздер, ал бізге институттың өндіріске қызмет еткені керек».

Сталин жолдастың бұл нұсқауын біздің ғылми-зерт-

теу мекемелеріміздің барлық жұмысында басшылыққа алып, ғылми жұмыстарды осы нұсқаудың негізінде жүргізу керек. Соңғы кезде ғылым қызметкерлері мен тікелей жылқы шаруашылығында істейтін адамдардың барған сайын ұлғайып отырған творчестволық ынтымағы Сталин жолдастың осы нұсқауын жүзеге асырудың кепілі. Егер ғылми қызметкерлер өздерінің ғылми-зерттеу жұмыстарын өндіріспен тығыз ұштастырып, оны өндіріс үшін өте-мөте маңызды бағытта жүргізетін болса, онда жылқы шаруашылығы жөніндегі ғылми жұмыстың табысты болуы сөзсіз қамтамасыз етілетіндігіне ешбір күмән жоқ.

Жылқы шаруашылығы жөніндегі ғылми жұмыстардың теориялық негізі — тек Мичурин мен Павловтың алдыңғы қатарлы биологиялық ілімі болып табылады, ғылми жұмыстар теориялық жағынан осы ілімге сүйеніп жүргізілуге тиіс.

Біздің ғалымдарымыз академик Т. Д. Лысенконың ғылми жұмыстарынан үлгі алулары керек. Академик Т. Д. Лысенко өзі шұғылданып жүрген ғылми мәселелердің бәрін халық шаруашылығының нақты міндеттерін жүзеге асыру мақсатымен тікелей ұштастыра отырып зерттейді. Ол сонымен бірге нақты міндеттерді ғылми міндеттерден бөліп әкетпейді. Академик Т. Д. Лысенконың творчестволық жұмысында ғылым мен тәжрибе әрқашан да бір-бірімен тығыз ұштастырылып, белгілібір мақсатты көздеп жүргізіледі.

Демек, Қазақстанның жылқы шаруашылығын өркендету жөніндегі ғылми жұмыстарды да халық шаруашылығының нақты міндеттерімен тығыз ұштастырмай, бөлек жүргізуге болмайды. Егер жылқының биологиясын, жылқы тұқымдарының қайдан пайда болғанын және қалай өзгеріп келгенін, жылқының өсіп-өрбу, тұқым қуалау, даму жолдарын және жылқы шаруашылығының басқа да мәселелерін зерттеу сияқты ғылми жұмыстар халық шаруашылығының аса маңызды нақты мәселелерін шешумен, жылқының санын көбейтіп, сапасын жақсарту міндеттерімен тығыз ұштастырылмай, бір-бірімен байланыссыз жүргізілетін болса, ондай зерттеулердің ешбір ғылми маңызы да, өндірістік ма-

ңызы да болмайды және шаруашылыққа ешбір пайда да келтірмейді. Алда тұрған нақты міндеттермен тығыз ұштастырылып жүргізілмеген ғылми жұмыстардан ойдағыдай нәтиже шықпайды. Бұл ақыйқат мәселе.



VIII ТАРАУ

ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Жылқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының ойдағыдай орындалуы көбінесе осы салада істейтін адамдарды өндіріске дұрыс орналастыруға, еңбектерін жақсы ұйымдастыруға, әрқайсысының атқаратын міндетін тура бөліп беруге, еңбек ақы төлеу тәртібін белгілегенде төленетін ақы әрбір адамның ынтасын көтеретіндей, оның карауына берілген жылқыларды бағып күтуге жауапкершілігін күшейтетіндей етіп белгілеуге байланысты.

Партия мен үкімет колхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастырып, ақыны дұрыс төлеу жайында талай айқын нұсқау беріп келді. Совет үкіметі мен партия жергілікті ұйымдардан колхоздар мен совхоздардағы жылқыны күту, жұмысқа пайдалану ісінде болып келген иесіздікті, жауапкерсіздікті батыл жоюды талап етті.

Колхоздарда жылқы шаруашылығының жайына, колхозшылардың өндірістегі еңбегінің дұрыс ұйымдастырылып, әрбір жұмыс саласына дұрыс қойылуына ең алдымен колхоз басқармалары және колхоз председательдерінің өздері толық жауапты. Партия мен үкіметтің нұсқауы бойынша, саны оннан артық биесі бар колхоздардың бәрінде де жылқы шаруашылығын басқаратын арнаулы адам болуға тиіс. Колхоздың жылқы шаруашылығының меңгерушісіне: атшылар мен көлікшілерді іріктеп алу, жылқының жұмысқа дұрыс пай-

даланылуын қадағалау, шағылыстыру жұмысының уақытында өткізілуін, құлын-тайлардың дұрыс өсірілуін, жылқының мезгілімен тағалануын бақылап отыру, жұмыс аттарын қамыт-саймандармен және арбалармен қамтамасыз ету жұмысы жүктеледі. Жылқы фермалары бар колхоздарда жылқы шаруашылығын басқару ферма меңгерушілеріне, ал фермасы жоқ колхоздарда — аға атшыға жүктеледі. Колхоздарда жылқы шаруашылығын меңгерушілерімен қатар зоотехниктер, малдәрігерлері, малфельдшерлері, санитарлар, аға атшылар (немесе аға табыншылар), көлікшілер, ат-тұрман жасайтын шеберлер, темір соғатын ұсталар да жылқы шаруашылығына байланысты толып жатқан қызмет атқарады.

Колхоздарда асыл тұқымды жылқы фермалары мен товарлы жылқы фермаларының ұйымдастырылуына байланысты колхозшылардың жұмысты өнімді істеулеріне анағұрлым қолайлы жағдай туды. Буаз биелер мен құлынды биелердің ауылшаруашылық жұмыстарға қалай пайдаланылып отырғанын бақылау ісі бұрынғыдан жеңілдене түсті. Биелерді күту және азықтандыру, оларды айғырдан шығару, құлындату жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруға өте қолайлы жағдай жасалып отыр. Қазір жылқы фермаларында істейтін адамдардың міндеттерін бөліп беру жұмысы да бұрынғыдан анағұрлым жақсы ұйымдастырылған. Атшылардың фермада қандай жұмыс істейтіні де енді айқын болып отыр. Атшының міндетіне: колхоздың алдын ала бекітілген ішкі жұмыс тәртібі бойынша өз қарауындағы жылқыны жақсы күту, оған тиісті норма бойынша жем-шөп әзірлеп, уақытымен беріп отыру, жылқыны мезгілімен суару, аткораны мейлінше күтіп, таза ұстау жұмысы жүктеледі. Атшы жұмысқа пайдаланылатын жылқыларды күні бұрын әзірлеп қоюға: уақытымен жем-шөбін беріп, суарып, үстін тарап тазалауға, тек содан кейін ғана оны жұмыс істейтін колхозшыға қамыт-сайманымен бірге қолма-қол тапсыруға міндетті. Егер атшы жылқының ауырғанын сезгендей болса, ондай жылқыны жұмыстан босату үшін малфельдшеріне, бригадирге және колхоз председателіне дереу мәлімдейді.

Жылқы жұмыстан босап, қайтып келгенде атшы оны қарап шығады да, атқораға қояды. Егер жылқыны жұмыс істеген колхозшыдан қабылдаған уақытта жылқының денесінде ұрылған не қажалған жері болса немесе әлде бір жерінің жарақат екенін көрсе, ол туралы тиісті шара қолдану үшін дереу колхоз председателіне білдіреді.

Жылқылары табында бағылатын колхоздарда атшылар табыншы деп те есептелінеді: олар өздеріне көрсетіп берілген жерлерде жылқы бағады, жылқыны мезгілімен суарып тұрады, ауа райы бұзылған кездерде бағып жүрген жылқысын ықтасын жерлерге немесе қораларға айдап барып, жылқыға қолдан шөп, жем береді. Атшы (табыншы) колхозда бекітілген ережеңұсқау бойынша жас жылқыларды салт мінуге, жегінге үйретіп тұрады. Атқоралардағы (табындардағы) жұмыстардың бәріне аға атшы (аға табыншы) басшылық етеді, оның өзі де жылқы бағады.

Аға атшы, зоотехниялық-малдәрігерлік қызметкерлердің басшылығымен, жылқының шағылысатын кезінде белгілі бір айғырды (орысша пробник дейді) арқандап ұстап биелерге салады да, айғырдан шыққысы келіп жүрген биелерді анықтайды және мұндай биелерді тұқымдық айғырмен шағылыстыратын жерге немесе қолдан ұрықтандыратын пунктке апарады. Ал айғыр биелерге үйірде жүріп шабатын жағдайда, аға атшы үйірге салынған айғырдың дені сау, таза және күйлі болуын, айғырдың әлсіздігінен кейбір биелердің басқа үйірге қашып кетпейтіндей болуын қадағалап жүреді.

Жұмыс жылқыларының бәрі арнаулы қамыт-саймманымен өндіріс бригадирлеріне бекітіліп беріледі, ал бригадалардың ішінде — жұмыс жылқысына жақсы қарап, оны күтіп ұстайтындығын көрсете білген колхозшыларға бекітіліп беріледі. Егер жұмыс қос атпен істелетін болса, онда көлікшінің әрқайсысына жұмыс жылқысы екі-екіден бекітіліп беріледі. Колхоз басқармасы жылқыны күту, азықтандыру, бір күйінде баптап ұстау жұмыстарын жақсы білетін тұрақты атшылар белгілеп қоюға міндетті. Оның үстіне жұмыс жылқылары атшыларға актімен берілуге тиіс. Тұрақты атшы-

лар мен көлікшілерді басқа жұмыстарға ауыстыруға болмайды.

Республиканың алдыңғы қатарлы колхоздарында колхоз басқармалары атшылар мен көлікшілерге жылқымен жұмыс істеуге правосы бар екендігін сендіретін және аудандық ауылшаруашылық бөлімдері куәландырған арнаулы куәліктер береді. Осы куәліктерде жұмыс жылқысының кімге бекітіліп берілгені, жылқының түсі-түгі, сапасы, малдәрігерлік-зоотехниялық жағынан сыналған тексеру нәтижесі көрсетіледі.

Бірқатар колхоздарда жұмыс жылқыларының жайын ай сайын қарап, тексеріп отыру тәртібі бірнеше жылдардан бері қолданылып келеді. Мұндай байқау кезінде осы жұмыс жылқылары бекітіліп қойылған аттышылардың, көлікшілердің және табыншылардың да жұмысты қалай істегендіктеріне баға беріледі. Жылқы шаруашылығында істейтін колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу ісінде болып келген теңгермешілікті жою үшін, сөйтіп жылқы өсірушілердің жұмысқа жауапкершілігін бұрынғыдан да күшейте түсу үшін жоғарыда айтылған тәжрибені кеңінен тарату керек.

Көлікшінің міндеті — өзіне бекітіліп берілген жылқының жұмыскерлік күшін сақтау, жұмыс жылқысының қамыт-сайманын, арбасын ұқыптап күтіп ұстау. Егер көлікші өзіне бекітіліп берілген аткөлікпен аткорадан алыс жерлерге кетіп, онда ұзақ уақыт болатындай жағдай туса, онда колхоз басқармасы көлікшінің сапарына жетерліктей мөлшерде ат жемін береді де, жылқының одан былайғы күтіміне, уақытымен суарылып, жем-шөп берілуіне көлікші жауапты болады.

Өндіріс бригадирі өзіне бекітіліп берілген жылқылардың күйіне, олардың жұмысқа дұрыс пайдалануына колхоз басқармасының алдында жауапты. Бригадир қарауындағы атшылар мен көлікшілердің жұмыстарын бақылап отырады, жылқыларды күту жұмысындағы иесіздікті жоюға, жылқының күйін жақсартып, жұмыскерлік күшін арттыруға тиісті шаралар қолданады. Бригадир жұмыс жылқысына берілетін жем-шөпті өзі қабылдап алады да, оны жауапкерлігіне тапсырып аға атшыға береді, ал өзі жем-шөптің дұрыс сақталып, орынды жұмсалуын бақылап отырады. Бри-

гадир буаз биелердің жұмыстан босатылуына және айғырдан шығатын биелердің айғырға салатын жерге дәл уақытында жеткізілуіне тікелей жауапты болады.

Асыл тұқымды жылқы өсіретін фермаларда еңбек ұйымдастырудың кейбір өзгешеліктері бар. Колхоз басқармасы биелерді, тұқымдық айғырларды және жас жылқыларды асыл тұқымды жылқы фермасының меңгерушісіне актімен тапсырады және биелердің айғырдан дұрыс шығып, буаз кезінде іш тастамауын, мезгілімен құлындауын қамтамасыз ету мақсатымен, буаз биелерді белгілі уақыттарда жұмыска жектірмеуге оған право береді. Бұл өте жақсы тәртіп. Мұны қолданған жерде көптеген асыл тұқымды жылқы фермалары жыл сайын құлынды 15—25 процент артық өсіріп жүр.

Асыл тұқымды жылқы фермасындағы жұмыска колхоз басқармасы арнаулы бригада бөледі. Бригаданың құрамындағы адамдардың саны фермадағы жылқылардың санына қарай және осы колхозда бір атшыға норма бойынша қанша жылқы бекітіліп берілгеніне қарай белгіленеді. Қазақстанның Алматы ауданындағы, жылқылары көп «Луч Востока», «Веселая жизнь», «Горный гигант», «Вторая пятилетка» колхоздарының фермалары сыяқты ірі жылқы фермаларында әрбір 100—150 жылқыға арнаулы табыншылар бригадасы бөлінеді. Әдетте, асыл тұқымды жылқы фермасында үш табын: биелер табыны, ұрғашы жабағы-тайлар табыны, еркек жабағы-тайлар табыны болады.

Асыл тұқымды жылқы өсіретін фермалардың жұмысында жылқыларды дұрыс сұрыптап, іріктеу, фермаға бөлінетін тұқымдық жылқыларды жылқы тұқымын аудандастыру жоспарына сәйкес бөлу, тұқымдық айғырларды ұқыпты күту, жылқылардың сапасын көтеру мақсатымен күтімін жақсартып, дұрыс азықтандыру, жас жылқыларды жұмыска, міністе үйрету, сапасын сынау, малдәрігерлік-зоотехниялық ережелерді сақтау жұмыстарының айрықша зор маңызы бар. Осы жұмыстардың бәріне де жылқы фермасының меңгерушісі басшылық етеді. Ол фермада тұқым асылдандыру жұмысын күнбе-күн жазып отырады, туған құлындарды кітапқа тіркейді, жылқыны шағылыстыру журналын

жүргізеді, зоотехникпен бірлесе отырып, тұқымдық айғырларға тиісті биелерді бөледі, әр жылқыға жеке берілетін азықтың нормаларын белгілейді, тағы сондай жұмыстар істейді.

Жылқы табында бағылатын жағдайда ферма меңгерушісі табыншылардың жұмыстарына басшылық етеді, жайылымдар мен жылқы суарылатын жерлердің дұрыс пайдаланылуын ұйымдастырады, жылқыға қосымша берілетін шөп пен жемнің жылқы бағылып жатқан базаларға уақытымен жеткізілуін қамтамасыз етеді. Ол акті бойынша қабыл алынған жылқылардың барлық табында да түгел сақталып аман болуына және жылқының санын көбейтіп, сапасын жақсарту жөніндегі фермаға берілген мемлекеттік жоспардың орындалуына толық жауап береді.

Табыншылар әрбір бригадада бөлініп қойылатын аға табыншының тікелей басшылығына сүйеніп, жұмысты кезегімен ауысып істейді, табындағы жылқылар ешуақытта да иесіз қалдырылмайды. Түнгі уақытта, ауа райы бұзылғандай жағдайда жылқы жатқан жерлерге қасқыр келгендей болса, онда жылқының күзеті күшейтіледі. Табыншылар әрбір ересек жылқының және әрбір құлынның аман болуына жауапты, табындарда тиісті тәртіп болуын, боран-шашын күні жылқының ықтасынға немесе базаға апарылуын, жылқылардың жайылымы мен тебіні уақытымен ауыстырылып, жаңа жерге айдап салынуын, жылқыға жем-шөптің дұрыс берілуін, жайылымдардың тиімді пайдаланылуын, соның нәтижесінде барлық жылқының тез оңалып, жақсы семіруін қамтамасыз етіп отырады. Аға табыншы өз бригадасының мүшелерімен бірлесе отырып, зоотехник пен ферма меңгерушісінің басшылығымен өз табындарындағы биелердің айғырдан шығуын және мезгілінде аман құлындауын, туған құлындардың аман сақталып, түгел өсірілуін қамтамасыз етеді.

Қазақстанның көп колхоздарында жылқы табында бағылатын жағдайда еңбек ұйымдастырудың бірқатар өзгешеліктері бар. Табыншылар бригадасы көп жағдайда өздеріне бекітіліп берілген жылқылармен бірге колхоздардың шаруашылық және әкімшілік орталық-

тарынан ондаған, кейде тіпті жүздеген километр жерге кетіп, жылдың көп уақытын сол арада өткізеді. Олар семьяларын өздерімен бірге алып жүріп жылқы бағады, күндіз-түні бірдей жылқының басында болады. Жылқышылар қыста жылы үйлерде тұрады, ал жазда оларға киіз үйден қолайлысы жоқ. Киіз үйдің бір артықшылығы сол, оны жылқы бағылып жатқан жердің нақ өзіне апарып тігуге болады және ол жылқының жайылымын ауыстырғанда көшіп-қонып жүруге ып-ыңғайлы. Колхоз басқармасы немесе жылқы заводының басшысы жылқы бағылатын жердің және ондағы жолдың жағдайына қарап, көшкенде жүкті тиейтін транспорт (автомашина, арба не түйе) бөледі.

Жылқы бағушылардың қыста тұратын үйлері жылқы қыстатылатын жердегі базаларға не ықтасындарға жақын салынады. Бұл жерлерде жылқыға керекті азық қорлары дайындалады.

Жылқы қыстатылатын жерлер ешуақытта өзгертілмейді. Сондықтан қыс уақытында жылқының тебінін ауыстырып отыру үшін жылқыларды базадан 10—20 километрдей жерлерде бағуға тура келеді, ондайда тек ауа райы бұзылған кезде (боран, аяз, тағы сондай уақытта) жылқыға қолдан азық беруге және оны ықтасын жерлерде ұстауға өте қажет болған жағдайда ғана жылқыны базаға алып келуге болады. Осыған байланысты, табыншылардың тұрған жерінен күн сайын 10—20 километр жерге барып, өз кезегімен жылқы бағуына тура келеді. Міне мұндай жағдайда жылқы жатқан жердің нақ өзінде арнаулы киіз үй тігіліп, оның ішінде көтеріп алып жүретін темір пеш жағылады. Табыншылар жылқы бағуға барар алдында және жылқы бағудан келгеннен кейін киіз үйде жылынады, ас ішеді, дем алады. Кейде кезек ауыстыратын табыншылардың осы киіз үйде қонып қалуына тура келеді. Осындай көмекші баспана болған киіз үйлер жылқының жайылымы өзгертілген кезде табынмен бірге алып жүріледі де, жаңа орынға апарып қондырылады. Бір қыста киіз үйдің қонысы 2—4 рет ауысуы мүмкін.

Жылқы қыстатылатын жердегі құрылыстарды жабдықтау, жаңа үйлер салып, ескі үйлерді жөндеу, жылқыға азық дайындау жұмыстарын жаз айларында осы-

ған арнап бөлінген құрылыс бригадалары мен малазығын дайындайтын бригадалар жүргізеді. Құрылыс жұмысын жүргізетін және пішен шабатын бригадалардың құрамы июнь айынан бастап, қашан жұмыс аяқталғанға дейін, яғни сентябрь-октябрь айларына дейін табыншылар бригадасындағы адамдардың санын аздап қысқарту есебінен толықтырылады, ал қысқы уақытта, әсіресе жылқы біресе табында, біресе қорада бағылатын жағдайда, керісінше, табыншылар бригадасының құрамы малазығын дайындайтын бригадалардағы адамдардың есебінен толықтырылады.

Алыстағы жайылымдарда жылқы бағатын табыншылардың балалары колхоздардың орталығындағы мектептерде оқыйды. Бүкіл оқу жылы бойында бұл балалар мектептердің жанында жабдықталған жатақханаларда тұрады.

Табыншылардың өздері және олардың семьялары колхоз бен аудан орталықтарына үнемі барып тұрады, онда өздерінің шаруашылық мәселелерін шешеді, дәрігерге көрініп, медициналық жәрдем алады, кино көреді, кітапханаларға барып жаңа кітаптар алады, тағы сондай тілектерін орындайды. Мұндай сапарларға табыншылардың мінетін арнаулы аты мен арбасы болады.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің қаулысы бойынша, колхоздарда жылқы бағуда жүрген табыншыларды тура жұмыс басында қамтыйтын көшпелі дүкендер мен кітапханалар ұйымдастырылып отыр. Маман дәрігерлер табыншылардың семьяларына үнемі барып, олардың денсаулықтарын қарап тұрады.

Колхоздардың тура орталығында жылқы күтетін атшылар колхоз басқармасының мүшелері мен колхоз председателінің күнделікті басшылығымен жұмыс істейді. Атшылардың жұмыс үстінде кездесетін қыйыншылықтарының, дүдәмал мәселелерінің бәрі колхоз басқармасы тарапынан күн сайын шешіліп отырады. Ал қарауындағы жылқыны бағып алыстағы жайылымдарда жатқан табыншылар өндірістік және ұйымдық маңызы бар мәселелердің көпшілігін жұмыс басында тура өздері шешуге тиіс. Әрине, мұндай жағдайда жер-

дің шалғайлығына байланысты табыншылар бригадаларының жұмыстарына бақылау жасау тым қыйын. Әдетте, колхоз басқармасы мен колхоздың тексеру комиссиясының мүшелері табыншылардың жұмысын айында бір-ақ рет тексереді. Міне бұған қарағанда, табыншыларға қандай жауапты міндет жүктелетіндігі және жалпы колхозшылар алдында олардың беделі қандай болуға тиіс екендігі осының өзінен-ақ айқын көрінеді. Сондықтан да табыншылар бригадалары колхоздың сенімін ақтайтын нағыз тәжрибелі жылқышылардан құрылады. Демек, республиканың атақты жылқышылары, Социалистік Еңбек Ерлері — осындай тәжрибелі табыншылардың, жылқы шаруашылығының тамаша шеберлерінің арасынан шыққан адамдар.

Жылқы шаруашылығында істейтін колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу тәртібі олардың жанқыярлықпен адал еңбек етуге ынта-жігерін тасытқандай және жылқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындау ісіне күш-қайратын жұмсап, зор үлес қосуға ұмтылған адамдардың еңбегіне сай ақы төленетіндей болып белгіленіп отыр.

Колхозшыларға еңбеккүн нақты істеген жұмысының көлеміне және сапасына қарай жазылады. Барлық колхозшылар сыяқты, жылқы шаруашылығында істейтін колхозшылар да заң бойынша белгіленген міндетті еңбеккүн минимумын табуға тиіс және олар өндірістік жоспарларды орындауға, еңбек тәртібін сақтауға міндетті.

ССРО Министрлер Советінің нұсқауына сәйкес, республиканың колхоздары жылқы шаруашылығында еңбеккүн жазудың және еңбеккүнге кесінді ақы белгілеудің мынадай мөлшерін қабылдады:

ересек жылқыларды бағып күтетін атшыға 10 жылқы бекітіліп беріледі және сол жылқыларды күткені үшін айына әрбір жылқы басы сайын 3 еңбеккүннен жазылады. Оның үстіне әрбір аман туған құлын үшін қосымша 10 еңбеккүн, енесінен айырғанға дейін аман өсірілген әрбір құлын үшін — 15 еңбеккүн жазылады;

тұқымдық айғырларды биелерге шаптырмайтын кезде бағып күткен атшыға әрбір айғыр үшін айына 9 еңбеккүннен, биелерге шаптыратын кезде — 13 еңбеккүн-

нең жазылады, ал өзіне күтуге берілген айғырдан буаз болған әрбір бие үшін — 3 еңбеккүннен жазылады;

3 жасқа дейінгі жас жылқыларды бағып күтетін атшыға 12 бас жас жылқы бекітіліп беріледі де, олардың әрқайсысы үшін айына 2,5 еңбеккүннен жазылады;

4 адамнан құрылған табыншылар бригадасына, жылқы табында бағылатын жағдайда, 80 нен 100 ге дейін бие немесе 3 жасқа дейінгі жас жылқылар бекітіліп беріледі. Биелерді бағып күтуші бригадаға әрбір аман өсірілген бие үшін айына 1 еңбеккүннен жазылады. Оның үстіне, әрбір аман туған құлын үшін табыншылар бригадасына 5 еңбеккүн және енесінен айырғанға дейін аман өсірілген әрбір құлын үшін 8 еңбеккүн жазылады. Жас жылқыларды бағып күтуші бригадаға әрбір аман өсірілген жас жылқы үшін айына 1,3 еңбеккүн жазылады;

тұқымдық жас жылқыларды бағып күтуші атшыға тұқымдық 6 жас жылқы бекітіліп беріледі де, оның әрқайсысы үшін айына 5 еңбеккүннен жазылады;

аға атшыға немесе аға табыншыға өзіне жеке бекітіліп берілген жылқыларды бағып күткені үшін еңбеккүн атшыларға немесе табыншыларға белгіленген нормалар бойынша жазылады. Оның үстіне атшылардың жұмысына басшылық жасағаны үшін аға атшыға немесе аға табыншыға айына 5 еңбеккүннен 10 еңбеккүнге дейін жазылады;

жылқы қорада күтілетін жағдайда ересек жылқылар мен жас жылқыларды бағып күтуші атшыларға күйі жаксы әрбір жылқы үшін ай сайын қосымша 1 еңбеккүн жазылады, ал күйі ортадан төмен әрбір жылқы үшін 1 еңбеккүн кемітіледі; жылқы табында бағылатын жағдайда күйі жақсы әрбір жылқы үшін қосымша 0,5 еңбеккүн жазылады, ал күйі ортадан төмен әрбір жылқы үшін 0,5 еңбеккүн кемітіледі;

атшыларға мұндай қосымша еңбеккүн жазу немесе кеміту жұмысы әрбір айдың аяғында, жылқылардың күйін қарап, тексеріп шыққаннан кейін колхоз председателі, колхоздың тексеру комиссиясының председателі, зоотехник немесе малдәрігерлік қызметкер қосылып жасаған және өздерінің қолдарын қойған акт бойынша жүргізіледі;

егіс бригадиріне өзіне бекітіліп берілген әрбір күйі орташа жылқы үшін айына қосымша 0,2 еңбеккүн, әрбір күйі жақсы жылқы үшін 0,4 еңбеккүн жазылады, ал бригадада өсіріліп, енесінен айырғанға дейін аман сақталған әрбір құлын үшін — 3 еңбеккүн жазылады;

жұмыс істеу үшін бекітіліп берілген әрбір жылқы үшін күйі орташа болғанда айына 3 еңбеккүн, күйі жақсы болғанда—6 еңбеккүн жазылады және көлікшіге бекітіліп берілген биелерден аман туып, енесінен айырғанға дейін аман өсірілген әрбір құлын үшін — 10 еңбеккүн жазылады;

күйі ортадан төмен жылқылар үшін егіс бригадирлері мен көлікшілерге еңбеккүн жазылмайды. Жылқының денесі әлде неге ұрылып не арқасы жауыр болғаны немесе жарақаттанғаны үшін кінәлі адамдардың еңбеккүндерінен ондай жылқылардың жұмыссыз қарап тұрған әрбір күні үшін қашан айыққанға дейін 2 еңбеккүннен ұсталып отырады, ал биенің іш тастағаны үшін — 20 еңбеккүн ұсталып қалынады;

жылқы фермасының меңгерушісіне ай сайын фермада 20—40 бие болғанда 40 еңбек күнге дейін, 40—60 бие болғанда — 45 еңбеккүнге дейін, ал бие саны 60 тан асса —50 еңбеккүнге дейін жазылады;

қосымша еңбеккүндер жұмыс стажына қарай жазылады: жылқы фермасының меңгерушілеріне немесе мал шаруашылығын меңгерушілерге — колхозда үшінші жыл істегенде оларға ай сайын жазылатын барлық еңбеккүннің 5 проценті мөлшерінде, төртінші және бесінші жыл істегенде —10 процент мөлшерінде, бес жыл және одан да көп істегенде — 15 процент мөлшерінде жазылады;

мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру жоспарын орындаған күнде колхоз ферма меңгерушілеріне, мал шаруашылығын меңгерушілерге: малдың әр түлігі бойынша белгіленген жоспардың артық орындалған әрбір проценті үшін, олардың негізгі қызметіне бір жылда жазылатын барлық еңбеккүннің 1 проценті мөлшерінде, қосымша еңбеккүн жазылады;

мал санын көбейту және өнімділігін арттыру жоспары орындалмаған күнде ферма меңгерушілерінен,

мал шаруашылығын меңгерушілерден малдың әр түлігі бойынша жоспардың орындалмай қалған әрбір проценті үшін, оларға бір жылда жазылатын барлық еңбеккүннің 1 проценті ұсталып қалынады, бірақ мұндай ұсталынып қалған еңбеккүннің мөлшері олардың бір жылда тапқан барлық еңбеккүнінің 25 процентінен аспауға тиіс.

Партия мен үкіметтің нұсқауы бойынша өндіріс жоспарын артығымен орындағаны үшін және жұмысты жоғары сапалы істегені үшін барлық колхозшыларға берілетін қосымша ақылар жылқы шаруашылығында істейтін адамдарға да толық берілетін болып отыр.

Республика колхоздары колхозшылардың жалпы жыйылысының қаулысы бойынша жылқы өсірушілердің еңбегіне қосымша ақы мынадай мөлшерде төленсін деп ұйғарды:

биелерді күтуге бөлінген атшыға — өзіне бекітіліп берілген биелерге айғыр шаптыру немесе қолдан ұрықтандыру нәтижесінде буаз болған әрбір бие үшін, құлындауға жарайтын биелердің бәрін шағылыстырған күнде,— 5 килограмнан астық беріледі, өзіне бекітіліп берілген биелердің кемінде 60 процентін құлындатып, ол құлындарды енелерінен айырғанға дейін (5—6 ай) аман өсіргені үшін әрбір құлын бассайын — 20 килограмнан астық беріледі;

енелерінен айырғаннан кейін 2 жасқа дейінгі жас жылқыларды күтетін атшыға — өзіне бекітіліп берілген құлындардың бәрін бүкіл жыл бойы аман сақтап, түгел өсіргені үшін әрбір құлын бассайын 15 килограмнан астық беріледі;

тұқымдық айғырларды күтетін атшыға — өзіне бекітіліп берілген тұқымдық айғырларды биелерге шаптыру жөнінде тағайындалған жоспарды орындағаны үшін және айғырдан шыққан барлық биелердің кемінде 70 проценті буаз болып шықса, — әрбір буаз болған бие үшін 5 килограмнан астық беріледі;

биелерді қолдан ұрықтандыратын пункттерде биелерді ұрықтандыру жоспарын орындағаны үшін және ұрықтандырылған биелердің кемінде 70 проценті буаз болып шықса, — биелерді қолдан ұрықтандырушы техникке колхоздардың есебінен әрбір буаз болған бие

үшін 3 килограмнан және тұқымдық айғырларды күтуші атшыға — 2 килограмнан астық беріледі;

түпкілікті бекітіліп берілген биемен жұмыс істейтін колхозшыға сол биеден аман туған және енесінен айырғанға дейін аман өсірілген әрбір құлын үшін 80 килограмнан астық беріледі;

өздеріне бекітіліп берілген биелердің кемінде 60 процентін аман құлындатып, туған құлындарды аман өсірген аға атшыға, жылқы фермасының меңгерушісіне және колхоздағы барлық биенің кемінде 60 процентін аман құлындатып, туған құлындарды аман өсірген, сонымен қатар құлындауға жарайтын биелердің бәрін айғырға шағылыстыруды қамтамасыз еткен колхоздың жылқы шаруашылығының меңгерушісіне — жылдың аяғында әрбір құлын үшін 6 килограмнан астық беріледі;

бригадаға бекітіліп берген биелердің кемінде 60 процентін аман құлындатып, туған құлындарды аман өсірген егіс бригадиріне — жыл аяғында әрбір құлын үшін 6 килограмнан астық беріледі;

бригадаға бекітіліп берілген биелердің кемінде 70 процентін аман құлындатып, туған құлындарды енелерінен айырғанға дейін аман өсірген табыншылар бригадасына — жыл аяғында әрбір құлын үшін 10 килограмнан астық беріледі;

табыншылар бригадасына — құлындардың бәрін енелерінен айырғаннан кейін бүкіл жыл бойы түгел сақтап, аман өсіргені үшін әрбір өсірілген құлын бассайын 6 килограмнан астық беріледі.

Колхозшылардың жалпы жыйылысының қаулысы бойынша, қосымша ақыға астық орнына тиісті нарықпен балап, ауыл шаруашылығының басқа да азық-түліктерін не мал беруге болады.

Ауылшаруашылық артелінің Уставы бойынша колхозшылардың жеке пайдалануында жылқы ұстауға рұқсат етілген колхоздарда, жалпы жыйылыстың қаулысымен, жылқышылардың еңбегіне қосымша ақыға жеті айдан аспайтын құлындар берілетін болып отыр.

1949 жылы Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Семей, Оңтүстік Қазақстан облыстарында ғана 148 жылқы фермасының меңгерушісіне, 919 табыншы-

ға, 88 атшы мен 78 түйе өсірушіге қосымша ақы төленген. Оларға жылқы санын көбейту және күйін жақсарту жөніндегі жоспарларды артығымен орындағаны үшін еңбеккүндеріне берілуге тиісті ақының үстіне 1006 құлын, 167 бұзау, 458 козы, 1760 центнер астық берілген. Қостанай облысы, Урицкий ауданы, Чапаев атындағы алдыңғы қатарлы колхозда үш кісіден құралған табыншылар бригадасына биелерді құлындату және туған құлындарды аман өсіру жөніндегі жоспарды артығымен орындағаны үшін қосымша ақы ретінде 8 құлын, бір тоннадай астық берілген. Сол облыстың Пресногорьков ауданындағы «Красный сибиряк» колхозының 3 табыншысына қосымша ақыға 6 құлын берілген.

Мұндай фактілерді көптеп келтіруге болады. Бұл айтылғандар колхоздардың жылқы шаруашылығында істейтін кадрлардың әл-ауқатын анағұрлым көтеріп, тұрмысын жақсарта беруге коммунистік партия мен совет үкіметінің, еңбекшілердің ұлы көсемі және ұстазы Сталин жолдастың өзі үздіксіз қамқорлық жасап отырғандығын ыспаттайды.

Әрбір жылқы фермасына алдын ала жасалып, колхозшылардың жалпы жыйылысында бекітілген жылдық жоспар беріледі. Бұл жоспарда: келесі жылдың 1 январына дейін фермада қанша жылқы болуға тиіс, неше бие айғырдан шығарылады, оның ішінде нешеуі қолдан ұрықтандырылады, жыл ішінде қанша жылқы сатылады, қанша азық дайындалып, оның қаншасы жұмсалады, жылқылар колхозда қандай жұмыстарға пайдаланылады, жыл ішінде қандай зоотехниялық-малдәрігерлік шаралар міндетті түрде жүргізілуге тиіс, — міне осындай негізгі міндеттер көрсетіледі.

Жылқы фермасына берілетін жылдық өндірістік тапсырмада сол фермадағы әрбір адамның атқаратын негізгі жұмыстарының түрі мен көлемі де көрсетіледі. Мысалы, Қостанай облысы, Обаған ауданы, «Совет коммунистов» колхозының жылқы фермасының жылдық өндірістік жоспарында аға атшылар Ақый Ысқақов пен Нұрап Уағаповтың әрқайсысына бағуға 54 биеден бөлініп берілгендігі, олар осы биелерден ең кемінде 50 құлыннан алып, аман өсіруге тиіс екендігі көрсетілген.

«Совет коммунистов» колхозының жылқы фермасының қызметкерлері осы жылдық тапсырманы алғаннан кейін, оны өздерінің өндірістік мәжілісінде талқылап, нақты социалистік міндеттемелер алды. Олар жылқы өсірудің мемлекеттік жоспарын артық орындаймыз; 1951 жылдың 1 январына дейін фермадағы жылқы санын жоспардағы 266 бастың орнына 322 басқа жеткіземіз; биені айғырдан шығару жұмысын дәл мезгілінде өткізіп, биелердің қысыр қалуына және орынсыз шығын болуына жол бермейміз; жас жылқыларды өсіру жұмысын дұрыстап жақсы ұйымдастырамыз, сөйтіп колхоз 1951 жылы тұқымдық еркек жылқыларды сатуды ең кемінде 100 мың сом табыс табатындай дәрежеге жетеміз; әрбір ересек жылқыға 36 центнерден, әрбір жас жылқыға 25 центнерден шөп шабамыз, ферма бойынша небәрі 8100 центнер шөп дайындаймыз; фермаңың қасындағы жерге 65 гектар сұлы, 5 гектар қызылша мен картоп егеміз деп уәде берді.

Осы ферманың әрбір адамы, ферма коллективінің алған жалпы социалистік міндеттемесінен басқа, өзіне жеке міндеттеме алды.

Республиканың басқа да жылқы фермаларының көпшілігінде жұмыс осылай ұйымдастырылады.

ССРО Жоғарғы Советі ІІрезидиумының Указдары бойынша мал шаруашылығында, соның ішінде жылқы шаруашылығында істейтін адамдарға өз жұмысында зор табыстарға жеткені үшін Социалистік Еңбек Ері атағын беру, сонымен қатар республиканың еңбегі сіңген зоотехнигі және еңбегі сіңген малдәрігері деген атақтар беру тәртібі белгіленді. Қазақстанның көп облыстарында бірқатар алдыңғы қатарлы зоотехниктер мен малдәрігерлері республикамыздың осындай құрметті атақтарына кәзірдің өзінде ие болып отыр.

Міне, совет адамдарына, біздің кадрларымызға жасалып отырған осындай сталиндік қамқорлықтың арқасында, жылқы шаруашылығы саласында істейтін колхозшылар мен мамандардың жемісті еңбек етулеріне зор жағдай туып, Отанымыздың жылқы шаруашылығын өркендете беру жолындағы күресте олардың творчестволық жаңа табыстарға жетулеріне шексіз мүмкіншіліктер жасалып отыр.



IX ТАРАУ

КОЛХОЗДАРДЫҢ КӨП САЛАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖЫЛҚЫНЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ

Колхоздарда бір жылдың ішінде істелетін өндірістік жұмыстардың жылдық жоспарларын жасап, оны колхозшылардың жалпы жыйылыстарында талқылаған кезде, қоғамдық шаруашылықтың қай саласының маңызы күшті екенін атап көрсетеді.

Мал шаруашылығында барлық төрт түлік малды өсіріп, пайдалану шараларын жүргізумен бірге, колхозшылар жылқы малына жақсы көңіл бөледі, өйткені қоғамдық шаруашылықтың қай саласында болса да жылқы кеңінен пайдаланылады. Сондықтан колхозшының қай-қайсысы болса да, — мейлі ол егінші не бақшашы болсын, малшы не көмекші жұмыстарда істеуші болсын,— жылқыға дұрыс қарап, оны жақсылап күтудің қамын ойлауға тиіс. Әрине, кәзір ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру жұмысының қарқыны күннен күнге күшейіп отырған кезде жылқының маңызы жойыла бастады-мыс және ол енді біраздан кейін ауылшаруашылық жұмыстарына пайдаланудан қалады-мыс деп сендіргісі келетін жеке адамдар да жоқ емес. Мұндай адамдар ауыл шаруашылығында болып отырған зор өзгерістердің мәнін жете түсінбейтін, көп салалы коллективтік шаруашылықтың экономикасынан хабары шамалы адамдар екендігі өзінен өзі түсінікті.

Социалистік ауыл шаруашылығын механикаландыру жұмысы күннен күнге үдетіліп, зор көлемде жүргізіліп отырса да, колхоз шаруашылығында жылқының әлі де маңызы зор. Ауылшаруашылық жұмыстарды механикаландыру ісінің көлемі ұлғаюымен байланысты, жылқы мүлдем қатардан қалмайды, тек оны пайдалану жұмысының түрі ғана өзгереді. Колхоздардың көп салалы шаруашылықтарының механикаландырылуы нәтижесінде жылқыны колхоз өндірісінде бұрынғыдан анағұрлым толық және тиімді пайдаланып, жұмыс күштерін жақсы сақтауға, оны күту, азықтандыру ісін дұрыс ұйымдастыруға өте қолайлы жағдай туып отыр.

«... Жылқыны тек азықтандыру, күту ісін біліп қана қоймай, ең алдымен оны орынды пайдалана білу керек, — деген болатын К. Е. Ворошилов жолдас БК(б)П-ның XVII съезінде,— Егер біз енді тракторға, машинаға, тіпті қай жерге болса да орнатылған моторды басқаруға, оны дұрыс және тиімді пайдалануға адамдарды үйрету дәрежесіне жетіп отырған болсақ, онда біз мынадай ақыйқатты түсінуге тиіспіз: жылқы — мотор емес, жанды зат, ол тіпті мотордан да гөрі анағұрлым дұрыс қарап, жақсы күтуді тілейді. Табиғат жылқыға қанша күш берсе, оны соншалық қана пайдалану керек, күшінен артық зорлауға болмайды»[1].

Демек, әңгіме ауыл шаруашылығының техникаға кенелуіне байланысты жылқының маңызы төмендеу туралы емес, қайта оны қоғамдық шаруашылықта дұрыс пайдалану жайында ғана болу керек.

Қоғамдық шаруашылықта жылқымен істелетін жұмыстарды механикалық күштермен (машина күшімен) дұрыс ұштастырып отырудың ерекше маңызы бар.

Ауылшаруашылық өндірісінде жылқымен істелетін жұмыстың көлемі үлкен екенін мынадай мәліметтер айқын дәлелдейді. Талдықорған облысында машина-трактор станцияларының тракторлары сондай көп бола тұрса да, 1950 жылғы көктем егісі кезінде бүкіл облыс бойынша жыртылған барлық егіндік жердің 19,7 проценті жылқының күшімен жыртылған, ал облыстың

---

[1] БК(б)П XVII съезі, стенограммалық есеп, 1934.

жеке аудандарында жылқының күшімен жыртылған жердің көлемі бұдан әлде қайда көп. Мысалы, Октябрь ауданында барлық жыртылған егіндік жердің 35 проценті, Алакөл ауданында 30,8 проценті, Сарқанд ауданында —28 проценті аттың күшімен айдалған. Түрлі жүктер тасуда да жылқының маңызы күшті. Мысалы, Талдықорған облысында 1949 жылы колхоз жылқыларымен 300 мың центнер қант қызылшасы тасылған.

Механикалық күш пен көлік күшін бір-бірімен дұрыс ұштастырып пайдалануға әбден болатындығы Қостанай облысы, Обаған ауданындағы «Совет коммунистов» колхозының жұмыс тәжрибесінен айқын көрініп отыр. Бұл колхоз барлық жағынан жақсы өркендеген, көп салалы шаруашылығы бар, өндіріс жұмыстары механикаландырылып, электрлендірілген колхоз. Мемлекеттік акт бойынша колхоздың түпкілікті пайдалануына берілген жердің көлемі 30 мың гектар, соның ішінде егіндік жерлер, огородты қоса есептегенде, 6,300 гектар, мал жайылымдары мен шабындықтар— 16,180 гектар. Колхоз 3 500 гектар дәнді дақыл, соның ішінде 2 707 гектар бидай, 324 гектар сұлы, 80 гектар арпа егеді. Колхозда 5 мал фермасы, балық шаруашылығы, бақ, жидек егісі, ара ұясы бар. Республиканың басқа да көптеген колхоздары сыяқты, «Совет коммунистов» колхозының өндірісі өте жақсы механикаландырылған. Оның егіс даласында қуатты 11 трактор жұмыс істейді, 6 комбайн егін жыйнайды. Колхоздың диірмендері, ұста дүкені, ағаш шеберлері, слесарь және басқа мастерскойлары толық механикаландырылған.

«Совет коммунистов» колхозында шаруашылықтың басқа тарауларымен қатар жылқы шаруашылығы да бірқалыпта ойдағыдай өркендеп келеді.

Колхозда механикалық күш пен жылқы күшін ұштастырып, өте дұрыс пайдалану мақсатымен жыл сайын жоспар жасалып отырады, ол жоспарда қандай жұмыстарға трактор не басқа машинаны пайдалану керек екендігі, ал қандай жұмыстарға жылқыны пайдалану дұрыс болатындығы көрсетіледі. Мұнда тракторлар машинаның жүруіне қолайлы, көлемі жалпақ кең жерлерді, еңалдымен тың және тыңайған жерлерді

жыртуға, жердің топырағын уатуға, сондай-ақ егін соғатын күрделі молотилкаларды жүргізіп тұруға, дәнді егінді жыйнайтын күрделі машиналарды тіркеп сүйреуге және басқа ауыр жұмыстарға пайдаланылады. Жылқы, әдетте, шағын, жеңіл жұмыстарға және трактордың не комбайнның өтуіне қыйын (тік беткей жерлердегі егінді жыйнағанда, сайлы, жыралы жерлерден пішен шапқанда, тағы сондай) жерлерге пайдаланылады.

Колхоздың жүк тасу-транспорт жұмысында жылқы ерекше орын алады. Комбайннан түсетін астықты қабылдап отыру, астықты дайындау пункттеріне немесе колхоздың складтарына тасу, картоп, қант қызылшасын, овощь тасу сыяқты жұмыстардың басым көпшілігі атпен істеледі. Егін басына жанармай және су тасу, запас бөлшектер жеткізу, дала жұмыстарында жүрген колхозшыларға азық-түлік апарып беру және сондай жұмыстарға ат-көлік кеңінен пайдаланылады. Әсіресе қыста, машиналар қардан жүре алмай тоқтап қалатын кезде жүк тасығанда жылқының ролі анағұрлым күшейе түседі.

Жылқы салт жұмыстарға да көп пайдаланылады. Колхоздың басшы қызметкерлері, басқарма мүшелері мен бригадирлері колхоздағы қызметтерін көбінесе атқа мініп жүріп істейді.

Көлік күші мен механикалық күш дұрыс ұштастырылып пайдаланылатын болса, мұның өзі қашан да үлкен нәтиже береді. Машина күшін пайдаланатын трактор бригадаларының жұмысы жылқымен жұмыс істейтін егіс бригадаларының маңызын ешуақытта төмендетпейді, қайта бұлардың екеуі де жұмысты ынтымақпен істеп, біріне бірі көмектесіп отырады.

Колхоздың негізгі дала жұмыстарының аз уақытта тез орындалуы көбіне көлік күші мен механикалық күшті дұрыс ұштастыра білуге байланысты болады. Колхоз бен МТС-тың өзара жасасатын шартында жұмыстың дені машинаның күшімен істелуі көзделеді. Сонымен бірге бұл шартта колхоздың өзіндегі жұмыс көліктерімен істелетін жұмыстардың да тиісті көлемі көрсетіледі. Машина мен ат-көлікті қатар пайдалану

арқылы атқарылатын жұмыстардың көлемін алдын ала дәл белгілеу колхоз жұмысын неғұрлым көп істеуге, өңделетін жердің көлемін бірнеше есе арттыра түсуге мүмкіндік береді. Жылқыны колхоз өндірісінде пайдалану МТС-тың тракторларын және басқа машиналарын колхоз жұмысына мейлінше толық пайдалануға, колхоздың өндіріс жоспарының толық және асыра орындалуына жағдай жасайды.

«Совет коммунистов» колхозында тракторлар мен автомашиналардың күшімен істелетін негізгі дала жұмыстарында жылқы да кеңінен пайдаланылады. Мұны 1950 жылы атқарылған төмендегідей кейбір жұмыстардан айқын көруге болады:

Жұмыс түрлері	Жұмыстың жалпы көлемі	Соның ішінде	
		МТС-тың күшімен атқарылғаны	Колхоз жылқысының күшімен
Көктемде жер жырту	1175 га	917 га	258 га
Жыртылған жерді тырмалау (бір рет)	5609 »	3662 »	1947 »
Пішен шабу	5100 »	2800 »	2300 »
Дәнді егістерді жыйнау . . .	3323 »	3000 »	323 »
Астық тасу	46005 ц.	37508 ц.	9377 ц.

«Совет коммунистов» колхозында жылқы түрлі қосалқы жұмыстарға және трактор бригадаларында көп пайдаланылады. 1950 жылдың өзінде ғана колхоз трактор бригадаларының мұқтажын қамтуға 15 жылқы бөліп берген.

Колхозда жылқымен істелетін әрбір жұмыстың өзіне тиісті белгіленген нормасы бар. Жылқымен жұмыс істейтін көлікші колхозшылардың бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, жұмысты жақсы істеуі нәтижесінде бұл нормалар анағұрлым асыра орындалып, колхозда еңбек өнімділігі мейлінше артып отыр. Колхозда жылқымен істелетін жұмыстарда еңбек өнімділігінің өсіп отырғанын мынадай мәліметтен көруге болады:

«Совет колхозшысы» колхозында жыл ішінде ең жақсы жұмыстарды және озат шабуылдарды жасаған бригадалар

Жұмыс түрлері	Көлемі	Еңбекшілік шығыны	Озат шабуылдарды орындаған нормасы
2 тілді плугпен терендігін 20 см етіп жер жырту	1,30 га	Плугшіге — 2 еңбекқұны, ат айдаушыға — 1,25 еңбекқұны	Шакібаев Аман — 1,5 га Сатбаев Кабак — 1,6 га
Жылқымен жер тырмалау	6 га	Тырмашыға 1,5 еңбекқұны	Шакібаев Аман — 6,5 га Сатбаев Кабак — 7 га
Жылқымен егін ору	4 га	Бау тастаушыға — 1,75 еңбекқұны, ат айдаушыға — 1,25 еңбекқұны	Лепар Федор - 5,5 га Ол сонымен қатар егін жылқыларын әрбір 3 сағат сайын ауыстыра отырып, бір күнде 18 га егін орған
Жылқымен пішен шабу	4,5 га	2 еңбекқұны	Николаенко Петр — 6,5 га Агапов Михайл — 6 га
Ат тырмаларымен пішен жинау	8 га	1,25 еңбекқұны	Максимов Леонид — 10 га Дуньский Гераким — 10 га
Көк аттық арбамен 1 км жерге дейін пішен тасу	14 арба әркайсысы 6 ц.	1,5 еңбекқұны	Пішен тасушылардың бәрі нормаларын орындаған

Жұмыс түрлері	Бір жұмыс күніне белгіленген норма	Еңбекқүнге шаққанда	Озат көлікшілердің орындаған нормасы
Кос аттық арбаға комбайннан астық тиеп, оны тасу:			Шәкібаев Аман — 1,5 га Сәтбаев Кабак — 2 норма
1 км дейін	90 ц	1,5 еңбек-күн	
2 „	70 „	1,5 „	
2—3 „	50 „	1,5 „	
3—5 „	30 „	1,5 „	
5—7 „	25 „	1,5 „	

Әсіресе жылқыны жұмысқа пайдалану ісіне ұқыпты қарап негізгі ережелерді дұрыс сақтап отырған, өздеріне бекітіліп берілген жылқыларды уақытымен азықтандырып, суаруға, оларды жұмысқа тынымсыз пайдаланылып қажытпауға қатты көңіл бөлген колхозшылар басқалардан гөрі жақсы табыстарға жеткені жоғарыда келтірілген мәліметтен айқын көрінеді. Мысалы, көлікші Шәкібаев Аман қандай жұмыста болса да норманы ылғый артығымен орындаған, оның себебі — Шәкібаев мінген аттарына әрбір 3 сағат сайын жемшөп беріп, 1—1,5 сағаттай шалдырып алып отырған. Оның үстіне Шәкібаев жұмыс үстінде әрбір тоқтаған жерінде (жүк тиеу, жүк түсіру, машина майлау, тағы сондай) мінген аттарына жақсы шөп беріп отырған. Колхоздың басқа көлікшілері де мінген аттарына жақсы қарағаң. Осының нәтижесінде колхозда жылқымен істелген жұмыстың өнімі орта есеппен алғанда 25 процент өскен.

«Совет коммунистов» колхозында жылқыны жұмысқа пайдалануға күні бұрын әзірлеу ісіне үлкен көңіл бөлінеді. Колхоз басқармасы бекіткен ішкі ереже бойынша, келесі күні жұмысқа мінілетін жылқылар кештен бастап әзірленеді; жем-шөп берілмеген, суарылмаған, үсті тазартылмаған жылқылар жұмысқа шығарылмайды. Колхоздың атқорасында күнделікті істелетін жұмыстың белгіленген қатаң тәртібі бар: түнгі сағат 2 ден 3 ке дейін — жұмыс көліктерін суарып, шөппен сұлы береді; 5 тен 6 ға дейін — жылқылардың үстін

тазалайды; 6 дан 7 ге дейін — жылқыларды жұмысқа шығарады; 7 ден 8 ге дейін аткораның ішін тазалайды; 8 ден 12 ге дейін — тамақ ішуге үзіліс жасайды; 12 ден 14 ке дейін — жұмыстан қайтқан жылқыларды қабылдап, суарып, жем-шөп береді, содан кейін қайтадан жұмысқа шығарады; 14 тен 19 ға дейін — түскі тамаққа кетеді және атшылар дем алады; 19 дан 20 ға дейін — жұмыстан қайтқан жылқыларды қабылдап, шөп береді; 21 ден 22 ге дейін — жылқыларды суарып, жем береді; сағат 22 ден түнгі сағат 2 ге дейін — көлікті таныктырады.

Аға атшы жұмысқа шығатын әрбір жылқыға кештен бастап бригадирден наряд алады да, істелетін жұмыстың түріне қарай жылқыларды әзірлеуге кіріседі. Егер кейбір жұмыс аттары алысқа баратын болып, олар ертеніне ертемен кететіндей жағдай туса, онда мұндай аттар жөнінде күнделікті жұмыс тәртібі өзгертіледі де, түнгі сағат 12 ден бастап әзірленеді, сөйтіп жұмысқа шыққанға дейін азық беріліп, суарылып, үсті тазартылып қойылады және жеген жемін басу үшін 1 сағаттай дем алдырады.

Алыс сапарға баруға бөлінген көлікшілер жол бойында тиісті тәртіп сақтап отырады. Мысалы, жұмыс аттары 35—40 километрлік жерге баратын болса, мұндай сапарда алғашқы 2—3 километрдей жерді аттар аянмен алады да, одан әрі бірқалыпты толық жүрісіне салынады, бірақ аттардың қатты не ақырын, не орташа жүріспен айдалуы олардың күйі мен күшіне, жолдың жаман-жақсысына және тиелген жүктің салмағына қарай болады. Баратын жерге жақындаған кезде аттардың демалуы үшін аяндатылып жүргізіледі. Қатты терлеп, ентіккен аттар солығын басу үшін атқораға қояр алдынан 20—30 минуттай кездіріледі. Аттар ағытылып, камыт-саймандары алынғаннан кейін мойны мен арқасы жел тиіп ілінбес үшін сабанмен не шөппен ысқыланады. Аттардың денесі шаң-тозаңнан не саздан әбден тазаланғаннан кейін ғана атқораға қойылады.

«Совет коммунистов» колхозының атқоралары жоспармен салынған, олардың іштері таза, иіс-қоңысы жоқ, жарық, ат тұратын бөлмелерде қалың және құрғақ төсеніштер үнемі болып тұрады.

Жазғы уақытта колхоздың аткорасындағы күнделікті жұмыс тәртібі далада істелетін жұмыстардың тәртібіне байланысты өзгереді. Атқорадан алыс жерлерде істейтін жұмыс аттары азықпен сол тұрған жерлерінде қамтамасыз етіледі. Колхоздағы үш бригаданың әрқайсысында, қостардың қасында жұмыс аттары тұратын көмекші жаппалар (навес) мен жем-шөп салып беретін аттық-науалар бар. Бригадаларға бекітіліп берілген жылқылар жем-шөппен және тұщы сумен жеткілікті мөлшерде қамтылады.

Егіс бригадирлері мен көлікшілер жұмыс аттарының саймандарын жоғалтпай ұстауға қатты көңіл бөледі. Жылқылар жұмыстан қайтып келісімен-ақ қамыт-саймандары ағытылып алынады, шаң-тозаңы тазартылып, кептіріледі. Үзіліп-бүлінген қамыт-саймандар, ертұрмандар дереу жөндеуге беріледі. Колхозда үнемі ат әбзелін жөндейтін 4 адам бар. Бұлар колхоздың мұқтажын қалт еткізбей, орындап отырады.

Қамыт-сайман, ер-тұрман күтіліп дұрыс ұсталатын болса біріншіден, олар көп уақытқа жарайды; екіншіден, — аттың денесін сақтайды, қажамайды, жұмыс күшін арттыра түседі. Сондықтан да колхоздың бригадалары әрбір аттың сайманын, ат әбзелін өзіне лайықтап белгілеп алып, бірінікін біріне ауыстырмайды, егер бір аттың тұрманы әлде қандай себеппен екінші атқа ауысып кетпес үшін әр сайманда тиісті аттың таңбасы немесе номері болады. Колхоздың сайман жасайтын шеберлері әрбір аттың қамытын өзіне лайықтап, өлшеп жасайды. Сол сыяқты әр аттың жүгені, шлиясы, ыңыршағы да өзіне лайық болады. Аттың божысы қайыс-былғарыдан жасалады.

Колхоздың ат-арбалары да жақсы күтіледі. Көлікшілер әрбір арбаны шаң-тозаңнан тазалап жуады, уақытымен майлап тұрады. «Совет коммунистов» колхозы 1929 жылдан бері арбаны өзінде жасап келеді. Мұнда атқа жеңіл, жүкке берік дара аттық және қос аттық арбалар, олардың керекті темір бөлшектерін жасап шығаратын мастерской мен ұста дүкені бар.

Шаруашылықты осылай жүргізу, жылқыларды жұмыска пайдалану ісін жақсы ұйымдастыру нәтижесінде «Совет коммунистов» колхозының қолындағы бар-

лық жылқылардың да қоңы үнемі ортадан жоғары және семіз болып жүр.

«Совет коммунистов» колхозында және басқа да алдыңғы қатарлы колхоздарда жылқыны жұмысқа пайдалану жөнінде белгіленген және тәжрибеде сыналған жақсы тәртіпті республиканың барлық колхоздарында да қолдану қажет.

Әсіресе жылқыны колхоздағы дала жұмыстарының нағыз қаурыт кезінде пайдалануға әзірлеу ісіне айрықша қатты көңіл бөлу керек. Бұл үшін еңалдымен әрбір жылқының жұмыскерлік қасиетін бағалап, оның жүк тартуға жұмсалатын күшінің шамасын, жүрісінің шапшаңдығын және жұмысқа төзімділігін дұрыс білу керек. Мысалы, жылқыны қос атпен істелетін жұмысқа лайықтап іріктегенде, аттың екеуінің де күштері тең, аяңы бірдей, мінездері үйлес болуы керек, өйткені күші артық және шапшаң жүретін жылқы тез шаршап, басталған жұмыстың бітпей қалуы мүмкін.

Тәжрибе мынаны көрсетеді. Әрбір жылқы фермасында жұмыс жылқылары, олардың жасын, күйін және биелердің құлындайтын мезгілін еске ала отырып, негізгі үш топқа бөлінгені жөн. Бірінші топқа күшті, дені сау, жақсы семірген жылқылар, соның ішінде бойдақ биелер бөлінуге тиіс. Екінші топқа күші орташа жылқыларды және алғашқы айларда буаз биелерді бөлу керек. Үшінші топта әлсіз және кәртаң жылқылар, соңғы айлардағы буаз биелер болуға тиіс. Жұмысқа енді ғана жегіле бастаған жас жылқылар да осы үшінші топқа жатқызылады. Әрбір топтағы жылқылардың өз қасиеттеріне сәйкес істелетін жұмыстың түрлері мен жұмыс нормалары белгіленеді. Топқа бөлінген жылқылардың тізімі және оларды жұмысқа пайдалану ережесі атқоралардың ішіне көрнекті жерге ілініп қойылады.

Колхоз өндірісінде жас жылқыларды пайдалану жұмысына ұқыпты болып, жете көңіл бөлу керек. Мұндай жылқылар түпкілікті қоғамдық жұмыстарға 2,5—3 жасынан бастап қатыстырыла бастайды. Бұл үшін олар алдын ала үйретілуге тиіс. Үйретудің негізгі түрі — божылап айдау немесе жетектеуге, салт мінуге не жегінге үйрету. Жас жылқылармен жұмыс істеуді ең жақсы,

тәжрибелі көлікшілерге тапсыру керек. Жас жылқыларды жеңілдеу жұмыстарға (жер тырмалау, жақын жерге жүк тасу, тағы сондайларға) пайдаланған жөн және оларды жұмысқа шамадан артық салмау керек. Бірқалыпты жеңіл жұмысқа пайдалану, дұрыс күтіп, жем-шөбін уақытымен беріп отыру жаңа жетіліп келе жатқан жас жылқының мүшелерінің бекіп, толысып, дұрыс өсуіне үлкен себеп болады. Ал жұмысқа шамадан тыс көп пайдаланылған жас жылқылар, керісінше, жасына жетпей шөгіп, күшінен айрылып қалады. Жас жылқылармен жұмыс істейтін адамдар ондай жылқылардың мінезін байқап, жұмысқа қалай пайдаланған қолайлы екенін жақсы білуге тиіс. Әрбір жылқыны орынсыз қыйнамай, аяп ұстаса, ондай жылқының қай уақытта болса да күші кемімей, қайта арта түседі.

Жылқының күшін және оны қоғамдық шаруашылықта пайдалану әдісін зерттеген ғылми жұмыстардың нәтижелері республиканың алдыңғы қатарлы колхоздарында кеңінен пайдаланылып отыр.

Жылқының атқаратын жұмысы оның жүк тартуға жұмсайтын күшінің шамасына, жүрісінің шапшаңдығына және жұмыс уақытының ұзақтығына байланысты. Жылқының жүк тартуға жұмсайтын күші әдетте килограмм мөлшерімен есептелінеді.

Жылқының жүк тартқанда жұмсайтын күшінің мөлшері жүктің салмағынан анағұрлым кем болады. Қысқы жолда шанамен, ал жазда асфальталған тегіс жолда жақсы арбамен жүк тасығанда жылқының жұмсайтын күші тиелген жүгі бар шананың не арбаның жалпы салмағының 1—2 процентінен аспайды, екінші сөзбен айтқанда жылқы 1 тонна жүк тартқанда 10—20 килограмм ғана күш жұмсайды. Жазық жерлердегі тегіс жолдарда жылқының жұмсайтын күші тиелген жүк пен арба салмағының 4—5 проценті шамасында болады, ал батпақты жолдарда 6—10 процентке дейін, тіпті одан да көп болады. Өте жаман, батпақты, лайсаң жолдарда жылқының жұмсайтын күші тиелген жүк пен арбаның жалпы салмағының 20 процентіне дейін жетеді. Осындай жолмен барлық салмағы, арбаны қоса есептегенде, 1000 килограмдық жүк тасу үшін жылқы 200 килограмдық күш жұмсайды, яғни асфальттал-

ған жолмен жүргендегіден күшті 10—20 есе артық жұмсайды. Демек, жылқының атқаратын жұмысын және жүк тасыйтын күшін оның тартқан жүгінің салмағымен салыстырып отыруға болмайтындығы осы айтылғандардың өзінен-ақ түсінікті. Шынында да солай: екіуш тонна жүкті асфальтталған тегіс жолмен күші орташа жылқылардың өзі-ақ оп-онай сүйреп әкетеді, ал өте жаман, батпақты жолмен тартса осы жүкті тіпті ауыр жүк тартатын жылқылар да орнынан жылжыта алмаған болар еді.

Міне, зоотехниктердің әрбір жылқының жүк тасушылық күшін айырғанда тиелген жүктің салмағына қарап айырмай, жылқының жүк тартуға жұмсайтын күшінің шамасына қарап айыратын себебі осыдан. Жылқының жүк тартуға жұмсайтын күшін айыра білу, әсіресе, жылқының ауылшаруашылық машиналармен және құрал-саймандармен атқарған жұмысын бағалау үшін өте қажет. Егер мұны білмесе, онда жылқыға сокамен жер жыртудың немесе машинамен шөп шабудың қайсысы ауыр тиетінін білу өте қыйын соғар еді.

Жылқының жүк тартуға жұмсайтын күшін анық білу үшін қолданылатын арнаулы аспап бар, оны динамометр деп атайды. Ол түрі өзгертілген серіппелі таразы сияқты, онда жылқының күшін жазып отыратын арнаулы тетік бар. Динамометр арбаның (немесе құрал-сайманның не машинаның) және постромка байланған бөлектің екі арасына бекітіліп қойылады. Осының нәтижесінде жылқының күші динамометрге келіп түседі де, ол күштің шамасы дәл айқындалады.

Жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институты, Тимирязев атындағы Ауылшаруашылық академиясы және басқалары жылқымен істелетін негізгі жұмыстардың барлық түрінде жылқының жұмсайтын күшін динамометрмен өлшеп анықтаған. Бұл зерттеуден шыққан қортындылар мынадай:[1]

Жер жырту-жалпақтығы 30 см, терендігі 20 см.	120—240 кг
Ат тырмасы	50—60 „
Қос аттық шөп машинасы	80—100 „

[1] Проф. Н. А. Юрасов. Жылқы шаруашылығы, Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1939.

Тиелген жүгімен қоса есептегенде барлық салмағы бір тонналық:

Жақсы жолмен жүрген шана	15—20 ,,
Жазық жерде жақсы жолмен жүрген арба . . .	55—60 ,,
Жазық жердегі көп жүрілмеген сүрлеу нашар жолмен жүрген арба	70—90 ,,
Нашар және тіпті нашар жолмен, құмды жермен жүрген арба	100—200 ,,

Жұмыс жылқысының жүк тартуға жұмсайтын қалыпты мөлшердегі күші оның тірідей салмағына байланысты. Зоотехниялық ғылым жолымен жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде тірідей салмағы әртүрлі келетін жылқылардың жұмысты аяңдап жүріп істегенде жұмсайтын қалыпты мөлшердегі күшінің көлемі мынадай болатындығы анықталған:

Жылқының тірідей салмағы	Қалыпты мөлшерде жұмсайтын күші
300 кг	39–45 кг
350 ,,	46—52 ,,
400 ,,	52—60 ,,
450 ,,	59—68 ,,
500 ,,	65–75 ,,
550 ,,	72—82 ,,
600 ,,	78—90 ,,

Жылқы бір жұмыс күнінің ішінде бір қалыпты мөлшерде күш жұмсайтын жұмысты (8—10 сағаттық аяңмен істелетін жұмыс) орташа жұмыс дейді, жылқының күші онша көп жұмсалмайтын (қалыпты мөлшердегі күшінің $^1/_2$—$^1/_4$ мөлшері ғана) жұмысты жеңіл жұмыс дейді, ал жылқы бүкіл күн бойына барлық күшін сарқа жұмсайтын жұмысты — ауыр жұмыс дейді.

Жұмысты жеңіл, орташа, ауыр деп бөлу, әрине, шамамен айтылады. Жолдың жақсаруына не бұзылып кетуіне және сондай жағдайға байланысты жылқы күшін не аз жұмсайды, не көп жұмсайды. Мысалы, құрғақ жолмен қант қызылшасын тасығанда орташа жұмыс дейді, ал егер сол қызылшаны жауынды күні батпақты жолмен тасыйтын болса, онда бұл ауыр жұмыс болып есептеледі.

Жылқымен жер жыртқанда оның күшті көп не аз

жұмсауы плугпен жыртылатын жердің жалпақтығы мен терендігіне және плугтің конструкциясы мен сапасына байланысты болады. Әрине, жүзі қайралған өткір тілді плугтан гөрі қайралмаған топас тілді плугпен жер жыртқанда жылқының күшті анағұрлым көп жұмсайтынына күман жоқ. Сол сияқты, тетіктері босап қыюы кеткен, жерге батпай құлай беретін тыянақсыз, қолмен үнемі кісі ұстап отыратын нашар плугтан гөрі жақсы жөнделген, бір қалыпты дұрыс жүретін плугқа күш анағұрлым аз кетеді. Ат жегіп жұмыс істейтін басқа да машина-саймандар жөнінде де осыны айтуға болады. Сондықтан жылқы жегілетін плуг саймандар, арба-шаналар жақсы жасалып, уақытында жөнделіп, атқа жәйлі болуы керек.

Жылқы болдырған кезде жиі-жиі тоқтай береді, көбігі шығып қатты терлейді. Мұндай жағдайда жұмыстың салмағын жедел жеңілдету керек немесе болдырған жылқыны дереу ауыстыру керек.

Қай жылқының болса да жұмысты өнімді істеуі оның жүрісінің шапшаңдығына байланысты.

Ауылшаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын жылқылардың жұмысты аянмен істегенде жүрісінің орташа шапшаңдығы әдетте сағатына 4—6 километр деп есептеледі. Жылқының жүрісті болуы, шапшаң жүруі оның тұқымына, күшіне, жүріске үйретілуіне және атқарылатын жұмыстың жағдайына байланысты. Әртүрлі жұмыста жылқының жүрісі де әртүрлі болады. Белгілі бір жылқы жеңіл жұмыстарда өте тез, тіпті желіп жүретін болса, сол жылқыны ауыр жұмыстарға салғанда оның жүрісі дереу бәсеңдейді, аяңнан артық жүре алмайды. Мысалы, жер жырту, тырмалау, культивациялау жұмыстарында жылқы орташа есеппен сағатына 3,96 километр, шөп шабатын не егін оратын машиналарда — сағатына 4,17 километр, тұқым себуде — сағатына 4,35 километр, жүк тасу сияқты транспорт жұмыстарында — сағатына 4,43 километр жер жүреді, тағысын-тағылар.

Әр тұқымнан және әр типтен шыққан жылқылар бәріне бірдей тең жұмысқа жегілсе де, жүріс шапшаңдығы түрліше болады. Жылқы шаруашылығының ғылми-зерттеу институтының жүргізген ғылми жұмыстары



Іле сыртындағы Алатауда шабындық тау шөбін шабу.

нәтижесінде, жер жыртуға жегілген әр тұқымды жылқылардың орташа жүрісі мынадай болып шыққан:[1]

Жергілікті жақсартылмаған жұмыс жылқылары сағатына	3,96 км
Желісті жылқылардың будандары	5,25 ,,
Брабансон жылқысының будандары	4,71 ,,

Жұмысқа мінілген жылқыны күшті көп жұмсамайтын (10—20 кг) жұмыстарда ғана желдіртіп айдауға болады.

Жылқының ең жақсы тұқымдарын өсірудің колхоздар үшін қандай зор маңызы бар екенін жоғарыда келтірілген мәліметтен айқын көруге болады. Егер колхоздағы жылқылар негізінен жергілікті ұсақ жылқылар болатын болса, онда аудан ішінде қабылданған тұқымдық айғырлармен будандастыру арқылы осы жергілікті жылқылардың сапасын жақсартуға — бойын ірілендіріп, тірідей салмағын арттыруға батыл шаралар қолдану керек.

Барлық тұқымнан шыққан жылқылардың жұмыс өнімділігі жұмыс күнінің санына, тасылған жүктің жалпы салмағына (километріне тонна есебімен), жұмсақ жерлерге айналдырғанда дала жұмыстарының жалпы көлемін және сондайларға қарап анықталады. Атпен істелген жұмыстың көлемін оңай білудің ең қолайлы жолы — әр уақытта (жылда, айда, маусымда) жылқының жұмыс істеген күнінің санына қарап есептеп шығару. Ауылшаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын жылқылардың орташа жылдық жұмыс нормасы шамамен алғанда 280 жұмыс күні болып шығатынын республиканың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының тәжрибесі анық ыспаттап отыр.

Жылқының көліктік қасиетін бағалағанда оның беріктігін, жұмыста онша көп болдыра қоймайтынын және жұмыстан кейін өзінің бұрынғы қалпына тез түсетінін еске алудың зор маңызы бар. Тәжрибе мынаны көрсетеді: тұқымы жақсартылған, күшті, ірі жылқылар ауыр жұмыстарды орындап келгеннен кейін бір сағаттың ішінде қалпына келеді, ал әлсіз жылқылар-

---

[1] Жылқы өсірушілерге көмекші. Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиет баспасы, Москва, 1949.

дың тамырлары қатты соғып, көпке дейін ентігін баса алмайды, олар ұзақ уақыттан соң ғана бұрынғы қалпына келеді.

Жұмыс жылқыларының, әсіресе, жұмыс күні ұзартылған жағдайда жұмыс өнімділігін арттыру үшін оларды жақсы күтіп, жем-шөпті мол беру керек және оларға күніне екі, тіпті үш рет тыным алдырып отыру керек. Бұл үшін әрбір колхозда жылқының күнделікті жұмыс істейтін тәртібін белгілеу керек. Жылқы шаруашылығының ғылми-зерттеу институты көктемгі дала жұмыстары кезінде жұмыс күнінің мынадай үлгі тәртібін ұсынып отыр:[1]

Жұмысқа толық жарамды күшті азықпен қамтамасыз етілген, тірідей салмағы 400 килограмдық жылқылар үшін белгіленетін жұмыс күнінің тәртібі

(Күніне 8 кг жем және сапасы орташа 15 кг шөп беріледі)

Таңертеңгі	сағат 5 тен 8 ге дейін		—	жұмыс;
,,	,,	8 ден 9 ға	,,	— азықтандыру (1 кг шөп және 2 кг жем);
,,	,,	9 дан 12 ге	,,	— жұмыс;
Күндізгі	сағат 12 ден 2 ге		,,	— азықтандыру (3 кг шөп және 2 кг жем);
,,	,,	2 ден 5 ке	,,	— жұмыс;
Кешкі	сағат 5 тен 6 ға		,,	— азықтандыру (1 кг шөп және 2 кг жем);
,,	,,	6 дан 8 ге	,,	— жұмыс.

Көлік жем-шөп берілер алдынан және жұмыс күні бітерден 20—30 минут бұрын суарылып отырылады. Сонымен қатар көлікті күндізгі тамаққа баратын үзілістен кейін іле-шала суарған жөн.

Жұмыс арасындағы тыным алатын 10—15 минуттік үзілістер кезінде жылқыларға қолдан шөп беріледі.

Кешкі сағат 8 ден таңертеңгі сағат 5 ке дейін — түнгі демалыс. Бұл уақытта жылқыға күндізгі бергеннен кейінгі нормадан қалған азықтар беріледі.

---

[1] Жылқы өсірушілерге көмекші.

Түнгі сағат 11 де және ертеңгі сағат 4 те жылқы суарылып, ертеңгі сағат 4 те 2 кг сұлы беріледі.

Жұмысқа толық жарамды, бірақ жеммен қамтамасыз етілмеген жылқы үшін белгіленетін жұмыс күнінің тәртібі

(Күніне 2 кг жем және сапасы орташа 23 кг шөп беріледі)

Таңертеңгі сағат 5 тен 7 ге дейін	—	жұмыс;
,, ,, 7 ден 9 ға ,,	—	азықтандыру (5 кг шөп);
,, ,, 9 дан 11 ге ,,	—	жұмыс;
,, ,, 11 ден күндізгі сағат 2 ге дейін	—	азықтандыру (5 кг шөп және 1 кг жем),
Күндізгі сағат 2 ден 4 ке дейін	—	жұмыс;
4 тен кешкі сағат 6 ға дейін	—	азықтандыру (5 кг шөп);
Кешкі сағат 6 дан 8 ге дейін	—	жұмыс.

Жылқыны бұдан кейін күту, азықтандыру, суару жұмысы жоғарыда келтірілген алғашқы тәртіп бойынша жүргізіледі.

Таңертеңгі сағат 4 те жылқыларға 1 килограмнан сұлы беріледі.

Біз жоғарыда Қостанай облысының Обаған ауданындағы «Совет коммунистов» колхозында атпен істелетін жұмыстың нормаларын келтірдік. Айта кету керек, жұмыс нормалары барлық колхоздарда бірдей болуы мүмкін емес, әр колхоздың шаруашылық жағдайына сәйкес, ол нормалар қайта қаралып, жөнделіп отырылуға тиіс.

Жұмыс нормаларын жасап, белілеген уақытта ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдарының жеткен табыстары міндетті түрде еске алынады. Жылқы шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институты жылқы заводтарының бірінде ғылми тәжрибелер жүргізіп, жұмсақ жерді жылқы жегіп жырту және тырмалау жұмыстарында орта есеппен қандай нормалар белгілеуге болатынын анықтаған. Ғылми-зерттеу институты келтірген үлгі нормалар мынадай: [1]

[1] Жылқы өсірушілерге көмекші, Мемлекеттік ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, 1949 жыл.

Жер жыртуда және тырмалауда жылқымен істелетін жұмыстың үлгі нормалары

	Жұмсақ жерді қос аттық екі табанды плугпен жырту, жалпақтығы 50 см, тереңдігі 16 см.	3 буынды қыйғаш тырмамен тырмалау	
		Жұмсақ жер	Күздік егіс пен көп жылдық шөптер егісін көктемде тырмалау
Пайдалы жұмыс уақыты . . .	6 с. 50 м.	6 с. 30 м	6 с. 40 м
Жылқының орташа жүрісі (секундіне метр есебімен) .	1,30	1,30	1,36
Бороздада бір күнде жүрген жердің ұзындығы (метр есебімен)	32000	30400	32600
Бір жылқының жұмсаған күші (кг есебімен)	75	75	66
Бір жылқының бір күнде істеген жұмысы (миллион килограмметр есебімен сыртқы механикалық жұмыс)	2,40	2,25	2 ,15
Бір құралдың қос атпен істеген жұмысы (гектар есебімен)	1,60	8,20	7,80

Бұл келтірілген нормалар жылқы заводында қабылданған тәртіп бойынша күніне 10 сағат жұмыс істейтін, тірілей салмағы 550 килограмдық ірі жылқыларға арналған. Тірілей орта салмағы 350—380 килограмдық жергілікті жылқылар үшін мынадай жұмыс нормалары дәлірек келеді (бір сменада).

Парлап жегілген аттың дала жұмыстарында бір күнде орындаған нормасы

(гектар есебімен)

Жұмыс түрі	Колхозда белгіленген жұмыс нормасы	Нақты орындалғаны (орта есеппен)	Бір күнде орындалғаны (ең жоғарғы норма)
Жер жырту (бір табанды плуг, жалпақтығы 28 см, тереңдігі 16)	0,7	0,74	1,20

Жұмыс түрі	Колхозда белгіленген жұмыс нормасы	Нақты орындалғаны (орта есеппен)	Бір күнде орындалғаны (ең жоғарғы норма)
Бір рет тырмалау (2 полотна, алымы 2м) .	5.0	5,86	7,44
Егілген шөптерді шабу (Люберецкий заводы шығарған шөп машинасы, алымы 135 см)	2,0	3,18	3,80
Дәнді күздіктерді ору (өзі тастайтын егін оратын машина, алымы 1,40 см)	3,0	3,76	4,84

Транспорт жұмысында бір күнде орындалған жұмыс нормасы
(бір атпен)

Жұмыс түрі	Орындалғаны (тонна-километр есебімен)	Жүктің салмағы (тоннамен)	Аттың бір күнгі жүріс есебі (неше рет)	Жолдың жалпы ұзындығы (км-есебімен)
Шаруашылық ішіндегі ұсақ тасымалдар				
Колхозда белгіленген жұмыс нормасы . .	3,20	0,4	8,0	8,0
Нақты орындалғаны (орта есеппен) . . .	2,72	0,4	5,7	6,80
Бір күнде орындалғаны (ең жоғарғы норма).	5,40	0,4	11,0	13,50
Көң тасу				
Колхозда белгіленген жұмыс нормасы . .	10,00	0,5	10,0	20,00
Нақты орындалғаны (орта есеппен) . .	11,00	0,5	11,0	22,00

Жұмыс түрі	Орындалады (тонна-километр есебімен)	Жүктің салмағы (тоннамен)	Аттың бір күнгі жұмыс есебі (нормер)	Жолдың жалпы ұзындығы (км есебімен)
		Отын тасу		
Колхозда белгіленген жұмыс нормасы . .	6,00	0,5	4,0	12,00
Нақты орындалғаны (орта есеппен) . .	3,51	0,5	3,3	7,02
Бір күнде орындалғаны (ең жоғарғы норма)	9,00	0,5	6,0	18,00

Бұл нормалардың бәріне де шек қоюға ешбір болмайтынын, олар нақты тәжрибеде анағұрлым артық орындалып жүргенін және артық орындалуға тиіс екенін колхоздардың ең жақсы көлікшілерінің қолдары жеткен табыстары ыспаттап отыр. Демек, жұмыс нормаларының жақсы орындалуы үшін жылқымен істелетін жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру керек, еңалдымен жұмыс аттарының жүк тиеген және жүк түсірген кездерде көп уақыт боска тұрып калуын жойып, жүкті үздіксіз тиеп, тасу әдісін қолдану керек. Орынды көп алатын жүктерді тасу үшін арбалардың калкандарын кеңейтіп, жұмыс аттарының камыт-саймандарын атқа жайлы етіп дұрыстау керек. Ең бастысы — жұмыс аттарының жақсы күтіліп, оларға азықтың мол берілуін қамтамасыз ету.

Атшылар мен көлікшілер әсіресе буаз биелер мен сауын биелерге ерекше көңіл бөлуге міндетті. Колхоздарда биелер көп құлындатылып, туған құлындардың санын көбейту мақсатын көздеп, Совет үкіметі мен партия колхоз басқармаларына буаз биелермен және сауын биелермен жұмыс істейтін колхозшылар үшін жұмыс нормасын осындай жұмыстарға пайдаланылатын басқа жылқыларға белгіленген нормалардың үштен екісіндей мөлшерде белгілеуді және сонымен қатар бұл кол-

хозшылардың еңбегіне төленетін ақыны көбейтуді ұсынған болатын. Колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың буаз биелерді құлындауына 2 ай қалғанда, ал құлындағаннан кейін 15 күн өтпей тұрып, жұмысқа пайдалануына қатаң тыйым салынған. 6 ай толғаннан кейінгі буаз биелерді тек жеңіл жұмыстарға ғана пайдалануға болады.

Сауын биелер де өте ауыр жұмыстардан, соның ішінде алыс жолға жіберуден босатылады, сондай-ақ құлынға зақым келетіндей жұмыстардан, мәселен, шөп шабатын, егін оратын машиналарға жегуден де босатылады. Жұмысқа жегілген сауын биелерге құлындарын емізу үшін әрбір сағат сайын демалдырып тұру керек. Жазғы уақытта жұмыстан бос биелер құлындарымен бірге жайылымда болуға тиіс.

Биелерді ауылшаруашылық жұмыстарына зор сақтықпен абайлап пайдалану ісі жылқыны өсіру мәселесімен тығыз ұштастырыла отырып жүргізілуі қажет. Дала жұмыстары, әдетте, биелерді айғырдан шығару маусымымен қарбалас келеді, бірақ осыған қарамастан, құлындауға жарайтын биелердің бәрі де үйірге салынып, айғырдан шығарылуы керек. Жылқымен жұмыс істейтін егіс бригадирлері мен көлікшілер биелердің айғырдан шыққысы келіп жүргенін бақылап, ондай биелерді дәл уақытында айғырдан шығаратын пунктке алып баруға міндетті. Бұл уақытта айғырдан шыққан биелерді жұмыстан босатқан жөн, өйткені жұмыста жүрген биелер ұрығын ағызып жіберіп, қысыр қалып қоюы мүмкін.

Қазақстанның бірқатар аудандарында ауыл шаруашылығының механикаландырылуына, колхоздар мен совхоздардың механизмдермен және көлік күшімен жақсы жабдықталуына байланысты, құлынды биелер мен құлындайтын биелердің бәрі де жұмыстан толық босатылып жүр.

Жылқы тек жегінге ғана емес, сонымен қатар салт мінуге де пайдаланылады. Біздің республикада бұл жөнінен тәжрибе жеткілікті десек, асырып айтқан болмаймыз. Бізде атты ерттеу, салтатпен жүру (аяндату,

желдірту, шабысқа салу, тағы сондайлар) жөнінде ғасырлар бойы қалыптасқан тәжрибе бар.

Салт мінуге өте ыңғайлы және ат үстіне жүк тиеуге қолайлы жасалған қазақы ерлердің бірнеше түрі бар, бұларды халық қатты ұнатады. Кәзіргі уақытта республиканың колхоздарында жергілікті қазақы ерлердің негізгі екі түрі ғана пайдаланылады, оның бірі жуан ағаштан ойып жасалған тұтас ер, екіншісі — ағаштан қыйылып, шегемен не желіммен қосылған ер. Тұтас ердің қапталы жуан ағаштан жонылып істеледі де, шегелі ерлердің қапталы бөлек-бөлек ағаштардан жасалады. Мұндай ердің ағаштары таспамен де тігіледі, таспа өте берік келеді.

Қазақта «ашамай ер» дейтін де ер бар. Ол атқа салт мінуге жаңада үйрене бастаған жас балаларға арналған ер. Бұл ердің қастары биік, қапталы терең болады.

Әдетте ердің астына киізден жасалған тоқым мен терлік салынады. Айыл-тартпа былғарыдан жасалады немесе қыл араластырылған жүннен есіледі. Айыл-тартпаның ұшына көбінесе шығыршық (доға) тағылады. Ердің үзеңгілері аяққа жайлы келеді. Қазақта ағаштан иіп жасалатын үзеңгілер де болады. Ол әсіресе қыста мал баққанда аяқты қарымас үшін өте жақсы және аяққа да, атқа да жеңіл. Көпшік көбінесе былғарымен, кейде қалың матамен қапталады. Көпшіктің ішіне құс жүні не түйе жүні салынады. Көпшікке қой жүнін салу қолайсыз, өйткені ол ұйысып, бір жерге жыйылып қалады.

Атқа салт мініп үйренген тәжрибелі адамдар аттың адамға да, атқа да жайлы болып ерттелуіне зор көңіл бөледі, өйткені ат арқасының жауыр болатыны көбінесе ер-тоқым дұрыс ерттелмегендіктен және ат үстінде дұрыс отыра білмегендіктен болады. Әдетте, атты ерттер алдында оның арқасын, шоқтығын, бауырын қарап, қажалған жерінің бар-жоғын біледі, терлік пен тоқымды жабысқан шаң-тозаңнан, балшық-құмнан сілкіп, тазартып салады. Атты ерттегенде аттың шоқтығы мен ердің арасында жұдырық сыйғандай қуыс қалуға тиіс.

Атқа ер-тоқым салғанда аттың арқа жүні тікірейіп үйпаланып қалмас үшін ер-тоқым әуелі аттың жалына салынады да, содан соң кейін жылжытылады. Сонда аттың жүні орнына түседі, ер-тоқым да дұрыс ерттеледі.

Ер-тоқым ілгері-кейінді жылжый бермес үшін айыл-тартпаны қатты тарту керек. Айыл-тартпаның дұрыс тартылғанын мынадан біледі: егер аттың бауыры мен тартпаның арасынан бір ғана саусақ өтсе, ал айылдың арасынан екі саусақ өтсе, онда айыл-тартпаның дұрыс тартылғаны. Айыл-тартпаны аса қатты да тартып жібермеу керек, өйткені ол аттың бауырын қыйып кетуі мүмкін. Кейде айыл-тартпаны тартып жатқанда ат демін ішіне алып, қарнын қампыйтады да, жолға шығысымен-ақ айыл-тартпа босап қалады. Міне мұндай жағдайда аттан түсіп, айыл-тартпасын қайта қарап шығу керек. Айыл-тартпа бос тартылса ер-тоқым әрлі-берлі жылжып, аттың арқасын соғып тастайды.

Ерттелген атқа мінудің де тәсілі бар. Бұл үшін ең-алдымен аттың тізгінін кейін қайырып, сол қолға алады. Осыдан соң сол қолмен аттың шоқтығынан тізгінді қоса қапсыра ұстап, сол аяқты үзеңгіге салады да, оң қолмен ердің артқы қасынан ұстайды. Осы кезде жерде тұрған оң аяқты серпіп жіберіп атқа мінеді. Оң аяқты аттың сауырынан асырып атқа отырарда тізені бүкбеу керек, атқа мінерде асып-саспай, жайлап міну керек.

Салт мінетін атқа атты әскердің ер тоқымы ерттелгенде де атқа міну тәсілі жоғарыда айтылғаннан ешбір айырмашылығы жоқ. Атқа отырудың екі түрі бар: бірінде үзеңгі бау ұзын болады да, екіншісінде — сәл қысқа болады. Ұзын үзеңгі бау көбінесе біздің Қазақстанда және Кавказ бен Донда қолданылады. Үзеңгі бау ұзын болғанда желген аттың үстіндегі адам қозғалмай бірқалыпта отырады, ал кейде тіпті үзеңгіге шіреніп түрегеп тұрады. Үзеңгі бау қысқа болғанда ат үстіндегі адам үзеңгіге шіреніп, аттың жүрісіне қарай орнынан ауық-ауық көтеріліп, шоқақтап отырады.

Жылқы өсірушілердің біреулері үзеңгі баудың ұзын, болғанын ұнатады, енді біреулері қысқа болғанын жақтайды. Ал тәжрибеде үзеңгі баудың қысқалығы пайдалы екені айқын көрініп жүр. Бұған мынадай мысал кел-

тіруге болады. Кейбір асыл тұқымды жылқыларды сынау үшін алыс сапарларға жіберген уақытта, осы жылқыларға үзеңгі бауы қысқа ер ерттеп салт мінген адамдар бір күн тәулікте 250—300 километр жер жүріп келген, олар жолшыбай ешкіммен ауыспаған. Үзеңгі бауы қысқа ерде ауық-ауық көтеріліп отырған адамның аты да, өзі де тыным алып, ұзақ жолда онша көп қажый қоймайды. Аттың белі үнемі демалып отырады. Салт атпен ұзақ сапарларда жеңіп шыққан адамдардың бәрі де сол жарыстарда атқа жайлы шоқақ желіспен жүріп отырған. Ал мұндайда атқа салынған ердің үзеңгі бауы қысқа болмаса, атты шоқытып желдірту өте қыйын болады. Сондықтан да осы жарыстарға қатысқан ұзын үзеңгі бауды жақсы көретін кейбір адамдар үзеңгі бауларын жол-жөнекей ат үстінде қысқартуға мәжбүр болған. Қысқа үзеңгі бау атты әскерде де кеңінен қолданылып отыр. Жорғаға мінетіндерге ұзын ұзеңгі бау жақсы, өйткені жорғаның үстінде қозғалмай шіреніп отыру керек.

Қазақстанда, басқа республикалардағы сыяқты, бәйге атына мінуге арналған шағын ер де кәзір көп қолданылып жүр. Атқа өте жеңіл мұндай ер фабрикада жасалады. Ердің екі жақ қанаты бар, оның екеуі де атқа мініп шабатын адамға жайлы болу үшін аттың қолтығына қарай қыйғаштау жасалады; оның үзеңгі бауы өте қысқа болады да, атқа мініп шапқан адам тақымын қысып отырады.

Қазақстанның таулы аудандарында және арбамен жүруге болмайтын, жері құмды келетін жазық далалы аудандарда жылқыға жүк арту үшін қолданылатын арнаулы ерлер бар. Жылқының арқасына және екі жақ қабырғасына жүкті тең арту үшін мұндай ерлердің қапталдары жалпақ жасалады. Жүк артылатын ерде айыл-тартпадан басқа құйысқан мен өмілдірік болады. Бұлар ердің не ілгері, не кейін кетуіне мүмкіндік бермейді. Егер жүк дұрыс артылмай, өте биік, толқымалы болса, онда әсіресе таулы жерлерде жылқы әлсізденіп күш ала алмайды, бірқалыпта табан тіреп жүре алмайды. Сондықтан жүктің дұрыс артылуына зор көңіл бөліп, жылқының жақсы күш алуы үшін жүкті екі жаққа тең етіп төмен түсіріңкіреп арту керек.

Халық жылқыны өте күтіп мінеді. Оның ер-тұрманы, қамыт-сайманы дұрыс болуын үнемі қадағалап, өзінің қыймылымен аттың жүрісіне (желісіне, шабысына) жәрдемдесіп отырады.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы жылқы шаруашылығының Жоғарғы басқармасы түрлі жорыққа, жарысқа, сынаққа қатыстырылған кезде жылқыны күту, азықтандыру туралы арнаулы нұсқау жасап шығарған. Бұл нұсқау бойынша, жарысқа түсетін не сыналатын жылқылар жарыстың не сынақтың алдында және одан келесі күні де зоотехник, малдәрігер мамандарға міндетті түрде көрсетілуі керек.

Жылқыны ауылшаруашылық жұмыстарына пайдалануда табысқа жетудің бірнеше жолдары бар екенін алдыңғы қатарлы колхоздардың тәжрибесі айқын ыспаттап отыр. Мұның ең басты жолы — жегінге және салт мінуге пайдаланылатын жылқыларды іріктегенде, оларды тұқымына қарап іріктеу керек; жұмыскерлік қасиеттерін, жүк тартуға жұмсайтын күшін, жүрістілігін, жұмысқа төзімділігін, денінің саулығын толық еске алу керек; күтімін жақсартып, үнемі құнарлы азық беріп отыру керек; жұмысқа пайдаланғанда уақытымен тынықтыру қажет. Жылқыға керекті ер-тұрман, қамыт-сайман, арба сияқты құралдардың бүтін және қолайлы болуына, сонымен қатар көлікшілердің ең тәжрибелі адамдардан іріктеліп қойылуына зер салу керек. Мұнда, әсіресе, адамдарды іріктеп қоюдың шешуші маңызы бар, өйткені жылқымен атқарылатын жұмыстардың өнімді болуы еңалдымен сол жылқымен жұмыс істейтін адамдарға байланысты. Жылқымен жұмыс істейтін адамдар өздеріне бекітіліп берілген жылқыларды аздырмай, дұрыс күтіп ұстайтын болса және ауыл шаруашылығының сан алуан жұмыстарында жылқыны орнымен, тиімді пайдалана білсе, онда жылқының күшімен атқарылатын жұмыстардың көлемі ұлғайып, жұмыс өнімділігі анағұрлым арта түседі, сөйтіп колхоздардың механикаландырылған және электрлендірілген көп салалы қоғамдық шаруашылықтарында жылқының ролі мен маңызын бұрынғыдан да көтеріп, күшейте беруге зор мүмкіндік туады.

Қазақстанның көп колхоздарында жылқының сүті де пайдаланылады. Биенің қымызы әрі тоқ, әрі адамның денсаулығына өте пайдалы. Қымыздың әсіресе туберкулезбен ауырғандарға зор пайдасы бар екенін, оларды жазатынын халық тәжрибесі де, медицина ғылымы да іс жүзінде ыспаттап берді. Қымыздың сусындық маңызының да күшті екенін ауа райы ыстық болатын далалық және шөл жерлердегі аудандардың халқы жақсы біледі.

Қымыз туралы қазақтың ұлы ақыны Жамбыл былай деген:

Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз,
Стахановшы ерлерге дем беретін
Бір сүйеу еңбегіне кәрі қымыз.

Еңбекші ел тартып алған табы қымыз,
Ен өскен колхоз аулы малы қымыз,
Әр ферма ортасында күмпілдейді,
Өзгеше бүгін тәтті дәмі қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз,
Елімнің социалистік асы болдың,
Шығаршы, тағы нең бар, кәне қымыз!

Қымыздың қасиетті ас екенін халқымыз ертеден жақсы түсінген. Қазақстанның бірнеше жерінде қымызбен емдейтін көптеген курорттар, демалыс үйлері бар. Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігінің қарауында Боровое, Шымған, Каменское плато, кәсіподақтар қарауындағы қымызбен емдейтін орындар—Боровское, Бармашино, Березовка, Орал демалыс үйлері бар. Бұл курорттар мен демалыс үйлері ағашы көп, суы мол, ауасы таза, табиғаттың көркем жерлеріне орналасқан. Қазақстанның қымызбен емдейтін курорттарына Совет Одағының барлық түкпірінен көптеген еңбекшілер келіп емделіп қайтады. Келешекте сол сияқты курорттардың санын көбейтіп, қымызбен емдеу ісін күшейте беруіміз керек, онымен бірге колхоздарда, совхоздарда еңбекшілердің денсаулығын көтеру үшін қымызды молайту керек.

Қәзіргі кезде биені сауу, саумау жөнінде талас бо-

лып жүр: кей біреулер биені сатуға мүлде тыйым салу керек, өйткені ол құлынның өсуіне әсерін тигізеді дейді; енді біреулер — биені сауғаннан құлынға ешбір зиян келмейді, сондықтан биені сатуды мүлде тоқтатуға ешбір дәлел жоқ деп сендіреді. Осындай таласты шешу максатымен және биені сауудан құлынға қаншалықты зиян келетінін анықтау үшін осы мәселелерге арналған бірсыпыра тәжрибе жұмыстары жүргізілді.[1] Сонымен қатар Совет үкіметі еңбекшілердің денсаулығын сақтауға арнап ұйымдастырған, қымызбен емдейтін санаторийларда да осындай тәжрибелер жүргізіліп келді. Осы тәжрибелер сүті сауылатын биелердің құлындары, әдетте, әлсіз болып, тез өсіп жетілмейтінін көрсетеді. Демек, биені сауу құлынға зиян келтіреді. Бұған қарағанда, биені сатуды мейлінше азайту керек. Әсіресе асыл тұқымды биелерді және тұқымын асылдандыруға бөлінген жай биелерді ешуақытта да сатуға болмайды, сондай-ақ тұңғыш рет құлындаған кулық биелер мен сүті аз биелерді де мүлде саумау керек.

Биенің сүтті болуы көбінесе жылқы бағылатын жердің шөптілігіне және шөбінің сапасына байланысты. Шөбі күнге күйіп, құқыл тарткан жерлерде бағылған биелердің бәрі де сүтті аз береді, сондықтан ондай биелерді сатуға жарамайды.

Сүті аз биелерді құлындарынан оп-оңай айыруға болады. Енесінің сүті жетпейтін құлындар нашар өседі, жүндері үрпиіп, қабырғалары ырсыйып көрініп тұрады. Ал мұндай құлындардың енелері сауылатын болса, олардың барған сайын азып, тіпті көтеремге айналуы, я мал қатарына қосылмауы мүмкін.

Биелердің күніне қанша уақыт сауылатындығының құлындары үшін зор маңызы бар. Осы жөнінде жүргізілген кейбір тәжрибелерге қарағанда, сүтті биелер күн сайын 2 сағаттан немесе күнара 4 сағаттан сауылатын болса, құлындардың бірқалыпты күйлі өсуіне мұның ешбір әсері тимейтіндігі айқын болып отыр. Ал осы сияқты биелер күн сайын 4—6 сағаттан сауылатын

---

[1] И. А. Сайгин. Сауын биелердің сүті қашан суалады, «Коневодство» журналы, №3, 1948 жыл және И. Сайгин, Қымызға сауылатын биелердің құлындарын өсіру, «Коневодство» журналы, № 9, 1939 жыл.



Бие сауу.

болса, ондай биелердің құлындары нашарлап, тез есейе қоймайтындығы байқалады.

Сауылатын биелердің құлындарын күту ісінің үлкен маңызы бар екенін айтпасақ та түсінікті. Бие сауу жұмысын жақсы ұйымдастырған шаруашылықтарда сауын биелердің құлындарына, жем, қаймағы алынған сыйыр сүті (обрат) беріледі; олар ішінде жеткілікті азық-суы бар көлеңкелі жерлерде немесе жан-жағы қоршалған ашық алаңдарда тұрады.

Товарлы-жылқы фермаларында шаруашылыққа пайдалану мақсатында өсірілетін нағыз сүтті биелерді, зоотехниялық ереженің талаптарын сақтай отырып сауғаннан құлынға келерлік ешбір зиян жоқ және ол жылқы шаруашылығын өркендету міндеттеріне ешқандай қайшы келмейді. Бие сауып, қымыз ашыту жұмысы дұрыс ұйымдастырылатын болса, мұның өзі колхоздардың жылқы шаруашылығынан түсетін табысын молайтпақ және мал шаруашылығының бұл маңызды саласын өркендетуге колхоздардың ынта-жігерін арттырмақ.

Жылқы өте қымбат мал. Оны өсіруге қанша жігер жұмсап, қанша еңбек етуге тура келетінін халық жақсы біледі. Ал мұншама еңбек зая болып, босқа кетпес үшін жылқыны өсірумен бірге оны қандай мақсатқа болса да дұрыс пайдалана білу керек, сонда ғана жылқыға жұмсалған еңбек толық ақталады.

Жылқыны пайдалану мәселесі жылқы шаруашылығын дамыту ісіндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Біздің көп салалы ірі шаруашылықтарымызда — колхоздар мен совхоздарда жылқыны пайдалану мәселесі толық шешілген. Бұл шаруашылықтарда жылқының қандай тұқымдары және қандай түрлері болса да кеңінен пайдаланылып отыр. Сондықтан республиканың барлық колхоздары мен совхозларының жылқы шаруашылығын өркендетудегі басты міндеттерінің бірі—жылқыны пайдалану жұмысын дұрыс ұйымдастыруда, бұл сыяқты маңызды іске өздерінің жауапкершіліктерін арттыруда болып отыр.



X ТАРАУ

ЖЫЛҚЫШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ-КӨШШІЛІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Коммунист партиясы — советтік социалистік қоғамның алға бастап отырған жетекші күші. Еліміздің милиондаған еңбекшілері күрестерде сыналған осы коммунист партиясының дана басшылығымен сан алуан жұмыстарды жүзеге асырып жатыр. Ленин — Сталин партиясы совет адамдарының рухын, жігерін көтеріп, оларды коммунистік қоғам орнатуды көздеген ұлы мақсатқа жетуге бастап отыр.

Большевиктер партиясы еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне айрықша көңіл бөледі. Совет адамдарының саяси саналылығы неғұрлым жоғары болса, олар партия мен үкіметтің саясатын неғұрлым жақсы және терең түсінетін болса, олардың практикалық жұмыстары да соғұрлым жемісті болмақ, алдымызда тұрған шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттері соғұрлым жақсы шешіліп, ойдағыдай жүзеге асырылмақ.

Коммунист партиясы шаруашылықтың барлық саласындағы кадрларымызға, соның ішінде жылқы шаруашылығында істейтін кадрларға идеялық-саяси тәрбие беру жөнінде зор жұмыстар істеп отыр. Партияның бұл жұмыстары колхозшылардың, жылқы заводтарында және басқа шаруашылықтарда істейтін

жұмысшылар мен мамандардың маркстік-лениндік теорияны үйренулеріне көмектесуді және олардың жылқы шаруашылығының практикалық мәселелерін шешуде осы теорияны дұрыс қолдана білетіндей дәрежеге жетуін көздейді.

Еңбекшілердің ұлы көсемі Сталин жолдас шаруашылық табыстар, ол табыстардың берік және баянды болуы түгелімен партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстарға байланысты болады деп үйретеді. Көсеміміздің бұл нұсқауының колхоздар мен мемлекеттік жылқы шаруашылықтарының партия ұйымдарына да толық және тікелей қатысы бар. Саяси жұмыстар мен шаруашылық жұмыстарды бір-бірімен дұрыс ұштастырып жүргізу—партия ұйымдарының барлық жұмысының шешуші шарты болып табылады. Осындай қағиданы бұлжытпай сақтап, қолдана білген партия ұйымдарының жұмыстары әруақытта жемісті болады, олар партия мен үкіметтің жылқы шаруашылығын өркендете беру жөніндегі нұсқауларының толық жүзеге асырылуына ойдағыдай басшылық етеді, жылқы шаруашылығының қандай мәселелерінің болса да уақытымен дұрыс шешіліп отырылуын қамтамасыз етеді.

Республиканың партия ұйымдары сан жағынан анағұрлым өсіп, ұйымдық жағынан нығая түсті. Партия ұйымдары еңбекшілер арасында идеялық-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарын зор көлемде жүргізіп, бұдан үлкен тәжрибе алып отыр, әсіресе біздің ауыл-селоларымызда бұл жөнінен аса көп жұмыстар істелді. 1950 жылдың июль айының бас кезінде болған Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің V пленумы «Қазақ ССР колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының бастауыш партия ұйымдары жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында республика колхоздарының 90 процентінде, ал совхоздар мен МТС-тердің бәрінде де бастауыш партия ұйымы бар екенін атап көрсетті. Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда соңғы жылдардың ішінде ғана 800 ден астам бастауыш партия ұйымдары құрылды. Көптеген бастауыш партия ұйымдары коммунистерді өндірістің нағыз шешуші салаларына қойып, олардың өндірістегі

жетекшілік ролін арттырып отыр. Сондай-ақ партиялық-саяси жұмысты және коммунистер мен партияда жоқ активтердің маркстік-лениндік теорияны үйренуін жолға қою жөнінде де біраз жетістік бар.

Колхозшылар арасында зор көлемде жүргізілген саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарының нәтижесінде халық шаруашылығының маңызды салаларының бірі болып саналатын жылқы шаруашылығында да біраз табыстарға қол жетті: жаңадан асыл тұқымды жылқы фермалары ұйымдастырылды, жылқыға керекті азық қорының базасы нығайтылды, жылқышылардың еңбегін ұйымдастыру және оларға ақы төлеу жұмыстары тәртіпке келтірілді, жылқы шаруашылығында істейтіндердің арасынан шыққан Социалистік Еңбек Ерлерінің және басқа да алдыңғы қатарлы адамдардың саны көбейді, республикада жылқы шаруашылығын ілгері дамыта беру жолында колхозшылар арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетіліп отыр.

Қазақстанның жылқышылары арасында жүргізілетін идеялық-саяси және мәдени-көпшілік жұмыстарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Жылқы шаруашылығымен айналысатын колхозшылардың басым көпшілігі бүкіл жыл бойына дерлік колхоз поселкесінен оқшау, алыстағы жайылымда мал бағып жүретіні мәлім. Олай болса, мұндағы саяси-үгіт және мәдени-көпшілік жұмыстары тікелей сол жайылымдағы малшылар арасында жүргізілуге тиіс.

Малшыларды, соның ішінде жылқышыларды мәдени-ағарту және саяси-үгіт жұмысымен қамтудың кәзіргі уақытта өріс алып, оның орталығы болып отырған бір түрі — қызылотаудағы жұмыс. Республиканың отардағы мал участоктерінде 250 ден астам қызылотау жұмыс істейді. Бұлардың саны ілгергі уақытта да арта бермек.

Қызылотаулар материалдық-финанс жағынан да едәуір нығайды. Мұнда қызмет істейтін кадрлардың жұмыс дәрежесінің ұдайы артуымен бірге, малшылар арасында өткізілетін лекциялар мен баяндамалардың идеялық дәрежесі де жақсаруда.

Қызылотаулар тарапынан жүргізілетін мәдени-ағарту және саяси-үгіт жұмыстары қоғамдық өнімді

мал шаруашылығын арттыру жөнінде малшылар алдында тұрған шаруашылық міндеттерімен тығыз байланыстыра отырып жүргізіледі. Мұның өзі қызылотау жұмысының нәтижелі болуына көмектеседі.

Қызылотаудың көп салалы жұмыстарын ыспаттайтын бірқатар мысалдар келтірейік.

Қостанай облысы, Торғай ауданының «Қаракұм» учаскесіндегі қызылотау өте қашықта тұрады. Бұл қызылотау мал бағатын 38 учаскедегі 5 колхоздың малшыларын қамтыйды, ол жазғы және қысқы орындармен қамтамасыз етілген. Қызылотау үйінің іші-сырты бірдей жақсы суреттермен, ұрандармен, плакаттармен көркейтілген. Қызылотау мәдени жабдықтармен және радиоприемниктермен толық қамтылған. Бұл үйде 1300 дана кітап бар, ол 8 түрлі газет, 7 журнал алып тұрады.

Қызылотау жұмысты жоспар бойынша және өз активтерінің күшімен жүргізеді. Қызылотау активінің саны 16 адамнан асады. Бұлар малшылар арасында үнемі әңгімелер өткізеді. Қызылотауда «Озатмалшы» атты қабырға газеті, «Жауынгерлік листоктер» шығарылып тұрады. Бұларда озат малшылардың тәжрибелері мен қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау жөнінде көптеген мақалалар басылады. Мысалы, қабырға газетінде «Сағa» колхозының колхозшылары Әлиев, Байбосынов және Дауылбаев жолдастардың мақалалары басылған. Олар бұл мақалаларында мал қыстату және 1952 жылы мал төлдетудің тәжрибелері туралы жазған. Қызылотаудың активтері малшылармен әңгімелескенде мақаладағы айтылған тәжрибелерді түсіндіріп отырады. Озат малшылардың тәжрибелерін қолдана отырып, шопандар Оспанов, Әлпеисов және тағы басқалар мал басын түгел аман сақтап, әрбір 100 саулықтан 115 қозы алды.

Қызылотаудың жанында селолық лекторий бар. Мұнда отардағы партия тобының жетекшісі Мұқатов жолдас басқарған 5 лектор жұмыс істейді. Лекторлар «Халықаралық жағдай туралы», «Ауылшаруашылық Уставы — колхоз өмірінің мызғымас заңы», «Коммунизмнің ұлы құрылыстары» және тағы басқа тақырыптардан 28 лекция оқыды. Малшылар әсіресе зоотехник

Байғабылов жолдастың «Жайылымды дұрыс пайдалану — мал өнімдерін арттырудың негізгі шарты» және «Сыйырларды жаздыгүні суару тәртібі туралы» оқыған лекцияларын ынтасын сала тыңдады.

Осы облыстың Аманкелді ауданындағы Жыланшық қызылотауында да (меңгерушісі Бейсембаев жолдас) үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Қызылотаудың үгітшілері (Баяхметов, Жүсіпов, Айтмағамбетов, Ақатанов жолдастар) малшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын үзбей жүргізіп тұрады, оларға үкімет пен партияның мал шаруашылығы жөніндегі қарарларын және малшылардың социалистік міндеттемелерін кеңінен түсіндіріп отырады, сөйтіп малшылардың қоғамдық малды өркендету және оның өнімін арттыру үшін күреске белсене жұмылуына көмектеседі. Үгіт-көпшілік жұмысын жақсартудың нәтижесінде Жыланшық отарлы мал участогінің малшылары мал басын толық сақтау және мал төлдету ісінде едәуір табысқа ие болды.

Аманкелді Иманов атындағы колхоздың шопаны, Социалистік Еңбек Ері Алтынбаев Мырзағали өзіне бекітіліп берілген 505 қой мен ешкінің барлығын да аман сақтап, әрбір 100 саулықтан 116 қозы алды. Осы колхоздың шопаны Жаманбалин Хакім де 465 қойды түгел аман сақтап, оның әрбір 100 саулығынан 134 қозыдан алды.

Қызылотаудың меңгерушісі комсомолец Бейсембаев, Молотов атындағы колхоздың жылқышысы — Социалистік Еңбек Ері Есполов Қошанның құлын өсіру жөніндегі тәжрибесін жылқышылар арасына кеңінен таратты. Жылқышы Есполов жолдас бұл тәжрибені қолданып, быйылғы 1952 жылы 100 биеден 100 құлын алды. Қызылотауда бірнеше үйірмелер бар. Мұнда саяси үйірме, зоотехниялық үйірме және көркем-өнер үйірмесі жұмыс істейді. Көркем-өнер үйірмесіне қатысушылар малшыларға концерт көрсетіп, пьеса қойып береді. Малшыларға кино-картина қазақ тілінде көрсетіліп тұрады. Жыланшық қызылотауының облыс және аудан орталықтарымен сөйлесетін радиосы бар.

Отардағы үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын қызылотау советі мен үгіт коллективінің мүше-

лері жүргізеді. Әрбір үгітші участогіндегі жұмысты жоспармен істейді. Бұлар саяси, ауылшаруашылық және ғылми тақырыптардан ұдайы әңгіме өткізіп отырады. Атап айтқанда, Қазақстан большевиктері V съезінің қарары туралы, 1951 жылғы ауылшарушылық жоспардың орындалу қорытындысы жөнінде, ауылшаруашылық артелінің Уставы жөнінде, жер бетінде тіршіліктің пайда болуы туралы және басқа тақырыптарда әңгіме өткізілді.

Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданындағы Қарашілік қызылотауында (меңгерушісі Құсайынов жолдас) 1952 жылдың 3 айында 22 лекция және баяндама оқылды, бұл лекциялар мен баяндамаларды 407 адам тыңдады. Бұдан басқа малшылар арасында ұдайы газет оқылып тұрады. Быйыл алдыңғы қатарлы малшылармен 7 рет кездесу кеші өткізілді, 13 рет қабырға газеті және жауынгерлік листок шығарылды. Қызылотау кітапханасында 2190 кітап бар. Кітап оқушы малшылардың саны күннен күнге артып келеді. Бұл кітапханадан 140 малшы үзбестен кітап алып оқып тұрады.

Семей облысы, Ақсуат ауданының № 3 қызылотауы (меңгерушісі Әпеев жолдас) ауданның көп малшыларына мәлім. Бұл қызылотау 1950 жылы ашылған еді. Осы аз уақыттың ішінде, іріленген екі колхоздың Шверник атындағы және «9 май» колхоздарының 240 малшысы тұратын «Долонғара» деген отарлы мал участогінде мәдени-ағарту жұмысын ойдағыдай жақсартты. Қызылотау жанында құрамы 7 адамнан тұратын совет және 12 адамнан құралған үгітшілер тобы жұмыс істейді. Бұлардың әрқайсысына жұмыс тараулары белгіленіп берілген. Қызылотау советі айына бір рет мәслихат өткізіп тұрады, мәслихатта өткізілген мәдени-көпшілік жұмысының қорытындысын шығарып, келесі айға жасалған іс жоспарын бекітеді. Қызылотау активі үстіміздегі жылы 10 лекция мен баяндама және газеттер мен журналдарға басылған хабарлар бойынша 46 рет әңгіме өткізді, кабырға газеті мен жауынгерлік листоктің 22 номерін шығарды. Бұларда басылған материалдардың мазмұны жөнінде үгітшілер фермалар мен отарларды аралап жүріп малшыларға ай-

тып тұрады. Қызылотауда екі үйірме, екі көшпелі кітапхана жұмыс істейді. Оның кітапханасында 1155 кітап бар.

Колхозшы малшыларға мәдени қызмет ету жөнінде Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында 1949 жылы ұйымдасқан Айғабақ қызылотауы елеулі нәтижеге ие болды. Ол мәдени-ағарту жұмысының отардағы негізгі орталығына айналды.

Қызылотау ұйымдасқаннан бері қарай комсмолец Ғалиев Баялы оның меңгерушісі болып істеп келеді. Қызылотаудың жазғы және қысқы орны, 1440 әдеби, саяси және ауылшаруашылық кітаптары бар, 15 түрлі газеттер мен журналдар алдырып тұрады. Қызылотау өзінің мәдени көркімен колхозшы малшыларды өзіне тартып, адамдар кешкісін оған лық толады. Мұнда колхозшыларға арнап лекция, баяндама, әңгіме өткізіледі және олар басқосып радио тыңдайды. Малшылардың музыка, патефон, шахмат және дойбы ойнауына жағдай туғызылған. Мәдени-көпшілік жұмысын 5 адамнан құралған қызылотау советі басқарады. Совет мүшелері мен үгітшілер осы жылы 10 лекция, 92 әңгіме өткізді. Көркемөнер үйірмесі 5 концерт қойып берді. Отарлы мал участогінің колхозшылары мал басын аман сақтай отырып, жазғы егісті Жамбыл МТС-нің алдыңғы қатардағыларының бірі болып аяқтады.

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданындағы Ащылы қызылотауы да өз жұмысын жақсы жолға қойған. Бұл үйді меңгеруші — комсомолец Жұнысов жолдас. Қызылотау 47 мал базасын және отарлы мал жайылымдарын қамтыйды. Қызылотау жанынан 5 кісіден құрылған совет ұйымдастырылған. 25 үгітші фермалар мен отарларда үгіт жұмысын жүргізіп тұрады. Осы жылдың 5 айында 20 қабырға газеті мен жауынгерлік листок шығарылды. Бұларда таңдаулы шопандардың жұмыс тәжрибесі жазылған. Қызылотау үйі жақсылап көркейтілген. Қызылотаудың ең көрнекті жерінде көрсеткіштер тақтасы қойылған. Бұл тақтадан Жамбыл атындағы колхоздың атақты жылқы өсірушісі, 115 биеден 115 құлын алып аман өсірген Олжабаев Әбділдә жолдасты көруге болады.

Қызылотауда радио тыңдаушылар ауыл шаруашы-

лығы қызметкерлері үшін берілген материалдарды өзара талқыға салып отырады. Радио хабарлары колхозшы малшыларды еңбекте жаңа табыстарға жетуге, біздің Отанымыздың күш-қуатының өсуіне жігерлендіреді.

Үгітшілердің күшімен фермаларда және отарларда үзбестен газет оқылып, әңгімелер өткізілін тұрады. Зоотехник Кареев жолдас әңгімесі өте қызықты өткізеді, оның әңгімесі алдыңғы қатарлы еңбекшілердің табыстарымен тығыз ұштастырылып отырылады. Қызылотауда лекция жұмысы да дұрыс жолға қойылған. Штаттан тыс лекторлардың күшімен фермаларда және мал базаларында саяси-қоғамдық және ғылми-биологиялық тақырыптарда 32 лекция оқылды. Раханов жолдастың «Қазақстанның табиғи байлықтары» және Жұнысов жолдастың «Қазақстан ғалымдарының ауылшаруашылық малдарының жаңа тұқымын шығарудағы табыстары» деген лекцияларын малшылар үлкен ықыласпен қойып тыңдады. Қызылотау мәдени және басқа жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Қызылотаудың кітапханасында 2000 данадан астам кітап бар, мұнымен бірге 5 газет және 4 журнал алдырып тұрады.

Колхозшы малшыларға мәдени қызмет ету жұмысына селолық лекторийлер, кітапханалар, мәдениет үйлері және клубтар белсене қатысып отырады.

Мысалы, Семей облысы, Маканшы ауданындағы Жарбұлақ селолық лекторийі (басқарушы — мектеп директоры Омаров жолдас) отарлы мал участоктерінде 15 лекция оқып берді. Семей облыстық лекция бюросының штаттан тыс лекторлары үстіміздегі жылы Жаңасемей, Аягөз, Абай, Абралы және Көкпекті аудандарының отарлы мал участоктерінде: «ССРО еңбекшілерінің материалдық және мәдени әл-ауқатының жақсаруы», «Коммунизмнің ұлы құрылыстары» және басқа тақырыптарда бірнеше лекция оқыды.

Семей облысының малшаруашылық аудандарының 50 ден аса кітапханасы малшылар арасында жұмыс жүргізіп тұрады: мәдени-үгіт бригадаларын ұйымдастырады, ойын-сауық қойып береді, қабырға газеттерін шығарады. Аудандық және селолық кітапханалар малшыларға оқуға кітап арнап беріп тұрады.

Алматы облысы малшыларының арасында да үгіт-мәдени жұмысы жақсы жолға қойылған. Облыстық мәдени-үгіт бригадалары 36 ірілендген колхозды, 3 мал-шаруашылық фермасын және Жамбыл ауданының Дерес жылқы заводын қамтыйды. Бұл бригадалар үзбей лекция оқып, баяндама жасайды, дауыстап газет-журнал оқып береді, қабырға газетін, жауынгерлік листок шығарады. Дегерес жылқы заводының малша-руашылық фермалары мен бригадаларында «молния» плакаты шығарылады, үзбей кино көрсетіліп тұрады. Малшылар «Берлиннің құлауы», «Сталинград шайқасы», «Советтік Қазақстан», «Аманиелді» және басқа киноларды көрді. Лекторлар «Қазақстан — ССРО-ның шығыстағы негізгі малшаруашылық базасы», «Кеген ауданы, «Қызылту» колхозы малшыларының тәжрибелері» және тағы басқа тақырыптарда лекция оқыды. Халық ақындары Сариев Әбуғалий, Үмбетәлі Жамбыл ауданының малшылары арасында айтыс ұйымдастырады. Бұл айтыста кейбір колхоз малшыларының озат табыстары мадақталады, артта келе жатқан малшылар сынға алынады.

Көшпелі кітапхананың жаңа бір түрі — кітапхана-автомобиль. Оңтүстік Қазақстан облысындағы кітапхана-автомобиль Шәуілдер, Сайрам, Георгиев, Созақ аудандарына барып тұрады. Қызылорда облысында кітапхана-автомобиль Сырдария және Терекөзек аудандарының малшылары арасында мәдени жұмыс жүргізіп тұрады. Павлодар облысында кітапхана-автомобиліменен Баянауыл, Май аудандарының малшылары қамтылып отыр. Кітапханашылар жұмысының бұл сыяқты жаңа түрі кенінен етек алуға тиіс.

Мал шаруашылығында, соның ішінде жылқы шаруашылығында істейтін колхозшылардың арасында саяси-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарын жүргізуде Алматы облысы, Шелек ауданы, Димитров атындағы колхоздың партия және комсомол ұйымдары зор тәжрибеге ие болып отыр. Бұл колхоз Матай мен Бокай тауларының арасындағы Бабатоған деген жерде тұрады. Колхоздың жылқылары және басқа малдары қыста осы Бабатоған алабында бағылады да, көктемнен бастап жайлауға шығарылады. Мал Бокай тауы-

нан асып түсіп, шөбі шүйгін, нағыз көк майса келетін Ассы деген жерге барады. Ассыны қақ жарып нақ ортасынан кішкене тау өзені ағады, ол да Ассы деп аталады. Осы өзеннің жағасында Димитров атындағы колхоздың жылқышылары мен басқа малшыларының поселкесі орнаған. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы жайлаудағы колхозшылардың мәдениетті тұруына, идеялық-саяси және мәдени дәрежесін көтерулеріне керекті жағдайлар жасаған. Мұнда малшыларға арналған күнделікті саясат үйірмесі, сауаттылықты арттыратын және зоотехниялық-малдәрігерлік білім беретін үйірмелер жұмыс істейді.

Малшылардың поселкесінде кітапхана, оқу үйі, дәрігерлік пункт, магазин, монша бар. Революциялық мереке күндері жайлаудың нақ ортасында, Жіңішке-бұлақ жылғасының қасында, балауса көк шөптің үстінде атшабыс-спорт ойындары өткізіледі. Коммунистердің инициативасымен малшылар поселкесінде домбра оркестрі құрылған және табыншылар мен олардың семьяларынан хор ұйымдастырылған. Ассы жайлауына тәжрибелі артистер мен музыкашылар да барып тұрады. Алыстағы мал отарында жатқан колхозшылар жаңа шыққан совет пьесаларын көреді, түрлі концерт тындайды.

Колхоздың партия ұйымы қарауындағы коммунистерді әрбір жұмыс саласына дұрыс бөліп қойды және малшылар арасындағы жұмыстарды барлық жағынан ойластырып, малшылардың рухани тілектеріне сай жүргізе білді, соның арқасында Ассы жайлауында саяси-тәрбие және мәдени жұмыстардың дәрежесін жоғары көтеріп, оны жақсы ұйымдастырып отырды. Партия ұйымында 30 шақты партия мүшесі мен кандидат бар, бұдан 26 адам тікелей малда істейді. Жылқы фермасында 3 партия мүшесі мен 2 кандидаттан партия тобы құрылған. Бұл топты жылқы фермасының меңгерушісі Халықова Бейғұт басқарады. Халықова жолдас жылқы шаруашылығын жақсы біледі. Жылқы жөніндегі әдебиеттерді үнемі оқып танысып, өзінің білімін, тәжрибесін табыншыларға үйретіп отырады. Ол өзі басқаратын жылқы фермасындағы жылқышылардың бәріне Совет Одағының Маршалы С. М. Буденныйдың

Дегерес жеңлікті заңдылықтарын мамандықтарын әртіпкерлігі жөнінделі оқуы.



«Жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтарында тұқым асылдандыру жұмысы туралы» деген кітабын оқып берген. Сонымен қатар ол табыншыларға «Өз отанымыздың жылқы шаруашылығын дамытуда мичуриндік ғылымның жеткен табыстары» деген тақырыпта лекция оқыған, бұл лекциясында академик Т. Д. Лысенконың «Биология ғылымындағы жағдай туралы» деген кітапшасын пайдаланған.

Мал басында жүрген 8 жылқышының жайлауда ғы киіз үйлерінде шағын кітапханалары бар. Жылқы фермасының қызметкерлері оқып жүрген кітаптардың ішінде В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің шығармалары, БК(б)П тарихының қысқаша курсы, И. В. Сталиннің қысқаша өмірбаяны, мал шаруашылығы және басқа мәселелер жайында жазылған кітаптар мен кітапшалар бар.

Жылқы фермасындағы партия тобы әйелдер арасында көп жұмыс жүргізеді. Мұндағы үгітшілер әйелдер мен қыздарды қоғам жұмысына тартып, олардың белсенділігін күшейтуге зор көңіл бөліп отыр.

Колхоздағы мектептің мұғалімдері колхоздың бастауыш партия ұйымының тапсыруы бойынша жылқышылардың арасына барып, әлемнің жаратылысы, табиғатты өзгертуші ұлы ғалым И. В Мичуриннің ілімі, алдыңғы қатарлы малшылардың — Социалистік Еңбек Ерлерінің тәжрибесі туралы жылқышыларға бірнеше лекция оқып берді. Мұның өзі жылқышылардың және олардың семьяларының ой-өрісін кеңейте түседі, олардың дүние тануға, білімге ынтасын арттырады. Фермадағы жылқышылар газет-журналдар жаздырып алдырады.

Бұл колхоздың партия ұйымы жылқышылар, шәпандар, сауыншылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырды, жарыстың қорытындысы әрбір 5 күн сайын шығарылып, нәтижесі тақтаға жазылып отырады. Қоғамдық мал шаруашылығын дамыту жолындағы күресте озып шыққандар құрмет тақтасына жазылады, мұндай тақталар колхоздың 4 фермасында түгел бар. Алдыңғы қатарлылардың тәжрибелері «Димитровшы» деп аталатын жалпы колхоздық қабырға газетінде және Ассы жайлауының тура өзінде шығары-

латын «жауынгерлік листоктарда» үнемі жазылып тұрады. Жылқышылар мен басқа малшылар арасындағы тілшілер өз колхозының қабырға газеттеріне және аудандық газетке де белсене қатысады.

Колхоз малшыларының бәрі күзден көктемге дейін малдарымен Бабатоған алабында, колхоздың орталығына жақын жерде болатын кезде партия ұйымы колхоздағы саяси мектептің жұмысын ұйымдастырып, онда малшылармен саяси сабақтар өткізеді. 1951 жылы бұл мектепті біраз адам бітіріп шықты. Колхоздың комсомол ұйымы комсомолецтер үшін саяси мектеп ұйымдастырған, мұнда оқу бүкіл жыл бойына үзілместен жүреді. Көптеген малшылар мен басқа да жас колхозшылар осы мектептен оқып, өздерінің саяси білімдерін көтереді.

Партия мен үкіметтің жылқы шаруашылығын өркендету мәселелері жөніндегі қаулыларын жүзеге асырудан туатын міндеттерін дұрыс түсінгендердің бірі — Ақтөбе облысы, Мартук ауданы, III Интернационал атындағы колхоздың партия ұйымы. Бұл партия ұйымы ауданда жылқы өсіретін үлгілі шаруашылықтар ұйымдастыру жолындағы социалистік жарыстың бастамашысы болды. Жылқы фермасында істейтін коммунистердің талабы бойынша, фермадағы тұқымы нашар уақ жылқылар сатылып, олардың орнына ірі, асыл тұқымды жылқылар алынды, сонымен қатар жайылымдарды пайдалану жұмысы жолға қойылып, мұның өзі жылқының тез семіруіне зор әсерін тигізген. Коммунистердің инициативасымен, колхоз 1949 жылдың көктемінен бастап көпжылдық шөптердің егісін едәуір ұлғайтып, ферманың қасында тамыржемісті азықтар егу әдісіне көшкен, сөйтіп колхоздың жылқысы және басқа малдары әртүрлі құнарлы азықтармен толық қамтамасыз етілетін болған.

Колхоздың табыншылары жаңа туған құлындардың бәрін аман өсіреміз, фермадағы биелердің бәрі жүз процент түгел құлындайтындай дәрежеге жетеміз, сөйтіп 1951 жылы әрбір биеден құлын алып, шығынсыз аман өсіреміз деп өздеріне нақты социалистік міндеттеме алып, орындап шыққан. Табыншылар бұл міндеттемелерін орындауда колхоздың партия ұйымы көп көмек

көрсетті. Жылқы фермасына коммунистер мен комсомолецтер бекітілген, олар тиісті жоспар бойынша табыншылар арасында үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Біздің колхоздарымыздың күнбе-күнгі тәжрибесінде алуан-алуан прогрессивтік жаңалықтар, мүлде жаңа озат әдістер үздіксіз туып, дамып отырады. Осындай жаңалықтарды дер кезінде көріп, көтермелеу, жақсы, озат тәжрибелерді барлық колхозшыларға кеңінен таратып, бұқараның игі ісіне айналдыру — партия және комсомол ұйымдарының, жергілікті совет орындарының борышы, міндеті болып табылады.

«Әңгіме алдыңғы қатарлы тәжрибені баспасөзде жазу ісін батыл жақсарту, мұндай озат тәжрибені жоспар бойынша, большевиктік табандылықпен, инициативалықпен күн сайын жыйнау, зерттеу, қорыту, оны колхоз бен совхоз өндірісінде кеңінен қолдану турасында болып отыр. Мұнда жергілікті жерлердің жағдайын еске алу, озат табыстарды бір ауданның немесе бір топ аудандардың колхоздарында қолданудан қандай нәтижелер шыққанын зер салып байқап отыру өте маңызды»[1].

Бүкіл Совет Одағындағы сияқты, Қазақстанда да ұсақ ауылшаруашылық артельдерін біріктіру негізінде колхоздарды ірілендіру жұмысы болып өтті. Бұл істің колхоз құрылысын нығайта беруде зор прогрессивтік мәні бар. Бұрынғы шаруашылығы әлсіз ұсақ колхоздарды қосып біріктіру нәтижесінде колхоз өндірісінде тракторды, комбайнды және басқа шаруашылық машиналарын неғұрлым өнімді пайдалануға, мал шаруашылығын, егін шаруашылығын және шаруашылықтың басқа да салаларын ойдағыдай өркендетуге қолайлы жағдайлар туды.

Ұсақ колхоздарды біріктіру жұмысы сонымен қатар колхозшылардың мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарта беруге зор мүмкіндік беріп отыр. Іріленген колхоздар кәзір бірыңғай архитектуралық жоспар бойынша электрлендірілген социалистік поселкелер салуға кірісіп жатыр. Бұл поселкелерде колхозшыларға өте

---

[1] «Правда», 12 август, 1950 жыл.

жайлы көркем тұрғын үйлер, клубтар немесе мәдениет сарайлары, іші кең, әрі жарық мектептер, балалар яслилері және басқа мәдени-тұрмыс мекемелері салынып жатыр. Міне, мұндай жағдайда колхоздарда жүргізілетін бүкіл идеялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеруге болады және көтеру керек те.

Іріленген колхоздарда лекциялық насихаттың қарқыны күннен-күнге өрістей түсуде. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Л. М. Каганович атындағы колхоздың лекторийі жұмысты жақсы істеп келеді. Оның қасында ауыл интеллигенциясынан іріктеліп, лекторлар тобы құрылған. Лекторий жұмыс істей бастағаннан бергі уақыттың ішінде саяси, ғылми, ауылшаруашылық, халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда үзбей лекция оқылып тұрады. Лекциялардың тақырыптары мен тезистерін методикалық комиссия қарап шығады.

Қазір алда тұрған маңызды міндет — колхоздардың алдыңғы қатарлы жылқы фермаларының жылқы заводтарының саналуан бай тәжрибелерін зерттеп, соның ішіндегі ең жақсыларын іріктеп алуда, мұндай озат тәжрибені барлық колхоздардың, жылқы заводтары мен совхоздардың игілігіне айналдыруда, оны бұлардың өндіріс жұмыстарында, сондай-ақ саяси-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарында кеңінен қолданнуда болып отыр.

Қазақстанның саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамы мен оның жер-жердегі филиалдары, сонымен қатар облыстық партия комитеттерінің штаттағы және штаттан тысқарғы лекторлары, аудандық партия комитеттерінің насихатшылары мал шаруашылығында істейтін лекторийлерге, үгітшілер топтарына, жеке насихатшылар мен үгітшілерге алдағы уақытта зор көмек көрсетеді, төменгі насихатшылар мен үгітшілердің мамандығын арттыруға жәрдемдеседі, сөйтіп олардың малда істейтін колхозшылар бұқарасы арасындағы жұмыстарының сапасын мейлінше жақсартады деп сенуге болады.

Республикада мәдениетті жылқы шаруашылығын күшті қарқынмен өркендете беру үшін зоотехниялық

насихатты жолға қойып, мейліше жақсарту керек, ғылымның табыстарын, жаңалық табушы адамдардың, селекциялық-тәжрибе жүргізушілердің, Социалистік Еңбек Ерлерінің және жылқы шаруашылығында істейтін басқа да алдыңғы қатарлы адамдардың жақсы тәжрибелерін жылқы өсірумен шұғылданатын шаруашылықтардың бәрінің де практикасында қолдану керек. Ғылми білімдерді, ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдарының тәжрибелерін насихаттау жұмысы барлық жерде де: клубтарда, кітапханаларда, оқу үйлерінде, мәдениет үйлерінде, күнделікті шығатын баспасөз бетінде, қабырға газеттері мен «жауынгерлік листоктарда», радио арқылы және сондай әдістерді қолдана отырып кеңінен жүргізілуге тиіс. Мұнда әсіресе ауыл шаруашылығы мәдениет үйлерінің алдына қойылған міндеттердің жүзеге асырылуына айрықша көңіл бөлінуі керек. Бұл мекемелер ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді жыйнақтап, қорытып отыратын нағыз халықтық лабораторияларға айнала бастады, онда колхозшылар ауыл шаруашылығы саласында ғылымның қол жеткен табыстарымен және алдыңғы қатарлы тәжрибелермен танысып, олардан өз жұмыстарына тиісті қорытындылар шығарып отыр.

Халық бұқарасының арасында жүргізілетін саяси жұмыстың әдіс-тәсілі үнемі жетілдіріліп, оның сапасы жақсартыла беретін болса, мұның өзі шаруашылық пен мәдениет құрылыстарында жаңа табыстарға жетуге, елімізде жылқы шаруашылығын бұдан былай да дамыта беруге зор әсер етіп, едәуір ықпалын тигізеді.

Республиканың партия және совет ұйымдары идеялық-саяси, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу әдістерін үздіксіз жетілдіру, жылқы шаруашылығында істейтін адамдардың мәдени-тұрмыс тілектеріне қамқорлық жасау арқылы, жылқы өсірушілердің арасында жүргізілетін барлық жұмыстың дәрежесін жоғары сатыға көтеріп, сапасын арттыру арқылы жылқы шаруашылығы жөнінде коммунист партиясы мен совет үкіметінің Қазақстан алдына қойған міндеттерін жүзеге асырып, жаңа, зор табыстарға жетеді. Бұған ешбір күмән жоқ.



XI ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ІЛГЕРІ ДАМЫТА БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Мал жайылымы мол, шаруашылығы алдыңғы қатарлы техникамен кенелген, ғылым мен практиканың бай тәжрибесін пайдаланып отырған социалистік Қазақстанның жылқы шаруашылығын жақсы өркендетіп, оның саны мен сапасы жөнінде Совет Одағында алдыңғы қатардағы орындардың бірінде болуы үшін зор мүмкіншіліктері бар.

Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендетудің негізгі міндеті — жылқының санын көбейту, әсіресе, еліміздің халық шаруашылығының тілегін өтеуге керекті қолда бар жылқының сапасын шұғыл жақсарту. Бұл міндетті жылқы шаруашылығының озат тәжрибесі мен ғылымының жетістіктерін практикаға енгізу, жылқының жоғары сапалы жаңа тұқымдарын өсіру, оны дұрыс күтіп, мәдени түрде бағу әдісін қолдану негізінде ғана орындауға болады.

Бізде мұндай мүмкіншіліктердің орасан мол екеніне жылқы шаруашылығы озаттарының тәжрибесі айқын дәлел бола алады. Қазақстанда әрбір 100 бпеден 97—100 құлын алып, бәрін де аман өсіргені үшін жылқы шаруашылығындағы екі жүзден аса озаттарға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Жылқы шаруашылығының озаттары республиканың қай ауданында болса да, оның ауа райы мен табиғат

жағдайының ерекшелігіне қарамастан, әрбір биеден жыл сайын құлын алып, аман өсіруге болатындығын өздерінің тәжрибесімен ыспаттап отыр. Жылқы шаруашылығының алдыңғы қатарлылары бұл табысқа еңбекке адал қараудың, жүктелген жұмысты бұлжытпай орындаудың арқасында жетті. Бұлардың қолданып жүрген әдістері мен тәсілдері жылқы шаруашылығымен айналысатын қай колхозшының болса да қолынан келеді.

Қазақстанда буденный, дон, қостанай жылқылары, орыстың желісті жылқысы, орловтың желісті жылқысы, ауыр жүк тартатын жылқы, қарабайыр жылқысы сияқты тұқымдық жылқылар бар. Бұлардың әркайсысы әртүрлі күтімді тілейді. Сондықтан осы жылқы тұқымдарының қандай жағдайда өсіріліп шығарылғанын және жергілікті жағдайдың ерекшеліктері олардың денсаулығына, өсуіне қандай әсер ететінін жақсы білу керек. Мысалы, орловтың таза тұқымды желісті жылқысы мен ауыр жүк тартатын жылқыны тебінге жіберу дұрыс болмайды, өйткені бұл жағдай асыл тұқымды құнды жылқыны шығынға ұшыратар еді.

Қазақстан жағдайында жылқының заводта өсірілген тұқымдарын күтіп бағу жұмысы бір-бірімен байланысты әдіспен — жылқыны жайылымда бағудың әдісін қорада ұстап күту әдісімен тығыз ұштастыра жүргізу керек. Жылқының заводтық тұқымдарын көктемде, жазда және күзде жайылымға жіберіп алу әдісін кеңінен қолдану қажет. Ал күн райы суыта бастасымен-ақ мұндай жылқыны қораға қойып күту керек.

Социалистік ауыл шаруашылығында жылқыны өсіру әдісінің негізі — жоспар болып табылады. Бұл жоспар партия мен үкімет халық шаруашылығының алдына қойған міндеттерді орындауды көздеп жасалады. Жылқы өсіру жоспары әр ауданның экономикасына, әр колхоздың жылқыны аудандастыру жоспары бойынша қандай жылқы тұқымын өсіруге тиіс екеніне, жылқыны бағу, күту үшін қандай жағдайлар бар екеніне сүйенеді. Республикада жылқыны табындап бағу әдісін қолданғанда шаруашылыққа керекті салт мінуге де, жегінге де бірдей жарайтын нағыз ыңғайлы жылқылар өсіріп шығару сияқты белгілі талаптар

қойылады. Колхоздардың жылқы фермалары мен жылқы заводтарының бүкіл тұқым асылдандыру жұмысы, міне, осы негізгі талапты орындауға сәйкес жүргізілуге тиіс.

Тұқым асылдандыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде Қазақстандағы жылқылардың негізгі түрі — тұқымы жақсартылған қазақ жылқысы болуы керек; бұл жылқыда заводтық тұқымдарының бойшаңдығы, сымбаттылығы, жұмыс сапасы сияқты қасиеттерімен қатар, Қазақстанның әр жерінде бағуға төзімді келетін, жергілікті жағдайға тез үйренетін қасиеттері де болуға тиіс. Жылқыны табында бағып, мәдени түрде өсіру жағдайында мұндай қасиеттері бар жылқы өсіру үшін біз жергілікті қазақы биелерді дон және буденный жылқыларының айғырларымен будандастыру тиімдірек келеді. Осы жылқылардан туған будандар табында бағып өсіруге басқа жылқылардан, мәселен, салт мінетін немесе ахалтеке жылқыларынан туған будандардан анағұрлым төзімді, берік екендігін көрсетіп жүр. Сондықтан Қазақстанда жылқы тұқымын аудандастыру жоспары осы фактілерді еске ала отырып жасалған, соның нәтижесінде бізде дон және буденный жылқыларының тұқымдары жылдан жылға өрбіп, мейлінше кең таралып барады. Сонымен бірге шаруашылықтың ыңғайына қарай кейбір облыстардың колхоздары мен совхоздарында орловтың және орыстың желісті жылқыларының тұқымы да өсірілуі керек.

Республикада жылқыны табында бағуды ұйымдастыру мәселесін дұрыс шешу керек. Бізде жылқыны табында бағу ісінде артта қалған ескі әдетті қолданушылық фактілері әлі де орын алып жүр. Ескі уақытта жылқыны табында бағудың барлық әдісі — жылқыны бір жерден екінші жерге жылжытып айдай беру болатын. Ендігі міндет — осындай ескі салттан біржола арылатын болуымыз керек. Социалистік ауыл шаруашылығының қазіргі даму дәрежесі, жылқыны сапасына қойылып отырған талаптың күннен күнге өсуі біздерді жылқыны табында бағу ісін ғылымға сүйене отырып ұйымдастыруға, бұл жұмысқа совет жылқы заводтарының мәдениетті іс үлгісін енгізуге міндеттейді.

Жылқыны табында бағатын колхоздардың бәрі бұл

жұмыста істің мәдениетті түрін қолданып отырған алдыңғы қатарлы шаруашылықтардан үлгі алулары керек.

Бұл үшін не істеу керек?

Еңалдымен, фермадағы жылқыларды жеке табындарда бағу жұмысын ұйымдастыру керек. Тәжрибеде көбінесе үш табын: биелер табыны, еркек жабағы-тайлар табыны және ұрғашы жабағы-тайлар табыны ұйымдастырылады. Жабағы-тайларды жынысына бөлмей, бірге бағу дұрыс емес.

Колхоздар іріленгенге дейін жылқыны мұндай жеке табындарға бөліп бағу қыйынға соқты. Колхоздар ұсақ, ондағы жылқы саны тым аз болғандықтан табындар да өте шағын болып, жылқы бағушылардың көп уақыты босқа кетіп жүрді. Оның үстіне жер көлемі аз колхоздардың 2—3 табынды қатарынан жеке — жеке бағуына мүмкіндігі болмады. Қәзіргі уақытта, колхоздардың іріленуіне және олардың шаруашылықтары нығаюына байланысты жылқыны табынға бөліп бағуда болып келген қыйыншылықтар енді кездеспейтін болды.

Колхоздардың жылқы фермаларын жоспарда көрсетілген таза тұқымды және сапасы жақсартылған тұқымдық айғырлармен толықтыру қажет. Бракқа шығарылған нашар айғырларды пайдалану жылқы сапасының төмендеуіне апарып соғады және колхоздарға үлкен зыян келтіреді. Жылқыны табында бағу жағдайында шағылыстыру жұмысы республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс аудандарында апрельдің орта шенінен басталып июльдің екінші жартысына дейін, ал солтүстік, орталық және солтүстік-шығыс аудандарында апрельдің аяқ кезінен басталып июльдің орта шеніне дейін жүргізілгені өте дұрыс болады. Жылқы осындай мезгілдерде шағылыстырылса, онда айғырдан шыққан биелердің бәрі дерлік өте қолайлы жақсы уақытта құлындайтын болады.

Ерте құлындайтын биелер үшін және жазғытұрым қар жауа қалғандай күндерде биелер мен жаңа туған жас құлындарды қоюға болатын атқоралар немесе сарайлар әзірленіп қойылуға тиіс. Апрель айында қара дауыл қатты суық болатыны, мұның өзі тіпті жыл

сайын дерлік және Қазақстанның көпшілік аудандарында болып тұратындығы жұртқа мәлім. Күннің мұндай салқындауын халық «бес қонақ» дейді. Ондай қара дауыл суықтарла кейде боран соғып, қалың қар жауатын да кезі болады.

Биені айғырдан июль айының аяқ кезінде, августа және күз айларында шығару тым залалды, өйткені ондай бие кеш құлындайды да, туған құлындардың аузы көктемдегі көк шөпке ілікпей қалады. Мұндай құлындар 1—4 айлық кезінде-ақ қысқы суыққа ұрынады да, жетіліп өсе алмай, өмір бойы нәзік болып қалады.

Биелерді айғырдан ең жақсы уақытта және аз күнде шығарып бітіру — жылқыны табында мәдениетті түрде баққанды көрсетеді. Шағылыстыру жұмысын нағыз қыска мерзімде өткізудің негізгі шарты — айғырлар мен биелерді бүкіл қыс бойы жақсы күтіп, шағылыстыру маусымына көп уақыт бұрын әзірлеу.

Жылқы өсіру ісінде мәдени-табын әдісін қолданатын алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда үйірге салынған айғырлар июльдің екінші жартысынан бастап үйірден шығарылады да, келесі жылғы шағылыстыру маусымы басталғанға дейін биелерге қосылмай, мүлде бөлек бағылады. Жылқы мәдени-табын жағдайында бағылатын шаруашылықтарда үйірге салынатын тұқымдық айғырларды бағу, күту әдістері ол айғырлардың тұқымына, жасына және ден саулығына қарай түрліше болуы мүмкін. Әдетте, қазақы айғырлар мен тұқымы жақсартылған қазақы айғырларды ғана табында бағуға, тебінге жіберуге болады, ал қыс жылы болғанда және жылқы бағылатын жер отты болғандай күнде төзімді дон, буденный жылқыларының айғырларын да тебінге жіберуге болады.

Дон, буденный және қостанай айғырларын жаппай табынға жіберіп баққан күнде, оларға қолдан дәнді азықты мол беріп тұру керек, ал қыс уақытында жем мен жақсы шөп беріп отыру керек. Ауа райының қолайсыз күндерінде барлық айғырларды қоюға жарайтын аткора болуға тиіс. Таза тұқымды желісті және ауыр жүк тартатын айғырлардың аткорада күтілуін қамтамасыз ету қажет, бірақ ондай айғырларды аткорада күту жұмысын жылы күндерде далада бағу неме-

се орманның ығында ұзақ уақыт серуендетіп алу әдісімен міндетті түрде ұштастырып отыру керек. Тұқымдық айғырлардың күтімін, берілетін азықтың түрі мен мөлшерін олардың күйіне, денсаулығына және сондай жағдайына карай өзгертіп отыру қажет.

Жылқы мәдени-табын әдісімен бағылатын жағдайда айғыр биелерге үйірде жүріп шабады, кейде колдан шаптырылады. Мұның үстіне биелерді колдан ұрықтандыру әдісі де қолданылады. Қолдан шаптыруға және қолдан ұрықтандыруға тұқымы өте асыл, ұрпақты неғұрлым көп алуға болатын құнды айғырлар, сондай-ақ үйірде бағуды көтермейтін айғырлар пайдаланылады. Айғырды биелерге қолдан шаптыру және биелерді қолдан ұрықтандыру жылқы өсірудің алдынғы катарлы әдістері болып табылады. Мұндай әдістерді барлық жерде кенінен қолдануға әбден болады. Бірақ айғырларды үйірге салу жұмысы дұрыс ұйымдастырылып, биелердің тегіс айғырдан шығуы қатты қадағаланатын болса, мұның да жылқы шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде зор маңызы бар. Айғырды үйірге жіберу әдісі де жылқының санын көбейту, оның сапасын жақсарту міндетіне толық сай келеді.

Айғырлар жылқы мәдени-табын әдісімен бағылатын жағдайда үйірге салынса, онда әр айғырдың тұқымына, сапасына карай тиісті биелер іріктеліп жеке үйірге бөлінеді де, әрбір үйір оңаша бағылады. Мұндай үйірлердің арасы бір бірінен қашық болуға тиіс, өйткені үйірлер бір-бірімен қосылып, араласып кетсе, онда биелерге әр тұқымды айғырлар шабуы, соның салдарынан тұқымы араласқан нашар құлындар тууы мүмкін.

Үйірде бөтен жылқылар болмауға тиіс. Әр үйірде тұқымдық айғыр, оған іріктеліп бөлінген биелер және сол биелердің үстіміздегі жылда туған құлындары ғана болады. Құлындар енелерінен күзде немесе көктемде айырылуға тиіс, бірақ олар биелердің шағылысуы басталатын кезге дейін кемінде бір-екі ай қалғанда енелерінен әбден айырылып болуы керек.

Құлын-жабағыларды енелерімен бірге бір үйірде бағу бұрынғы көшпелі кездегі жылқы шаруашылығында қолданылған зиянды әдістердің қалдығы болып табылады. Оның зияндылығы тәжрибеде толық ай-

қындалып отыр: құлын-жабағылар енелерін қашан құлындағанға дейін еме береді де, енелерінің тынығып, жаңа туатын құлынын асырау үшін күш жыйнауына мұршасын келтірмейді. Айта берсе, енелерімен бірге үйірде калдырылған құлын-жабағылар енелерін қашан құлындағанға дейін еміп кана қоймай, кайта енелерін тіпті құлындағаннан кейін де еміп, жаңа туған жас құлынды қағажулап, оның өсіп жетілуіне кеселін тигізеді. Егер сауын сыйырды қашан бұзаулағанға дейін сауа беретін болса, ондай сыйырдың жаңадан бұзаулағаннан кейін сүтті бұрынғысынан 2—3 есе кем беретіндігі жұрттың бәріне мәлім. Биелердің жайы да міне дәл осындай, олар да құлын-жабағыларынан ерте суалып, жаңадан құлындар алдында тыным алуды керек етеді.

Жылкы мәдени-табын әдісімен өсірілетін жағдайда құлындарды енелерінен айырудың екі түрлі әдісі қолданылады: бірі — күзде айыру, екіншісі — көктемде айыру. Күзде құлындарды енелерінен кемінде 6—8 айлық кезінде, әдетте ноябрь айында айырады. Енелерінен айырған мұндай құлындар кораларда-сарайларда бағылып күтіледі, ал ауа райы жаксы күндерде өріске жіберіледі. Құлындарға керекті шөп мол болғанда және енелерінен айырған күннен бастап көктем шыққанға дейін (әдетте майға дейін) күніне кем дегенде 3 килограмнан жұмсартылған дәнді азық болғанда ғана құлындарды күзде енесінен айыруға болады. Егер мұндай жағдай болмаса, құлындарды күзде айырмау керек, себебі құлын нашар болып өседі. Бұл айтылған жағдай жасалмаса құлындарды көктемде немесе биелерді үйірге бөлуге бір-екі ай қалған мезгілде айырған жаксы болады. Құлынды көктемде, әдетте, март айында айырады. Бұл кезде айырған құлындардың әркайсысына табында жүргенде күніне қолдан 3 кг қосымша жем беріледі. Қосымша жем қашан жер көктегенге дейін күніне 2 рет беріліп тұрады. Енелерінен айырған құлындардың еркектері ұрғашыларынан ажыратылып, әрқайсысы жеке табында (топтарда) бағылады.

Жылқыны мәдени-табын жағдайында өсірудің ерекше бір өзгешелігі — жақсы күтіліп өсірілетін жас

жылқылар тобын ұйымдастыру. Тұқымдық жағынан өте құнды еркек құлындар мен ұрғашы құлындар бір-жарым жасынан бастап атқораға қойылады, жем-шөп мол беріліп күтіледі, денесі жаттықтырылып үйретіле бастайды, ал 2—3 жаска келгенде ипподромға апарып сыналады. Жаксы күтіліп өсірілетін жас жылқылардың осындай топтарын ұйымдастыру әдісі алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда кеңінен қолданылып отыр және ол іс жүзінде өзін толық ақтап келеді.

Жылқыны мәдени-табын жағдайында өсірудің тағы бір өзгешелігі — жайылымдық жоспар бойынша дұрыс және тиімді пайдалану. Фермаға жылқы бағуға бекітіліп берілген жердің бәрі жеке учаскелерге бөлінеді; мұндай жайылым, әдетте, жылқының бағылатын мезгіліне сәйкес, 6—8 учаскеге бөлінеді.

Қыстың бас кезінде, жерге кар түскеннен бастап, күртік карға жеткенге дейін қысқы жайылымның алыс учаскелері пайдаланылады. Бұл кездегі жылқыға пайдалы шөптердің ең жақсысы — қау, изен, жусан. Қатты аяз түсіп, қалың қар жауып, боран бола бастағаннан-ақ табындағы жылқылар қыстайтын жерге жақындатылып айдап әкелінеді, өйткені мұндай жағдайда жылқыны тебіннен жиі-жиі айдап шығып, қолдан шөп беруге тура келеді. Қыстың мұндай кезінде де жоғарыда айтылған шөптер жылқыға пайдалы келеді және оның үстіне сортаң шөптерді де жылқы құмарлана жейді, себебі — қыстың бұл кезінде сортаң шөптердің кермек дәмдерінің біразы қармен жуылып кетеді.

Қыстың аяғында және көктемнің бас кезінде жылқы бағуға қары ерте кететін жерлер өте колайлы келеді. Көктемде таулардың, төбелердің, сайлардың күнгей жақ беткейлерінің қары ерте ериді, сол сияқты шақат жерлерде де қар тез еріп, көктем ерте шығады. Көктемде сортаң-шақат жерлер жылқыға өте пайдалы. Қыстың аяғында және көктемнің бас кезінде ауа райы тым құбылмалы келеді, бұл уақытта қатты боран болуы да ықтыймал. Сондықтан жылдың дәл осы кезінде пайдаланылатын учаскелерде жылқы коюға жарайтын базалар немесе ықтасындар болуға тиіс, шөп ол жерлерге күні бұрын тасылып, үйіліп қойылғаны өте қажет.

Жылқыны қыста құмды шағылдарда да бағу керек. Бірақ шағыл аранның өзінде де жеткілікті жем-шөп қоры болуы керек.

Көктемде және жаздың бастапқы айында, негізгі мал азығы деп есептелетін шөптер көктеп гүлдей бастаған кезде жылқы жаятын жерлерді дұрыс белгілеп, жазда, күзде және қыста жылқы бағылатын жайылымдардың пайдаланылып кетпеуін катты қадағалау керек. Көктемнің бас кезінде ең алдымен уақытша ғана жататын суы (көктемде кар суынан жыйылған карасулар, суы арыла бастаған құдықтар) бар жайылымды пайдаланған дұрыс болады. Бұл кезде жылқыға өте жұғымды, пайдалы шөптер — қоңырбас, қыяқ, шытыр, сонымен катар көктемде және жаздың алғашқы жартысында жылқыны өте тез семіртетін еркекшөп.

Жазда тау арасындағы жайылымдар пайдаланылады, ал жазық далалы және шәлейт аудандарда қаубетеге, бидайық өсетін жерлер, өзен саласының қойнаулары және су жайылған тоғайлар пайдаланылады. Жылқы жазда жусанды сүйсініп жемейді, сондықтан жусанды жерлерде бағылған жылқы, әдетте, қоңын жойып, арықтай бастайды. Жылқыны жазда жақсы бағудың ерекше маңызды шартының бірі — жылқыны ауыз сумен жеткілікті қамтамасыз ету; жазда жылқыны күн тәулігіне ең кемінде үш рет суару керек. Жылқыны жазда мөлдір таза ағын суда (өзенде, айдын көлдерде) жусатып тұрғызу өте жақсы, мұның жылқыға зор пайдасы бар. Ал жылқының карасу-копаларда, суы ылай шалшықта болуынан зыяннан басқа пайда жоқ. Мұндай суларда жылқы түрлі індеттерге шалдығады.

Жылқының күзгі жайылымына астық тұқымдас ақ селеу, жусан, изен және сондай шөптер өсетін жерлер бөлінгені дұрыс.

Күзде, октябрь — ноябрь айларында ауа райы кенет өзгеріп, катты суық түсетін, жер бетіне көк мұз кататын, қалың кар жуып, боран болатын жағдай да кездеседі. Мұндай кезде жазғы жүнін әлі тастап үлгірмеген жылқы суыкка шыдамсыз келеді. Сондықтан ауа райы бұлайша өзгеріп тұрған кезде жылқыны аман сақтау үшін, мал қыстағынан қашықтау тұратын

күзгі жайылым учаскелерінде шөбі жеткілікті сарайлар мен ықтасындар болуы қажет.

Жылқының алдағы уақытта сан жағынан да, сапа жағынан да өсуі ең алдымен жем-шөп қорының молшылығына байланысты. Жылқыға жеткілікті жем-шөп қоры жасалып, жаксы жағдай тудырылған күнде республикада жылқы тұқымын асылдандыру, жылқының жаңа тұқымдарын өсіріп шығару және кәзіргі бар тұқымдарын жетілдіру жұмыстары ойдағыдай жүргізілетін болды. Біздің барлық колхоздарымыз бен совхоздарымыз тұрақты жем-шөп қорын жасау мәселесіне, мал шаруашылығын нығайтып, өркендете беру ісіндегі ең маңызды, күрделі мәселе деп қарап, дұрыс шешуге тиіс.

Біздің республиканың жағдайында жем-шөп дайындаудың негізгі көзі — табиғи шабындықтар мен жайылымдар. Ондай жерлер бізде бірнеше жүз миллион гектарлап есептеледі. Алайда, бұл шабындықтар мен жайылымдардың көбінің шөбі бітік емес, ала-құла, оны жаксарту шаралары істелмеген, соның салдарынан бұлар жедел өркендеп отырған мал шаруашылығының өскелең тілегін өтей алмай кследі.

Қазақстанның табиғи шабындық жерлерінің ішінде ірі, орташа және шағын өзендердің алқаптарында өсетін шалғындар, сондай-ақ жыл сайын көлдетіп суарылатын шабындықтар бар. Мұндай шабындықтардың жалпы көлемі, шамамен есептегенде, 10 миллион гектардан асады.

Бірақ өзен алқаптарының, тіпті Сырдария, Ертіс, Іле және сондай өзендердің бойындағы шалғындар кәзіргі уақытта мүлде жеткіліксіз пайдаланылып отыр. Содан барып бұл шабындықтардың шөбі тым өнімсіз болып, арамшөптер басып кетеді. Өте нәрлі жем-шөптің көлемін көбейтіп, сапасын жаксарту ісінде мұндай шабындықтарды жаксартудың аса зор маңызы бар.

Республиканың қоғамдық мал шаруашылығының жем-шөп қорын нығайтып, ұлғайта беру міндеті, Қазақстанның су жайылатын шабындықтарын жем-шөп базасы ретінде мәдениетті түрде пайдалануды мейлінше катты талап етеді.

Бұл бағытта істелуге тиісті жұмыстың негізгі мін-



С. М. Буденный жылқыларды мәдени-табында ұстауды ұйымдастыру жөнінде жылқышылармен әңгімелесіп тұр.

деті — колхоздар мен совхоздарды Қазақстанның су жайылатын шабындықтарын түпкілікті және уақытша жақсартудың ғылым жолымен дәлелденген тәсілдерімен қаруландыру, сөйтіп, ол шабындықтардағы шөптің шығымдылығын әр гектардан кемінде 50 центнерге дейін арттырып, сапасын жақсарту.

Республиканың әртүрлі үлкенді-кішілі өзендерінің суы жайылатын шабындықтарын мәдениетті түрде игеру ісінде МТС-тер, машина-малшарушылық және машина-мелиорация станциялары шешуші роль атқаруға, бұл жұмыстың еңбекті көп сіңіруді керек ететін түрлерін толық механикаландыруға тиіс. Олар шабындықтарда қажетті жұмыстар жүргізу: шабындықты бұғалардан, ағаштың түбірлерінен, арамшөптерден тазарту, тауды өртеу, көп тұрған қарасуды ағызып жіберіп, суын жаңарту, көктемгі кар суын тоқтатып, сайбұлақтардың суын пайдалана отырып, шабындық жерді кеңінен көлдетіп суару ісінде колхоздарға көмектесулері керек. МТС-тер, машина-малшаруашылық және машина-мелиорация станциялары мұндай шаралардың бәрін өзінің өндірістік жоспарына енгізіп, далалық ауыспалы егістің агротехникалық талаптарын қалай орындайтын болса, мұны да дәл сондай етіп, уақытында мүлтіксіз орындап отыруға тиіс.

Қуаң далалы, әсіресе шөл және шөлейт жерлерде табиғи шабындықтардан тек көлдетіп суару жұмысы кеңінен жүргізілгенде ғана жыл сайын тұрақты шөп шабуға болатыны тәжрибеде көрініп жүр.

Жерді көлдетіп суару жұмысын зор көлемде өрістету ісінде барлық су корын: шағын және үлкен өзендердің, бұлақтың суы, тұшшы көлдердің суларын, жазық жердің көктемдегі қара суын, ойпат, сайлы жерлердің, жер астының суын мейлінше тиімді және толық пайдалану жөніндегі шаралардың өте-мөте зор маңызы бар. Қазақстанда су корының молшылығы бірнеше миллион гектар жерді көлдетіп суару әдісімен пайдалануға мүмкіндік береді.

Қарағандының ауылшаруашылық тәжрибе станциясының жүргізген жұмыстары Орталық Қазақстан жағдайында көлдетіп суарудың әртүрлі табиғи шабындықтар мен жайылымдарда шөптің шығымдылығына

өте пайдалы әсерін тигізетінін анықтап отыр. Бұл тәжрибенің нәтижесі мынадай.

Көлдетіп суарылған шабындық пен суарылмаған шабындықтағы шөптің 1946–48 жылдардағы шығымдылығы

Шабындықтың түрлері	Шөптен нақты шығымдылығы (гектарынан центнер есебімен)	
	Көлдетіп суарылған шабындық	Көлдетіп суарылмаған күрғақ шабындық
Арпабас-тамыры бос шөп	58,7	8,5
Бидайық-тамыры бос шөп	67,8	9,2
Астық тұқымдас-түрлі шөп	54,6	7,5
Бетегелі шөп	50,1	6,4
Бетегелі-мыялы шөп	45,3	5,6

Бұл келтірілген мәлімет шабындықты көлдетіп суарудың өте пайдалы екенін, ол шабындықтың барлық түрінің шөбін дәл сондай суарылмаған шабындықтардың шөбінен 6—7 есе арттыратынын көрсетеді.

1951 жылы табиғи шабындықтарды көлдетіп суарған Ақмола облысындағы шаруашылықтардың тәжрибесі бұл шараның өте пайдалы екеніне көз жеткізіп дәлелдеп берді. Ақмола ауданының Молотов атындағы, Абай атындағы, Новочеркас ауданының Тельман атындағы, «Большевик» колхоздары бұрын көп дегенде 5—6 центнерден шөп шауып келген жерлерден ол араны суарғаннан кейін 15—20 центнерден шөп шауып алды. Жалпы алғанда, көлдетіп суару әдісін қолдану нәтижесінде қосымша 800 мың центнер шөп жыйналды.

Қазақстанда таудағы шабындықтардың көлемі едәуір орын алады, ол көбінесе жазғы мал жайылымына өте қолайлы болып жүр. Бірақ, сол жайылымдарды дұрыс пайдаланбаудың салдарынан оның шөбі едәуір нашарлап барады. Көп колхоздар мен совхоздар таудағы шабындықтарды жақсартуға, шөбінің шығымдылығын арттыруға осы уақытқа дейін елеулі көңіл бөлмей келеді. Алдыңғы қатарлы шаруашылық-

тардың тәжрибесі мынаны көрсетеді: таулы жерде егілген шөптердің әр гектарынан 25,6 центнерден 78,6 центнерге дейін өнім алынуда, ал түрлі тынайткыш қолданған күнде таудағы табиғи шабындықтың шөбін гектарына 40 центнерге дейін арттыруға болады. Жақсартылмаған шабындықтардың әр гектарынан әдетте 10—12 центнерден ғана шөп шабылып жүр.

Қазақстанда далалық шабындықтар мен жайылымдар өте көп. Жаңа жерлерді игеру және жем-шөп қорын тиімді пайдалану қажеттігіне байланысты, отар учаскелеріндегі көбінесе жылқыға пайдаланылып жүрген жайылымдарда екпе шабындықтар жасаудың және қосымша шөп егудің маңызы анағұрлым арта түсуде.

Арнаулы жүргізілген тәжрибеге қарағанда, Қазақстанның оңтүстік-шығысының шөлейт және шөл жерлерінде (Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстары) бедені еркекшөпке қосып еккенде әр гектарынан 7 центнерден 30 центнерге дейін шөп шабуға болатыны анықталды. Табиғи шабындықтарда шөп жылда шықпайды, шыққан күннің өзінде де өнімі 2 центнерден 8 центнерге зорға жетеді.

Қазақстанның батыс бөлегінде бедені еркекшөпке қосып еккенде, шөптің шығымдылығы 5 жылда орта есеппен гектарынан 21 центнер болған, кейде 18 центнерден 28 центнерге жеткен, ал табиғи шабындықтың шөбі гектарынан 2—6 центнерден аспайды.

Ақтөбе облысында қосып егілген шөптердің шығымдылығы орта есеппен 13—15 центнер болып, кейде гектарынан 25 центнерге дейін түскен; беденің шығымдылығы 12 центнерден 20 центнерге, еркекшөптің шығымдылығы 10 центнерден 22 центнерге жеткен, ал енді табиғи шабындықтардың шығымдылығы гектарынан 3 центнерден 10 центнерге дейін ғана болады.

Қазақстанның шығыс бөлегінде (Семей облысы) қосып егілген шөптің шығымдылығы гектарынан 7 центнерден 22 центнерге, беденің шығымдылығы 25 центнерге жеткен, ал табиғи шабындықтардың шығымдылығы гектарынан 5—10 центнерден аспаған.

Республиканың барлық облыстарында табиғи шөптер жаз айларында күнге күйіп қурап кетеді, сондық-

тан жылқыға және басқа малға қосымша көкшөп беру керек болады. Жазғы уақытта балғын шөп болуы үшін көкшөп конвейері ұйымдастырылады. Бұл үшін солтүстік облыстардың жағдайында жылқы фермаларының төңірегіндегі учаскелерді күздік қара бидайды, сыйыржоңышқа-сұлы және бұршақ-сұлы қоспаларын пайдалануға болады; көпжылдық шөптерден — эспарцетті, бедені және олардың астық тұқымдас шөптермен (көген тамырсыз бидайық, қылтықсыз арпабас және басқалары) араластырылған қоспасын пайдалануға болады.

Орталық және шығыс облыстарда: судан шөбін, сыйыржоңышқа-сұлы және чина-арпа қоспасын; көпжылдық шөптерден — бедені, эспарцетті, еркекшөпті, арпабасты және сондай шөптердің қоспасын пайдалануға болады.

Оңтүстік облыстар үшін: судан шөбін, қонақ жүгеріні; бұршақ тұқымдастардан—чинаны (қырат жерде), сыйыржоңышқаны (суармалы жерде), жүгеріге араластырылған сояны пайдалануға болады. Көпжылдық шөптерден — бедені, эспарцетті, еркекшөпті (қырат жерде), биік райграсты, тарғақшөпті (суармалы жерде) және бұршақ-астық тұқымдас көпжылдық шөптердің қоспасын пайдалануға болады.

Жем-шөп дақылдарын еккенде көкшөп конвейерінің схемасында көрсетілген мерзімде шөп тегіс шығып, оруға әзір болатындай етіп егу керек.

Мол өнімді мал шаруашылығына тұрақты жем-шөп қорын жасау мәселесін колхоздар мен совхоздарда шөп танапты ауыспалы егіс пен жем-шөптік ауыспалы егісті қолданып, меңгерген күнде ғана толық шешуге болады.

Біздің колхоздарымыз бен жылқы заводтарымыздың өздерінде де жылқы шаруашылығын өркендету ісіне пайдалануға болатын ішкі қорлар орасан мол.

Республиканың көбінесе далалы және шөлейт жерлеріндегі негізгі малшаруашылықты аудандары кәғамдық ірі қара мал шаруашылығын ұйымдастырып, соңғы жылдарда мал санын бірнеше есе көбейтті.

Колхоздардың мал шаруашылығының үздіксіз өркендеп отырғанын оның өнімінің артқанынан да айқын

көруге болады, өйткені мал шаруашылығының өнімділігі — оның ең маңызды көрсеткіші. 1950 жылы мал шаруашылығында істейтін бір колхозшының тапқан өнімінің бағасы, 1940 жылғымен салыстырғанда, орта есеппен 250 процент өсті. Мұндай табысқа Қазақстанның далалы және шөлейт аудандарында социалистік ірі қара мал шаруашылығын өркендету жөніндегі партия мен үкімет көрсетіп берген маңызды шараларды жүзеге асыру, мал шаруашылығындағы бірқатар жұмыстарды механикаландыру және малды жайылымда, жартылай қорада бағудың тиімді әдістерін кеңінен қолдану нәтижесінде қол жетіп отыр.

Жылқы фермаларының жұмысты пайдалы істеуінің зор маңызы бар. Колхоздарға жылқы шаруашылығынан үнемі зор пайда келтіретін, тіпті көп колхоздарда жылқыдан жылына 250—300 мың сомға дейін табыс енгізетін үлгілі асыл тұқымдық жылқы фермаларымен қатар, барлық тапқан табысы жылына 10—20 мың сомға зорға жететін фермалар да аз емес. Мұның толып жатқан себептері бар. Жылқы фермасының жұмысты пайдалы істеуі, колхозға мол табыс келтіруі еңалдымен онда өсірілетін жылқының сапасына, алынған құлынның санына және аман өсірілуіне байланысты, колхоздардың басшылары мен жылқы фермалары меңгерушілерінің жылқы шаруашылығының мол өнімділігін қамтамасыз ете білулеріне байланысты.

Тұқымдыққа және жұмысқа пайдалануға әбден жарайтын жылқы өсіріп, оны сатуға әзірлейтін жылқы фермалары колхоздарға мол табыс келтіреді, өйткені осындай жоғары сапалы жылқыны соған мұқтаж болып отырған көп колхоздар сатып алуға құшгар болып отыр. Алдыңғы катарлы колхоздар мен таңдаулы жылқы фермаларының басшылары басқа колхоздарға сапасы қандай жылқы керек екенін үнемі зерттеп, олардың тілегімен санасып отырады. Мұның өзі олардың жылқы тұқымын асылдандыру жұмысын халық шаруашылығының қажеті мен тілегіне нағыз сай келетін сапалы жылқы өсіріп шығаратындай дәрежеде жүргізуіне мүмкіндік береді.

Әрбір колхозда жылқы шаруашылығының өнімділігін жоғары көтеруге әбден болады.

Бұл үшін колхоздар жылқыны түгел аман сақтауға барынша назарын аударуға тиіс. Егер біздің барлық колхоздарымыз бен жылқы заводтарымызда әрбір құлынның немесе әрбір ересек жылқының өлгені жайында әркашан да мәселе қатты көтеріліп, ондай фактілерге бүкіл жұртшылық пікірі қарсы қойылатын тәртіп орнатылатын болса, мұның зор пайдасы тиер еді. Жылқының өлім-жітімі сияқты әрбір фактіге елеулі оқыйға деп қарау керек. Жылқының өлгені жайындағы әрбір фактіні мұқият тексеріп, оны міндетті түрде актіге жазу қажет, мұндай фактілерді жоюға батыл шаралар қолдану керек.

Бұл мәселеде әсіресе аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің мамандарына және бүкіл аудандық ұйымдарға жауапты міндеттер жүктеледі. Не ол, не бұл колхозда алынған құлынның саны азая бастағаны білінген екен — дереу колхозға барып, мұның себебін ашу керек, жылқы фермасының меңгерушісімен, жылқышылармен сөйлесу керек. Жылқы шаруашылығына берілген колхозшыдан ұсыныс түссе — оған нағыз большевикше мұқият көңіл бөліп, пайдалы ұсыныстықарсы алып, оны іс жүзінде асыруға тиісті шара қолдану керек. Ауыл шаруашылығының барлық салаларын сияқты, жылқы шаруашылығы да күнбе-күн нақты басшылық етіп, оны өркендетуге байланысты мәселелердің бәрін жедел шешіп отыруды тілейді.

Жылқыны бағу, күту, азықтандыру жұмыстарын мәдениетті түрде жүргізу жөніндегі ғылым тарапынан ұсынылған және алдыңғы қатарлы жылқышылардың тәжрибесінде сыналған жақсы әдістерді жылқы шаруашылығында батыл қолдану керек. Бірқатар жылқы заводтарында, мәселен, жылқыға азық дайындап беру, суару жұмыстарында механизмдер қолданылады, сонымен қатар жылқыны мәдениетті күтудің бір пайдалы әдісі — жылқы шомылдыратын душтар жасау ісі қолданылып отыр. Бұл сияқты тәжрибені колхоздарда да кеңінен пайдалану керек. Колхоздардағы атқоралардың қасында жылқыға арналған душтар жасалғаны өте жақсы болар еді, өйткені жылқыны

осындай душтарда жуып тұру жылқының жалпы денсаулығын арттырады, түрлі індеттерге шалдықпауына себеп болады. Ал мұндай душтарды салу әр колхоздың-ақ қолынан келеді және оны салуға қаражат та көп кетпейді.

Жылқы шаруашылығын өркендету ісінде мал мамандары мен көпшілік мамандығы бар кадрлар даярлау мәселесі мейлінше қатты көңіл бөлуді талап етеді. Зоотехниялық, малдәрігерлік, ауылшаруашылық және ғылми-зерттеу институттарының жанында жылқы шаруашылығы мамандарының білімін толықтыратын тұрақты жұмыс істейтін курстар ашылуға тиіс. Аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің, зоотехниялық-малдәрігерлік учаскелердің, малдәрігерлік емханалардың жанында және колхоздар мен жылқы заводтарының тура өздерінде ферма меңгерушілерінің, жылқышылардың, малдәрігерлік қызметкерлерінің мамандығын арттыратын курстар, сондай-ақ жылқы тағалайтын нұсқаушылар, ұсталар, қамыт-сайманшы шеберлер даярлап шығаратын арнаулы курстар ұйымдастыру керек. Мысалы, Алматы ипподромының жанында ат үйретуші-сыншылар мен көлікшілер даярлайтын курс ұйымдастырылған.

Партия мен үкіметтің нұсқауларына сүйене отырып, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі зоотехниялық-малдәрігерлік және малдәрігерлік-санитарлық мекемелер ұйымдастыру жөнінде жоспар жасады, ол жоспар ішінара жүзеге асырылып та отыр. Республиканың жылқы шаруашылығының және мал шаруашылығының басқа да салаларының күн сайын өсіп отырған тілегі жаңадан бірсыпра мекемелер ұйымдастыруды талап етті. Осыған сәйкес, бұрынғылардың үстіне жаңадан 198 зоотехниялық-малдәрігерлік пункт, 24 зоотехниялық-малдәрігерлік учаске, 2 қалалық малдәрігерлік емхана, 4 қалалық малдәрігерлік және малдәрігерлік-санитарлық бақылау пункті, еттің сапасын тексеретін 2 бақылау станциясы, 9 ауданаралық, 1 республикалық және 2 облыстық малдәрігерлік бактериологиялық лабораториялар ұйымдастырылып, жұмысқа кірісті.

Зоотехник, малдәрігері, малтехнигі және басқа ма-

мандарға тілектің бұрынғыдан да гөрі өсіп отырғанын жоғарыда келтірілген мәліметтердің өзінен-ақ айқын көруге болады. Республиканың жылқы шаруашылығын күнбе-күн бірқалыпты қамтып отырудың өзіне ғана бірнеше мың маман керек. Мұның өзі кадр даярлау мәселесінің маңызын мейлінше арттыра түседі.

Жылқы шаруашылығының мамандары мен көпшілік мамандығы бар кадрларды даярлау ісін нағыз большевиктік қарқынмен жүргізу керек. Барлық шаруашылықтарда мамандығы мол кадрлар жеткілікті болған күнде ғана жылқы өсіру ісін берік ғылми негізге, алдыңғы қатарлы мичуриндік ғылымға сүйеніп жүргізуге болады, тек сонда ғана жылқы шаруашылығында істейтін барлық адамдардың жұмысына социалистік мәдениетті енгізуге болады.

* * *

Коммунистік партия мен совет үкіметі барлық еңбекшілердің ұлы көсемі Сталин жолдастың басшылығымен елімізді өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің барлық салаларында жаңа, зор табыстарға жетуге бастап келеді.

Ленин — Сталин партиясының данышпандық саясатының арқасында жылқы шаруашылығын өркендету жөнінде де зор мүмкіншіліктер туып, оның дамуына кең жол ашылып отыр. Жылқы шаруашылығының өсіп дамуына, әсіресе, колхоздарды ірілендіру жөніндегі сталиндік саясаттың жүзеге асырылуы нәтижесінде нағыз қолайлы жағдай жасалды.

Мынадай бір мысал келтіруге болады. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында ұсақ колхоздар бірігіп ірілеңгеннен кейін, колхозшылардың жалпы жыйналыстарының өз еріктерімен алған қаулылары бойынша, ірі жылқы шаруашылықтары ұйымдастырылды. Ырғыз ауданындағы «Коминтерн» колхозының жылқы фермасында колхоз іріленгеннен кейін жылқының жалпы саны 1250 басқа жетті. Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданындағы Ленин атындағы колхоздың жылқы фермасында 1465 жылқы, сол облыстың Созақ ауданындағы «Талапты» колхозының 1696 жыл-

қысы бар. Қазақстанның басқа да көптеген колхозда-ры жылқы өсіретін ірі фермалар ұйымдастырды.

Колхоздарды ірілендіруге байланысты, олардың жылқы фермалары колхоздың нағыз жылқы заводта-рына айнала бастады, сол себепті оларда зоотехния-лық-малдәрігерлік шаралардың бәрін түгел жүзеге асыруға біркелкі үлгілі аткоралар салуға, жылқының санын көбейту және сапасын арттыру жұмыстарын бұрынғыдан гөрі кең көлемде жүргізуге әбден болады. Бұған барлық жағынан толық мүмкіншілік бар.

Іріленген колхоздарда жылқы өсірушілердің қалың бұқарасын мәдени және материалдық-тұрмыс тілекте-рін қамтуды жақсарта беруге мейлінше қолайлы жағ-дай туып отыр. Партия мен үкіметтің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, біз малшылар тұратын по-селкелерді көркейту, олардың ішінде, төнірегінде ағаштар отырғызу, сумен қамтамасыз ету жөнінде та-яудағы уақыттың ішінде бірсыпра шараларды жүзеге асыруға тиіспіз; сонымен қатар поселкелерді жос-пармен салуға, жылқы бағушыларды және басқа мал-шыларды жақсы салынған жылы, жарық тұрғын үй-лермен, мәдени — ағарту орындарымен (мектеп, клуб, балалар яслиі, дәрігер пункті, монша және сондай-лармен) толық қамтамасыз етуге тиіспіз.

Жылқы шаруашылығындағы еңбекті көп сіңіруді керек ететін ауыр жұмыстарды, әсіресе, жем-шөп да-йындау, мал суару және сондай жұмыстарды электр құралының, механизмнің күшімен істеу әдісін неғұр-лым кең көлемде қолдану қажет. Жылқышылардың жұмысында мәдениеттілікті мейлінше көтеру үшін жылқы бағылатын негізгі жайылымдардың нақ орта-лығында радиостанциялар мен ауа райын бақылайтын метеорология станцияларын орнатып, олардың жұмы-сын жылқышылардың тілегін толық орындайтындай етіп ұйымдастыру керек; әрбір жылқышы және басқа малшы күн сайын кемінде 2 рет ауа райының жайы туралы бір күн тәулікке, аптаға және бір айға күн ілгері жасалған мәліметтер алып тұрғаны дұрыс. Мұның өзі ауа райының өзгеруіне карай алдын ала тиісті ша-ралар қолдануға, сөйтіп боран, қара суық, жауын, қат-

қақ бола қалғандай жағдайда, жылқыны түгел аман сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Жылқы бағылатын жайылым учаскелерінде және жылқышылар тұратын поселкелерде совет сауда ұйымдары мен жабдықтау орындары өздерінің жұмысын үлгілі ұйымдастыруға тиіс. Жылқышыларға, олардың семьяларына керекті өнеркәсіп және азық-түлік тауарларының уақытында жеткізіліп тұруын, бұл тауарлардың сапасы жақсы және түр-түрі жеткілікті болуын қамтамасыз ету қажет.

Жергілікті өнеркәсіп пен кооператив кәсіпорындары малмен бірге үнемі көшіп-қонып жүретін табыншылар мен олардың семьяларының ерекше жағдайларын еске ала отырып, малшылардың көшіп-қонып жүруіне өте ыңғайлы киіз үйлер жасауды, сонымен қатар малшыларға арнаулы аяққиімдер мен сырт киімдер тігуді ұйымдастыруға тиіс. Қыскы уақытта табында болатын малшыларды қыска тонмен, тұлыппен, жұмсақ әрі жылы киіз кебенекпен, макта салынып сырылған қалың шапан-шалбармен, жылы тымақпен, жұмсақ әрі жылы етікпен (байпақты етік), ұзындығы 1,5—2 метр мата белбеумен жабдықтау керек. Малшыларды осындай киімдермен жабдықтаудың өзі олардың денсаулығын сақтаудың, еңбегінің өнімділігін арттырудың кепілі.

Казақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының VI съезі мал шаруашылығын, оның ішінде жылқы шаруашылығын онан сайын өркендете беру жолындағы күрестің зор программасын қабылдап, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын көрсетіп берді. Съезд малдың санын көбейтуді, сонымен бірге оның өнімділігін арттыруды — колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын алдағы уақытта да өркендете берудің басты міндеті етіп қойды. Съезд партия, совет және шаруашылық орындарына: малды бағу, күту, азықтандыру жұмысын жақсартуға шара қолдануды; әрбір өнімді малдан алынатын төлдің санын көбейтуді; табиғи шабындықтарды кенінен пайдалану, көпжылдық және біржылдық шөптер, тамыржеміс және басқа шөптер егу арқылы әрбір колхоз бен совхозда тұрақты жем-шөп қорын жасауды; пішен шабу жұмысының агротехникалық ең жақсы мерзімде және үлгілі өткізілуін

қамтамасыз етуді; малдың күтімін мейлінше жақсартуды; отардағы малдарды бағатын колхозшылар мен совхоз жұмысшыларына керекті тұрғын үйлер салуды; мәдени-ағарту мекемелерін ұйымдастыруды; малға керекті өндірістік орындар жасауды; барлық малды қорамен толық қамтамасыз етуге шара қолдануды; мал шаруашылығын малдәрігерлік және зоотехниялық жағынан қамтылуын жақсартуды міндеттеді.

Қазақстан К(б)П VI съезі мал шаруашылығындағы жұмыстарды кең көлемде механикаландыруды, республикада колхоздар мен совхоздардың мал фермалары үшін машиналар мен жабдықтар жасап шығару жөніндегі партия мен үкіметтің нұсқауларын орындауды талап етті.

Суармалы жерлерді бұрынғыдан гөрі толығырақ пайдалану және ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыруды жақсарту мақсатымен, жер суарудың жаңа жүйесіне көшу туралы, Еділде Куйбышев және Сталинград су электр станцияларын, Түркмен Бас каналын, Днепрде Каховка су электр станциясын, Оңтүстік Украина және Солтүстік Қырым каналдарын салу туралы ССРО Министрлер Советінің тарихи қаулыларында социалистік ауыл шаруашылығын одан әрі жедел дамытып, өркендете беруге жасалып отырған сталиндік қамқорлық тағы да айқын бейнеленіп отыр. Сталиндік заманның бұл алып құрылыстарын біздің халқымыз коммунизм құрылыстары деп атады. Бұл құрылыстардың көлемі және оларды салу жұмыстарының қарқыны Ленин — Сталин партиясы бастап отырған біздің социалистік мемлекетіміздің бейбітшілік саясатының дұрыстығын және дәйектілігін тағы да сыпаттайды, сонымен қатар ол коммунизмнің сәулетті шыңына қарай жеңіспен келе жатқан совет елі экономикасының қуаттылығын бейнелейді.

Қазақстанда суармалы жердің көлемі совет өкіметі жылдарында бір миллион 200 мың гектардай өсті. Сталиндік бесжылдықтар тұсында халықтың жаппай қатысуымен бірсыпра каналдар салынып, мұның өзі құлазыған меңреу далада пайдаға аспай жатқан орасан көп жерді шұрайлы алапқа айналдыруға мүмкіндік берді. Осы жерлерде кәзіргі уақытта мақта, күріш,

бидай, беде, қызылша және басқа бағалы дақылдар өсіріледі. Партия мен үкіметтің зор көмегінің арқасында Қазақстанда жер суаратын құрылыстардың кең жүйесі жасалып, соның нәтижесінде жанадан миллиондаған гектар тың жер жайылым мен шабындыққа пайдаланылып отыр.

Мал шаруашылығын өркендету ісінде су электр станциялары мен каналдар ерекше орын алады, олар мал шаруашылығының жем-шөп қорын нығайтады, Қазақстанды мал шаруашылығы мейлінше өркендеген республикаға айналдыру үшін қолайлы жағдай тудырады.

Сталинград су торабының Қазақстан үшін айрықша маңызы бар екенін тағы да айта кету керек. Еділ өзенінде, Сталинград қаласының тұсында ұзындығы бірнеше километр бөгет салынып жатыр. Бұл бөгет өзеннің негізгі арнасындағы суды ғана бөгеп қоймайды, сонымен бірге өзеннің кең алқабындағы жайылма суды да бөгейді, сөйтіп Еділ суының кенерін едәуір жоғары көтереді.

Бөгеттің күшімен тоқтатылған судан Сталинград су қоймасы жасалады, онда бірнеше миллиард текшеметр су жыйналады да, бұл су күрделі электр станциясының жұмысын қамтамасыз етеді. Оның үстіне Еділдің оңжақ, солжақ жағалары бойындағы суландыру және жер суару каналдарына су жіберіліп тұруын қамтамасыз етеді.

Сталинград су электр станциясы жылына орта есеппен 10 миллиард киловат-сағатқа дейін электр қуатын өндіріп шығаратын болады. Бұл — революциядан бұрынғы Россияның барлық электр станцияларының өндірген электр қуатынан бес есе артық.

Жер суландыратын каналдардың ішінде суы өздігінен ағатын Сталинград каналы ең басты орын алады. Бұл канал Еділ мен Жайықтың арасындағы жерлерді суландыруға тиісті. Батыс Қазақстан облысындағы аудан орталығы—Калмыково поселкесінің тұсында канал Жайық өзенімен түйіседі. Қамыс-Самар көлдерінің маңында каналдағы суды реттеу үшін су жыйнап отыратын, су айнасын жалпы алғанда 4000 шаршы километр болатын аса зор су қоймасы жасалынады. Бұл

су қоймасы көктемде Еділдің тасқын суын жыйнайды, себебі бұл кезде өзеннің тасқын суының Сталинград су электр станциясына пайдасы тимей, текке ағады.

Осы айтылған аса күрделі гидротехникалық құрылыстар біздің Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының мал шаруашылығын, егін шаруашылығын, өнер кәсібін, балық шаруашылығын және бүкіл өндіргіш күштерін тарихта бұрын-сонды болмаған дәрежеде дамытуды қамтамасыз етеді. Сталинград су электр станциясы мен Сталинград каналының салынуы нәтижесінде біздің қайта жаңарған кең байтақ далаларда, құлазыған шөлдерде жаңадан көптеген егін шаруашылықтары мен мал шаруашылықтарын ұйымдастыруымызға шексіз мүмкіншілік туады. Міне, осыған байланысты, Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалы бастаған республиканың ғылми мекемелері Қазақстанның Каспий ойпатындағы жерлерін жедел игеріп, пайдаланудың ғылми және практикалық жолдарын зерттеу жұмысымен шұғылданып жатыр. Ұлы құрылыстардың салынуына, суарылатын шөл далаларда егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының шапшаң өркендейтін зор болашағына байланысты туып отырған жаңа жағдайда колхоздарға, совхоздарға және жылқы заводтарына өздерінің барлық жұмысын тез қайта құру міндеті жүктеледі.

Коммунизм құрылыстарына қажырлы көмек көрсетуге халықты кеңінен қатыстырып, жұмылдыру жөнінде біздің жергілікті Советтер мен қоғамдық ұйымдардың алдына ерекше міндеттер қойылып отыр. Олар бұл міндеттерді аброймен орындап шығуға тиіс.

Ұлы құрылыстар еңбекшілердің игілігі мен бақыты үшін салынып жатыр, миллиондаған совет адамдарының әл-ауқат күйін онан сайын жақсартпақ.

Жылқы шаруашылығын келешекте де өркендете беру жөніндегі зор жұмысқа белсене қатысу — тек сол жылқы шаруашылығында істейтін адамдардың ғана міндеті емес, сонымен қатар барлық партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының да міндеті. Бұл сыяқты маңызды мемлекеттік іске баспасөз, кино және

радио орындары, ғылым мен техниканың қызметкерлері, жазушылар, суретшілер және мәдениет майданының басқа да қызметкерлері үлкен көмек көрсете алады және көрсетуге тиісті де.

Қазақстанның жылқы шаруашылығын ілгері дамыта беруге керекті мүмкіншіліктер бізде ұшан-теңіз. Біз осы жағдайды толық пайдалана отырып, жылқы шаруашылығын социалистік мал шаруашылығының маңызды, шешуші саласына айналдыруымыз керек.

Қазақ халқының жылқы өсірудегі бай тәжрибесін алдыңғы қатарлы совет ғылымының табыстарымен тығыз ұштастыру арқылы, Қазақстанның жылқы шаруашылығын коммунистік партия, совет үкіметі, сүйікті көсеміміз, адамзаттың кемеңгері, ұлы Сталин алға қойған аса жауапты міндеттердің дәрежесіне жеткізетін болайық.

* * *

БК(б)П XIX съезінің тарихи қарарлары, И. В. Сталин жолдастың «ССР Одағында социализмнің экономикалық проблемалары» деген классиктік еңбегі, оның съездегі сөйлеген сөзі совет халқының коммунизмге қарай алға басқан жолын нұрландырады. Съезд қарарларымен, ұлы көсеміміздің данышпандық еңбектерімен жігерленген еліміздің еңбекшілері Ленин—Сталин партиясының ұлы программаларын жүзеге асыру ісіне, коммунистік құрылыс ісіне өздерінің бар күш-жігерін жұмсауда.

Бірінші бесжылдық жоспар Қазақстанның өнеркәсібі мен транспортының барлық салаларының бұрынғыдан әрі орасан өркендеуін, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруды, қоғамдық мал басын өсіруді және оның өнімділігін едәуір арттыруды, мәдени құрылысты және халықтың материалдық әл-ауқат күйін жақсарта беруді көздейді.

Қазақстан еңбекшілері, бүкіл совет халқы сыяқты, сталиндік бесінші бесжылдық жоспарды орындау жолында жанқыярлықпен еңбек етіп, сарқылмас творчестволық инициативасын көрсетіп, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында жаңа табыстарға жету үшін социалистік жарысты кеңінен өрістете бермек.

НАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай.— Шығармалары.
2. Аболин Р. И. — Қазақ ССР Қарқаралы ауданының ауылшаруашылық кәжеттеріне байланысты табиғи жағдайлары. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымы Академиясының егіншілік институты, орыс тілінде.
3. Буденный С. М. Жылқы шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің шұғыл міндеттері. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1949, орыс тілінде.
4. Буденный С. М. Жылқы шаруашылығы мен жылқы заводтарындағы тұқымдық жұмыстар туралы. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1949, орыс тілінде.
5. Буденный С. М. — Жылқылардың жаңа тұқымдары, «Коневодство» журналы, № 1, 1949, орыс тілінде.
6. Бломквист Б. Л. Писарев В. И.—Колхоздарда малды отарлы-жайылымда ұстау. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1945, орыс тілінде.
7. Греков Б. Д. Якубовский А. Ю. — Алтын Орда және оның құлауы. ССРО Ғылым Академиясы басып шығарған. Москва — Ленинград, 1950, орыс тілінде.
8. Давыдович Е. Л. — Жылқылардың жаңа тұқымдарын шығару әдістері, орыс тілінде.
9. Давыдова Л. П. — Даладағы табынды жылқыларға жайылым шаруашылығын ұйымдастыру, 1939, орыс тілінде.
10. Давыдова Л. П. Степанов И. Н. — Жылқыларды қыстықүні бағу, орыс тілінде.
11. Денисов А. Д. — Крупогосовская фермасындағы ұйымдастыру жұмысы, орыс тілінде.
12. Жамбыл.— Шығармалар, 1946.

13. Жыйнақ — Ақмола облысындағы қырғыз шаруашылығы. 11 том, 1910, орыс тілінде.

14. Жылқы шаруашылығындағы тұқымдық жұмыстардың тәжрибесі, жалпы редакциясын басқарған Б. Н. Попов, Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, 1949, орыс тілінде.

15. Жылқышы справочнигі. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1949, орыс тілінде.

16. Калинин В. И. Яковлев А. А.— Жылқы шаруашылығы. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1947, орыс тілінде.

17. Каштанов Л. В.—Жылқы шаруашылығындағы тұқымдық жұмыстар. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1951, орыс тілінде.

18. Каштанов Л. В.—Мәдени-табын әдістерін табынды жылқы шаруашылығына енгізу, «Коневодство» журналы, № 4, 1951, орыс тілінде.

19. Қаштанов Л. В.—Табындық жылқы заводтары, Дондағы Ростов, 1935, орыс тілінде.

20. Каштанов Л. В—Дон жылқысы, орыс тілінде.

21. Конюшков Н. С.. Работнов Т. А. — Колхоздарда малды отарлы-жайылымда ұстау, Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1943, орыс тілінде.

22. Крюков Д. П. Чебаевский В. Ф.—Табынды жылқы шаруашылығы, Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1949, орыс тілінде.

23. Кулешов П. Н. — Желісті жылқыларды үйрету, орыс тілінде.

24. Лысенко Т. Д.— Агробиология, 3-басылуы, орыс тілінде.

25. Лысенко Т. Д,— Биология ғылымындағы жағдай туралы, 1948.

26 Лысенко Т. Д,— Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспары және ауылшаруашылық ғылымының міндеттері, 1949.

27. Лус Я. Я. және басқалар.—Семей губерниясының үй жануарлары, 1-том. ССРО Ғылым Академиясы басып шығарған, Ленинград, 1928, орыс тілінде.

28. Мичурин И. В.— Шығармалар, IV том, орыс тілінде.

29. Малигонов.—Сибирь өлкесіндегі жылқы шаруашылығын зерттеу, орыс тілінде.

30. Орта Азияның жылқы тұқымдары. Жалпы редакциясын басқарған проф. В. О. Витт, орыс тілінде.

31. Попов И. С.— Ауылшаруашылық малдарын азықтандыру, Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, 1947, орыс тілінде.

32. Раушенбах Ю. О., Журавлева К. В.—Қазақстандағы табынды жылқы шаруашылығы. Қазақтың малшаруашылық ғылми-зерттеу институты, Алматы, 1938, орыс тілінде.

33. СССР-ның жылқы ресурстары. Ауылшаруашылық әдебиеті баспасы, Москва, 1939, орыс тілінде.

34. СССР Ғылым Академиясының архивы, 23 фонд, опись № 1, орыс тілінде.

35. Садыков Б. Х., Омаров С. О.—Атақты жылқышы Дауғариннің тәжрибесі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, Алматы.

36. Сайгин И. А.—Сауын биелерді сауу мерзімдері, «Коневодство» журналы, № 3, 1948, орыс тілінде.

37. Сайгин И. А.—Сауын биелердің құлындарын өсіру, «Коневодство» журналы, № 9, 1939, орыс тілінде.

38. Тимирязев К. А.—Шығармалар, V том, орыс тілінде.

39. Хитенов Г. Г.—Костанай жылқылары туралы, «Коневодство» журналы, № 2, 1950, орыс тілінде.

40. Юрасов Н. А.—Жылқы шаруашылығы, Ауылшаруашылық әдебиет баспасы, Москва, 1930, орыс тілінде.

МАЗМҰНЫ

Беті

Кіріспе сөз 3

I тарау. Қазақстан жылқы шаруашылығы тарихынан . 11

II тарау. Советтік Қазақстанда жылқы шаруашылығының өркендеуі 25

III тарау. Қазақстандағы жылқылардың негізгі тұқымдары 50

IV тарау. Мемлекеттік жылқы заводтарының жұмыс тәжрибесі 110

V тарау. Мемлекеттік асыл тұқымды жылқы рассадниктердің, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы конюшняларының және ипподромдардың жұмыс тәжрибесі 131

VI тарау. Колхоздарда жылқы тұқымын асылдандыру жұмысының тәжрибесі 179

VII тарау. Жылқы шаруашылығы саласындағы ғылми-зерттеу жұмыстары 217

VIII тарау. Жылқы шаруашылығында еңбек ұйымдастыру және ақы төлеу мәселесі 242

IX тарау. Колхоздардың көп салалы қоғамдық шаруашылығында жылқыны пайдалану мәселесі 257

X тарау. Жылқышылар арасындағы саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстары 287

XI тарау. Қазақстанда жылқы шаруашылығын ілгері дамыта беру жолдары 303

Пайдаланылған әдебиеттер 327

Д. Керимбаев

КОНЕВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

(на казахском языке)

Издание Казгосиздата — 1952

Редактор *А. Бектемисов*
Художники *П. Дуброва* и *Н. Козлов*
Техредактор *И. Хигирович*
Корректор *Х. Абдрахманова*

Подписано к печати 15/X 1952 г. УГ05122
Издат. № 223. Бумага 84×108¹/₃₂
5,1875 б. л. 17,015 п. л. Уч.-изд. л 16,5
3 вклейки. Тираж 10 000
Цена 10 руб. 25 коп.

г. Алма-Ата
Полиграфкомбинат Казполиграфиздата
при Совете Министров Каз. ССР
Зак. 1245